

X2
583

Булгакова Д.А.
Истаев А.Ж.

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы

Оқу-әдістемелік құралы



*Булгакова Д. А.
Истаев А. Ж.*

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы

Оқу-әдістемелік құрал

**Алматы
2008**

ББК 66.1+67.3я73

Б 83

Экономика және құқық академиясының
Ғылыми Кеңесі ұсынған

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

з.ғ.д., профессор З. Ж. Кенжалиев

з.ғ.д., профессор Б. Ж. Қуандықов

Б 83 Булгакова Д. А., Истаев А. Ж.

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-
әдістемелік құрал).— Алматы: Заң әдебиеті, 2008.— 222 бет.

ISBN 9965-620-34-2

Оқу-әдістемелік құрал «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы» курсының оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған және Ежелгі әлемнің, орта ғасырлардың, Жаңа және қазіргі заманның мемлекеттік-құқықтық жүйелерінің пайда болу, даму, қызмет етуінің кезектілігін сақтай отырып жазылған.

Құрал заң білімдерін беретін жоғары оқу орындары мен факультеттерінің сырттай бөлімдерінің және заң колледждерінің студенттеріне арналған.

ББК 66.1+67.3я73

Б 1202000000
00(05)-04

© Булгакова Д. А., 2008.

© Истаев А. Ж., 2008.

© Заң әдебиеті, 2008.

ISBN 9965-620-34-2

КІРІСПЕ

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарын зерттейтін қоғамдық ғылымдардың бір түрі болып табылады. Мемлекет және құқықтың тарихы мемлекет пен құқық сияқты қоғамдық құбылыстардың пайда болуы мен дамуын зерттейді. Бұл ғылым әрі тарихи, әрі заңдық болып табылады. Алайда, егер тарих ғылымы жалпы қоғамның даму және қызмет ету үрдісін зерттесе, мемлекет және құқықтың тарихы мемлекет пен құқықты олардың пайда болу сәтінен бастап қана зерттейді.

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихының пәні болып белгілі бір хронологиялық кезектіліктегі нақты тарихи жағдайлардағы жекеленген елдердің мемлекеті мен құқығының пайда болуы, дамуы мен қызмет етуінің жалпы, әрі арнайы заңдылықтары табылады. Бұл пәнді зерттеуде төмендегідей әдістер қолданылады:

— тарихи әдіс, мемлекет және құқықтың пайда болуы мен дамуының нақты тарихи зерттеуін білдіреді;

— салыстырмалы — тарихи әдіс, анықталған тарихи фактілерді басқа да ұқсас фактілермен салыстыруға мүмкіндік береді;

— жүйелік-құрылымдық әдіс, элементтердің құрылымдарын, оларға тән ішкі байланыстарды зерттеуді және жүйенің біртұтастығын қамтамасыз ететін элементтерді анықтауды білдіреді;

— статистикалық әдіс, тарихи үдерістің сандық жақтарын зерттеуде, зерттеу объектісіне сандық көрсеткіштер тән болған кезде қолданылады.

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихын зерттеудің жоғары кәсіби заңгерлерді дайындаудағы маңызы зор. Ең алдымен, мемлекет және құқық тарихын зерттеу студенттерде мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға деген тарихи көзқарас сезімін қалыптастырады, оларға жалпы қоғамдық өмірді, оның ішінде мемлекет пен құқықты ғылыми әдістемелік түрде тануына мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғамның кезкелген құбылысын олардың қалыптасу, даму алғышарттарын анықтағанда ғана, бұл құбылыстың қалай пайда болғаны, қалыптасу барысында қандай кезеңдерден өткені және қандай бағытта дамып келе жатқаны зерттелген жағдайда ғана дұрыс түсінуге болады.

Бұл оқу құралы негізінен сырттай білім беру бөлімдерінің студенттеріне арналған. Мұнда негізгі төрт кезеңнің шегіндегі жекеленген елдердің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарының хронологиялық тәртіптегі тарихы қысқаша берілген, ол кезеңдер: Ежелгі әлем, орта ғасырлар, жаңа дәуір және қазіргі заман.

Бұл оқу құралының шеңберінде зерттеліп отырған мемлекеттердің барлық мемлекеттік-құқықтық құбылыстары мен оқиғаларын қамтып өгу мүмкін емес, сондықтан «қоғамдық құрылым», «мемлекеттік құрылым» түсініктері арқылы ашылатын мемлекет пен құқықтың негізгі аспектілері (басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны, билік пен басқарудың орталық және жергілікті органдарының құрылымы, өкілеттіктері, олардың өзара қарым-қатынастары) мен «құқық» түсінігінің негізгі аспектілері (құқықтың қайнар көздері, құқықтың негізгі институттары: меншік құқығы, міндеттемелік құқық, отбасылық-некелік құқық және мұрагерлік құқық, қылмыс пен жаза, сот процесі) қарастырылып өтті.

Бұл оқу құралын дайындауда К.И.Батыр, П.Н.Галанза, Н.А.Крашениникова сияқты ірі мемлекеттанушылардың еңбектері және төмендегідей әдебиеттер қолданылды: «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы», К.И.Батырдың редакциясы (1998 ж.); «Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы» Н.А.Крашениникова мен О.А.Жидковтың редакциясы (1998 ж. 1, 2 томдар); «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы», О.А.Омельченко (1998 ж. 1,2 томдар); «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы» З.М.Черниловский (1996 ж.); «Мемлекет және құқықтың тарихы» П.Н.Галанза мен Б.С.Громаковтың редакциясы (1990 ж.); «Орта ғасырлардың тарихы» Н.Ф.Колесницкийдің жалпы редакциялығымен (1980).

1, 2-тараудың В-бөлігінің 1, 2-бөлімдері және 2-пунктің Булгакова Д.А. дайындаған. 2-тараудың В-бөлігінің 3, 4, 5, 6-бөлімдері мен 1, 3, 4-пункттерін Истаев А.Ж. дайындаған. Түсіндірмелік сөздікті, барлық тарауларға арналған кестелерді және негізгі заң құжаттарының хронологиялық кестесін Истаев А.Ж. дайындады.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Ежелгі Египет

Кенбет — 30 судьядан құралған Жаңа патшалық кезеңіндегі орталық сот.

Ном — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Номарх — номның басшысы, перғауынға тәуелді лауазымды тұлға.

Патша-перғауын — Египеттегі мемлекет басшысы.

Ежелгі Вавилон

Авилум — тура мағынада «күйеу», «адам» — еркін халықтың жоғарғы тобы.

Мушкенум — еркін халықтың төменгі бөлігі.

Нубанда — жоғарғы патша шенеунігі — патша сарайын басқарушы.

Рабианум — қауымдық кеңестің басшысы.

Энси — қала-мемлекеттің билеушісі.

Ежелгі Үндістан

Ахармадьякша — сот істері бойынша жоғарғы шенеунік.

Веда — діни кітап.

Вишас — селолық қауымдастық.

Варна — каста — қоғамның жабық әлеуметтік бөлігі.

Брахмандар варнасы — абыздар.

Кшатрийлер варнасы — әскерилер мен билеушілер.

Вайшалар варнасы — жер өңдеушілер.

Шудралар варнасы — қаналушы батырақтар.

Гана — төменгі аумақтық бірлік, қауымдастық.

Дхармашастра — діни-құқықтық ережелердің жиынтығы.

Пурохита — патшаның басты кеңесшісі және абызы.

Сенапати — әскер қолбасшысы.

Чандал — шудра мен брахман әйелдің некесінен туған, қоғамнан аластатылған тұлға.

Ежелгі Қытай

Ван — билеуші, артықшылықтарды иеленген топ.

Гун — патшаның басты кеңесшісі.

Тайвэй — империяның қарулы күштерінің қолбасшысы.

Чжухоу — көсем-билеуші.

Юйши дафу — бүкіл мемлекеттік аппараттың басшысы.

Ежелгі Греция

Спарта

Апелла — халық жиналысы.

Базилевс (Архагеттер) — патша.

Герусия — ақсақалдар кеңесі.

Илот — жаулап алынған аумақтардың бағындырылған тұрғыны.

Оба — спартиаттардың рулық бөлімшесі.

Периэк — жеке бас бостандығы бар, алайда, саяси құқықтарды иеленбеген тұрғын.

Ретра — заң актісінің атауы.

Спартиат — толық құқылы азамат.

Фила — спартиаттардың ірі рулық бөлімшесі.

Эфорат — герусия мен архагеттерге бақылау жасайтын, бес адамнан құралған комиссия.

Афины

Архонт — сайланбалы лауазымды тұлға.

Архонт — эпоним — архонттар алқасын басқарушы.

Архонт-базилевс — абыздық функцияларды жүзеге асырған лауазымды тұлға.

Архонт-полемарх — әскери басшылықты жүзеге асырған архонт.

Архонт-фесмофет — сот әділдігін жүзеге асырған архонт.

Ареопаг — жоғарғы сот және бақылаушылық орган (кеңесулер өткен Арес тауының атауы бойынша).

Геомор — жер өңдеуші.

Гелиэя — жоғарғы сот органы.

Демииург — қолөнерші.

Демос — қолөнершілер және шаруалар.

Метэктер — Афиныда өмір сүруші шетелдіктер.

Навкрарий — округ, елдің округтық бөлінісі бойынша.

Остракизм — адамды мемлекеттен қуу.

Сисахфия — қарыздық құлдықты жою бойынша реформа.

Фет — кедей.

Эвпатрид — Афинының еркін халқы.

Ежелгі Рим

Авгурлар — жануарлардың әрекеттері, табиғат құбылыстары негізінде адамдардың жүріс-тұрыстары туралы өз қорығандыларын беретін дін қызметкерлері.

Диоцез — империялық кезеңдегі ірі әкімшілік-аумақтық бірлік.

Доминат — шексіз монархия режимі.

Деликт — құқықбұзушылық.

Курия — Курион басқарған, 10 рудан құрылған әскери және діни бірлік.

Квестор — консулдың арнайы өкілеттіктерге ие емес көмекшісі.

Конкубинат — некеден тыс бірге өмір сүру.

Магистратура — басқару мен сот өндіріс органы.

Төменгі магистрат — қылмыстарды тергеумен айналысты.

Патрицийлер — римдік қалалық қауымның толыққұқылы азаматтары.

Понтификтер — халықтық дәстүрлерді түсіндіруші және сақтаушы.

Претор — консулдың көмекшісі, лауазымды тұлға.

Плебейлік трибуналар — плебейлердің мүдделерін қорғаған трибун.

Принцепс — өмір бойғы және төтенше билікке ие жоғарғы республикалық магистрат.

Префектура — диоцезамен салыстырғанда империялық кезеңдегі кішкентай әкімшілік-аумақтық бірлік.

Сенат — әртүрлі кезеңдерде Ақсақалдар кеңесі, заңшығарушы және кеңесуші орган.

Триба — 10 куриядан құрылған тайпа.

Фециалдар — соғыс жариялау әрекеттерін жүзеге асырды.

Центуриаттық комициялар — халық жиналыстарының түрі.

Цензорлар — азаматтарды трибаларға, разрядтарға, центурияларға бөлу мақсатында олар үшін ценздер орнықтыратын лауазымды тұлғалар.

Эдил — полициялық міндеттерді жүзеге асырушы лауазымды тұлға.

Франктардың мемлекеті және құқығы

Аллод — мұрагерлік бойынша берілетін жерге жеке меншік құқығы.

Бенефиций — жерді әскери қызметі үшін шартты түрде өмір бойғы иелену, кейін жер иелену мұрагерлікке берілетін болды, ол феодал деген атқа ие болды.

Коммендация — өзін феодалдың қамқоршылығына беру.

Майордом — патша сарайын басқарушы.

Маршал — атты әскердің қолбасшысы.

Министериял — патша сарайын басқарушы лауазымды тұлға.

Прекарий — шаруаға белгілі бір міндеттерді орындағаны үшін жерді пайдалануға беру.

Пага — округтың атауы.
Патронат — ақсүйектердің шаруаларға қамқоршылығы.
Пфальцграф — алғашқыда құлдарға қараушы, кейін патша сотын басқарушы.
Тезаурарий — қазына мен байлықтарды сақтаушы.

Францияның мемлекеті мен құқығы

Бальяж — патша доменінің әкімшілік бірлігі, оны балья басқаратын.

Вилландар — жеке бас бостандыққа ие, өз парцеллаларын сатуға құқығы бар шаруалар, олар феодалдық міндеттерден босатылды.

Домен — патша иеліктері.

Канцлер — басқа лауазымды тұлғалардың жұмысын бақылап отырған лауазымды тұлға.

Коннетабль — патша әскерінің қолбасшысы.

Кутюмдар — әдет-ғұрыптар.

Камерарий — патша қазынасын басқарушы.

Легисттер — рим құқығын білетін заңгерлер.

Сюзеренитет — вассалитет қатынастары — сеньор мен вассалдың арасында қалыптасқан қатынастар (қожайын — құл сипатындағы).

Ордонанс, эдикт — патша билігінің актілері.

Парцелла — шаруалардың иелігіндегі немесе пайдалануындағы қожайын жерінің бөлігі.

Превотаж — прево басқаратын округтар, олар патша доменин құрады.

Палатиндар — патша кеңесшілері.

Сервалар — жеке және мұрагерлік тәуелді шаруалар (жағдайы бойынша басыбайлы шаруаларға ұқсады).

Цензива — мұрагерлік жер үлесі.

Цензитарий — цензиваның иесі.

Англияның мемлекеті мен құқығы

Ассиздер — патшаның нормативтік актілері.

Витанагемот (Уитанагемот) — Кеменгерлер кеңесі, ертефеодалдық монархия кезеңіндегі атқарушы орган.

Джентри — ұсақ және орта феодалдардан құралған жаңа дворяндар (жағдайы бойынша буржуазияға ұқсас болып келді).

Керлдар — шаруалар-қауым мүшелері.

Камерарий — мүлік пен қаржы үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Капеллан — патша кеңсесін меңгеруші.

Копигольдерлер — басыбайлы шаруалардың ұрпақтары, ақшалай және заттай сипаттағы міндеттерді иеленді.

Лэттер — бағындырылған кельт тайпаларының жартылай тәуелді халқы.

Маршал — атты әскердің қолбасшысы.

Мисдиминор — теріс қылық.

«Жалпы құқық» — Вестминстерлік патша соттарының сот тәжірибесінен туындаған құқық.

«Әділдік құқығы» — канцлерлік сот қызметінің нәтижесінде туындаған сот.

Тэндар — қызмет етуші ақсүйектер.

Тризна — мемлекетке немесе патшаға сатқындық (аса ауыр қылмыс).

Фригольдерлер — жерлердің еркін иелері.

Фелония — ауыр қылмыс.

Эрлдар — ағылшын-саксондардың рулық-тайпалық ақсүйектері.

Юстициарий — патшаның көмекшісі.

Ортағасырлық Германияның мемлекеті және құқығы

Курфюрст — ірі князь.

Рейхстаг — империялық сейм, өкілдік орган.

Чиншевик — ол үшін чинш (оброк) төлейтін бөтен жерді пайдаланушы.

Византия

Квестор — Мемлекеттік Кеңестің төрағасы.

Консistorий — Мемлекеттік кеңес, мемлекеттік басқарудың орталық органы.

Колонат — белгілі бір салықтарды төлегені үшін және міндеттерді атқарғаны үшін шартты жер пайдалану жүйесі.

Колон — өзінің жер учаскесі бар жер өңдеуші.

Преторий префекті — Византияның екі бөлігінің бірінің билеушісі.

Протовестиарий — лауазымды тұлғалардың бірі, сарай қызметкерлері туралы істерді қарастыратын.

Параталассит — саудагерлер мен кеме иелеріне қатысты сот функцияларын атқаратын қаржылық ведомство шенеунігі.

Сенаторлар — ірі жер иеленушілер.

Болгарияның мемлекеті және құқығы

Ұлы логофет — болгар патшасының бірінші министрі.

Дука — облыс басшысы.

Отроктар — басыбайлы шаруалардың төменгі санаты.

Париктар — феодалдарға жеке тәуелді шаруалар (жағдайы бойынша басыбайлы шаруаларға ұқсас болып келді).

Протоветиарий — қаржы министрі.

Протостратор — Болгар патшалығының жоғарғы әскери шендерінің бірі.

Технатарийлер — қолөнершілер.

Сербияның мемлекеті және құқығы

Властелдер — ірі рулық-тайпалық аксүйектер.

Властеличтер — властелдердің вассалдары.

Влахтар — таулықтар, халықтың мал шаруашылығымен айналысатын бөлігі.

Жупа — бірнеше тайпалардың бірлестігі, оның басшысы жупан деп аталатын.

Задруга — үлкен патриархалдық отбасы.

Меропхалар — басыбайлы шаруалар.

Отроктар — үй шаруашылығында пайдаланылатын басыбайлы шаруалар.

Польшаның мемлекеті және құқығы

Воеводство — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Коморник — патша сарайын қамтамасыз ету үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Каштеляндар — округтарды басқарған лауазымды тұлғалар.

Можновладец-нобилдер — ірі феодалдар.

Маршалек — патша мен оның жанындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін лауазымды тұлға.

Подскарбий — мемлекеттің қаржыларын басқаратын лауазымды тұлға.

Скарбник — әскерді қамтамасыз ету және тиын шығару үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Смердтар (Кметтар) — еркін шаруалар — қауым мүшелері, кейін феодалдық-тәуелді шаруаларға айналды.

Шляхта — орта және ұсақ дворяндар (бұрын — рыцарьлар сословиесі).

Чехияның мемлекеті және құқығы

Владыкалар — қызмет етуші сословиеден шыққан феодалдар.

Владырь — княздық иеліктерін басқарушы.

Гость — салық төлей алмағаны үшін тәуелділерге айналған еркін шаруалар.

Дедина — жер учаскесі.

Дедич — мұрагерлік бойынша берілетін дединаны иеленген жеке басы тәуелді шаруа.

Жупа — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Жупан — князь өкілдері.

Коморник — жоғарғы қазынаны басқарушы.

Каштелян — қала мен облысқа басшылық жасаған князь өкілі.

Ловчий — князь аңшылығын басқарушы.

Сарайлык жупан — князь сарайын басқарушы.

Пандар — ірі жер иеленушілер.

Рада — Кеңес, князьдың жанындағы кеңесуші орган.

Араб халифаты

Әдет — әдет құқығы.

Бәдәуиндер — мал асыраушы көшпенділер.

Вакуф (вакф) — діни ұйымдардың жерлері.

Диун — ведомство.

Имамат — халифтің діни билігі.

Икта — жерді әскери қызметі үшін шартты иелену.

Иджтихад — соттың шешім шығарудағы өзінің еркін қалауы.

Иджма — мұсылман құқығының басқа қайнар көздерімен реттелмеген мәселелер бойынша беделді ислам заңгерлері шығарған шешімдер.

Құран — діни-моральдық сипаттағы ережелерден тұратын мұсалмандардың қасиетті кітабы.

Мүлік — жеке меншік құқығы негізіндегі мұсылмандардың жер иеліктері.

Сеид — тайпалық көсем.

Сүннет — Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен жүріс-тұрысы туралы хадистер жинағы.

Фетва — қоғамдық өмірдің жекелеген мәселелеріне байланысты мемлекеттік билік шешімі бойынша жоғарғы беделді діни қызметкерлердің жазбаша қорытындысы.

Хиджаз — Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген, ерекше құқықтық режимдегі жерлер.

Шейх — тайпа басшысы.

Шариғат — мұсылмандардың діни-құқықтық жүйесі.

Әмірлік — халифтің мемлекеттік билігі.

Ортағасырлық кезеңдегі Үндістанның мемлекеті және құқығы

Үнділік князьдықтар

Вишая — округ.

Деша (бухти) — провинция.

Махараджа — басты князьдар.

Монтри-паришад — махараджаның кеңесшілері.

Дели сұлтандығы

Вакуф (вакф) — Дели сұлтандығындағы діни ұйымдарға тиесілі меншік.

Заминдарлар — мұсылмандарға бағынған үндістік феодалдар.

Икта — Дели сұлтандығындағы феодалдық жер иеленушілер — иктадарлардың жерлері.

Мүлік — Дели сұлтандығындағы феодал ақсүйектердің меншігі.

Паргана — Дели сұлтандығындағы әкімшілік-аумақтық бірлік (аудан).

Упарика — патшаның өкілі.

Халиса — Дели сұлтандығындағы мемлекеттік жерлер.

Шика — Дели сұлтандығындағы әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс).

Ұлы Моғолдар Империясы

Гомашт — салық жинаумен айналысатын шенеунік.

Джагира — Ұлы Моғолдар Империясында шартты түрдегі феодалға тиесілі әскери жалақы.

Котвал — қала басшысы.

Мир-Бакши — әскери ведомствоның басшысы.

Мирсаман — шеберханалар мен қоймаларды қарайтын лауазымды тұлға.

Падишах — мемлекет басшысының титулы.

Садр-уссудар — діни және сот басқармасының басшысы.

Сюргаль — Ұлы Моғолдар Империясындағы жеке меншіктегі жерлер.

Фоуджи-дар — әскери қолбасшы, ол облыста хакімнен тәуелсіз тағайындалатын.

Халиса — мемлекет жерлері.

Хаким — падишахтың өкілі, облыс басшысы.

Ортағасырлық Қытайдың мемлекеті мен құқығы

Богдыхан — маньчжурлық Цин династиясы императорларының титулы.

Цзайсян — императордың көмекшісі.

Ортағасырлық Жапонияның мемлекеті мен құқығы

Бушидо (бусидо) — самурайлардың абырой кодексі, жүріс-тұрыс ережелері мен өмір салтын көрсетті, самурайлардың қылықтарына, әрекеттеріне өлшем болып табылды.

Синтоизм — Жапонияның мемлекеттік діні, ата-бабаларға және табиғат күштеріне табыну.

Сёгун — император әскерінің бас қолбасшысы.

Самурайлар — әскери-дворяндық сословие.

Жаңа дәуірдегі мемлекет және құқықтың тарихы (буржуазиялық мемлекет және құқық)

Жаңа дәуірдегі Ұлыбритания

Виги — өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірген саяси партия, кейін либералдық партияға айналды.

Гомрул (автономия) — кейін заң жобасында көрініс тапқан Ирландияның автономиясы туралы идея.

Индепенденттік — пуританизмның радикалдық қанаты, орта буржуазия мен джентридің мүдделерін білдірді.

Контрасигнатура — патша жарлығына сәйкес министр қол қойғаннан кейін ғана заңды күшіне енетінін білдіретін ереже.

Протестантизм — хритсиан дінінің басты үш бағыттарының бірі, ол Реформация дәуірінде 16 ғ. бірінші жартысында пайда болды (16 ғ. Еуропадағы католик дініне қарсы қозғалыс).

Петиция — патша билігіне белгілі бір талаптарды қоя отырып, өтініш түрінде жазылатын құжат.

Пуританизм — Англиядағы антиабсолютистік сипатты иеленген кальвинистік қозғалыс.

Пресвитерианство — ірі буржуазия мен жер иеленуші ақсүйектердің мүдделерін білдірді, конституциялық монархияны жақтады.

Тори — помещиктер мен қаржылық буржуазияның мүдделерін білдірген саяси партия, кейін консервативтік партияға айналды.

Жаңа дәуірдегі Германия

Бундесрат — одақтық кеңес, герман мемлекеттерінің өкілдік органы.

Ландтаг — герман мемлекеттерінің заңшығарушы органдары.

Рейхстаг — германдық империялық парламенттің төменгі палатасы.

Жаңа дәуірдегі Франция

Жирондистер — провинциялық сауда-өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірген саяси қозғалыс (оның көптеген басшылары Жирондэ провинциясының депутаттары болып табылды).

Фельяндар (фейяндар) — конституциялық-монархиялық буржуазия мен либералдық дворяндардың мүдделерін білдірген саяси қозғалыс.

Якобиндер — ұсақ, жартылай орта буржуазияның, қолөнершілердің, шаруалардың мүдделерін білдірген саяси қозғалыс (Қасиетті Якоба монастырының кітапханасының атауымен, бұл жерде олардың жиналысы өтетін).

Жаңа дәуірдегі Қытай

Синьхай революциясы — ескі қытайлық Синь Хай күнтізбесіндегі жыл — 1911 ж. бойынша.

Тяньван — тайпин мемлекетінің басшысының титулы.

Жаңа дәуірдегі Жапония

Мэйдзи революциясы — жапон тарихында Мэйдзи Реставрациясы деген атқа ие (Мэйдзи — император Муцухитоның билік ету кезеңі).

Латын Америкасының мемлекеті және құқығының тарихы

Асьенда — жеке жер иелену нысаны, асьендаларда батырақтардың еңбегі қолданылатын.

Каудильо — әскери диктатор.

Креолдар — ақ (испан) колонистерінің ұрпақтары.

Метистер — ақ (испан) колонистер мен үндістердің аралас некесінен туған ұрпақтар.

Пеон — басыбайлы шаруа.

Пеонаж — басыбайлы тәуелділік жүйесі.

Жаңа дәуірдегі құқықтың негізгі сипаттары

Ұлыбританияның құқығы

Сот прецеденті — қазіргі кездегі ұқсас сот шешімі (әрекеті) үшін үлгі болып табылатын бұрынғы сот шешімі немесе әрекеті.

Траст (трэст) — сенімгерлік меншік институты, бір тұлға (сенімгерлік меншік иесі) оған үшінші тұлғаның (бенефициант) пайдасына екінші тұлға (құрылтайшы) берген мүлікке билік ететін және басқаратын меншік нысаны. Мүлікті пайдаланудың мақсаттары мен табыстарын құрылтайшы анықтайтын.

Францияның құқығы

Жариялық құқық — билік және басқару органдарының ұйымдастырылуының және қызмет етуінің тәртібін анықтайды және бүкіл қоғам мен мемлекетті әртүрлі қолсұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз етеді.

Жеке құқық — жеке тұлғалардың (заңды тұлғалардың) мүдделерін мемлекет пен басқа тұлғалардың тарапынан қол сұғудан қорғауды қамтамасыз етеді.

Германияның құқығы

Кодекстің (ереженің) құрылымының «пандекттік» жүйесі — бұл жағдайда осы сала үшін ортақ институттардың нормалары жалпы бөлімде көрініс табады.

«Каучуктық» параграфтар — кеңейтілген түсіндіруді көздейтін параграфтар

Қазіргі замандағы мемлекет және құқықтың тарихы

Қазіргі замандағы Жапония

Дзайбацу — ірі өнеркәсіптік концерндер.

Қазіргі замандағы Италия

Дуче — көсем, диктатор.

Подеста — фашистік партияның өкілі болып табылатын жергілікті әкімшілік старостасы.

Фашизм — аса реакциялық саяси қозғалыс, ал билік нысаны бойынша — сыртқы саясаттағы жаулап алушылық стратегияны ұстанған ашық террористік әскери-полициялық диктатура.

Қазіргі замандағы Германия

Рейхсрат (империялық кеңес) — герман мемлекеттерінің өкілдік органы.

Фюрер — халық (ұлт) көсемі.

Қазіргі замандағы АҚШ

«Жаңа бағыт» — мемлекетті экономикаға араластыру арқылы экономиканы тұрақтандыруға және елді тоқыраудан шығаруға бағытталған президент Ф.Д. Рузвельт ұсынған бағдарлама.

Қазіргі замандағы Қытай

Гоминьдан — Сунь Ятсен ұйымдастырған ұлттық партия.

«Мәдени революция» — партиялық және мемлекеттік органдарда тазалау жүргізумен сипатталған, өздерінің саяси қарсыластарына бағытталған Мао Цзедун үкіметі жүзеге асырған кампания.

Бірінші бөлім

ҚҰЛИЕЛЕНУШІЛІК МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ТАРИХЫ

1. Ежелгі Египеттің мемлекеті және құқығы

Египетте мемлекеттің пайда болуы шамамен б.э.д. V мыңжылдықта рулық құрылымның ыдырауы, ру аксүйектерінің бөлініп шығуы (көсемдер, ақсақалдар) және құлдың пайда болуы нәтижесінде жүзеге аса бастады. Б.э.д. V мыңжылдықта Египетте бірнеше құрылымдар — номдар пайда болды, олар IV мыңжылдықта екі патшалыққа — жоғарғы Египетке және Төменгі Египетке бірікті, ал содан кейін, IV мыңжылдықтың соңында бір орталықтанған мемлекет құрылды. Бұл таптық бөліністің дамуымен және орталықтанған басшылықтың қажеттігімен байланысты болды.

Ежелгі Египеттің мемлекет және құқығының тарихының кезеңдері:

1 кезең — Ерте патшалық (б.э.д. 3110 — 2880 ж.ж.), Жоғарғы және Төменгі Египеттің бірігуінің нәтижесінде пайда болды. Оған тән сипат болып елдің біртұтас мемлекетке айналуы табылды.

2 кезең — Ежелгі немесе Ескі патшалық (б.э.д. 2880 — 2550 ж.ж.). басты ерекшелігі: Египеттің алғашқы, айқын көрініс тапқан орталықтануы жүзеге асты.

Бұл пирамидаларды салу уақыты.

1 ауыспалы кезең. (б.э.д. 2160 — 2134 ж.ж.). Египет бірнеше өзара қас номдар мен ұсақ мемлекеттерге бөлінді. Бұл кезеңнің соңында, Фива қаласының билеушілерінің жеңісі нәтижесінде Египеттің бірігуі жүзеге асты.

3 кезең — Орта патшалық (б.э.д. 2050 — 1700 ж.ж.). Египеттің әрі қарай бірігуі жүзеге асады.

2 ауыспалы кезең — (б.э.д. 1700 — 1530 ж.ж.). Мемлекет қайтадан ұсақ мемлекеттерге бөлінді, ал оның басым көпшілік бөлігін гиксостар тайпасы жаулап алды.

4 кезең — Жаңа патшалық (б.э.д. 2575 — 1087 ж.ж.). Ерекше белгісі болып Египеттің ХҮІІІ династия перғауындарының билігі астына бірігуі табылады. (барлығы отыз перғауын). Египет ірі империяға айналады.

Бұл кезеңнің соңында Египет мемлекеті құлдырай бастайды. Оны парсылар, одан кейін Александр Македонскийдің әскерлері жаулап алады, ал б.э.д. 30 жылы Египет Рим империясының провинциясына айналады.

Қоғамдық құрылым

1. Египеттік қоғамның жоғарғы тобын абыздар, шенеуніктер мен әскери ақсүйектер құраған. Абыздар Египеттегі әртүрлі діндердің санына қарай таптарға бөлінген. Әрбір топтың басында жоғарғы абыз тұрған.

2. Египеттік қоғамның артықшылықты тобына рулық — тайпалық ақсүйектердің ұрпақтарынан құралған египеттік аристократия мен мемлекеттің жоғары әскери және азаматтық шенеуніктері жатқан.

3. Ерекше орынды хатшылар иеленген, олардан жоғарғы шенеуніктер шыққан.

4. Еркін шаруалар — олардың кейбіреулері мемлекеттік жерде өмір сүрді, өз жерлері болды және сол үшін рента-салық төлеген; кейбіреулері шенеуніктің немесе әскери тұлғаның жерінде жұмыс істеп, күндізгі тамақтарын ішіп, өте ауыр жұмыстарды орындаған.

5. Қолөнершілер — мемлекеттік қазбаларда жұмыс істеген. Ерекше басқарушылардың бақылауындағы 10 адамнан тұратын топтарға біріккен.

6. Қоғамдық баспалдақтың төменгі буынын құлдар құраған. Құлдықтың негізгі қайнар көздерін әскерге тұтқындық пен борышкерлік қарыздың нәтижесіндегі құлдық табылған.

Мемлекеттік құрылым. Египеттегі мемлекет деспотия нысанында болған, мұнда биліктің барлығы тек бір адамға — патша-перғауынға тиесілі болатын. Перғауындардың барлығы бір рудан тарайтын және бір-бірін тақты мұрагерлікпен иемдену тәртібі нәтижесінде ауыстыратын. Египеттегі деспотияның ерекше белгісі болып мемлекет басшысы — патша-перғауынның діни культы табылатын.

Лауазымды тұлғалар:

1) перғауынан кейін басты лауазымды тұлға болып уәзір, патшаның жақын көмекшісі табылды, оның өкілеттіктер ауқымы өте кең болған: мемлекетті басқарған, сотта басқарушы болған, жоғарғы сот органы болып табылатын ондық кеңесті басқарған, шаруашылықты басқаруға қатысқан, әскери күштердің басында тұрған, нотариустың міндеттерін орындаған;

2) келесі лауазымды тұлға — мөрді сақтаушы немесе бас қазынашы — табиғи сыйлықтар сақталатын мемлекеттік қоймаларды меңгерген;

3) барлық патшалық жұмыстардың басшысы — еркін халыққа жүктелген міндеттердің орындалуын бақылаушы және сәулетшінің лауазымын орындаған.

Жергілікті басқару. Египеттің бүкіл аумағы номдарға бөлінген, олардың басында перғауынға тәуелді лауазымды

тұлғалар — номархтар басқарған. Номарх жоғарғы сот және әкімшілік билікті иеленген. Әкімшілік өкілеттіктерді, сонымен қатар, шіркеулер де иеленген. Жергілікті жерлерде басқарудың төменгі органдары болып ауылдық общиналар табылған.

Әскер. Алғашқыда тұрақты әскер перғауынның жеке күзетімен және мемлекет ішіндегі көтерілістерді басуға міндетті топтармен ғана шектелген. Соғыс болған жағдайда рекруттың жүйе бойынша жинақталған әскер жиналатын. Жаңа патшалықта жалданбалы әскер жүйесі кеңінен дамыған.

Сот өндірісі. Ежелгі Египеттегі сот өндірісі алқалы түрде жүзеге асырылатын. Жаңа патшалық кезеңінде 30 судьядан құралған орталық соткенбет құрылған болатын. Жергілікті жерлерде округтер мен жекеленген қалалардың кенбеттері енгізілген.

Ежелгі Египеттегі сот әкімшіліктен бөлінбегендіктен, лауазымды тұлғалар мен номархтар бір мезетте жоғарғы судьялар болып табылатын. Жоғарғы сот инстанциясы перғауын болатын.

Құқықтың негізгі сипаттары. Ежелгі Египеттің құқығы белгілі бір дәрежеде алғашқы қауымдық құрылымның қалдықтарын сақтап қалған болатын, сол себепті де құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылатын. Алғашқы жазбаша заңдарды жазу б.э.д. 3000 жылы жүзеге аса бастаған.

Менес перғауын дін мәселелері бойынша қылмыстық заңнаманы құрастырса, Бокхорис перғауын қаржы мен сауда саласындағы кодексті қабылдаған, ал Амасис пайғамбар жергілікті әкімшілікті заңнамалық түрде реттеуді жүзеге асырған.

Отбасы-некелік заңнаманың ерекшелігі болып матриархаттың қалдықтарының сақталуы табылады. Әйелдер еркектермен тең құқықтарды иеленген. Неке шарт ретінде жүзеге асты, мұнда әйелдер өз атынан қатысатын.

Қылмыстық құқықта аса ауыр қылмыстар ретінде перғауынның билігіне қол сұғу мен мемлекеттік төңкеріс жасау табылатын.

Жазалар айрықша қатандықпен ерекшеленген. Өлім жазасы екі нысанда қолданылатын: жай түрі басты шабу және дарға асу, ерекше түрі — отқа өртеу, ағашқа керу және тірідей көму. Сонымен қатар, талион түріндегі жазалар да қолданған: бірінші түрі — кінәлінің қылмыс жасаған мүшесіне зақым келтірілетін, екінші түрі — кінәлінің жәбірленушіге зиян келтіруі өзіне қатысты жасалатын.

Ежелгі Египеттің мемлекеті және құқығы

Ежелгі Египеттің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең – Ерте патшалық (б.з.д. 3110-2800 ж.ж.)
- 2 кезең – Ежелгі немесе Ескі патшалық (б.з.д. 2800-2550 ж.ж.)
- 1 ауыспалы кезең – (б.з.д. 2160 – 2134 ж.ж.)
- 3 кезең – Орта патшалық (б.з.д. 2050 – 1700 ж.ж.)
- 2 ауыспалы кезең – (б.з.д. 1700-1530 ж.ж.)
- 4 кезең – Жаңа патшалық (б.з.д. 2575/1525/-1087 ж.ж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Перғауын – мемлекет басшысы және халықтың табынушысы.

Бірнеше топтар: 1. Абыздар, шенеуніктер, әскери аксуілектер. 2. Рулық, тайпалық аксуілектер. 3. Хатшылар. 4. Еркін шаруалар. 5. Колөнершілер. 6. Құлдар.

Ондықты басқарушы уәзір. Мөрді сақтаушы немесе Бас қазынашы. Барлық патшалық жұмыстарының бастығы.

Бүкіл аумақ номархтар басқаратын номдарға бөлінді. Төменгі аумақтық бірлік – село қауымы.

Перғауын және Ондлық кеңесі жоғарғы сот инстанциисы ретінде. Жаңа патшалық кезеңінде 30 судьядан құралған Кеңбег.

Номархтар басқарған округтар мен қалалар кеңбегтері.

Перғауын гвардиясы, соғыс болған жағдайда шаруалар қолы жиналатын. Кейінгі уақыттарда жалданбалы әскер пайда болды.

Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көздері – кодекске айналдырылған әдет-ғұрыптар: Перғауын Менес кодексі – қылмыстық және діни құқық жинағы, Боксорис кодексі – қаржы және сауда бойынша кодекс, Амасис кодексі – жергілікті басқару бойынша заңнама.

Жер мен су көздерінің жоғарғы иесі болып перғауын табылды. Неке-отбасы құқығы ерлі-зайыптылардың теңдігінен көрініс тапқан матриархаттың қалдықтарын сақтап қалды.

Қылмыстық құқық бойынша аса ауыр қылмыстар болып мемлекетке қарсы қылмыстар танылды. Жазалау да таллон қағидасы кең қолданылды.

2. Ежелгі Вавилонның мемлекеті және құқығы

Ежелгі вавилондық мемлекет Тигр мен Ефрат өзендерінің аралығындағы жердің оңтүстік бөлігінде пайда болған: бұл жердің ежелгі халқы болып шумерлер табылған, ал оңтүстік бөлігінде аккадтар өмір сүрген.

Б.э.д. III мыңжылдықтың басында қоғамның таптарға бөлінуі және мүліктік теңсіздіктің пайда болуы нәтижесінде «қала-мемлекет» нысанындағы алғашқы 40 мемлекет пайда болған, олардың әрқайсысында 40-50 мың адамдай өмір сүрген. Бұлар ежелгі шумерлік мемлекеттер болып табылатын, олардың ішіндегі ең әйгілілері — Эриду, Ур, Ларса, Лагаш, Киши және Умма. Бұл мемлекеттердің пайда болуының негізгі факторы болып көршілес қауымдастықтардың бірлескен күштерін қажет ететін ирригациялық және мелиоративтік жұмыстарды ұйымдастыру қажеттігі табылды.

Ежелгі шумерлік қоғамдағы билеуші топ мемлекеттердің билеушілерінен, олардың отбасыларының мүшелерінен, рулық-тайпалық және шіркеулік аксүйектерден, сонымен қатар, патшалық және шіркеулік шаруашылықты басқарушы тұлғалардан құралған. Халықтың қаналушы тобына құлдар мен тәуелді тұлғалар жатқан. Қоғамның жоғарғы тобы мен тәуелді тұлғалардың арасында халықтың негізгі бөлігі — аумақтық қауымдастықтармен өмір сүрген еркін шаруалар болған.

Басқару нысаны бойынша ежелгі шумерлік мемлекеттер рулық-тайпалық ұйымдастықтың қалдықтарын сақтап қалған аристократиялық мемлекеттер болған. Әрбір қала — мемлекеттің басында барлық еркін шаруалардың жиналысымен не ақсақалдар кеңесімен сайланған билеуші — энси болған. Билеушінің билігі халық жиналысымен не ақсақалдар кеңесімен шектелген; бұл органдар билеушілердің қызметіне бақылау жүргізген, сонымен қатар сот функцияларын жүзеге асырып, қауымдық мүлікті басқарған.

Алайда, көптеген мемлекеттер тұрақты түрде билік үшін өзара соғыстарды жүргізген. Б.э.д. III мыңжылдықтың басында соңында жаңа орталық — аккадтық қала Вавилонның үстемдігі басталады. Б.э.д. II мыңжылдықтың басында Вавилон аморей тайпаларының басып кіруімен құрылған жаңа мемлекеттің астанасына айналады. Вавилон Аккад пен Шумерді жаулап алады, нәтижесінде ірі қуатты Ежелгі вавилондық мемлекет пайда болды.

Вавилонның мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — бұл ежелгі вавилондық мемлекеттің ерекше гүлденген кезі, бұл кезде Халемурапи патша билік құрады (б.э.д.

1792-1750 ж.ж.), бұл мемлекет таулық тайпа-касситтермен жауланған болатын.

2 кезең — б.э.д. ХҮІІ ғасырдың соңына келеді, бұл кезде Вавилонның жаңа, бірақ уақытша өрлеуі орын алады (Жаңа-вавилондық патшалық). Б.э.д. 539 ж. бұл мемлекетті парсылар жаулап алады.

Қоғамдық құрылым. Елдің негізгі халқын еркін адамдар мен құлдар құраған. Еркін адамдар, өз кезегінде, екі сословиеге бөлінген: авиуум (тура мағынасы «күйеу», «адам») және мушкенум (тура мағынасы «табынушы»). Бұлардың екеуі де бай да, кедей де болуы мүмкін еді, кейбіреулерінде құлдары да болатын, алайда қауымдағы жерді иеленуі оларды толыққұқылы қылатын.

Қоғамның каналушы табына құлдар жататын, олар мемлекеттік (патшалық), ұжымдық (шіркеулік) және жеке меншікте де болатын. Олар өз иесінің мүлкінің құрамына енетін, яғни, оларды сатуға, мұрагерлікке беруге болатын.

Мемлекеттік құрылым. Мемлекеттік құрылым нысаны бойынша Ежелгівавилондық мемлекет қатысты түрде орталықтанған мемлекет, оны басқару нысаны бойынша — шығыстық диспотия болып табылатын.

Жоғарғы билік патшаға тиесілі болатын патшалық биліктің материалдық негізін шіркеулердің жерлері мен патша шаруашылығы құрайтын. Сонымен қатар, патша ирригациялық шаруашылық пен ирригациялық жұмыстарға жоғарғы басшылықты жүзеге асыратын.

Мемлекеттік істерді басқару патшалық билікпен тағайындалатын және оның алдында жауап беретін күрделі орталықтанған шенеуніктік-бюрократиялық аппарат арқылы жүзеге асатын. Әкімшілік биліктің орталығы — патша сарайы мен шенеуніктер, олар сарай шаруашылығына басшылық жасап, мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғалары болып табылады. Су шаруашылығын өзендерді басқарушы басқарды. Оған қадағалаушылар, караушылар, бақылаушылар, қоймашылар және есепшілер бағынды.

Жергілікті басқару. Бүкіл мемлекет облыстарға бөлінді, олардың басында патшаның сенімді адамдары тұрды. Олардың ішінде ең басты екеуі болды: солтүстікте Сиппар қаласында және оңтүстікте Ларс қаласында. Бұлардың қызметтеріне бақылау жүргізу үшін жергілікті жерлерге көптеген өкілеттіктерді иеленген патшаның шабармандары жіберіліп отырды.

Қауымдық басқарудың органы болып қауымдық кеңес табылды, алайда, оның басшысы — рабианумды патша тағайындайтын болған.

Сот жүйесі. Патша мен патша шенеуніктері әкімшілік және сот істеріне де басшылық жасайтын болған.

Жоғарғы судья ретінде патша танылған, ол азаматтық және қылмыстық істерді қарауда жоғарғы инстанция болып табылатын. Жергілікті жерлерде сот функциялары патша өкілі мен рабианумның қолында болған. Ірі қалаларда сот функцияларын арнайы патша судьялары жүзеге асырған.

Әскер. Қарулы күштердің негізгі түрі болып еркін шаруалардың жиналған әскері табылған, олар соғысқа өз қару-жарақтарымен қатысқан. Соғыс біткен соң мұндай әскер таратылатын болған.

Құқықтың негізгі сипаттары. Ежелгі вавилондық құқықтың маңызды ескерткіші болып Хаммурапи патшаның заңдары табылған. Заңдардың мәтіні базальт қабырғада ойып жазылған, оның жоғарғы жағында тізесі бүгілген Хаммурапиға бұл заңдардың мәтінін ұсынушы күн құдайы Шамаштың бейнесі бейнеленген, бұл патша заңдарының құдайлық бастамасын білдірген. Хаммурапи заңдарын алғашқы аудармашы француз ғалымы В.Шейл барлық жинақты 282 бапқа бөлген: 1—15 баптарда іс жүргізушілік сипаттағы ережелер көрініс тапқан; 6—126 баптар мүліктік қатынастарды реттеуге арналған; 127—195 баптар атбасылық және мұрагерлік құқыққа арналған; 196—214 баптар тұлғаны қорғауды көздейді; 215—282 баптар жалға алу шарттарын реттейді.

Хаммурапи заңдарының басым көпшілік баптары мүліктік қатынастарды реттеуге арналған. Меншік объектісі ретінде жер, мал, еңбек құралдары, құлдар және басқа да мүлік танылған. Бөтен мүлікке зиян келтіру міндетті түрде зияндарды өтеуді көздеген.

Міндеттемелік құқыққа шарттардың келесі түрлері тән болған:

— заем шарты, бұл шарт тек қарызды қайтаруды ғана емес, сонымен қатар, пайыздарды төлеуді білдірген;

— сату-сатып алу шарты, бұл шартты бекіту кезінде шарттың барлық жағдайлары көрініс тапқан балшық таблетка түріндегі жазбаша шарт жасалған;

— сақтау шарты, бұл шартқа сәйкес, сақтауға берілген мүлікті сақтаушы мүлік жоғалған жағдайда оны иесіне екі есе мөлшерде қайтарып беруге міндетті болған;

— жерді жалға алу шарты — жалға алушы жалға алған жері үшін алдын-ала белгіленген мөлшердегі ақыны немесе болашақта алынатын астықтың бір мөлшерін беруге міндеттенеді;

— жеке жалға алу шарты негізінен ерекше дағдылар мен қабілеттері бар жұмысшыларға қатысты болған.


Неке және мұрагерлік құқыққа заңдар жинағының 70-тен астам бабы арналған. Отбасы өз отағасы арқылы қауыммен және мемлекетпен байланысқа түсетін аса маңызды әлеуметтік құрылым ретінде танылған. Отбасы иесінің билігі отбасы мүшелерінің жұмыс күшін басқарушының билігі ретінде көрініс тапқан.

Хаммурапи патшаның заңдарында қылмыс пен жаза сияқты түсініктердің нақты анықтамасы болмаған. Жинақта патша билігіне қарсы қылмыс жасаушы тұлғалар туралы айтылған баптар жоқ, керісінше, мұнда жеке меншікке қарсы қылмыстар мен адамның өміріне және денсаулығына нұқсан келтіруші әрекеттер туралы баптар көп. Және жаза мүліктік жағдайға қарай тағайындалған. Өлім жазасы 30-дан астам жағдайда қолданылған. Сот процесі Хаммурапи заңдары бойынша жеке сипатта болған, яғни, барлық істер мемлекеттің емес, жеке тұлғалардың ынта білдіруі арқылы қозғалған. Процесте тараптар өз істеріне өздері жүргізетін болған. Сот шешімі жазбаша түрде, арнайы балшықтан жасалған таблеткада, мөрмен бекітіле отырып шығарылған және ол өзгертуге жатпайтын.

Ежелгі Вавилонның мемлекеті және құқығы

Ежелгі Вавилон тарихының кестелері

1 кезең. – Ежелгі Вавилон мемлекетінің Хаммурапи патшаның билік етуімен байланысты гүлденуі (б.з.д. 792-1750 ж.ж.)
 2 кезең. – Жаңа вавилондық патшалық (б.з.д. 17 ғ. соңы – б.з.д. 539 ж.)



3. Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқығы

Алғашқы мемлекеттік құрылымдар Үндістанда Үндістан түбегінің солтүстік бөлігінде, Үнді және Ганг өзендерінің аймағында пайда болып, ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуының жоғары деңгейімен ерекшеленген. Б.э.д. II мың жылдықтың ортасында Үндістанның аумағына арийлер көшпенді тайпалары жаулап кірді, олар біртіндеп бүкіл аумақты жаулап алды да, ежелгіүндістандық өркениетті құртты. Жаулап кірген арийлерде рулық құрылым сақталған болатын, оның негізгі буыны болып қандық туыстыққа негізделген рулық одақ — гана табылатын, кейін оның орнына ауылдық қауымдастық — вишас келді, бұған жергілікті халық та енетін болған.

Жер өңдеудің одан әрі дамуы мен қолөнердің оқшаулануы қауымдастықтардағы еңбек бөлінісіне алып келді, ал бұл, өз кезегінде, жеке меншіктің пайда болуына және қоғамның таптарға бөлінуіне негіз болды. Осылай мемлекет пайда болды.

Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — алғашқы қауымдық құрылымның ыдырауы және құлиеленуші мемлекеттердің пайда болуы (б.э.д. II мыңжылдықтың екінші жартысы);

2 кезең — Үнді мен Ганг аймақтарында құлиеленуші мемлекеттердің құрылуы (б.э.д. II мыңжылдық — б.э.д. IV);

3 кезең — Маурийлердің орталықтанған мемлекетінің құрылуы және гүлденуі (б.э.д. IV — II ғ.ғ.)

4 кезең — үнділік құлиеленушілік қоғамның шиеленісі және шаруашылықтың феодалдық жүйесінің бекітілуі (б.э.д. II ғ.)

Қоғамдық құрылым. Ежелгі Үндістандағы қоғамдық құрылымның өзіндік сипаты варналар (касталар) жүйесінің болуымен анықталды, олар өзінің құқықтық жағдайы бойынша тең емес тұйық әлеуметтік топтар ретінде қалыптасты. Қоғамның таптарға бөлінуінен кейін қауым төрт варнаға бөлінді: брахмандар варнасы (абыздар); кшатрийлер варнасы (әскери тұлғалар); вайшийлер варнасы (жер өңдеушілер); шудралар варнасы (каналашы батырақтар).

Мемлекеттік құрылым. Мемлекет басында патша — раджа немесе магараджа тұрды. Маурийлер дәуірінде маңызды орган ретінде патшаның билігін шектеуші және брахмандар мен құлиеленуші аристократтардан құралған паришад танылды.

Мемлекеттік аппаратта шенеуніктер екі топқа бөлінді — орталық және жергілікті басқару шенеуніктері жоғарғы шенеуніктердің арасында мыналар ерекше орынды иеленді: нурухита — патшаның басты кеңесшісі және абызы: сенапати

— әскер қолбасшысы; ахармадьякша — сот істері бойынша жоғарғы шенеунік. Басқарудың орталық аппараты үш мекемеге бөлінеді: әскери, қаржылық және көпшілік істер бойынша.

Жергілікті басқару. Маурийлер мемлекетінде мыналар ерекше бөлінді: патшаның басқаруы мен бақылауындағы облыстар мен белгілі бір автономияға ие жерлер (провинциялар), провинциялар, өз кезегінде, округтерге, округтер аудандарға бөлінген. Ең төменгі аумақтық бірлік қауым — ғана болған.

Әскер. Маурийлер дәуірінде әскерді алты алқаға бөлген 30 мүшеден құралған әскери кеңес басқарған. Олар үнділік әскердің төрт түріне жетекшілік жасаған: жаяу әскерге, атты әскерге, пілдер мен арбалы әскерге, әскери флот пен көліктік әскерге.

Құқықтың негізгі сипаттары. Ежелгі Үндістанның құқығы дінмен, діни моральмен тығыз байланысты болған. Құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде Ведалар — діни кітаптар мен дхармашастралар — діни-құқықтың, ережелердің жиынтығы саналған, олардың ішінде аса маңызды болып Манудың дхармашастралары табылған. Ману заңдары 12 тарау мен қоссөздер (шлок) түрінде жазылған 2685-баптан құралған. Құқықтық материал ІҮ, ҮІІ, ҮІІІ және Х тарауларда мейлінше толық көрініс тапқан.

Ежелгі Үндістанда жеке меншік ерекше дамыған, оның объектілері ретінде құлдар, мал, астық және үй жабдықтары саналған. Ал жерге деген жеке меншік аса дамымаған. Х — тарауда мүлікті иемденудің жеті заңды тәсілдері аталып өткен: мұрагерлік, сыйға алу немесе тауып алу, жаулап алу, саудагерлік, жұмыс орындау, қайырымдылықты қабылдау.

Міндеттемелік құқыққа (Ману заңдары бойынша) келесі шарт түрлері тән болған: сату-сатып алу, заем, сыйға беру, тасымалдау, сақтау.

Отбасы құқығында касталық қағида негізге алынған: аралас некелерге тыйым салынған немесе олар шектелетін болған, шудра мен брахманның некесінен туған бала чандал деп танылған, олардан қоғам бет бұрған.

Мұрагерлік құқықта әкенің мүлкін мұраға алудың екі тәсілі аталған: не ол ұлдардың арасында теңдей бөлінген, не оны үлкен ұлы толығымен иемденіп, қалғандары сол ұлдың жанында өмір сүрген. Қыздар мұраға ие болмаған, бірақ оларға жасау берілетін.


Ману заңдарында қылмыстық-құқықтық нормалар жалпы тыйымдардың ішінен бөліп қарастырылмаған. Сонымен қатар заңдарда патшаға немесе мемлекеттік билікке қарсы бағытталған әрекеттерді жазалайтын баптар болмаған. Ал жеке

меншікке, жеке тұлғаға нұқсан келтірушілік пен отбасылық ережелерге қарсы бағытталған әрекеттер өте қатаң жазаланған. Мұндай жағдайда қасталық ерекшеліктерге ерекше мән берілген. Жасалған қылмыстар үшін негізгі жазалардың қатарынан өлім жазасы, тілді кесу, қолды, аяқты кесу, таңба салу, құлдыққа салу орын алған.

Сот процесі. Ежелгі Үндістанның сот өндірісіндегі қылмыстық және азаматтық іс жүргізудің арасы ажыратылмаған. Сот істері мүдделі тұлғалардың ынтасы бойынша қозғалған. Сотта істі қарау жарыспалылық сипатына ие болған.

Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқығы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



4. Ежелгі Қытайдың мемлекеті және құқығы

Б.э.д. III мыңжылдықтағы Қытайдың ежелгі тұрғындары Хуанхэ өзенінің орта және төменгі ағыс тұстарын, Бохай шығанағының жанындағы жазықтықты, және Қытайдың басқа аумақтарының кең жазықтарын мекендеген. Бұл аумақтарда өмір сүрген тайпалар түрліше аталған: солтүстікте — «ли», шығыста — «и», батыста — «цзян» немесе «жун», оңтүстікте — «мань». Ежелгі халықтар тайпаларға біріккен рулық қауымдармен өмір сүрген және ортақ шаруашылықты жүргізген.

Б.э.д. III мыңжылдықтың соңында өндірістік күштердің одан әрі дамуы, жеке меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі рулық құрылымның ыдырауына және оның орнына мемлекеттің пайда болуына алып келді. Шамамен б.э.д. 1600 ж. шығыс «и» тайпалары Солтүстік Қытайдың үлкен аумағын жаулап алып, өз қарсыластарын жеңді де, Шан (инь) мемлекетін құрды.

Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — Шан «Инь» кезеңі (б.э.д. ХҮІІІ-ХІ ғ.ғ.) — құлиеленушілік қоғамның қалыптасуы жүзеге асады. Бұл кезеңде, сонымен қатар, екі кезең көрініс табады: а) ерте Шан (б.э.д. ХҮІІІ — ХҮ ғ.ғ.) — таптардың пайда болуының бастапқы кезеңдері ғана тән; ә) кейінгі Шан (б.э.д. ХІҮ— ХІ ғ.ғ.) — таптық қоғам толығымен қалыптасып бітеді.

2 кезең — Чжау кезеңі (б.э.д. ХІ — ІІІ ғ.ғ.) — иерархиялық әлеуметтік жүйе пайда болады;

3 кезең — Цинь кезеңі (б.э.д. 221-201 ж.ж.) және Хань кезеңі (б.э.д. ІІІ ғ.— б.э. ІІІ ғ.) — жаңа, феодалдық қатынастардың негізі пайда болады.

Қоғамдық құрылым. Кейінгі Шан кезінде халықтың жалпы санынан артықшылықты топ бөлініп шығады, оның құрамына билеуші — ван және оның туыстары, билеушіге жақын адамдар абыздар, шенеуніктер және бағынышты тайпалардың ақсүйектері кірген. Чжоулық Қытайда бірнеше разряд — әлеуметтік ранглер пайда болды. Ранг тұрғын үй мен жердің мөлшерін, құлдардың саны мен жалақының мөлшерін анықтаған. Цинь кезеңінде Шан янның жүргізген өзгертулері негізінде ақсүйектіліктің ранглері туралы жаңа ереже енгізілді, оған сәйкес ранглер ақсүйектік тегіне емес, билеуші алдындағы жетістіктері үшін берілген. Барлығы 20 ранг енгізілді, ал б.э.д. ІІ ғасырдан бастап оларды сатып алуға рұқсат етілген. Сонымен, жаңа ақсүйектер пайда болды: мүліктік, әскери, қызметтік және саудагерлік.

Ең төменгі сатыда құлдар болған. Құлдықтың қайнар көздері түрліше болған: әскери қамау, қарыздық құлдық, сый ретінде алу, қылмыскерлер, шығынға ұшыраған шаруалар.

Қоғамның үстем тобы мен құлдардың арасында жер өңдеумен айналысатын еркін қауым мүшелері болған.

Мемлекеттік құрылым. Құлиеленушілік Қытайда оның тарихының барлық кезеңінде басқарудың монархиялық нысаны болған. Билеуші — ваннның қолында билік толығымен болған. Патша билігі құдайдың билігіне теңестірілетін Монархия мұрагерлік сипатта болған. Ежелгі Қытайда басқарудың сарайлық жүйесі болған, яғни, нақты анықталған құзіреті бар тұрақты түрде қызмет ететін мемлекеттік мекемелер болған жоқ, олардың орнына арнайы тапсырмаларды орындайтын тұлғалар, күндер болған.

Шан дәуірінде патшаға жақын тұлғалардың арасында 20 жуық ресми титулдар болған, олар функциялары бойынша үш топқа бөлінген: біріншісі — азаматтық лауазымды тұлғалар, екіншісі — әскери лауазымды тұлғалар, үшіншісі — әртүрлі кеңесшілер, бал ашушылар мен көріпкелдер. Чжоу кезеңінде ваннның ең жақын көмекшісі болып сянь табылған, ол барлық шенеуніктерге басшылық жасап, билеушінің әртүрлі тапсырмаларын орындаған. Сонымен қатар, үш гундер — патшаның басты кеңесшілері лауазымы болған. Цинь дәуірінде императордың жақын көмекшілері болып екі бірінші кеңесшілер — екі ченсина табылады, олар аппарат жұмысын басқарады, тайвэй — империяның қарулы күштерін басқарады және юйши дафу — барлық мемлекеттік аппаратты басқарады. Ченсяна, тэйвей және юйши дафу аса лауазымды тұлғалар болатын және «үш гун» атауын иеленді.

Жергілікті басқару. Шан және Чжоу дәуірінде Қытай өз көсем — билеушілері — чжухоулары бар көптеген иеліктердің жиынтығынан құралған болатын. Чжухоулар ваннның жоғарғы билігіне бағынған. Цинь дәуірінде Шан Янның әкімшілік реформасына сәйкес патшалықтың аумағы 41 цездке бөлінді, олар валостар мен тиналарға бөлінді, ал алар, өз кезегінде, өз басқару органдары бар 10 қауымдастықтан құралды. Қауымның тұрғындары фулаоны (ақсақал) сайлаған, ал олардың арасынан староста — личжен сайланған.

Әскер. Шан патшалығында тұрақты әскер болған жоқ. Қажет болған жағдайда чжухоулар 3000, 5000, 6000 әскерлерден құралған отрядтарды ұсынған. Жиналған әскер әскербасы — қолбасшыға берілетін және жорыққа шығатын. Әскер екі бөлікке бөлінетін: жаяу әскер және арбалы әскер. Сонымен қатар, халық мал мен арбаларды беретін. Әскердің үш түрі

болған: жаяу әскер, атты әскер және қарулы арбакештер. Цинь империясында әскер бестіктер мен ондықтарға бөлінген. Жоғарғы қолбасшы болып императордың өзі табылған.

Сот жүйесі. Сот функцияларын тармақтарға бөлінген мемлекеттік аппараттың көптеген өкілдері жүзеге асырған. Мемлекеттегі жоғарғы судья болып ван табылған. Жергілікті жерлерде сот істерін караумен болыстықтың бастығы айналысқан.

Құқықтың негізгі сипаттары. Б.э.д. V—II ғ.ғ.— да бірқатар жинақтар жасалған, олардың ішінде ең әйгілі 6 тараудан құралған «Заң кітабы» (Фацзин). Мұнда Қытайдағы қолданыстағы қылмыстық іс жүргізушілік заңнама көрініс тапқан.

Шан мемлекетінде меншік құқығының объектілері ретінде мал, құлдар, еңбек құралдары, құнды асыл бұйымдар және басқа да мүлік танылған. Тек б.э.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында ғана жерге деген меншік құқығы пайда болады. Қытайлық заңнамаға мына шарт түрлері тән болған: сату-сатып алу, заем, кепіл, несие беру, жерді жалдау.

Шан кезеңінің отбасы құқығында матриархаттың элементтері болған, туыстар арасындағы некеге рұқсат берілетін, алайда, Чжоу мемлекетінде патриархатты отбасы орнығып, көп әйел алуға рұқсат етіледі.

Мұрагерлік құқықта әке мүлкін бірінші әйелдің үлкен ұлы иемденетін тәртіп орныққан. Ұлы болмаған жағдайда мұрагерлікті күйеуінің басқа туыстары иеленетін.

Қылмыстық заңнамада мемлекеттік қылмыстарға ерекше мән берілген, олар үшін мынадай жазалау жүйесі қолданылған: таңба салу, мұрынды кесу, аяқты шабу, еркектердің жыныс мүшесін кесіп тастау және өлім жазасы.

Ежелгі Қытайдағы сот әкімшіліктен ажыратылмайтын. Алдын-ала тергеу мен сот талқысын бір тұлға жүргізе беретін.

Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығы

Кезеңдер

1 кезек. Шан (Инь б.з.д. 18-11г.г.), Ерге Шан (б.з.д. 18-15 г.г.), Кейінгі Шан (б.з.д. 14-11 г.г.).

2 кезек. Чжоу (б.з.д. 11-3 г.г.).

3 кезек. Цинь (б.з.д. 221-201 г.г.), Хань (б.з.д. 3 г. -6.з. 3 г.).

Шенеунік Шан Ян реформаларды жүзесте асырды, оларға сәйкессәуіектіліктің 20 рангісі енгізілді, жаңа ақуіектер пайда болды: сауда-алыпсатарлық, әсері, қызметкер, мүлліктік.

Үш топқа бөлінген 20 ресми титул болды. әскери лауазымды тулғалар, азаматтық лауазымды тулғалар, кеңесшілер.

Мемлекеттің басында Ван, шенеуніктерді басқаратын сан және үш кеңесші – гундар.

Мемлекеттің басында Ван, екі бірінші кеңесшілер чэнсяндар, тайвэй – командалар және юйши лафу – мемлекеттік аппаратты басқарушы.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Ван, оның туыстары, абыздар және шенеуніктер қотамның үстемдік құрушы табын құрады. Басқарулық сарабылық жүйесі болды. Ортаңғы тапты шаруалар, қауым мүшелері құралы, ең төменгі тап болып құлдар табылды.

Облыстардың басында чжухоу тұрды

Ел уездерге, волостарға және тиіналарға бөлінді. Соңғыларына 10 қауым кірді, оларды ақасакалдар – фулао мен старосталар басқарды.

Соттар әкімшіліктен бөлінеді, жоғарғы сот болып Ван табылды, жергілікті жерлерде бұл функцияны облыс басшылары атқарды.

Құқықтық жүйе

6 тараудан тұрған “Заңдар кітабы” (фацзин) (б.з.д. 5-2 г.г.) аса әйгілі болды, онда қылмыстық іс жүргізушілік сипаттағы ережелер басты орында неленді.

Шан мемлекетінде меншік объектілері болып мыналар табылды: мал, құлдар, үй мүлікі. Б.з.д. 1 мыңжылдықтың екінші жартысында жерге жеке меншік пайда болды.

Міндеттемелік құқыққа сату-стыл алу, жалға алу, займ, жерді жалға алу шарттары тән болды.

Шан кезекінің отбасы құқығында матриархаттың қалдықтары сақталып қалды, ал Чжоу мемлекетінде патриархат орнады, көп әйел алуға рұқсат етілді.

Мұрагерлік құқық негізгі мұрагер ретінде бірінші әйелдің үлкен ұлын таныды, ұлы болмаған жағдайда мұра күйеуінің басқа туыстарына өтетін.

Қылмыстық құқықта мемлекеттік қылмыстарға ерекше мән берілді, олар үшін қаған дене жазалары көзделді.

5. Ежелгі Грецияның мемлекеті және құқығы

Б.э.д. VIII — VII ғ.ғ.-да Грецияда рулық құрылым жойылып, құлиеленушілік қоғам мен мемлекет қалыптаса бастаған. Греция біртұтас мемлекет болмаған және мұнда бірдей халықтар өмір сүрмеген. Ол дербес қала — мемлекеттер — полистерден құралған. Ежелгі Грецияның құлиеленушілік қоғамына тән негізгі мемлекеттердің қатарынан Афины мен Спартаны атауға болады.

а) Спартаның мемлекеті және құқығы

Спартаның негізін қалаушы ретінде Ликург патша саналады. Спартада үстемдік құрушы класс ретінде спартиаттар — толық құқылы азаматтар саналған, олардың саны 8 мыңдай болған және тек Спартада өмір сүрген. Оларда жерге, малға және солардың жерінде жұмыс істейтін илоттарға меншік құқығы болған.

Спартиаттардың ұйымдасуы рулық сипатта болған. Барлық спартиаттар үш рулық филге бөлінген, әрбір фил — он «обаға», әрбір оба — он триакидке бөлінген. Спартада қанаушы тапқа илоттар — жауланған аумақтардың бас иген тұрғындары мен пәриектер — жеке бостандығы бар, бірақ саяси құқықтарды иеленбейтін және Спартаға төлем төлейтін тұрғындар жатқан.

Спартада мемлекеттік биліктің келесі органдары болған.

1. Халық жиналысы — апелла, ол герусияның ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан.

2. Герусия — ақсақалдар кеңесі, 30 геронттан құралған, олардың ішіне екі патша — базилевстер («архагеттер») енген, бұл Спартаның мемлекеттік құрылымының өзіндік ерекшелігі. Архагеттер герусияға бағынған және оның келісімінсіз ешбір маңызды шешімді қабылдай алмаған.

3. Эфарат — архагеттер мен герусияны бақылау функциясын жүзеге асыратын бес адамнан құрылған комиссия.

Спартадағы құқықтың негізгі қайнар көзі ретралар табылған. Бұл — Ликург патша шығарған Спартаның негізгі заңдары. Олардың ішінде ең маңыздысы — «Ликург ретрасы».

ә) Афины мемлекеті және құқығы

Афины мемлекетінің пайда болуы — б.э.д. VI ғ. аяқталған ұзақ процесс. Оның алғашқы кезеңі ретінде басивелс Тесейдің реформаларын атауға болады, ол синойкизм деп аталатын төрт тайпаның бірлестігін ұйымдастырған және Афинының еркін халқын сословиелерге бөлген: эвпатридтер — ақсүйектер, гео-

морлар — жер өңдеушілер, демиургтер — қолөнершілер және феттер — кедейлер.

Біртіндеп эвпатридтер басилевстің билігін шектей бастайды, оның лауазымын мұрагерлікке алу аяқталады, ал оның функциялары жаңа сайланбалы лауазымды тұлғаларға — архонттарға ауысады. Архонттар алқасын архонт — эпиним басқарған, ол мемлекетті басқарып, сот функцияларын атқарған; екінші архонт — архонт-басилевс, ол абыздың міндеттерді атқарып, діни істер бойынша сотты жүзеге асырған; үшінші — архонт-полемарх әскери басшылықты жүзеге асырған; архонттар алқасының қалған алты мүшесі — архонттар-фосмофеттер әділдікті жүзеге асырған.

Екінші жаңа басқару органы Ареопаг ақсақалдар кеңесінің орнына келді. Ареопаг жоғарғы сот органы болды, сонымен қатар архонттарды сайлап, бақылаған. Осы кезде, б.э.д. VIII ғ., мемлекет бірқатар округтар-навкрарийлерге бөлінеді, олар сол кездегі тайпалардың шегінде ұйымдасады — әр тайпада 12-ден.

Афиныдағы мемлекеттің пайда болуының екінші кезеңі Солонның реформаларымен байланысты: олардың біріншісі — сисахфия — қарыздық құлдықты жою; екіншісі — саяси құқықтар мен міндеттерді бөлуде мүліктік цензді орнықтыру, барлық азаматтар мүліктік ценз бойынша 4 топқа бөлінді; бесжүздіктер, атқамінерлер, зевгиттер және феттер; үшіншісі — жаңа сот органы геризя құрылды; төртіншісі — жаңа басқару органы төртжүздік кеңесі құрылды, ол әрбір жыл сайын алғашқы үш топтың азаматтары қатарынан әрбір тайпадан 100 адамнан сайланған.

Афины мемлекетінің құрылуының соңғы, үшінші кезеңі болып Клисфеннің реформалары табылды, олар Афиныдағы рулық құрылымның қалдықтарын толығымен жойды. Клисфен халықты бұрынғыша төрт тайпаға бөлудің саяси мәнін жойды. Енді Афины 10 аумақтық филге (округтерге) бөлінді, олардың әрқайсысы әртүрлі аумақтарда орналасқан жерлерден — 3 триттиден құралды: қалалық, теңіз жағасындағы және жер өңдеушілік, бұл қаланың селолық жерлерден үстемдігін қамтамасыз етті. Екінші реформаға сәйкес, тайпалық бөлініске негізделген төртжүздік кеңестің орнына Клисфен бесжүздік кеңесін құрды. Ол 10 филдің әрқайсысынан 50 өкілден құралды. Үшінші реформа арқылы тағы да бір басқару органы — 10 стратег (әскер басшысы) алқасы құрылды, ол 10 филдің әрқайсысынан 1 адамды жинау арқылы құрылатын болған және қалыптасқан құрылымға қолсұғушылықты болдырмау мақсатында Клисфен халық жиналысында остракизм деп аталатын

үрдісті енгізді (остракон — сайлаушы құрылымға нұқсан келтірушінің есімін жазатын бас сүйек). Бұл Клисфеннің соңғы реформасы болды.

Клисфеннің реформалары Афиныдағы мемлекеттің қалыптасуының ұзақ үрдісін саудагерлердің, колонершілердің және шаруалардың демостың рулық-тайпалық аксүйектерді жеңуімен аяқтады. Бұл Афиныда б.э.д. V ғ.-да құлиеленушілік демократиялық мемлекеттің қалыптасуына негіз болды. Бұл мемлекеттің негізгі сипаты — еркін құлиеленушілердің, еркін кедейлердің және люмпендердің (өндірістік құралдардан айырылған адамдардың) құлдар мен етектердің (Афиныда орныққан шетелдіктердің) үстінен бірлескен үстемдігі. Афинылық демократияның гүлдену кезеңі — б.э.д. V — IV ғ.ғ.

Мемлекеттік құрылым. Афиныдағы мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып халық жиналысы табылды, ал анықталған нақты мерзімде — жылына 40 рет шақырылатын. Халық жиналысына тек жиырма жасқа толған толық құқылы афиндік азаматтар ғана қатыса алатын. Шешім қабылдау үшін 6 000 адамның болуы міндетті болатын.

Басқарудың жоғарғы органы болып бас жүздік кеңесі табылған, оған әрбір аумақтық он фильден бір жылға жеребе арқылы сайланатын, 30 жасқа толған 50 азамат кіретін. Ағымдағы істерді шешу үшін он комиссияға бөлінген, бұл комиссия әрбір фильден 50 өкілден құралған.

Жоғарғы сот органы болып гелиэя табылды, ол 6 000 адамнан құралады, оны әрбір фильден жеребе арқылы бір жылға сайланатын 30 жасқа толған 600 адам құрады. Гэлия 501 мүшеден тұратын 10 алқаға бөлінген (қалған мүшелері қосымша деп саналатын). Заң жобаларын қарастыру үшін гелиэяда номафеттердің — гелиэяның 1 000 мүшесінің ерекше алқасы құрылатын.

Мемлекетті басқаруда лауазымды тұлғалар маңызды роль атқарған. Олардың ішінде:

— стратегтер алқасы — 10 адамнан құралған; бұл лауазымды тек үйленген және жылжымайтын мүлкі бар азаматтар ғана иелене алатын;

— архонттар алқасы — 9 адамнан құралған; олардың әрқайсысының нақты функциялары болған;

— аполектер — мемлекеттік қазынаны басқарған;

— элленоттар — афиналық теңіз одағының қазынасын басқарған;

— полеттер — мемлекеттік мүлікті басқарған;

— логистер — лауазымды тұлғалардың ақшалай есептерін қабылдаған;

— астиномактар — көшелердегі тәртіпті бақылаған және т.б.

Сот жүйесі келесі сипатты иеленген: жоғарғы сот органы гелиэя қасақана адам өлтіру және мемлекеттік қылмыстар туралы істерді қарастырған; эфеттер соты абайсыз қылмыстар туралы істерді; онбірлік алқасы — ұрлық, тонауды; диэтеттер соты — мүлік туралы азаматтын — құқықтық дауларды және қырықтар алқасы — ұсақ істерді.

Әскер. Бейбіт кезінде 18 бен 20 жас арлығындағы барлық афиндық азаматтар әскери оқудан өтетін болған. Соғыс жағдайында 18 бен 50 жас аралығындағы азаматтардан әскер жинақталған. Әскер атты әскерден, ауыр және жеңіл қарулы жаяу әскерден құралған.

Құқықтың негізгі сипаттары. Афиныдағы құқықтың ежелгі кайнар көзі ретінде әдет-ғұрып орын алған. Заңдар б.э.д. 621 жылы пайда болған. Алғашқы заңдар — драконт заңдары әдет-ғұрып жазбасы түрінде болған және ерекше қатаңдықпен ерекшеленген (қылмыстардың басым көпшілігі үшін өлім жазасы кесілген). Кейіннен жүріс-тұрыстың жалпы ережелері болып халық жиналысының қаулылары табылған.

Жеке меншік институты Афиныда аса дамыған болатын. Меншік мемлекетпен берілетін игілік ретінде қарастырылған.

Шарттардың мына түрлері афиндық құқыққа тән болған сату-сатып алу, жалға алу, серіктестік, тапсырма және комиссия шарттары.

Отбасы және неке құқығында әйелдердің толық құқылыққа ие емес екендігі байқалған әйел әкесінің немесе күйеуінің қамқорлығында болған және әрекет қабілетсіз деп саналған. Неке азаматтардың міндеті болып табылған, ал оның басты мақсаты ретінде бала туу саналған.

Қылмыстық құқықта құлдар мен еркін адамдарға қолданылатын жазалар ажыратылған. Құлдарға тек дене жазасы қолданылатын, ал еркін адамдарға өлім жазасы, аластау, азаматтық құқықтардан айыру, айыппұлдар мен тәркілеу қолданылатын.

Сот өндірісінде істі қозғаудың екі тәртібі болған: 1-сі — іс жүргізуді тек жәбірленушінің ынтасы бойынша ғана қозғау; 2-сі — кезкелген азаматтың немесе лауазымды тұлғаның ынтасы бойынша қозғау. Іс бойынша шешім құпия дауыс беру арқылы шығарылатын, ал дауыстар тең болған жағдайда сотталушы ақталған деп саналатын.

Ежелгі Спартаның мемлекеті және құқығы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Б.з.д. 8-7 ғ.ғ. Ежелгі Грекияда, соның ішінде Спартада, құлмеленушілік мемлекеттер қалыптасты.

Үстемдік құрушы тап болып спартиаттар (8 мың адам) табылды, спартиаттардың ұйымдастырылуы рулық сипатты иеленді, олар 3 филге бөлінді, әрбір фил 10 обадан, әрбір оба 10 триакидтан тұрды.

Әлеуметтік және мемлекеттік құрылымның төменгі сатысында аллоттар – жаулап алынған аумақтардың тұрғындары және перизиттер – жеке бостандыққа ие, алайда, спартиаттарға салық төлеуші тұрғындар тұрды.


Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көзі болып ретралар – Спарта заңдары табылды. Спартаның негізін қалған деп саналатын. Ликиург патша «Ликиург ретрасы» деп аталған заңдар жинағын қабылдады.

Спартада мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары болып мыналар табылды: апелла – халық жиналысы, Герусия – 30 геронттан тұрған ақсақалдар кеңесі, геронттардың құрамына 2 патша бәзилевстер (архагет) де кірді, олар Герусияның келісімінсіз шешім қабылдай алмайтын. . .
Эфорат – Герусия мен архагеттерді бақылайтын 5 адамнан құралған комиссия.

Ежелгі Афиныдың мемлекеті мен құқығы

Афины мемлекетінің қатыптасуы б.з.д 7 ғасырда аяқталды. Мемлекет басында тұрған базиливс І есейдің реформаларымен синоиклизм, деп аталған 4 тайпанын бірлестігі құрылды, халықты трипатридтерге (аксүйектер), геоморларға (жер өңдеушілер), демиургтарға (көлөнершілер), феттарға (кедейлер) сословиелік бөлу енгізілді.



6. Ежелгі Римнің мемлекеті және құқығы

Рим мемлекетінің тарихи кезеңдері:

1 кезең — алғашқы қауымдық құрылымның ыдырау және құлиеленушілік мемлекеттің құрылу кезеңі (б.э.д. 753 ж. Рим қаласының негізін қалаудан б.э.д. 509 ж. соңғы патша тәкаппар Тарквинийдің қудалауға дейінгі кезең);

2 кезең — республика кезеңі (б.э.д. 509 — 27 ж.ж.);

3 кезең — монархия кезеңі (б.э.д. 27 ж.— б.э. 476 ж.), бұл кезең өз ішінде екі кезеңге бөлінген:

а) принципиаат — б.э.д. 27 ж.— б.э.284 ж.;

б) доминат — б.э. 284 — 476 ж.ж.

Рим құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — цивильдік (квириттік) немесе азаматтық құқықтың қалыптасуы және даму дәуірі. Ол кездегі рим құқығының азаматтық деп аталатын себебі — бұл құқық тек римдік азаматтарға ғана таралатын.

2 кезең — рим құқығының гүлдену кезеңі. Бұл кезде цивильдік құқықпен қатар преторлық құқық пайда болады, оның ішінен жалпы халықтық немесе халықтар құқығы бөлініп шықты, бұл құқық римдік азаматтар мен шетелдік азаматтар арасындағы, сонымен қатар Рим мемлекетінің аумағында өмір сүруші шетелдіктердің өз расындағы қатынастарды реттеген.

а) Рим мемлекетінің құрылуы

Рим мемлекеті қалалық қауымнан қалыптасқан. Римнің негізін қалаған сәттен бастап б.э. 509 жылға дейін римдіктерде рулық құрылым болған, алайда ол ыдырау кезеңінде болған. Рулық ұғымының негізі әлеуметтік бірлігі ретінде экзогамды әкелік ру табылған. Рулар отбасыларына бөлінген, оларға тән сипат болып отбасы иесінің жанұя мүшелеріне үстінен шексіз билігі табылған.

Қоғамдық құрылым. Римде жалпы алғанда 300 ру болған. Он ру әскери және діни бірлік болып табылатын курияны құраған. Курияның басында курион тұрған. Он курия трибудытайпаны құраған. Рим халқы үш тайпадан құралған.

Халық патрицийлерге, клиенттерге және плебпийлерге бөлінген. Патрицийлар — бұл қалалық қауымның толық құқылы азаматтары, клиенттер патрицийлерге жеке және мұрагерлік тәуелділікте болған, плебейлердің жеке бостандығы болғанымен, саяси құқықтарға иеленбеген.

Мемлекеттік құрылым. Римдік қауымның басында патша — Рекс тұрған. Ол әскер басы, жоғарғы абыз болған және ерекше маңызды істер бойынша сотты жүзеге асырған. Рекстің

лауазымы сайланбалы болған. Патшаның жанындаы кеңесуші орган сенат болған, ол үш жүз рудың ақсақалдарынан құралған. Сенат қоғамдық істерге басшылық жасаған, маңызды мәселелерді талқылаған, мұндай мәселелерге байланысты шешімдерді халық жиналысы қабылдаған. Сонымен қатар, сенат патшаны сайлауға да әсер еткен. Аса маңызды органдардың бірі халық жиналысы болған, ал рим руларының толық құқылы мүшелері — әскери қызметті орындай алатын ер адамдардан құралған: ал сенаттың ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан, барлық лауазымды тұлғаларды, соның ішінде патшаны да сайлаған. Римдік қауымдағы тағы да бір орган — бұл абыздық алқалар олардың ішіндегі ең ежелгілері болып авгурлар, понтификтер және фициалдар алқалары табылған (авгурлар тұлғалардың әрекеттері туралы өз қорытындыларын әргүрлі белгілер мен жорамалдардың негізінде берген, понтификтер әдет-ғұрыптарды сақтаушы және түсіндіруші болған, фициалдар соғыс жариялау актісін жүзеге асырған).

Римдік рулық қауымның мемлекетке айналуын үрдісінің аяқталуына Сервий Тулийдің реформалары әсер етті, олардың мәні мынада болды:

А) барлық еркек адамдар жердің мөлшерімен анықталатын мүліктік жағдайына қарай бес топқа бөлінген, бұл бөлініс плебейлер үшін де, патрицийлер үшін де ортақ болған;

Ә) Римде жоғарғы органның жаңа түрі пайда болды — центуриаттық комициялар;

Б) плебейлер центуриаттық комициялардың құрамына енгізілді, яғни, «рим халқының» бөлігіне айналды және қоғамдық жердің бөлінісіне иеленетін болды;

В) Рим қаласы төрт аумақтық округтерге — трибаларға, ал қала шеті — он жеті селолық трибаға бөлінді. Трибуттық комициялар плебейлер үшін міндетті жалпы сипаттағы қаулыларды шығару құқығына иеленді.

ә) Республика кезеңіндегі Рим

Римдегі республика кезеңі 500 жылға созылды (б.э.д.509-27 ж.ж.). Римнің даму тарихын екі кезеңге бөлуге болады: республиканың қалыптасу және нығаю кезеңі (б.э.д. VI-IV ғ.) және римдік құл иеленушілік мемлекеттің гүлдену және құлдырау кезеңі, оның орнына монархиялық басқару нысанының келуі (б.э.д. III-I ғ.ғ.).

Қоғамдық құрылымы. Өзінің таптық табиғаты бойынша римдік қоғам мен мемлекет құлиеленушілік болған, алайда құлдарды қанау монархия кезеңіндегі сияқты дәрежеге жеткен жоқ, сол себепті құлдық патриархалдық сипатта болған.

Еркін халықтың негізгі бөлігі болып патрицийлер мен плебейлер қала берген, олардың арасында өзара күрес өрши түскен. Плебейлер патрицийлер мен саяси және азаматтық құқықтары бойынша тең болуға ұмтылған, осы жағдай Рим республикасының құлауының негізгі себебі болған.

Мемлекеттік құрылым. Рим республикасында орталық органдар — халық жиналыстары болған, олар центуриаттық, трибуттық және куриаттық комициялар түрінде ұйымдастырылған. Сонымен қатар, сенат пен магистратуралардың да мемлекетті басқарудағы орны ерекше болған.

Центуриаттық комициялар халық жиналыстарының негізгі түрі болып табылады, олар заң жобаларын қабылдап, жоғарғы магистрат — консулдардың, преторлар мен цензорлардың сайлауын жүзеге асырды, сот билігіне ие болды. Трибуттық комициялар екі нысанды қызмет етті: патрицийлер мен плебейлер үшін жалпы жиналыс (олардың қаулылары “популицит” деп аталды) және арнайы плебейлік жиналыстар (олардың қаулылары “плебисцит” деп аталды). Куриаттық комициялар тек рулық құрылымының қолдағы ретінде ғана сақталады және уақыт өте келе бұрынғы 30 курияның өкілдері болып табылған 30 ликтордың жиналысымен ауыстырылды.

Сенат формальды түрде магистраттардың жанындағы кеңесуші орган ретінде саналған, алайда өте үлкен маңызға ие болған. Сенат халық жиналысы қабылданған заңдары бекітетін және қаржыларды басқарған. Сенаттың шешімдері “сенатус—консуль” деп аталған.

Магистратуралардың жүйесіне Рим мемлекетінің өкілі болуға және оның атынан сот өндірісі мен басқару саласында мемлекеттік әрекеттерді жүзеге асыруға өкілетті лауазымды тұлғалар кіретін. Магистратуралардың қызметі мен оны ұйымдастырудың келесі қағидалары болған:

— сайланбалылық (магистраттарды сайлау халық жиналыстарында жүзеге асатын);

— алқалық (бір лауазымға бірнеше магистрат сайланатын, олардың әрқайсысы толық билікті иелене отырып, өздеріне қарасты мәселелерді шешкен);

— жауаптылық (диктатор, цензор мен плебейлік трибунардан басқа магистраттар өз лауазымының мерзімі біткенде халық жиналысының сатына тартыла алатын);

— мерзімділік (барлық магистрлер 1 жыл мерзімге, ал цензорлық 5 жылға сайланатын);

— ақысыздық (магистраттар өз жұмысы үшін жалақы алмайтын).

Магистратуралар ординарлық және экстраординарлық болып бөлінеді. Ординарлық магистратуралардың басында екі консул тұратын. Ординарлық магистратуралардың құрамында келесі лауазымдар болған:

Преторлар — консулдардың көмекшілері, цензорлар — Рим азаматтарын триболарға, разрядтарға және цензурияларға бөлу мақсатында ценздерді орнықтыратын, эдилдер — полициялық міндеттерді жүзеге асырған, квесторлар — консулдардың арнайы мамандануы жоқ көмекшілері, плебейлік трибуналар — плебейлердің мүдделерін қозғаушылар және төменгі магистраттар — қылмыстарды тергеумен айналысқан.

Не соғыспен, не топтық күрестің өршуімен байланысты қандай да бір төтенше қиындықтар уақытында сенат консулға алты айдан аспайтын мерзімге диктаторды тағайындау туралы тапсырма беретін. Диктатор тағайындалған соң барлық ординарлық магистратуралар экстраординарлық магистратураларға айналып, диктатордың өкілеттіктері мерзімінде толығымен оған бағынатын. Бұл кездегі диктатордың билігі шексіз болатын.

Рим әскері. Әскери қызметті бес разрядқа енген барлық азаматтар өтейтін. Оған тек толыққұқылы, кем дегенде 11000 асс мүліктік цензге ие азаматтар жіберілетін, әскерлер өздерінің мүліктік цензіне сәйкес әскердің әртүрлі түрлеріне бөлінетін. Әскерді консулдар цензорлардың құрастырған тізімдерінің негізінде жинақтайтын. Соғыс әрекеттері аяқталған соң әскер таратылатын.

Жергілікті басқару. Римнің жауап алған Италиядан тыс жерлері, провинциялардың барлығын Римнен тағайындалатын, бұрын консул мен претор болып табылған магистраттар басқаратын. Олардың жергілікті жерлердегі билігі шексіз болатын.

б) Монархия кезеңіндегі Рим

Римдегі қолиеленушілік монархияның тарихын екі кезеңге бөлуге болады: принципат және доминат.

Принципат кезеңінде әлі де республикалық мекемелер қызмет етеді, алайда олар өздерінің бұрынғы мәнін жоғалтады. Барлық магистратуралардың басына жана лауазымды тұлға принципс келеді. Бұл шексіз мерзімге (өмір бойына) сайланатын жоғарғы республикалық магистрат төтенше билікке ие болатын.

284 жылдан бастап Римде шексіз монархия — доминат орнығады. Ескі республикалық органдар толығымен таратылады, император заңнан да жоғары тұратын шексіз монарх деп

танылады, барлығы оның билігіне бағынушыларға айналады, императордың билігі құдайдың билігіне теңестіріледі. Империяны басқару негізгі екі ведомствоға негізделді:

- 1) императордың жанындағы мемлекеттік кенеске;
- 2) император тағайындайтын шенеуніктер басқаратын қаржылық ведомствоға.

Доминатты орнықтыру Диоклетиянның реформаларымен тығыз байланысты. Ол мынадай реформаларды жүзеге асырады:

1) әкімшілік реформа — империя екі провинцияға бөлінген 12 диоцезге жана әкімшілік бөлуді көздеген. Италияның барлық аумағы екі доцезге бөлінген: Шығыс және Батыс. Әрбір империяның басында император — Август тұрған, ол өзіне көмекші-ізбасарын — Цезарьді сайлап алатын;

2) әскери реформа — әскер үш сенатқа бөлінетін: шекаралық әскер, кешенді әскер және преторлық гвардия, әскердің құрамы үлкейтіліп, алғашқы рет рекруттық қабылдау енгізілді;

3) салықтық және қаржылық реформалар — заттай және ақшалай салықтар, сонымен қатар тиын енгізілген.

Жергілікті басқару. Империяның әрбір бөлігі — диоцездер екі префектураларға бөлінген, олардың басында преторийдің префекті тұрған. Әрбір префектура екі диоцезден тұрған, олардың басында викарийлер тұрған, әрбір диоцез провинцияларға бөлінген, провинцияларды ректорлар басқарған. Провинциялар ұсақ бірліктерден — қауымдардан тұрған. Қауымдарда жергілікті өзін-өзі басқару органдар — сенаттар (декуриондар) болады.

Сот. Қылмыстық істерді қарау тұрақты комиссиялардан император мен оның шенеуліктеріне ауысады. Римнің шет аймақтарында қылмыстық юрисдикция қаланың префектісінің қолында болған, Италияда — преторий префектісінің қолында, провинцияларда — провинция басшыларының қолында болған.

в) Рим құқығы

Рим құқығының негізгі қайнар көздері:

1) бірінші римдық құқық кодификациясы — әдет құқығы жазбасы түріндегі XII кесте заңдары;

2) б.э. III ғ-ның соңында екі кодекс құрастырылды: грегориан және гормогениан кодекстері;

3) б.э. 483 ж. алғашқы ресми жүйелендіру — Фиодосий кодексі қабылданды, мұнда б.э. IV ғ. бастап императорлардың конституциялары жинақталды;

4) б.э. XII ғ. рим құқығының соңғы жүйелеуі аяқталды, ол Юстиниан императордың тұсында жүзеге асырылып, «азаматтық құқық жинағы» — Корпус Юрис — Цивилис деген атқа ие болды, бұл жинақ келесі негізгі бөліктерден құралды:

— институциялар — рим құқығының қарапайым курсы, бұл оқу мақсаттарына арналған, олардың негізгі қайнар көзі болып рим заңгері Гайдың шығармасы саналды, өз күшіне 533 жылдың 21 қарашасында күшіне енді;

— дигестлер. — ескірген түсініктер мен қарама-қайшылықтарды жою мақсатында редакциялық өңдеуден өткен рим заңгерлерінің шығармаларының үзінділерінің жинағы, 533 жылдың 30 желтоқсанында күшіне енді;

— юстинианның кодексі — 12 кітаптан құралған император конституцияларының жинағы. Бірінші кітапта шіркеулік құқыққа қатысты конституциялар енген; 2-8 кітаптар азаматтық құқыққа арналған; 9 кітап — қылмыстық құқыққа; 10 кітап мемлекет басқару туралы ережелерге арналған;

— новеллалар — жинақтың басқа үш бөлігі жасалуы уақытында шығарылған Юстиниан конституциялары оларды негізінен мұрагерлік құқықтың нормалары көрініс тапқан.

Құқыққабілеттілікті иелену үшін статус деп аталатын үш жағдай (шарт) қажет болды: бостандық статусы, яғни, Римнің тек еркін азаматтары ғана құқыққабілеттілікті иелене алатын (құлдар құқықтың субъектісі емес, объектісі болып табылатын); азаматтық статусы — римдік қалалық қауымға тиесілі тұлғалар ғана толыққұқылы және жалғыс өкілі болып үй иесі табылатын.

Меншік құқығы тұлғаның иелену, пайдалану және билік ету түріндегі затқа деген толық және айрықша үстемдігін білдірді. Барлық заттар бірқатар сенаттарға бөлінеді: азаматтық айналымнан алынған заттар (діни табыну заттары, мемлекеттік меншік объектілері және жалпылай пайдалану заттары: теңіз, ауа, ауыз су және т.б.) және азаматтық айналымдағы заттар (жылжитын және жылжымайтын, бөлінетін және бөлінбейтін, жеке дара анықталған және топтық белгілері бойынша анықталған, тасымалданатын және тасымалданбайтын).

Рим құқығында меншікті иеленудің екі түрі ажыратылған: цивильдік құқыққа негізделген иелену (меншік құқығын жаудан жаулап алынған меншік туралы жалған процесс арқылы беру, мүлікті бөлу туралы процесстегі иелену, жылжитын мүліктің бөлігін бөлу; мұндай меншік квиниттік деп аталған) және «халықтар құқығына» негізделген иеленулер (мүлікті берудің қарапайым түрі, аккупация, ескіру мерзімі бойынша мүлікті иелену).

Рим құқығы бөтен мүлікке қатысты келесі құқықтарды таныған: сервитуттар (меншік иесінің мүдделеріне зиян келтірмеген жағдайда, басқа тұлғаларға да оның меншігін пайдалануға рұқсат етілген); суперфициялар (бөтен жерде салынған құрылысты пайдалану құқығы) және кепіл құқығы — ипотека (кепілге қойылған зат борышкердің иелігінде міндеттемені орындау мерзімі туындағанға дейін қалдырылатын).

Римде міндеттемелердің екі қайнар көзі болған: деликтілерден (құқықбұзушылардан) туындаған міндеттемелер және шарттардан туындаған міндеттемелер. Шарттардың келесі түрлері белгілі болған: вербальды шарттар — ауызша нысанды бекітілетін, литеральды шарттар — жазбаша нысанды бекітілген, шынайы шарттар — міндеттемелер затты берген сәттен бастап туындаған және консенсуалды шарттар — тараптардың қарапайым және ресми емес келісімен негізделген шарттар.

Неке — отбасы құқығы бастапқы кезеңдерінде үй иесінің отбасы мүшелерінің үстінен шексіз үстемдігімен сипатталған. Екінші кезеңде некенің жаңа нысаны пайда болды, бұл кезде әйел біраз мүліктік және жеке дербестікке ие болды. Үшінші кезеңде некеден тыс байланыстар — конкубинаттар кең таралды.

Мұрагерлік құқықта заң бойынша мұрагерлік және өсиет бойынша мұрагерлік орын алған. Занды мұрагерлер ретінде тек огнаттар, яғни, қандық туыстығына қарамастан үй иесінің билігінде болған тұлғалар танылған.

Қылмыстық құқықта жариялылық сипаттағы (Рим мемлекетіне қарсы қылмыстар, өртеу, адам өлтіру, жалған куә болу, егіндікті ұрлау және дуалау өлім жазасымен жазаланатын) және жеке сипаттағы (ұрлық, тұлғаға нұқсан келтіру, бөтен мүліктерді жою және зақымдау — дене жазалары мен өлім жазасы қолданылатын) қылмыстар ажыратылған.

Ежелгі Римнің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең - (патшалық) алғашқы қауымдық құрылымның шығуы және құрылуы және мемлекеттің құрылуы (б.з.д. 753 жылы Рим құрылғаннан бастап б.з.д. 509 жылы соңғы Рөкс (патша) Тақалар таркиний қуылғанға дейін)
- 2 кезең - Республика кезеңі (б.з.д. 509-27 ж.ж.)
- 3 кезең - Империя (монархия) кезеңі (б.з.д. 27 ж. - б.з.д. 476 ж.)
 - а) принципат - (б.з.д. 27 ж. - б.з.д. 284 ж.)
 - б) доминат - (б.з.д. 284 - 476 ж.ж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең. Рөкс (патша)
- 2 кезең. Халық жиылыстары (сенаттар), трибутика, куриялық комиссиялар
- 3 а) Римді принципат басқарды, қалған органдар формалы түрде қызмет етеді
- 3 б) Римді шексіз билікті иеленген император басқарды.

- Жоғарғы топты патрициалар құрады, олардан кейін плебейлер тұрды, бөлік топты шетелдіктер (перегринадер) құрады, төменгі топты құлдар құрады

- 1 кезең. Сенат - 300 рудың ақсақалдар кеңесі, ол патшаның жанындағы кеңесші орган ролін атқарды.
- 2 кезең. Сенат - халық жиылысын қабылдағанда заңдарды бекітті, «сенатус-консуль» шешімдерін шығарды.
- 3 кезең. Императордың жанындағы мемлекеттік кеңес.

- 1 кезең. Халық жиылысы - 300 рудың толыққұжылы өкілдерінен тұрды
- 2 кезең. Магистратуралар - мемлекеттік басқару мен сот өндірісіне бақылау жақсады, ординарлық және экстраординарлық болып бөлінді
- 3 кезең. Императордың жанындағы қаржылық кеңес.

- 1 кезең. Абиазлар (авгурлар) алқасы.

- 1, 2 кезеңдер Рим жаулап алған жерлердің барлығы Римнен тағайындалған магистраттармен басқарылды.
- 3 кезең. Империя Шығыс және Батыс диоцездерге бөлінді, оларды император-авгурлар басқарды, одан кейін преторий префекті басқарған префектуралар, викарыйлар басқарған диоцездер, ректорлар басқарған провинциялар тұрды. Төменгі ақшыл-аумақтық бірлік - қауым (декуррион).

- 2 кезең. Ординарлық магистратуралардың басында 2 консул тұрды (азаматтық және әскери) Магистратуралардың құрамына мыналар енді: преторлар, цензорлар, эдилдер, квесторлар, плебейлік трибуналар, төменгі магистраттар. Римге қауіп төндірген төтегіше жағдайларда Сенат консулдарға 6 ай мерзімге диктаторды тағайындауға тәуірлама берді. Магистратуралар экстраординарлық түрге айналды, диктаторға бағынды.

- Әскерді мүлкіктің ценз бойынша 5 топқа бөлінген барлық толыққұжылы азаматтар құрады

Құқықтық жүйе

12 кесте заңдары - рим құқығының ежелгі кайыра кезі. 3 ғасырдың соңында Грегориан және Гариониян кодекстері Б.з.д. 12 ғасырда император Юстинианның тұсында рим құқығының соңғы жүйеленуі жүзеге асты. ол «Азаматтық құқық ережелері» (Корпус Юрис-Цивилис) дегені атқа ие болды

Мешік құқығы жақсы дамыды және тұлғаның мүлкігі иеленуі, билік ету және пайдалану құқығы ретінде анықталды. Мешіктің иеленуінің екі түрі ажыратылды: цивильлік құқыққа (квинригтік) негізделген. «Халықтар құқығына» негізделген. Ботен мүлікке құқықтың мынадай түрлері дамыды: ипотека, сервитут, суперфиций.

Міндеттемелік құқыққа сәйкес міндеттемелердің екі түрі болды: шарттардан және деликттерден (зиян келтіруден) туындаған.

Неке-отбасылық және мүрагерлік құқық. 1 кезең. Отбасы несінің шексіз билігі 2 кезең. Әйелдер белгілі бір дербестікті иеленді 3 кезең. Коинкубинат - некесен тыс қатынастар дамыды. Заң бойынша және өсетін бойынша мүрагерлік тағылды.

Қылмыстық құқық қылмыстары жеке және жариялық сипаттағы (ағна, тұлға және мемлекетке қарсы) деп бөлі.

Екінші бөлім

ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ТАРИХЫ

А. БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ

1. Франктардың мемлекеті және құқығы

Франктардың мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — Меровингтер монархиясы (VI — VII ғ.ғ.);

2 кезең — Каролингтер монархиясы (VIII ғ. — IX ғ. — дың бірінші жартысы).

Франктер өмір сүрген жерлер ұсақ бірліктер — жүздіктерден тұратын округтерден — пагалардан құралаған. Мемлекеттің аумағында өмір сүруші негізгі этникалық топтар болып мыналар табылған: Солтүстіктегі франктық топ (үстемдік құрушы) және Оңтүстіктегі галлдық — римдік топ. Негізгі топтар болып феодалдар тобы мен феодалдық — тәуелді шаруалар табы табылған.

Меровингтер монархиясына тән сипаттар:

1) Франк мемлекетінің негізінен қаланған Хлодвигтің өлімінен соң, патшалық бірнеше ретжекелеген тәуелсіз мемлекеттерге бөлінген;

2) Патша бөлігін ұстап қалу үшін аллод — жерге жеке меншік енгізілді (ақсүйектерді өз жағына тарту мақсатында патша оларға кейіннен мұрагерлікке айналатын жерлерді сыйлап отырған);

3) Шіркеу жылдам байи бастады, оның жер иеліктері тұрақты түрде өсіп отырды;

4) Жерінен айырылған шаруалар сананың жылдам өсуі, бұлар прекарийдің көмегімен тәуелділікке мойын ұсынған; прекарий дегеніміз шаруаға пайдалануға берілген жер үшін, оның белгілі бір міндеттерді орындауы (нақты айтқанда — өз қожасына тәуелді болуы);

5) Патронат жүйесі кең таралады; ол — ақсүйектердің шаруаларға қамқоршылық жасауы, бұл комендация деп аталды;

6) Монархияның жер қоры азайған сайын патша билігі біртіндеп әлсірей бастады және атакты тектердің қуаты күшейе түсті;

7) Билік мемлекеттегі маңызды лауазымдарды қолына жинақтаған ақсүйектердің қолына өте бастады, мұндай лауазымдардың қатарынан алғашқыда патша сарайын басқарған,

кейіннен, VIII-дан бастап, мемлекет басшысына айналған майордан лауазымын атауға болады. Бұл лауазым Каролингтер династиясының негізін қалаған бай тектің мұрасына айналады.

Каролингтер монархиясының негізгі ерекшелігі майордан Карл Мартеллдің реформасымен байланысты, оның мәні мынада болды:

- 1) бұрынғыша жерді толық меншікке беру тәртібі жойылды;
- 2) мұның орнына шаруалар тұратын жерлерінен бірге өмір бойға ұстауға — бенефецийге беріле бастады;
- 3) бенефецийді ұстаушы вассал деп, ал жерді берген тұлға сеньор деп атала бастады;
- 4) бенефецийді ұстаушы жерді берген тұлға үшін әскери қызметті өтеуге міндетті болатын болды;
- 5) мемлекет басшысынан басқа да ірі феодалдар бенефецийді бере бастады, осылай оларда өз вассалдары пайда болды;
- 6) сот, полиция, қаржы саласындағы өкілеттердің барлығы иеліктің иесіне берілді;
- 7) иммунитеттік грамоталар енгізілді, бұларға сәйкес феодалдардың иеліктеріне мемлекеттік шенеуніктердің қызметі таратылмайтын болды.

Мемлекеттік құрылым. Басқару нысаны бойынша франк мемлекеті шектелген монархия сипатында болды. Патшаның билігін тұрақты қызмет етуші кеңес шектеп отырды, оның келісімінсіз патша бірде-бір шешім қабылдай алмайтын. Сонымен қатар, жыл сайын өтетін сарай және провинция ақ сүйектерінің съезді — «Ұлы алаң» да патшаның билігі белгілі бір дәрежеде шектелген.

Мемлекетті басқару мен сот билігі жоғарғы лауазымды тұлғалардың қолында болды, олардың ішіндегі аса маңыздылары мыналар еді: майордан, пфальцграф — алғашқыда патша құлдарын басқарса, кейіннен сот билігін жүзеге асырған; тезаурарий — құндылықтарды сақтаушы; маршал — атты әскердің басшысы және архипиллан — патшаның дін қызметшісі, патша сарайындағы дін қызметшілерінің басшысы.

Жергілікті басқару. Округты (пагоны) басқаруды патша тағайындайтын лауазымды тұлға — граф жүзеге асыратын болған. Округтардың құрамына кіретін жүздіктерді солтүстікте центенарийлер, оңтүстікте викаррийлер басқарған. Олар графқа бағынатын және оның билігін жүздіктің шеңберінде қайталайтын. Жүздіктердің құрамына кірген қауымдарда (маркаларда) өзін-өзі басқару сақталған болатын.

Сот. Жоғарғы сот билігі монархқа тиесілі болатын патша кеңесі ерекше қауіпті құқық бұзушылықтарды қарастыратын. Істердің басым көпшілік бөлігі қарастырылатын негізгі сот мекемелері болып жүздіктердің соттары табылатын.

IX ғ-дың басында Франк мемлекеті өзінің гүлдену шегіне жетті, бұл кезде оның құрамына Батыс Европа толығымен кірген еді. Алайда, бұл әскери күштен басқа ешбір байланысы жоқ халықтар конгломераты еді. 843 ж. Верденде Ұлы Карлдың немерелерімен бекітілген шартта Франк мемлекетінің үш патшалыққа бөлінгендігі заңды түрде рәсімделген болатын. Ол патшалықтар: батыс — франк, шығыс — франк және аралық патшалықтар (болашақ Франция, Германия және жартылай Италия).

Құқықтың негізгі сипаттары. Мемлекет аумағындағы құқықтың ежелгі қайнар көзі болып тайпалық сипаттағы әдет-ғұрып табылады, яғни, әрбір адам тұрғылықты жеріне қарамастан өз тайпасының әдет-ғұрпына бағынатын.

V-IX ғ.ғ. тайпалар әдет ғұрпын «варвар шындықтары» түрінде жазу жүзеге асады. Сали, Рипуарлық, Бургундық, Аллемендік шындықтары жасалды. Франк құқығының негізгі сипаттарын сали франктарының әдет-ғұрып жазбасы түріндегі Сали шындығы үлгісінде қарастыру әдетке айналған. Сали шындығы құқық бұзушылықтар мен оларға сәйкес жазалардың жалпы, абстрактілі түсініктерінің болмауымен сипатталады: қылмыс ретінде тұлғаға немесе мүлікке зиян келтіру және «патшалық бейбітшілікті» бұзу, ол жаза ретінде жәбірленушіге зиянды өтеу және патшаға, патшалық бейбітшілікті бұзғаны үшін айыппұл төлеу түсінілген. Жаза кінәға байланысты емес, әрекеттің соңғы нәтижесі үшін тағайындалған.

Неке сали шындығы бойынша күйеуінің әйелін сатып алуының нысанында бекітілген. Зорлап алып қашуға тиым салынған; қандас туыстар арасындағы және еркін тұлғалар мен құлдар арасындағы некеге де тиым салынған.

Мұрагерлік құқықта барлық жылжитын мүлік, оның иесі қайтыс болған жағдайда, ең алдымен балаларына өткен; егер балалары болмаса, мұрагерлік мына кезектілік тәртіп бойынша жүзеге асырылған: анасы, аға-бауырлары мен апа-сіңлілері, анасының сіңлілері, әкесінің қарындастары, жақын туыстары.

Міндеттемелік қатынастар саласында Сали шындығы — тек сату сатып-алу, қарызға алу, зайым, айырбас және сыйға тарту шарттары сияқты мәміленің қарапайым түрлерін таныған. Мәлімдерде меншік құқығын беру жариялы түрде, затты жай ғана беру арқылы жүзеге асырылған. Міндеттемені орындамау мүліктік жауапкершілікті туындататын.

Сот процесі айыптаушылық сипатта болған, оған мынадай белгілері тән еді: азаматтық және қылмыстық процесті бірдей нысандарда жүзеге асыру; істі тек талапкердің немесе жәбірленушінің ынтасы бойынша ғана қозғау; тараптардың тең құқықтары және


процесті тараптардың дауы түрінде жүзеге асыру; орнықтырылған процессуалды нысандарды қатаң сақтау.

Франк мемлекетінің мемлекеті және құқығы

Франк мемлекетінің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

1 кезең - Меровингтер монархиясы (6-7 ғ.ғ.)
2 кезең - Каролингтар монархиясы (8-9 ғ.ғ.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



2. Францияның мемлекеті және құқығы

Францияның мемлекеті және құқығы тарихының кезендері:

1 кезең — феодалдық ыдырау кезеңі (IX-XII ғ.ғ.);

2 кезең — сословиеліде өкілдік монархия кезеңі (XIV-XV ғ.ғ.);

3 кезең — шексіз монархия кезеңі (XVI-XVIII ғ.ғ.).

Француз мемлекеті Каролингтер империясы құлаған соң пайда болды. Негізгі антагоникалық топтар болып феодалдар мен феодалдық — тәуелді шаруалар табылды. Өзінің таптық мәні бойынша мемлекет феодалдар диктатурасы болып табылды.

а) Феодалдық ыдырау кезеңі

Қоғамдық құрылым. Өндірістің негізгі құралы жер үстемдік құрушы таптың монополиялық меншігіне айналады. Шаруалардың тұрақты пайдалануында, ал кейбір жағдайларда иелігінде қожайын жерінің аздаған учаскелерінің — порцел-лолар ғана болды.

Феодалдық-тәуелді шаруалардың негізгі тобы болып серволар (өз қожайынына жеке және мұрагерлік тәуелділікте болған, сол үшін бірқатар міндеттерді атқарған және салықтар мен төлемдер төленген) мен виллондар (жеке бас бостандығы бар, өз парцеллосын басқа тұлғаға сата алған, сеньорлық міндеттерден босатылған) табылған.

Мемлекеттік құрылым. Мемлекеттің басында патша тұрған, оның билігі сайланбалы болған (патшаны оның вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтары сайлаған). Мемлекеттегі жағдайға әсер ететін жалғыз жалпы мемлекеттік орган ретінде патша куриясы (Ұлы кеңес) қызмет еткен, ол патшаның вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтарынан құралған. Ұлы кеңес съезд нысанында жұмыс істеген, ол патшаның төрағалық етумен жиналып отырған.

Бұл кезеңде басқарудың арнайы органдары болған жоқ. Лауазымды тұлғалар министриалар — болып патша сарайының шаруашылығын басқаратын сарайды басқарушылар табылды. Патшаның иеліктері домен деп аталды. Бүкіл домен округтарға — превотаждарға бөлінді, олардың басында преволар тұрды. Орталықтағы министриалдар мен жергілікті жерлердегі преворлар патша тағайындайтын және олар патшаның өкімдерін бұлжытпай орындайтын.

Сот. Әрбір еркін адамның «тендік соты» арқылы соттасуға құқығы болатын, нақты бір адамның соттылығы оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына қарай анықталатын. Жоғарғы сот

болып Патша куриясы табылатын. Жергілікті жерлерде сенвориалдық юстиция үстемдік құрған, ал жоғарғы рангілі сенворлар үлкен сот билігін — «жоғарғы юстицияны» иеленген. Бұл өнім жазасымен жазаланатын қылмыстарды тергеуді білдіретін.

Екінші кезеңнің (сословиелік — өкілдік монархияның) бастапқы кезінде патша билігі күшейе түсті, ол мынадан көрініс тапты: патша билігін сайлау жойылды; «менің вассалымның вассалы менің вассалым емес» қағидасы жойылады, барлық рангідегі вассалдар адалдық антын тікелей патшаға беретін болды; Людовик IX — ның реформалары жүргізілді, олардың мәні мынада болды: сот реформасы — патша доменінде жеке соғысқа тыйым салынды, дауларды шешу үшін екі жақ тек патша сотына жолдануға міндетті болды; жергілікті жерлерде «патшаның 40 күні» енгізілді, бұл кезде феодалдарға жеке соғысты бастауға тыйым салынған; Патша куриясынан ерекше сот патшасы — Париж парламенті бөлініп шықты, ол жоғарғы апелляциялық инстанция болып табылады; қаржы реформасы — негізгі есептесу бірлігі ретінде патшаның алтын тиыны енгізілді; Патша куриясынан қаржылық басқарудың жоғарғы органы ретінде есеп палатасы бөлініп шықты.

ә) Сословиелік — өкілдік монархия кезеңі

Қоғамдық құрылым. Шаруалардың арасында сервалардың (жеке тәуелді шаруалардың) орнына цензитариялар — жеке бостандығы бар шаруалар мен цензивалар — мұрагерлік жер үлесін ұстаушылар келді. Негізгі үш сословияның қалыптасуы аяқталды, олар: дін қызметкерлері, ақсүйектер және «үшінші сословия», бұл сословиеге халықтың қалған барлық бөлігі кірді және олар салықтар төлеп, әртүрлі міндеттерді атқарды.

Мемлекеттік құрылым. Саяси ыдыраушылық жойыла бастады. Мемлекет сословиелік — өкілдік монархия нысанын иеленді: қатысты түрде қуатты патша билігі сословиенің өкілдігі — жоғарғы кеңесуші кеңеспен — Бас штаттармен үйлеседі. Барлық үш сословие — Бас штаттарда жеке палаталар ретінде орнығады. Барлық сұрақтар палаталарда жеке — жеке қарастырылатын болды, шешім дауыстардың көпшілігімен қабылданып, шешімді бекіту барлық палаталардың бірлескен жиналысында жүзеге асты.

Мемлекеттік басқару органдарына мыналар жатты: мемлекеттік кеңес — басқарудың жекелеген салаларына жалпы жетекшілік пен бақылауды жүзеге асырды, есеп палатасы — қаржылық басқарудың жоғарғы органы және Парламент — жоғарғы сот.

Лауазымды тұлғалардың арасында ерекше маңызды мыналар иеленді: канцлер — лауазымды тұлғалардың қызметіне ағымдағы басқару мен бақылауды жүзеге асырды; коннетабль — патша әскерінің қолбасшысы; камерарий — патша қазынасын басқарады; палатиндер — патшаның ерекше тапсырмаларын орындайтын патша кеңесшілері және легистер — рим құқығы курсы менгерген шенеуніктер.

Жергілікті басқару. Патша доменінің аумағы бірдей әкімшілік бірліктерге — бальяждарға бөлінді, олардың басында патша тағайындайтын шенеуніктер — бальялар тұрды. Бальяждар превотаждарға бөлінді, ал оларды преволар басқарды. Преволардың қолында округтағы әскери, әкімшілік, қаржы және сот билігі үйлескен болатын. Қалаларда қалалық өзін-өзі басқару органдары — коммундар болған.

Сот. Жоғарғы апелляциялық сот болып Парламент табылған, ол бірнеше палаталардан тұрған: үлкен(сот), тергеу палатасы және сұраныстар палатасы.

Жоғарғы шіркеу соты болып рим куриясы соты, одан кейін кординал соты, архиепископ соты табылған. Төменгі инстанция ретінде — епископтың арнайы өкілетті тұлғалары — официалдар соты қызмет етті.

б) Шексіз монархия кезеңі

Қоғамдық құрылым. Бұл кезеңдегі тарихтың негізгі сипаты болып феодализмнің қойнауында капиталистік өндірістік қатынастардың туындауы табылады. Осыдан барып, негізгі қанаушы тап — феодалдардан басқа, қанаушылардың жаңа табы — буржуазия пайда болды, ол қалалық патрициаттан — бай саудагерлерден құралды.

Бұрынғыдай мемлекет халқы үш сословиеге бөлінді, дін қызметкерлері мен ақсүйектер өз артықшылықтарын сақтап қалды, ал үшінші сословиенің құрамына шаруалар енді.

Мемлекеттік құрылым. Шексіз монархия заң шығару, атқарушы және сот биліктерінің мемлекеттің мұрагер басшысы — патшаның қолына шоғырлануымен сипатталды. Бұл Бас штаттардың қызметінің тоқтатылуына алып келді, парламенттің құқықтары бірден шектелді, шіркеу толығымен патшаға бағынады.

Мемлекеттік басқарудың орталық органдары әртүрлі кезеңдерде құрылған түрлі мекемелердің жиынтығынан құралды. Оларға мыналар жатты: Мемлекеттік кеңес — патшаның жанындағы жоғарғы кеңесуші орган; Қаржылық кеңес, Хабарламалар кеңесі, Құпия кеңес — кейбір іс санаттарын кассациялық қайта қараумен айналысты; канцлер аппараты. Бұл

органдардың барлығын Қаржыларды бас басқарушы мен төрт мемлекеттік хатшылар (әскери, шетелдік, теңіз және патша сарайы істері бойынша) басқарды, олардың барлығы патшамен бірлесе отырып кіші патшалық кеңесін құрады.

Жергілікті басқару. Патшалықтың аумағы генералитетке, губернаторлықтарға, диоцездерге, бальяждарға және интенданттықтарға бөлінді, олар қаржылық, әскери, шіркеулік, сот және әкімшілік мекемелердің аумақтық бөлімшелеріне сәйкес келеді. Жергілікті жердегі басқаруды интенданттар — патшалық үкіметінің аса өкілетті тұлғалары жүзеге асырды.

Сот. Қарастырылып отырған кезеңде бір мезетте бірнеше сот жүйелері қызмет етті: патшалық, сеньориалдық, қалалық және шіркеулік соттар, алайда олардың құдіретті нақты ажыратылмайтын.

Құқықтың негізгі сипаттары. Феодолизм таратылғанға дейін Франция біртұтас құқықтық жүйені білмеген. Құқықтың аумақтық әрекет ету қағидасы орын алған болатын, яғни, халық өзі өмір сүретін аумақта қалыптасқан құқықтың нормаларға бағынатын.

Феодалдық — ыдырау кезеңінде құқықтық негізгі қайнар көзі болып әдет — ғұрып нормалары — кутюмдер табылды. Сословиелік — өкілдік монархия кезеңінде кутюмдердің бірінші жинағы — «Қасиетті Людовиктің Мекемелері» пайда болды, мұнда Париждің, Орлеанның, Турдың, Анжудың және Мэнның кутюмдері жинақталды. Шексіз монархия кезеңінде әдет — ғұрып жинақтарымен бірге құқықтың қайнар көздеріне патша билігінің актілері жататын болды, олар: жарлықтар, эдиктілер, ордонанстар. Францияның оңтүстігінде құқықтың негізгі қайнар көзі болып рим құқығы табылды.

Францияның феодалдық құқығының негізгі институты болып жерге меншік құқығы табылды. Ірі жер иелену аллод, бенефиций нысанында болды. XI ғ. бенефицийлер мұрагерліктің объектісіне айналды, X ғ. ал феод деп атала бастады.

Міндеттемелік құқықта кең таралған шарттар мыналар болды: сату — сатып алу, зайым шарты, сыйға тарту шарты, жерді жалға алу шарты.

Отбасы — неке қатынастары негізінен канондық құқық нормаларымен, сонымен қатар кутюмдермен және патша ордонанстарымен реттелді. Некеге тұру шарттары ретінде белгілі бір жасқа толу, екі жақтың келісімі, сонымен қатар, ата — аналардың келісімі орын алды. Мұрагерлік екі нысанда жүзеге асырылады: заң бойынша (әкенің мүлкі мұрагерлерге әке туыстары бойынша берілсе, ананың мүлкі мұрагерлерге ананың туыстарына беріледі) және өсиет бойынша мұрагерлік.

Қылмыстық құқықта қылмыстардың барлық жиынтығын үш санатқа бөлуге болады: 1) дінге қарсы қылмыстар; 2) мемлекетке қарсы қылмыстар 3) жеке тұлғаларға қарсы қылмыстар. Жазалар келесі топтарға жинақталды: а) ауыр жазалар; ә) мүшелерге зақым келтіруші жазалар; б) түрмеде қамау және мерзімдік айдау жұмыстары; в) ар-ұятқа нұқсан келтіруші жазалар және айыппұл.


Қылмыстық процесс екі кезеңге бөлінді: біріншісі — қылмыскерді құпия түрде іздеу және хаттамамен рәсімделетін, оны анықтауға байланысты қажетті тергеу жұмыстарын жүргізу; екіншісі — жариялы және ашық сот өндірісі.

Ортағасырлық Францияның мемлекеті және құқығы


Францияның мемлекеті мен құқығы тарихын кезеңдендіру

- 1 кезең – феодалдық бығараншылық (10-12 т.ғ.)
- 2 кезең – сословиалық өкілдік монархия (14-15 т.ғ.)
- 3 кезең – 16-18 ғасырлардағы абсолюттік монархия.

Францияның мемлекеттік және қоғамдық құрылысы



Құқықтық жүйе



3. Англияның мемлекеті және құқығы

Англияның мемлекеті мен құқығының тарихының кезеңдері:

1 кезең — ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия (XI-XII ғ.ғ.);

2 кезең — ағылшындық феодализмнің қалыптасуы (XI-XIII ғ.ғ.);

3 кезең — сословиелік-өкілдік монархия (XIII-XIV ғ.ғ.);

4 кезең — шексіз монархия (XV-XVII ғ. Бірінші жартысы).

а) Ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия

VII ғ. басында герман тайпалары англдар, сакстар және юталар Британияны толығымен жаулап алды, ал кельттер (Британияда өмір сүруші тайпалар) құлдар мен тәуелді адамдарға айналды.

Қоғамдық құрылым. Халықтың негізгі бөлігін еркін шаруа — қауым мүшелер — керлдар құрады. Еркін тұлғалардың жалпы көпшілігінен рулық-тайпалық ақсүйектердің өкілдері — эрлдар бөлініп шықты. Жартылай еркін халық — лэттар — эрлдарға тәуелді, бағынышты кельттардан тұрды. Қоғамдық баспалдақтың ең төменгі буынын құлдар құрады.

Феодалдық қоғамның қалыптасуымен ағылшын-саксондардың ірі жер иеленушілері глафордтар немесе лордтар деп атала бастады. Шаруалардың негізгі бөлігін басыбайлы шаруалар — вилландар құрай бастады. Жеке бас бостандығы бар шаруалар сокмендер деп аталды.

Мемлекеттік құрылым. IX ғ. басында Уэссекс патшалығы өзіне қалған ағылшын-саксондардың барлық мемлекеттерін бағындырады, сөйтіп Англия деп атала бастаған біртұтас ағылшын-саксондық мемлекет құрылады.

Жоғарғы билікті патша иеленеді, ол заң шығару және әскери биліктерін иелене отырып, жоғарғы судья болып табылды. Атқарушы орган ретінде ғұламалар кеңесі — витанагемот қызмет етті, оның құрамына патша, патшаның еркек жынысты балалары, епископтар, ірі феодалдар мен қызмет етуші ақсүйектердің өкілдері — тэндар кірді. Витанагемоттың мемлекетті басқарудағы рөлі біртіндеп әлсірей бастайды, себебі патша сарайы басқару орталығына, ал патшаның айналасындағылар — мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғаларына айналады. Олардың ішінде: камерарий — патшаның мүлкі мен қаржысы үшін жауап берді; маршал — патшаның атты әскерін басқарды; капелан — патша канцеляриясын басқарды.

Әскер. Ағылшын-саксондық патшалардың әскері дружиналар мен халық колынан тұрды. Халықтан жинақталған қолға қару ұстай алатын барлық еркін азаматтар кірді.

Жергілікті басқару. Ағылшын-саксондарда негізгі аумақтық бірлік графтық болды, оны феодалдық аксүйектер қатарынан патша тағайындайтын олдермен басқарды. Графтық жүздіктерге бөлінді, олардың басында жүздіктердің жиналысында сайланатын жүзбасылар тұрды. Ең төменгі аумақтық бірлік болып селолық қауымдастық табылды. Қауымдастықтар ондықтарға бөлінді, олардың мүшелері ортақ жауапкершілікте болатын.

Сот. Мемлекеттегі жоғарғы сот болып патша соты табылды, ол мемлекеттік сатқындық туралы істерді, патшаның вассалдары арасындағы дауларды және жер иеліктеріне байланысты дауларды қарастырды. Жергілікті жерлерде қылмыстық және азаматтық юрис-дикция жиналыстардың қолында болды.

ә) Ағылшындық феодализмнің қалыптасуы

1066 жылы норманд герцогы Вильгельм үлкен әскерімен аралға келіп, ағылшын-саксондық әскерді жеңді де, Англияны жаулап алды. Ол өзін барлық жерлердің жоғарғы иесі ретінде жариялап, барлық еркін жер иеленушілерден өзіне адалдық антын білдіруге талап етеді, бұл оларды патшаның тікелей вассалдарына айналдырды.

Қоғамдық құрылым. Феодалдық шаруашылықтың негізі болып феодалдардың жер иеліктерінің жиынтығын білдіретін манор табылды. Негізгі антагоникалық таптар — феодалдар мен басыбайлы шаруалар болды. Ол кезде барлығы сексенге жуық қалалар болған, бұларда саудагерлер мен колөнершілердің топтары қалыптаса бастады.

Мемлекеттік құрылым. Нормандтық жаулаудан кейін Англияда қуатты патша билігі бар орталықтанған мемлекет қалыптасты. Жоғарғы заң шығару билігін патша патша куриясымен бірлесе отырып жүзеге асырды. Патша куриясы мемлекеттік басқарудың жоғарғы органы, жоғарғы сот органы және мемлекеттегі қаржыларды басқарушы орган сипатында болды. Патша куриясынан мемлекеттің тек қаржысын ғана басқаратын орган — шахмат тақтасы палатасы бөлініп шықты. Бұл орган жоғарғы есеп палатасы және қаржылық мекеменің шенеуніктері жасаған қылмыстар туралы істер бойынша сот органы болып табылды. Бұл кезеңде мемлекеттегі жоғарғы лауазымды тұлғалар болып мыналар табылды: маршал — әскер қолбасшысы; камерарий — патшаның жер иеліктері мен мүлкіне басқаруды жүзеге асырды; канцлер — мемлекеттік канцелярияның жетекшісі және юстициарий — патшаның бірінші көмекшісі.

Жергілікті басқару. Нормандтық жаулаудан кейін Англияны бұрынғыша графтықтарға, жүздіктерге және қауымдастықтарға бөлу сақталып қалды. Графтықтың басында бұрынғыша олдермен қалды, алайда шынайы билік шерифке өтті, ол графтықтың аумағында жоғарғы қаржылық, сот, әскери және полициялық билікті иеленді.

Сот. Сот жүйесін өзгертудің бастамамасын II Генрихтың ассиздері (нормативтік актілері) жүзеге асырды, олар 6 округке институт құруды көздеді. Әрбір округ үшін 3 судьядан тағайындалды. Бұл судьяларға, сот функцияларынан басқа, жергілікті жерлердегі шенеуніктердің қызметін және салықтар жинауды бақылау міндеті жүктелді. 1176 жылғы Нортгемптон ассизінде 12 рыцарьдан және басқа да толық құқылы азаматтардан халық сотын құру көзделді. Жүріп-тұрушы судьялар институтын құрғаннан кейін патша куриясында сот істерін қарастыру үшін ерекше бөлім — патша орындығы соты құрылды.

б) Сословиелік — өкілдік монархия

Қоғамдық құрылым. Экономикадағы өзгерістер мемлекеттегі таптық құрылымдағы өзгерістерді алып келді: нормандтық және ағылшын-саксондық феодалдар арасындағы айырмашылықтар толығымен жойылады; олардың бірігуі жүзеге асады; үстемдік құрушы таптың құрамында ірі феодалдық аксүйектерге — лордтарға және ұсақ және орта жер иеленушілерге — рыцарьларға бөліну күшейе түседі; феодалдар мен шаруалардың арасындағы заттай міндеттемелер ақшалай міндеттемелерге — коммутацияларға ауысты.

Мемлекеттік құрылым. XII ғ. басында Англияда патша билігі мен патша шенеуніктерінің өкілеттіктерін шектеуді жақтаған қуатты қозғалыс пайда болды, бұл сословиелік-өкілдік монархияның орнауына алып келді. 1215 жылы Жерсіз Иоан (Иоан Безземельный) бірінші конституциялық акт — Еркіндіктің ұлы хартиясына қол қояды, бұл акт патшаның билігін аса маңызды мәселелердің бірі — алымдар мен салымдарды жинауға қатысты шектейтін патшалық кеңесін құруды көздеді, бұл, өз кезегінде, сословиелік-өкілдік мекеме-парламенттің құрылуына алғышарт болды. 1258 жылы қаруланған барондар патшаны Оксфордтық провизияларды қабылдауға мәжбүр етті, бұл провизиялар 15 барон кеңесін құруды көздеді, енді аталған кеңестің келісімінсіз патша бірде-бір маңызды шешімді қабылдай алмайтын болды.

1263 жылы патшаның жақтаушыларымен оның қарсыластары арасындағы азаматтық соғыс басталды, қарсыластар

жағын Симон де Монфор басқарды. 1264 жылы патша әскері жеңіліп, мемлекеттік билік толығымен Симон де Монфордың қолына өтті. Оның қызметіндегі аса маңызды жақтардың бірі болып Англия тарихындағы бірінші парламентті шақыру (1265ж.) табылды, оның құрамына патша, ірі ақсүйек және діни феодалдар, калалардан 2 өкілден кірді. XIV ғасырдың екінші жартысында парламент екі палатаға бөлінді: жоғарғы — лордтар палатасы және төменгі — қауымдар палатасы.

Жергілікті басқару. Жергілікті басқару жүйесіндегі негізгі өзгерістер ескі соттар мен графтықтың жиналысының рөлінің бірден төмендеуімен, ал олардың функцияларының жаңа лауазымды тұлғаларға және жүріп-тұрушы судьяларға өтуімен сипатталды.

Сот жүйесі. Бұл кезеңдегі сот жүйесі мынадай болды:

1. Патша орындығы соты — бейбітшілікті қорғауға байланысты қылмыстық істерді қарастырды;

2. Жалпы өндіріс соты — патшаның мүдделері мен құқықтарымен байланысы жоқ азаматтық істерді қараумен айналысты;

3. Қазына соты — бір тарабы патша жағы болып табылатын сот — қаржылық істерін қараумен айналысты;

4. Лорд — канцлер соты — жоғарыдағы үш сотқа қарағанда мәселелерді «әділдік бойынша» шешетін, ал аталған үш сот істерді «жалпы құқықтың» негізінде қарастырған;

5. Ассиздер соты — істерді жүріп-тұрушы соттардың төрағалық етуімен қарайтын;

6. Халық соты — үлкен және кіші қазылардан тұрды, үлкен қазылар айыптау сипатындағы істерді қараса, кіші қазылар істі мәні бойынша қарап, шешім шығарған.

в) Шексіз монархия

Қоғамдық құрылым.

1. Жаңа ақсүйектер — джентрге

2. Қалалықтар

3. Шаруалар: копигольдерлерге — бұрынғы шаруалардың бірқатар заттай және ақшалай міндеттерді иеленуші ұрпақтарына және фригольдерлерге — еркін жер иеленушілерге бөлінді.

Мемлекеттік құрылым. Шексіз монархия Англияда феодализмнің құлау және ыдырау және капиталистік өндірістік қатынастардың туындау кезеңінде пайда болды. Ағылшындық шексіз монархияның ерекшелігі оның аяқталмағандығында болды, яғни, қуатты патша билігімен қатар парламент те өз қызметін жалғастыра берді. Мемлекеттік билік пен басқарудың

жоғарғы органдары болып мыналар табылды: патша — көптеген, өзіне ғана бағынатын органдары арқылы шынайы заң шығару, атқарушы және сот билігін жүзеге асырды; құпия кеңес — мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғаларынан тұрды, олар: лорд — канцлер, лорд — қазына басқарушы, жеке мөрді сақтаушы — лорд және адмирал — лорд; парламент — сословиелік өкілдік органы.

Жергілікті басқару. Графтықтар сақталып қалды, алайда төменгі аумақтық бірлік ретінде приход орнықты.

Сот жүйесі. Вестминстрлік соттардың (патша орындығы соты, жалпы өндіріс соты, қазына соты және канцлер соты) құзіретінің сақталуымен қатар төгенше соттар — Жұлдызды палаталар құрылды. Халық заседательдері соттың құрамына толығымен енгізілді.

Құқықтың негізгі сипаттары. Англия аумағындағы құқықтың негізгі қайнар көздері болып мыналар табылды:

1. әдет-ғұрып;
2. нормативтік актілер (мысалы, Британияны жаулап алған дат патшасы Кнут 1017 жылы мемлекет үшін міндетті заңдарды — Кнут заңдарын шығарды);
3. жүріп-тұрушы соттар институтының пайда болуымен «жалпы құқық» қалыптасты, оның мәні мынада болды — жүріп-тұрушы судьялар үйлеріне қайту жолында сот тәжірибесін жалпылаумен айналысты және патша судьялары істерді қарауда басшылыққа алатын жалпы құқық нормаларын қалыптастырды;
4. XII ғасырдан бастап патша соттарында сот отырысының барысын және сот шешімін көрсететін хаттамалар жазыла бастады. Содан соң аса маңызды сот істері туралы есептер «әржылдықтарда» жазыла бастады. Мұнда «жалпы құқықтың» негізгі қағидасы пайда болды: жоғары тұрған соттың шешімі осыған ұқсас істі осы сот немесе төмен тұрған сот қарау кезінде міндетті болып табылатын, яғни, сот прецеденті;

5. құқықтың жалпы қағидалары немесе сот бостандығы — егер ұқсас шешім болмаса;

6. «әділдік құқығы» — тұлға «жалпы құқық» соттарында Өзінің мүддесін қорғауға қол жеткізе алмаса, ол патшаға «ар-ұяты бойынша» істі шешуге шағымдана алатын;

7. статуттар — жоғарғы биліктің, яғни, патша мен парламент қабылдаған заң шығару актілері. Патшаның заң шығару актілері мен патша және парламент бірлесе қабылдаған актілерінің жиынтығы статуттық құқық деп аталды.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесіне тән сипат болып сот прецеденттеріне негізделген «жалпы құқық» пен «әділдік құқығының» болуы табылды.

«Жалпы құқық» тек жерді еркін, яғни, феодалдық ұстаумен байланысты сұрақтарды реттеген. «Әділдік құқығының» негізінде копигольдерлер (біркаатар міндеттері бар шаруалар) мен лордтардың арасындағы азаматтық даулар қарастырылған.

XII-XIII ғ.ғ. ағылшын құқығында бірде-бір құқықтық жүйеде болмаған институт — сенімгерлік меншік институты — траст пайда болды, оның мәні мынада еді: бір тұлға (сенімгерлік меншіктің құрылтайшысы) басқа тұлғаға өз мүлкін меншікке, бір немесе бірнеше тұлғалардың — бенефицианттардың мүддесі үшін осы мүлікті басқаруға беретін.

Міндеттемелердің негізгі қайнар көзі болып шарттар мен құқықбұзушылықтар — деликтілер табылды. Ағылшын-саксондық құқығына барлық шарт түрлері тән болатын, алайда шарттардың жарамдылығына ерекше мән берілген болатын: белгілі бір нысанда бекітілген және сотта хаттамаға тіркелген шарттар ғана жарамды болып табылатын.

Неке бекітумен және оны бұзумен, ерлі-зайыптылардың жеке қатынастарымен қатысты сұрақтар канондық құқықтың күзіретіне жататын. Ал ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік қатынастар «жалпы құқықпен» реттелетін.

Қылмыстар мен жазалар туралы нормалардың дамуы статуттардың және патша соттарының сот тәжірибесінің әсерімен дамыды. Барлық қылмыстар үш топқа бөлінген: тризна — сатқындық (асып өлтіру арқылы өлім жазасымен жазаланатын); фелония — аса ауыр қылмыстар (өлім жазасымен жазаланатын) және мисдиминор — теріс қылықтар (мүлікті тәркілеумен жазаланатын).

Ортағасырлық Англияның мемлекеті және құқығы

1 кезең – ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия (10-11 ғ.ғ.);
 2 кезең – ағылшындық феодализмнің қалыптасуы (11-13 ғ.ғ.);
 3 кезең – сословиелік-еклдік монархия (13-14 ғ.ғ.);
 4 кезең – абсолюттік (шексіз) монархия (15 ғ. – 17 ғ. бірінші жартысы).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым.

1 кезең Патша
 2 кезең Патша және монархия
 3 кезең Патша және монархия
 4 кезең Патша

1 кезең Ватанагемот – Кеңестерлер кеңесі.
 2 кезең Патша Куриясы және Шайхиттық тақта палатасы.
 3 кезең Парламент қауымдар палатасы мен лордтар палатасына бөлінген.
 4 кезең Парламент және Құпия кеңес.

1 кезең Олдерменның башылығындағы графтық, жүздіктер жүз басыларымен ауылдық қауым.
 2 кезең Бұрынғы жүзіе, бірақ графтық басында олдермендермен қатар шерифтер бар.
 3 кезең Бұрынғы жүйе, бірақ графтық жиналысының ролі төмендеген.
 4 кезең Төменгі бірлік болып приход табылды.

1 кезең Эрицлар – аксүйектер, керларлар – шаруалар-қауым мүшелері, жарғылай еркін люттар, құлдар.
 2 кезең Феодалдар (лордтар) және оларға тәуелді шаруалар.
 3 кезең Лордтар, рыцарьлар және феодальдық-тәуелді шаруалар.
 4 кезең Джеггритилер, қалалықтар, шаруалар.

1 кезең Патша соты (жоғарғы инстанция) соты.
 2 кезең Патша Куриясы жанындағы Патша тағалың соты.
 3 кезең Патша тағалың соты, лорд-камішлердің соты, Қазыналық сот, Жалпы тартыс соты.
 4 кезең Ескі соттармен қатар Жұлдәзді палатаның (саяси трибунал) құрылуы.

1 кезең Жергілікті феодалдар сот өкілеттіктерінің болуы.
 2 кезең Эрайсысында жүріп-тұратын 3 судьясы бар 6 округ.
 3 кезең Ассизлер соты, халықтық сот.

1 кезең Әскер патша дружинасы мен шаруалар қолынан құралды.
 2 кезең Рыцарьлар қолы қосылды.
 3 кезең Рыцарьлар қолы қосылды.
 4 кезең Тұрақты әскер құрылды.

Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі кайнар көзі – әдет-ғұрып. Вестминстер соттарының тәжірибесі “жалпы құқықты” туындатты.

Меншік құқығымен байланысты қатынастар “жалпы құқықпен” реттелді. Неке қатынастары канондық құқықпен, ерлі-зайыптылардың мүлкілік қатынастары “жалпы құқықпен” реттелді.

Міндеттемелердің кайнар көзі болып шарттар мен деліктілер табылды. XII-XIII ғ.ғ. жаңа құқықтық институт – траст (меншікті сенімгерлікпен басқару) пайда болды.

Қалымыстық құқық құқықбаушылықтарды 3 түрге бөлді: Триана (Отанға сатқандық), фелония – ауыр қылмыс, мислиминор – теріс қылық.

4. Германияның мемлекеті және құқығы

Дербес мемлекет ретінде Германия Франк мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде пайда болды. Алғашқыда ол Тевтон мемлекеті деп аталды, оның құрамына Швабия, Бавария, Франкония, Саксония және Лотарингия кірген (славяндар Тевтонияда өмір сүретін халықтарды немецтер деп атаған, «немой» — славян тілдерінде сөйлей алмаушы).

Германияның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — ертефеодалдық монархияның — герман халқының Қасиетті Рим империясының құрылуы (X-XIII ғ.ғ.);

2 кезең — Германияның княздықтарындағы сословиелік-өкілдік монархияның қалыптасуы және нығаюы және курфюрсттер олигархиясының орнауы (XIV-XVI ғ.ғ.);

3 кезең — герман мемлекеттерінде княздық абсолютизмнің орнауы (XVII-XIX ғ. басы).

а) Ертефеодалдық монархия

Аумақтың көршілес халықтардың (славяндардың) кеңеюі нәтижесінде Еуропаның орталығында құрамына барлық германдық герцогтықтар, полабтық славяндар мен Солтүстік Италияның күштеп қосылған жерлері кірген империя пайда болды, ол XIII ғасырда «герман халқының қасиетті Рим империясы» атауын иеленді. Бұл әр түрлі халықтарды — немістерді, славяндарды — императордың билігіне күштеп біріктірген мемлекет болды, алайда әлсіз болғандықтан, мұнда саяси дербес княздықтар мен жекелеген неміс қала — республикалары қалыптасты.

Қоғамдық құрылым. Бұл кезеңде халықтың негізгі бөлігін феодалдар құрады, олар үстемдік құрушы топ пен рыцарьлардан тұрды (бұлардың екеуіне де ортақ белгі болып сюзереннен алынған ленді иелену мен сюзереннің әскеріне қызмет ету міндеті табылды). Халықтың екінші бөлігі шаруалардан тұрды, олар бірнеше санаттарға бөлінді: еркін шаруалар — өз жерлерінің иесі; чиншевиктер — бөтен жерді пайдаланушылар және сол үшін алым-чинхи төлеушілер; басыбайлы шаруалар мен халоптар; қалалықтар — саудагерлер мен қолөнершілер, жеке бостандық пен меншікті иеленген.

Мемлекеттік құрылым. Германиядағы мемлекеттік құрылымның өзіндік ерекшеліктері болған:

а) патшалар (императорлар) сайланбалы болатын;

ә) жергілікті феодалдардың, әсіресе, князьдардың билігі ерекше мәнге ие болғаны соншалық, олар дербес мемлекет басшыларына айналды. Формальды түрде герман патшасының

билігі ауқымды болса, іс жүзінде ол діни және ақсүйек феодалдардың артықшылықтарының нәтижесінде шектелетін болды, сөйтіп феодалдар орталық биліктен экономикалық және саяси тәуелсіз болды. Хғ. басқарудың сарайлық — вотчиналық жүйесі бекітілді. Жергілікті жерлердегі патша шенеуніктері — графтар мұрагерлік ленниктерге айналды, олар өз иеліктерінің басқару аппаратын қалыптастырды, сөйтіп орталық органдар жергілікті жерлердегі басқаруға араласа алмайтын болды.

Әскер. Бұл кезеңде Германияның қарулы күштері рыцарьлардан — императордың вассалдарынан құралды. Феодалдардың әскери қызметі 6 аптамен және белгілі бір аумақпен шектелді. Қажет болған жағдайда патша қолына шаруалар шақырылатын.

Сот. Императорлардың сот билігі шектелген болатын. Жоғарғы юрисдикция ақсүйек және діни феодалдардың қолында жинақталды; сословиелік соттар пайда болып, өзімен тең тұлғалармен соттасу қағидасы бекітіледі. Шаруаларға қатысты сот билігін феодалдар жүзеге асыратын болды.

ә) Сословиелік — өкілдік монархия

Қоғамдық құрылым. Таптық құрылымдағы өзгерістер орта феодалдардың жоғалуынан, орта феодалдар сословиесі ретіндегі рыцарьлар тобының құлдырауынан және қалалардағы қаналушы тап өкілдерінің санының өсуінен көрініс тапты. Діни қызметкерлер екі топқа бөлінді: жоғарғы діни қызметкерлер — ірі жер иеленушілер және төменгі діни қызметкерлер — қаланың және селоның дін қызметшілері. Қала халқының арасынан жоғарғы топ — патрициат, орта топ — шеберлер және халықтың пиебей бөлігі — шеберлердің көмекшілері бөлініп шықты.

Мемлекеттік құрылым. Князьдардың экономикалық күшеюінің нәтижесі ретінде Германияның саяси ыдырауының өсуі орын алды. Бұл кезеңде мемлекетте 324 аумақтық бірлік болды, олар дербес мемлекеттер құқығын иеленді, сонымен қатар, 1475 еркін рыцарьлықиеліктер болды. XIV ғасырдан бастап мемлекетті іс жүзінде жеті ірі князьдардан құралған топ басқарды, олар: маркграф Бранденбургский, герцог Саксонский, пфальцграф Рейнский, Чехия мен Богемия патшалары және үш епископ — Кельнский, Майнцкий және Трирский. Бұлар курфюрсттар, яғни, сайлаушылардың князьдары атауын иеленді. Курфюрсттар әрбір императордың сайлау кезінде оның билігін шектеуге қатысты өздерінің шарттарын қабылдауына бар күшін салды. Бұл шарттар сайлаушылық капитуляциялар деп аталды.

XIV ғасырдан бастап имперлық сейм — Рейхстагтың өкілдік органының ұйымы тұрақты сипатты иеленді, ол үш алқадан құралды: курфюрсттер алқасы; князьдер, графтар және еркін тұлғалар алқасы және қалалар өкілдерінің алқасы. XVII ғасырдан бастап бұл алқалар имперлік сословиелер немесе чиндер атауын иеленді. Әрбір мемлекетте өз сословиелері (чиндер) пайда болды, олар өз артықшылықтарын иеленді және тұйық корпорацияларға айналды. Басым көпшілік мемлекеттерде бір-бірінен тәуелсіз және тұйық үш курия құрылды: дін қызметкерлерінің куриясы, рыцарьлар куриясы және қалалықтар куриясы. бұл куриялардың жиналыстары ландтагтар деп аталды.

Қалалар өздерінің саяси мәні бойынша үш топқа бөлінді: имперлық қалалар (патшаның тікелей вассалдары болып табылды, өздерінің жоғарғы соты, әскері болды, тиын шығарды, императорға адалдық антын білдірді, жыл сайын императорлық салық төлеп әскерді жасақтауға жәрдемдескен), еркін қалалар) ұксас құқықтарды иеленген, алайда салықтар мен әскерді жасақтаудан босатылған) және княздық немесе жергілікті қалалар (өз кеңестері болған, алайда олардың құқықтары шектелген болатын).

1495 жылы импер соты құрылды, мұнда барлық істер рим құқығының негізінде қарастырылатын болды, содан кейін ғана екінші кезекте неміс құқығы қолданылатын.

б) Шексіз монархия

Германиядағы шексіз монархияның өзіндік ерекшеліктері болды. Біркелкі емес экономикалық дамудың нәтижесінде мемлекет ұзақ уақыт бойы ыдыраушылық жағдайында болды, алайда империяның құрамына кірген әрбір жеке мемлекетте XVII ғасырға қарай шексіз монархия орнады. Бұл княздық немесе облыстық абсолютизм еді.

XVII-XVIII ғ.ғ. герман империясының қоғамдық құрылысы өзгеріссіз қалды. Император билігі құрметті атаққа айналды. Князьдар әскери міндеттен босатылып, императорға салықтар төлемейтін болды. Рейхстаг өз мәнін жоғалтты. Импер сотының орнына имперлық сарайлық сот келді. Ландтагтар тек көзбояушылық үшін жиналатын болған.

в) Пруссия

Барлық герман мемлекеттерінің арасынан XVIII ғасырда Бранденбург маркграфствосы ерекше күшейді, ол 1702 жылы Пруссия патшалығына айналды. Бұл полицейлік мемлекет еді, оның негізгі қағидасы болып азаматтардың кезкелген жеке

құқықтарын жоққа шығару және шектен тыс бюрократизм табылды.

Пруссия мемлекетінің басшысы болып патша табылды, ол курфюрсттердің имперлық алқасына кіретін. Патшаның жанында құпия кеңес-мемлекеттік басқарудың жоғарғы органы әрекет етті, ол үш департаментке бөлінді: шетелдік істер, ішкі істер және юстиция департаменттері. Пруссиядағы жергілікті басқару ақсүйектік өзін-өзі басқаруға негізделген болатын. Ақсүйектер өз қатарынан ландраттарды сайлайтын, олар толығымен орталық билікке бағынған болатын. Пруссиядағы басқарудың жүйесі төменгі буындардың жоғарғы буынға толығымен бағыну қағидасына — шенеуніктік иерархия қағидасына негізделген болатын.

Құқықтық негізгі сипаттары. X-XIII ғасырларда Германияда біртұтас құқықтық жүйе болмаған: әрбір саяси бостандығы бар аумақта өз құқығы болатын, бұл кезеңдегі құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылатын.

XIII ғасырда әдет-ғұрыпты жазуға қатысты алғашқы талпыныстар орын алды, олар жеке сипатта болды, олардың ішіндегі аса әйгілілері Саксондық зерцало мен Шваб зерцалосы еді.

Саксондық зерцалоның негізгі қайнар көзі болып солтүстік-шығыс Германияның әдет құқығының нормалары табылды. Ол екі бөліктен құралды: 1) жергілікті құқық — еркін тұлғалар арасындағы азаматтық, қылмыстық — іс жүргізушілік және мемлекеттік-құқықтық қатынастарды реттейтін және 2) лендік құқық — феодалдар арасында пайда болатын вассалитет қатынастарын реттейтін.

Шваб зерцалосының қайнар көздері болып ежелгі германдық шындықтар — Бавар және Аллемен шындықтары, императорлардың капитулярийлары, римдік және канондық құқық, сонымен қатар Саксон шындығы табылды.

Құқықтың қайнар көздеріне сонымен қатар мыналар да жатты: қалалық құқық — Магдебург және Любекс құқықтары, бұлар адамдарды еркін және тәуелді деп бөлмейтін және барлық қатынастарды реттейтін; рим құқығы, ол XVI-XVII ғасырларда негізгі қайнар көз болып табылды; канондық құқық. 1532 жылы рехстаг жалпы германдық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізушілік ереже қабылдады, ол «Каролина» деп аталды, бұл ереже жергілікті әдет-ғұрып пен заңдардағы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған болатын.

Каролинаға сәйкес қылмыстардың келесі түрлері ажыратылды: 1. Дінге қарсы қылмыстар — құдайдан безіну, дуалау, антынан таю. 2. Мемлекеттік қылмыстар — сатқындық, билікке

қарсы көтеріліс, бейбітшілікті бұзу, жалған ақша жасау, қарақшылық. 3. Меншікке қарсы қылмыстар — ұрлық, тонау, өртеу. 4. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстар — адам өлтіру, адамның мүшелеріне зиян келтіру, зорлау, қорлау, ар-ұятқа нұқсан келтіру. 5. Имандылыққа қарсы қылмыстар — екі әйел алу, некедегі адалдықты бұзу, зинакорлық, жақын туыстарымен жыныстық қатынасқа түсу, кәмелетке толмағандармен жыныстық қатынасқа түсу. 6. Әділ сотты жүзеге асыру тәртібіне қатысты қылмыстар — сот алдында өтірік ант беру және жалған куә болу. 7. Сауда тәртібіне қатысты қылмыстар — жеткізбей өлшеу, асыра өлшеу. Жаза түрінде өлім жазасы, дене жазалары, мелекеттен қуу және айыппұл көзделген.

Ортағасырлық Германияның мемлекеті мен құқығы

Ортағасырлық Германияның тарихының кезеңдері

1 кезең. – Герман ұлтының Каспеггі рим империясының ертефеодалдық монархиясының құрылуы (10-13 ғ.ғ.)
 2 кезең. – Герман князьдықтарындағы сословиілік-өкілдік монархиялар және курфюрстердің олигархиясының орнауы (14-16 ғ.ғ.)
 3 кезең. – Герман князьдықтарында князьдық абсолютизмнің орнығуы (17 ғ. – 19 ғ. басы).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең. Патша, ірі феодалдар оның билігін шектеді.
 2 кезең. Императордың билігі 7 курфюрстермен шектелді.
 3 кезең. Номиналдың император және өз державалары бар князьдар (Пруссияда патша).

1 кезең. Феодалдар, қалалықтар (саудагерлер және колонершілер), шаруалар.
 2 кезең. Феодалдар, дін қызметкерлері, қалалықтар, шаруалар.
 3 кезең. Феодалдар, дін қызметкерлері, қалалықтар, шаруалар.

1 кезең. Ірі феодалдар – графтар.
 2 кезең. Рейхстаг – империялық сәйім
 3 кезең. Рейхстагтың номиналдың рөлі (Пруссияда Құпия кеңес).

1 кезең. Сот иерархиясының басында патша, ірі феодалдар.
 2 кезең. Империялық сот.
 3 кезең. Империялық сарайлық сот (Пруссияда Әділет департаменті).

1 кезең. Графқа бағынған феодалдар.
 2 кезең. Князьдықтардан бөлектенген қалалар, өз ландтағтары бар рыцарьлық иеліктер.
 3 кезең. Князьдықтардан бөлектенген қалалар, өз ландтағтары бар жексеген князьдықтар (Пруссияда дворяндық өзін-өзі басқару).

1 кезең. Ірі феодалдар өз иеліктерінде сот ретінде, сословиілік соттар.
 2 кезең. Жергілікті аумақтық бірліктердің соттары.
 3 кезең. Князьдықтардың жексеген сот жүйелері.

1, 2 кезеңдер. Шаруалар қолымен біріккен рыцарьлық отрядтар.
 3 кезең. Князьдықтардың тұрақты әскерлері.

Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көздері болып германдықтардың әлет құқығы нормаларының жатбалары – Саксон зердалосы, Шваб зердалосы табылды. Қалалық құқық пен канондық құқық қатар әрекет етті. Сонымен қатар, рим құқығын қолданудың да ерекше маңызы болды.

Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізушілік құқықтың негізгі қайнар көзі болып 1532 ж. жалтыгермандық «Кариolina» ережесі табылды, ол қылмыстардың құрамын нақты ажырата отырып реттеген.

Ә. ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

1. Византияның мемлекеті және құқығы

395 жылы Рим империясы түбірімен Батыс және Шығыс империяларға бөлінді. Шығыс Рим империясы Византия деп атала бастады. Византияның құрамына мыналар кірді: Түркия, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет; Балкан түбегі, Месопотамияның бөлігі, Армения, Қырым мен Кавказдың оңтүстік жағалауы.

Византияның мемлекеті және құқығы тарихының кезендері:

1 кезең — құл иеленуші мемлекет пен құқықтың ыдырауы және феодалдық мемлекет пен құқықтың негізгі институттарының қалыптаса бастауы (IV-VII ғ. ортасы);

2 кезең — феодалдық мемлекет және құқықтың қалыптасуы және дамуы (VII ғ. ортасы — IXғ. бірінші жартысы);

3кезең — басқарудың тармақталған бюрократиялық аппараты бар орталықтанған феодалдық монархияның құрылуы (IX ғ. екінші жартысы — XIII ғ. басы);

4 кезең — феодалдық ыдыраушылық және орталық биліктің әлсіреу процесінің күшеюі (1204 — 1453 ж.ж.).

Қоғамдық құрылым. Византияның бүкіл халқы мұрагерлікке өтетін өзіне тән белгілі бір құқықтары мен міндеттері бар сословиелерге бөлінді. Ең жоғарғы болып қызметкерлер сословиесі табылды, олардың жоғарғы тобын жоғарғы мемлекеттік лауазымдардағы ірі жер иеленушілер — сенаторлар құрады. Сенаторлар атағын иеленбеген қызметкер — аксүйектер динаттар деп аталды. Бұл — магистрлар, облыстық бастықтар, митропометтер, епископтар, игумендер лауазымын иеленген ірі жер иеленушілер еді. Артықшылықтарды иеленген сословиеге, сонымен қатар, куриалдар — қалалық куриялардың құрамына кірген ұсақ және орта жер иеленушілер де кірді. Одан кейін иерархиялық баспалдақта шаруа халқы тұрды, олардың негізгі бөлігін колондар құрады. Колондар еркін және басыбайлы болып бөлінді. Басыбайлы колондар еркін колондарға қарағанда нақты бір жерге бекітілген болатын және бір жер иеленушіден екіншісіне кете алмайтын. Келесі сословие — плебейлер, бұл — қалалардың еркін халқы: саудагерлер, кеме иелері, қолөнершілер, ұсақ жер иеленушілер. Соңғы, құқықтарды иеленбеген топ — құлдар-дулдар еді.

Мемлекеттік құрылым. Византия империясы орталықтанған мемлекет болатын, оның басында император тұрған, ол византиялық шіркеудің ілімі бойынша өз билігін құдайдан

алтын, ал оның тұлғасы қасиетті деп саналатын. Императордың қолында заң шығару, атқару және сот биліктері жинақталған болатын. Императордан кейін екінші тұлға болып Константинополь патриархы табылды. Императордың жанында екі кеңесуші орган болды: 1) ішкі және сыртқы саясаттың маңызды мәселелерін талқылаушы Сенат және 2) орталық мемлекеттік басқарудың басында тұрған мемлекеттік кеңес — Консистерий.

Жоғарғы лауазымды тұлғаларға мыналар жатты:

— преторийдің екі префекті (Шығыс преторий префекті Кіші Азияға, Понтқа және Фракияға басшылық жасады; Иллирия преторий префекті — Балқан түбегіне басшылық жасады);

— астана префекті (эпарх), Константинополь мен 100 мильге дейін оған жақын жатқан селолық аймақты басқарды;

— сарай бастығы — императордың жеке күзетін, жеке канцеляриясын және мемлекеттік поштаны басқарды;

— квестор — Мемлекеттік кеңестің төрағасы болып табылды, император жарлықтарын жасаумен және оларды таратумен айналысты;

— қаржының екі комитеті — біреуі мемлекеттік қазынаны, екіншісі императордың иеліктерін, сарайларын және ат зауыттарын басқарды;

— әскердің екі магистрі: біреуі жаяу әскерге, екіншісі атты әскерге басшылық жасады.

Жергілікті басқару. Византияның бүкіл аумағы екі префектураға бөлінді, префектуралар әрқайсысы 50 провинциядан құралған жеті диоцезден тұрды. Ең төменгі аумақтық бірлік болып қауымдастық табылды.

Сот жүйесі. Византияның сот жүйесі төмендегідей сипатты иеленді:

1. Жоғарғы сот органы болып император соты табылды — мемлекеттік қылмыстар туралы аса маңызды істерді қарастырды.

2. Мемлекеттік кеңес — мемлекеттік қылмыстар және жоғарғы лауазымды тұлғалардың қылмыстары туралы істерді қарастырды.

3. Секреттер (канцеляриялар) — өздеріне бағынышты тұлғаларды соттау құқығы болған.

4. Протовестиарий (сарайдағы жоғарғы лауазымды тұлғалардың бірі) — сарай қызметкерлері, лауазымды тұлғалары туралы істерді қарастырды.

5. Константинополь эпархы — цех шеберлерінің істерін қарастырған.

6. Параталассит (қаржы мекемесінің шенеунігі) — саудагерлер мен кеме иелеріне қатысты сотты жүзеге асырған.

7. Квестор (жоғарғы сот қызметкерлерінің бірі) — жер даулары мен өсиеттер туралы істерді қарастырды.

8. Жоғарғы шіркеу соты болып Константинополь патриархатының соты табылды.

9. Шаруалар қауымында қауым мүшелері арасындағы бар-лық дауларды қауым жиналысы шешкен.

Құқықтың негізгі сипаттары. Византияда император жарлықтары, грамоталары, заңдар жинағы, оларға түсіндірмелер, сот тәжірибесінің жинақтары түріндегі біршама дамыған заңнама жүйесі болған.

IV ғасырдан VII ғасырға дейін құқықтың негізгі қайнар көздері болып Феодосий кодексі мен Юстиниан жинағы табылған. Сонымен қатар құқықтың басқа да қайнар көздері болған:

1. Эклога (726ж.) — азаматтық, қылмыстық және іс жүргізушілік заңдардың жинағы (бұлардың негізін Юстиниан жинағы құраған), ескірген заңдардан басқа жаңа заңдар және әдет құқығының нормалары.

2. Жер туралы заң, бұның негізін славяндық әдет құқығы құраған, заң ауыл шаруашылығы саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін.

3. Әскери заң, бұл заң әскери қызметшілердің әскери қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілігін анықтаған.

4. Номоканондар — шіркеулік құқықтың жинақтары, мұнда шіркеулер мен патриархтардың қаулылары кірген.

5. Прохирон (879ж.) — азаматтық, қылмыстық және шіркеулік құқық нормалары бар заңдардың судьяларға арналған қысқаша жазбасы.

6. Базиликтер (888ж.) — 60 кітаптан құралған заңнамалық жинақ.

7. Хрисовулдар — дін қызметкерлері, шіркеулер және жеке-леген тұлғалар үшін артылықшылықтар жазылған алтынмен өрнектелген грамоталар.

8. Эпарх кітабы, мұнда византиялық саудагерлер қолөнершілер корпорацияларының ұйымы, өмірін және жағдайын анықтайтын нормалар көрініс тапқан.

9. Алтыкітаптық — Византияның азаматтық және қылмыстық құқығының жинағы (1345ж.).

Меншік құқығында прония институты дамыған, бұл институттың мәні мынада еді: қызметкер тұлғаларға жерді шартты және өмір бойға иелікке беру. Міндеттемелік құқықта міндеттемелерді шарттардан туындаған және деликтілерден туында-

ған міндеттемелер деп бөлу сақталып қалды. Неке Византияда православиелік шіркеулік құқықтың нормаларымен реттелетін. Мұрагерлік құқық заң бойынша және өсиет бойынша мұра иеленуді танытын. Қылмыстық құқықта қылмыстардың келесі түрлері ажыратылатын: мемлекеттік қылмыстар, мүліктік қылмыстарға қарсы қылмыстар, имандылыққа және отбасына қарсы қылмыстарға жеке тұлғаға қарсы қылмыстар. Жазалардың бір қылмыс түрі үшін де көптігі орын алған болатын, олар: өлім жазасы, мүшелерге зақым көлтіру жазалары, ақшалай айыппұлдар, мүлікті тәркілеу, мемлекеттен қуу. Барлық қылмыс-бұзушылықтар түрі бойынша сот істері либеллярлық процесс түрінде өтетін, оның мәні мынада болды: сот талқысының барлық кезеңдері жазбаша рәсімделетін.

Византияның мемлекеті және құқығы Византияның мемлекеті және құқығының

- 1 кезек күшленушілік мемлекеттің ыдырауы және феодалдық мемлекеттің қалыптасуы (VI – VII ғ. ортасы)
- 2 кезек феодалдық мемлекеттің дамуы (V ғ. ортасы – IX ғ. бірінші жартысы)
- 3 кезек орталықтанған феодалдық монархияның құрылуы (IX ғ. екінші жартысы – XIII ғ. басы)
- 4 кезек феодалдық ыдыраушылық процесінің күшеюі (1204 – 1453 ж.ж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Император, мемлекеттегі екінші тұлға –
Константинополь патриархы.

Ақсүйектер меншіктілігі жерінің мөлшеріне қарай
болды: 1. Сенаторлар. 2. Династар. 3. Куриалдар.
Одан кейін Колошар (шаруалар), плевсейлік
сословие (кавалардың еркін халқы), құлдар.

Сенат пен Мемлекеттік кеңес
императордың жанындағы
кеңесуші органдар ретінде

Императорлық сот, Мемлекеттік
кеңес, Секреттер,
Протовестнарий,
Константинополь эпархы,
Константинопольдық патриархат
соты жоғарғы шіркеулік сот

V ғ. – VII ғ. құқықтың негізгі қайнар көздері болып Феодосий кодексі мен
Юстиниан заңдары табылды. Кейіннен: Эклога (726ж.), Жер туралы заң,
Фекери заң, Помоканоидар, Прохирон (879ж.), Базиликтер (888ж.),
Хрисовулдар, Эпарх кітабы, Алтықиталық (1345ж.) – Византияның азаматтық
және қылмыстық құқығының жинағы.

14 диоцезге бөлінген 2
Префектура (преторий префекті
басшылық ететін).

Меншік құқығында прония институты дамыды, ол – жерді шартты түрде өмір
бойға пайдалануға беру. Міндеттемелік құқық шарттар мен деликтілерден
туындады.

50 провинциядан құралған
диоцез. Төменгі әкімшілік-
аумақтық бірлік – село қауымы.

Неке құқығы православиелік шіркеулік құқықпен реттелді. Мұрагерлік заң
бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылды.

Қылмыстық құқықта қылмыстар құрамы бойынша бөлінді, және жазалау жүйесі
жақсы дамыды. Сот процесі
либелитарлық сипатта болды, яғни, барлық кезеңдер жазбаша түрде рәсімделді.

2. Болгарияның мемлекеті және құқығы

Болгария мемлекетінің тарихының кезеңдері:

1 кезең — «Жеті тайпа одағы» (VII ғ.), бұл кезде Византияның құрамына кірген Балқан түбегінің ірі бөлігі — Мизияны славяндар жаулап алды;

2 кезең — Бірінші Болгар патшалығы, бұл кезде мынадай оқиғалар орын алды:

— 667-668 ж.ж. Мизияға Аспарух хан бастаған протоболгар дружинасы басып кірді, бұлар Византияны жеңеді де, 681 ж. византиялық император IV Константин Аспарух ханмен бейбіт келісімге келді, бұл жаңадан пайда болған славян-болгар мемлекетін тануды білдірді;

— 893-927 ж.ж. славян-болгар мемлекеті Симеон князьдың тұсында Балқандағы үстемдік құрушы державаға айналды; жиі қайталанған өзара соғыстар мен үстемдік құрушы таптағы қайшылықтар Болгар мемлекетінің әскери және экономикалық қуатының әлсіреуіне алып келді, мұны пайдаланған Византия Болгарияны 1018 жылдан бастап 1187 жылға дейін өз қол астына алды;

3 кезең — Екінші Болгар патшалығы (1187-1396 ж.ж.) болгар халқының византиялық күштеуге қарсы азаттық күресінің нәтижесінде құрылды.

Қоғамдық құрылым. Славян-болгар мемлекетінің таптық негізін феодал — жер иеленушілер мен шаруалар құраған. Феодалдар табына ірі феодалдық ақсүйектер — боярлар мен олардың вассалдары — ұсақ феодалдар кірген.

Шаруалар да бірнеше санаттардан тұрған:

париктер — феодалдарға тікелей тәуелді, жерге бекітілген және одан кетуге құқығы болмаған; отроктар — тәуелді шаруалардың ең төменгі санаты; технатарийлер — өз қожасының шаруашылығындағы қажеттіктер үшін қызмет ететін қолөнершілер.

Мемлекеттік құрылым. Болгар мемлекетінің басында монарх тұрған (ол түрліше аталған: алғашқыда — хан, славянша — князь, Симеонның тұсында — кесар, кейін — император). Патша жоғарғы заң шығарушы, жоғарғы сот және жоғарғы қолбасшы болып табылды. Оның билігінің негізін әскер құраған. Патша билігі Бояр кеңесімен шектелетін, оның құрамына ұлы боярлар мен патриарх кіретін. Жоғарғы лауазымды тұлғаларды патша өзі тікелей тағайындайтын. Олардың қатарынан мыналарды атауға болады: ұлы логофет — бірінші министр және Екінші Патшалық патшасының көмекшісі; протовестиарий — қаржы министрі, патшаның және

мемлекеттің қазынасын сақтаушы және басқарушы; ұлы әскербасы және протостратор — жоғарғы әскери шендер.

Жергілікті басқару. Болгарияның аумағы облыстарға бөлінген, оларды патша билігінің тікелей өкілдері болып табылатын облыстық басшылар — дукалар басқарған.

Сот жүйесі. Болгарияның сот жүйесі мемлекеттік және шіркеулік соттардан құралған.

1393 жылдан 1878 жылға дейін Болгария Түркияның билігіне бағынған. 1878 жылғы 19 ақпанда Ресей мен Түркияның арасында Сан-Стефан бейбіт келісіміне қол қойылды, оған сәйкес Болгарияға, Сербияға, Румынияға және Черногорияға тәуелсіздік берілді.

Құқықтың негізгі сипаттары. VII-VIII ғасырларда Болгарияда құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылды. Кейін номоканондар — шіркеулік византиялық заңдар жинағы пайда болды, олардың арасында Эклога мен Жер туралы заң ерекше орынды иеленген. Аса маңызды қайнар көздердің бірі — 32 тараудан тұрған, қылмыстық, азаматтық және іс жүргізушілік құқық нормаларының жинағы түріндегі Сот заңы болған.

Бұл қайнар көздерге сәйкес жерге меншіктің екі түрі ажыратылды: баштина — мұрагерлікпен, еркін түрде берілетін меншік және прония — міндетті әскери қызметпен байланысты, шарттық сипаттағы өмір бойғы иелену. Баштина қайтыс болған тұлғаның балаларына өтетін, ал прония иесінің өлімімен жер үлесі оның жоғарғы иесіне қайтарылатын. Қалған мүліктерді мұрагерлікке алу Эклогамен реттелетін.

Қылмыстық құқықта қылмыс ретінде патша билігі мен шіркеу орнықтырған құқық нормаларын бұзу түсінілген. Патшаға және жеке тұлғаға қарсы қылмыстар Эклогамен, ал меншікке қарсы қылмыстар Сот заңымен реттелетін, азаматтық-құқықтық құқықбұзушылықтар Жер туралы заңда көрініс тапқан. Болгар мемлекетінде жауапкершілік дәрежесі мен жазаның ауырлығы жәбірленуші мен қылмыскердің сословиелік тегіне байланысты анықталатын болған.

Болгарияның мемлекеті және құқығы

Болгарияның мемлекет және құқығы тарихының деректері

- 1 кезең – «Жеті тайпа одағы» (7ғ.)
- 2 кезең – Бірінші Болгар патшалығы (667-1018ж.ж.)
- 3 кезең – Екінші Болгар патшалығы (1187-1396ж.ж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Монарх (алғашында хан деп аталып, сонан соң князь деп, соңында кесарь деп аталған) мемлекет басшысы. Билік Болжык кеңеспен шектеліп отырған.

Ұлы бояр, патриархтың құрамындағы Боярлық кеңес.

Ел Дуқтардың басшылығына беріліп облыстарға бөлінді.

Ірі феодалдар – боярлар (боярлар), орта және шағын феодалдар, технатярди – колонеришілер, шаруалар, қауым мүшелері. Олар парниктер, отроктар және құлдарға бөлінген.

Мемлекеттік және шіркеу соттары. Жергілікті жерлерде олардың құрылымдық бөлімшелері.

Феодалдық жасақтар – Ұлы колбасшының басшылығымен және соғыс жағдайына арналған шаруалар жасақтары. Кейінгі кезеңде ішінара жалданушылар пайдаланылатын.

Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көзі – әдет-ғұрыптар, Византиялық Номоканондар, Эклогта және Жер туралы заң қолданылған. Анағұрлым маңызды қайнар көз ретінде 32 тарауға бөлінген қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және ішінара азаматтық құқық нормаларынан тұратын Аламдардың ақыреттік заңы табылды.

Жерге меншік құқығының баштина – мұрагерлік жолмен жер иелену, проиналар – әскери қызметі үшін шартты түрде жер иелену.

Мұрагерлік құқық Эклогтамен реттелді.

Мемлекетке және жеке тұлғаға қарсы қылмыстар Эклогтамен, меншікке қарсы қылмыстар адамдардың ақыреттік заңымен, азаматтық-құқықтық құқықбұзушылықтар Жер туралы заңмен реттелді. Жауапкершілік деңгейі мен жазаның ауырлығы кінәлінің сословиесіне қарай ажыратылатын.

3. Сербияның мемлекеті және құқығы

Сербтердің бірінші тайпалары көрші қауымдардан құралған болатын, бұл қауымдар, өз кезегінде, үлкен патриархалдық жанұялардан — задругалардан тұратын. Бірнеше задруга тайпаны құраған, ал бірнеше тайпа жупаны құраған, жупаны жупан басқарған. Рулық-тайпалық демократияның негізгі органдары болып жупан, ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы табылған.

Серб мемлекеті қоғамның даму нәтижесі ретінде белгілі бір заңдылықтарға сәйкес пайда болды, қоғамның даму нәтижесінде феодалдық қатынастар қалыптасып, қоғам феодалдар мен шаруалар табына бөлінді. Ортағасырлық Серб мемлекеті XIV ғасырдың ортасында Стефан Душанның тұсында ерекше қуатты болды.

Қоғамдық құрылым. Феодалдардың жоғарғы тобын ерекше ақсүйектер — властелдер мен текті ақсүйектер — князьдар мен вельможалар құрады. Властелдер жерді баштина құқығына (мұрагерлікпен, еркін берілетін меншік) сәйкес иеленетін. Феодалдардың келесі бөлігі — властеличтер — жерді өз властелдері — сюзерендерден прония құқығы негізінде — әскери қызметтен өту шартымен уақытша пайдалануға алатын. Ақсүйек феодалдармен бірге үстемдік құрушы тапқа дін қызметкерлері де кірген.

Халықтың каналушы табының арасынан келесі топтар бөлінді: меропхалар — әртүрлі міндеттерді орындайтын және феодалдарға, мемлекет пен шіркеуге салық төлейтін шаруалар; влахтар — катундар деп аталатын ерекше қауымдарда өмір сүретін, таулы аймақтардың мал бағумен айналысатын халқы; отроктар — негізінен үй шаруашылығында пайдаланылатын құлдар, себралар — еркін қауым мүшелері; қала азаматтары.

Мемлекеттік құрылым. Серб мемлекетінің басында сайланбалы ірі феодал-монарх тұрған. 1217 жылы серб монархы Стефан Неманич алғаш рет рим папасынан патша титулын алды, бұл оның басқа ірі феодалдарға билік жүргізу деңгейін анықтады. Патша әскердің, мемлекеттік аппараттың және шіркеудің басында тұрды. Серб патшасының билігі Собормен — ірі ақсүйек және діни феодалдардың съездімен шектелді. Собор патшамен бірлесе отырып маңызды мәселелерді шешті: архиепископтарды сайлады, патшаны сайлады, маңызды заңдарды қабылдады. Мысалы, 1349 жылы Собор Скоплада патшаның феодалдарға қатысты билігін шектейтін Стефан Душанның Законнигі қабылдады.

Жергілікті басқару. Серб мемлекетінің бүкіл аумағы патша өкілдері басқаратын облыстарға бөлінді, ал әрбір облыс —


басында князьдар, чельниктер және кегралиялар тұратын волостьтарға бөлінді.

1355 жылы Стефан Душанның өлімінен соң мемлекетте феодалдар арасындағы қақтығыс-соғыстар күшейе түсті, осы жағдай 1389 жылы Сербияның Түркияға вассалды түрде тәуелді болуының негізгі себебі болды. Басқару түрік уәзірлерінің қолына көшті. Мұсылман құқығы қолданысқа енді. Сербия 1878 жылға дейін Түркияға тәуелді болды, тек осы жылы ғана ол Сан-Стефан бейбіт шартына сәйкес тәуелсіздікке ие болды.

Құқықтың негізгі сипаттары. Алғашқыда Серб феодалдық құқығының негізін үстемдік құрушы таптың мүдделеріне тиісті түрде бейімделген әдет-ғұрыптар құрады. Алайда, 1349 жылдан бастап Скоплада Собор қабылдаған соң құқықтың негізгі қайнар көзі болып Стефан Душанның Законнигі саналады. Оның басым көпшілік баптары қылмыстық-құқықтық сипатта болып, дінге, жеке тұлғаға және меншікке қарсы қылмыстарға арналды. Сот өндірісі айыптаушылық сипатта болды, алайда, мұндағы тараптар еркін адамдар болуы тиіс еді. Ал еркін емес адамдар өз кожалары арқылы соттасатын.

Сербияның мемлекеті мен құқығы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



4. Польшаның мемлекеті және құқығы

Польшаның мемлекеті мен құқығының кезеңдері:

1 кезең — ертефеодалдық монархия кезеңі (XII-XII ғ.ғ.);

2 кезең — феодалдық ыдыраушылық кезеңі (XII ғ. ортасы — XIV ғ. бірінші жартысы);

3 кезең — сословиелік-өкілдік монархия кезеңі (XIV ғ. — XV ғ. ортасы);

4 кезең — XV ғ. екінші жартысы — XVIII ғ. соңы — екі кезеңнен тұрады:

а) шляхеттік демократия және

ә) ірі магнаттар олигархиясы

а) Ертефеодалдық монархия

Қоғамдық құрылым. Польшадағы феодалдар тобын можновладец-нобилдер, рыцарьлар (болашақ шляха) және дін қызметкерлері құрады. Ал халықтың негізгі бөлігін алғашқыда смерд, кейіннен кмет деп аталған еркін шаруалар — қауым мүшелер құрады. Тәуелді шаруалардың саны біртіндеп өсе бастады, олар феодалдар үшін баршина мен көптеген заттай салықтар төлеген.

Мемлекеттік құрылым. Басқару нысаны бойынша Польша бұл кезеңде монархиялық мемлекет болған. Елдегі жоғарғы билік князьға тиесілі еді. 1025 ж. Бірінші патша болып Ержүрек Болеслав (Болеслав Храбрый) сайланды. Бұл кезеңде польша патшалары заң шығару, сот, атқару және әскери билікті жүзеге асырған. Патшалардың билігін можновладецтерден құралған Патшалық кеңес және ірі феодалдардың съездері шектеген. Басқарудың орталық аппараты келесі лауазымды тұлғалардан құралған: әскербасылар — патша сарайының істерін, әскерді басқарған; канцлер — патшаның хатшылық қызметін атқарған; коморник — патша сарайын барлық қажеттіктермен қамтамасыз етуді жүзеге асырған; скарбник — тиын шығарумен және әскерді қамтамасыз етумен айналысқан.

Жергілікті басқару. Бүкіл мемлекет округтарға бөлінген, оларды патшаның өкілдері басқарған. Қалалық округтардың әкімшілігінің басында сарайлардың билеушілері тұрған, олар заң шығару, атқарушы және сот билігін қаланың аумағында жүзеге асырған.

ә) Феодалдық-ыдыраушылық мемлекет

1138 жылы Болеслав Кривоустыйдың өлімінен соң Польша бірқатар князьдықтарға бөлінді, оларды қайтыс болған патшаның ұлдары өсиет бойынша басқаратын. Кейінірек, князьдар-

дың билігінің әлсірегенін пайдаланған ірі феодалдар толық саяси дербестікке жетіп, тәуелсіз билеушілерге айналды.

Қоғамдық құрылым. Бұрынғыдай үстемдік құрушы тап болып діни және аксүйек феодалдар сақталды. Рыцарьлар — шляхтичтердің көбеюі байқалды, олар дружиналар мен басқарудың сарайлық аппаратын құрады. Шаруалар арасында да біршама өзгерістер орын алды: феодалдық тәуелді шаруалар (смердалар) да, бостандыққа ие шаруалар (кметалар) да басыбайлылық мәртебесіне ие болды. Бұл кезеңде Польшаның қоғамдық құрылымының дамуының аса маңызды жағы болып сословиелердің қалыптаса бастауы табылды: ірі магнаттар — пандар, ұсақ феодалдар — шляхталар, қалалықтар және діни қызметкерлер.

Мемлекеттік құрылым. Әрбір князь өз иелігінде мемлекеттік билікті толығымен иеленді, яғни, ол заң шығару, атқарушы, сот және әскери биліктерді иеленді. Князьдар өз билігін өз вассалдарынан құралған кеңестердің көмегімен жүзеге асырды. Князьдың жанындағы басты лауазымды тұлғалар болып әскербасы, коморник, коморниктің көмекшісі, канцлер, канцлердің көмекшісі және скарбник табылды.

Жергілікті басқаруда да біршама өзгерістер орын алды. Округтардағы жоғарғы лауазымды тұлғалар болып каштеляндар — қала билеушілерінің өкілдері табылды, олар өз аумағында билікті толық көлемде жүзеге асыратын. Каштелянияға қала мен оған іргелес жатқан жерлер кіретін.

б) Сословиелік-өкілдік монархия

XIV ғасырдың алғашқы онжылдықтарында князь I Владислав польшалық жерлердің басым көпшілігін біріктіре білді. I Владиславтың ұлы Ұлы III Казимирдің тұсында Люблина сеймінде 1569 жылы Польша мен Литва Ұлы князьдығының бірігуі жүзеге асады. Осы кезден бастап біртұтас польша-литвалық мемлекетінің өмір сүруі басталады.

Польшаның біртұтас мемлекетке бірігуінде III Казимирдің реформаларының маңызы ерекше болды, бұл — әкімшілік, әскери және заң шығару саласындағы реформалар. Әкімшілік реформа орталық және жергілікті басқаруға байланысты болды: орталық басқаруда жаңа лауазымдар бекітілді: подскарбий — мемлекеттегі қаржыларды басқару үшін және маршалек — патша мен оның жанындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін; жергілікті жерлердегі басқару үшін староста лауазымы бекітілді, оны патша өзі тікелей тағайындайтын. Әскери реформаға сәйкес әскери қызметке барлық жер өңдеушілер мен шаруалар да тартылды. Патша әскеріне жіберілетін әскерилер-

дің саны жер иеліктерінің мөлшеріне сәйкес анықталатын болды. Заңнама саласында ескі сот әдет нормаларын кодификациялау жүзеге асырылып, патша билігін күшейтуге бағытталған бірқатар жаңа заңдар қабылданды.

Қоғамдық құрылым. 1370 жылы, III Казимирдің өлімінен соң негізгі үш сословие толығымен орнықты: ірі феодалдық магнаттар — пандар, ұсақ феодалдар — шляхта және дін қызметкерлері. Бұлар 1374 жылғы Кошица артықшылықтарына сәйкес барлық мемлекеттік салықтар мен міндеттерден босатылған болатын. Қалалықтар сословиесінің құқықтары біршама шектелді, ал шаруалар толығымен өз құқықтарынан айырылды.

Мемлекеттік құрылым. XIV ғасырдың соңынан бастап польшалық феодалдар патша билігін шектеу мақсатында жаңа саяси органдарды — пандар мен шляхталардың съездін құрады. XV ғасырдан бастап шляхтаның рөлі өсе түсті, олар “сеймиктерге” — жекелеген воеводстволар бойынша съездерге жиналатын. Ал XVI ғасырдың басында Польшада жалпы-мемлекеттік Вальдық сейм қалыптасады, оның екі палатасы болады: жоғарғы палата — сенат немесе патша кеңесі, мұнда ірі феодалдар мен патша сарайының жоғарғы шенеуніктері жиналатын және төменгі палата — елшілік изба, бұл палата шляхтаның депутаттарынан құралған болатын. Осылай, Вальдық сейм және сеймиктер магнаттар мен шляхтаның өкілдік органдары болып табылды. Басқарудың орталық органы болып патша сарайы сақталып қалды. Әскердің басында патша емес, ұлы гетман — магнаттардың өкілі тұрды.

Жергілікті басқару. Бұл кезеңде негізгі аумақтық бірліктер болып Польшада воеводстволар, Литвада поветалар табылды, олардың басында воевода мен каштелян тұрды. Олар әскербасы да болып табылды. Сот билігі старосталар мен жергілікті судьяларға тиесілі болатын.

Құқықтың негізгі сипаттары. Польшалық әдет құқығының негізгі қайнар көзі болып Польша шындығы — Польшаның солтүстік облыстарында XIII ғасырдың екінші жартысында құрастырылған жинақ табылды. Сонымен қатар, құқықтың қайнар көздеріне статуттар — заңдар, канондық құқық, Саксондық шындық және Магдебургтық қалалық құқық жатты. Соңғысы немістер өмір сүрген аймақтарда ерекше мәнге ие болған.


Меншік құқығында өндірістің негізгі құралы болып жер сақталып қалды. Феодалдар мен еркін шаруаларға тиесілі жер дедина деп аталды. Жерге меншіктің нысаны болып ұзақ уақыт бойы аллод табылды. Феодализмнің дамуымен бенефициялар мен осадничество пайда болды.

Польшадағы міндеттемелік құқыққа мынадай шарт түрлері гән болды: сату-сатып алу, займ, жалға алу, несие шарттары. Неке-отбасы құқығында тек шіркеу рәсімдері арқылы бекітілген неке ғана заңды деп саналды. Ерлі-зайыптылардың теңқұқылығы болмаған, некені бұзуға тыйым салынған. Қылмыстық құқықта қылмыстың негізгі түрлері болып мемлекеттік сатқындық, қоғамдық тәртіпті бұзу, адам өлтіру, қарақшылық, ұрлық, өрт қою, зорлау, денеге жаракат келтіру және қорлау табылған, олар үшін жазалардың төмендегідей түрлері көзделген: мүлікті тәркілеумен өлім жазасы, канды кек, айыппұл.

Польшаның мемлекеті мен құқығы Польшаның мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең - Ерте-феодалдық монархия (10-12 ғ.ғ.)
- 2 кезең - Феодалдық ысыраушылық (12 ғ. ортасы - 14 ғ. бірінші жартысы)
- 3 кезең - Сословицкі-өкілдік монархия (14 ғ. - 15 ғ. ортасы)
- 4 кезең - (15 ғ. екінші жартысы - 18 ғ. соңы) екі кезектегі тәрді:
 - а) шлықеттік демократия,
 - б) ірі магнаттар олигархиясы.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



5. Чехияның мемлекеті мен құқығы

Чехияның мемлекеті мен құқығының тарихының кезендері:

- 1 кезең — ертефеодалдық мемлекет (IX-XI ғ.ғ.);
- 2 кезең — феодалдық-ыдыраушылық мемлекет (XI-XIII ғ.ғ.);
- 3 кезең — сословиелік-өкілдік монархия (XIV-XVI ғ.ғ.);
- 4 кезең — Чехия Австрияның билігінде (1627 жылдан бастап).

а) Ертефеодалдық мемлекет

Чех мемлекетінің пайда болуына IX ғасырдың басында Ұлы морав мемлекетінің құрылуы әсер етті, бұл мемлекет 906 жылға дейін өмір сүрді. Оның құрамына Моравия, сонымен қатар, словак, лужиц тайпалары өмір сүрген аумақтар және Силезия аймағы кірді. Ұлы морав мемлекеті ертефеодалдық сипатты иеленді. Мұнда қуатты князьдық мұрагерлік билік орнықты. IX ғасырдың соңында Ұлы морав мемлекетінің әлсіреуі байқалады, бұл әлсіреу феодалдардың өзара қақтығыстарының нәтижесінде жылдамдай түсті. 906 жылы бұл мемлекетті словак жерлерін жаулап алған венгрлер құлатып, өздеріне бағындырды. Ұлы морав мемлекетінің құрамынан екі чех княздықтары бөлініп шықты: оның біріншісінің басында Пржемысловичтер тегінен шыққан князьдар тұрды, орталығы Прагада болды, екіншісінің басында Славниктер тегінен шыққан князьдар тұрды, орталығы Либицада болды. Осы екі княздықтардың арасындағы билік үшін күрестің нәтижесінде Пржемысловичтер тегі жеңіп, барлық чех жерлері прагалық князьдардың қол астына біріктірілді.

Қоғамдық құрылым. Феодалдар табы рулық-тайпалық ақсүйектерден, княздық дружинниктерден және байыған қауым мүшелерінен құралды. Феодалдар шаруалардың жерлерін тартып алып, оларды өздеріне тәуелді адамдарға айналдырды. Құлдық әлі де сақталып қалды.

Мемлекеттік құрылым. Чех ертефеодалдық мемлекетінің басында князь тұрды, оның қолында заң шығару, әкімшілік, сот және әскери биліктері жинақталды. Басқарудың орталық және жергілікті аппараттары да князьға бағынды.

Барлық ағымдағы істерді князь Кеңестің — Раданың көмегімен шешетін, Раданың құрамына мыналар енді: сарай жупаны — патша сарайын басқарушы, коморник — жоғарғы қазына басқарушы мен сарай судьясы. Мемлекеттегі барлық маңызды мәселелерді Сейм — діни және ақсүйек феодалдардың съезді шешетін.

Жергілікті басқару. Мемлекеттің аумағы аумақтық бірліктер — жупаларға бөлінген болатын, олардың басында князьдің өкілдері — жупандар тұрды.

ә) *Феодалдық-ыдыраушылық мемлекет.*

Қоғамдық құрылым. Феодалдар табы екі сословиеден құралды: ақсүйек және діни феодалдардан. Ақсүйек феодалдар, өз кезегінде, екі топқа бөлінді: жоғарғы топ — пандар — ірі жер иеленушілер, олар вельможалар және барондар деп аталды; төменгі топ — владыкалар — дружинниктер мен рыцарьлардан қалыптасқан феодалдар. Феодалдық-тәуелді шаруалар да бірнеше топқа бөлінді: дедичтер — мұрагерлікке берілетін жерлері — дединалары бар жеке тәуелді шаруалар, және госталар — алымды төлей алмағаны үшін жеке тәуелділікке мойын ұсынған еркін шаруалар.

Мемлекеттік құрылым. Чехиядағы феодалдық ыдыраушылықтың өзіндік ерекшеліктері болған. Біріншіден, мемлекеттің аумағының негізгі бөлігі бөлініп, ыдырамады, осыған сәйкес князь бірқатар билігін сақтап қалды, бұл XII ғасырдың соңы — XII ғасырдың басында I Пржемыслдың Чехияның мемлекеттік біртұтастығын қалпына келтіруіне алып келді. Екіншіден, Чехия Қасиетті Рим империясының герман халқының құрамына енді, осыған сәйкес, таққа отырған чех князьдарын герман императоры тағайындауы тиіс болатын. 1158 жылы чех князы II Владислав императордан мұрагерлік патша титулын алды, сөйтіп, Чехия патшалыққа айналды.

Орталық басқаруда біршама өзгерістер орын алды: жоғарғы лауазымды тұлға — жупанның орнына бірнеше сарай лауазымдары пайда болды: сарай канцлері, сарай судьясы, сарай коморнигі, стольник, чашник және жоғарғы ловчий. Сеймнің рөлі өсті, оның келісімінсіз князь жаңа заңдар шығара алмайтын және мемлекеттің аумағынан тыс әскери жорықтарға қатыса алмайтын.

Жергілікті басқаруда да бірқатар өзгерістер орын алды. Краев, краин, волость және жупа деп аталатын ірі облыстар пайда болды. Әрбір облыстың орталығы болып қала табылды, оны князьдің өкілі — каштелян басқаратын. Каштеляндардың жанынан бірнеше жаңа лауазымдар пайда болды: облыстық судья, князь салықтарын жинаушы, князь иеліктерін басқарушы (владырь), ловчий (князь аңшылығын басқарушы) және орманшы.

Сот. XII ғасырда II Пржемысл Оттокар патша тұсында сот реформасы жүргізілді, оның мәні мынада еді: жоғарғы сот инстанциясы ретінде Жергілікті сот бекітілді, бұл мәртебені

прагалық облыстық сот иеленді, ол прагалық бургграфтан, прагалық коморниктен, прагалық судья мен хатшыдан тұрды. Жергілікті жерлерде қылмыстық істер бойынша сотты попра-вештер, ал азаматтық істер бойынша сот әділдігін крайлық судьялар жүзеге асырды.

б) Сословиелік-өкілдік монархия

Қоғамдық құрылым. Келесі сословиелер толығымен қалыптасты: пандар мен владыкалардан құралған ақсүйек феодалдардың сословиесі, дін қызметкерлерінің сословиесі және қалалықтар сословиесі. Ал шаруалардың басым көпшілік бөлігі феодалдық-тәуелді шаруларға айналды.

Мемлекеттік құрылым. Бұл кезеңде Чехия формальды түрде Қасиетті Рим империясының герман халқының құрамында қала берді, ал іс жүзінде ол дербес мемлекет болатын, оған келесі жағдай әсер етті: 1347 жылы чех патшасы, Люксембургтар тегінің өкілі I Карлды Қасиетті Рим империясының герман халқының императоры ретінде I V Карл деген атпен сайлады. 1356 жылғы Алтын Буллаға сәйкес чех патшасы империяның бірінші курфюрсты ретінде танылды және мемлекет ішінде де, сыртында да мемлекеттік егемендікті толығымен иеленді. Династияның тоқталуы жағдайында жаңа патшаны тек Чех сеймы ғана сайлай алатын.

Чех сеймы мемлекеттің жоғарғы өкілдік органы болып табылды және үш сословиеден құралды: өздері сеймге тікелей қатысатын пан сословиесі және сеймге сайланбалы өкілдері арқылы қатысатын владыкалар және қалалықтар сословиесі. Пан билігінің органы болып бірқатар жоғарғы лауазымды тұлғалардан құралған Рада табылды.

Жергілікті басқару. Жергілікті жерлердегі патша әкімшілігінің өкілдері болып патша тағайындайтын крайылық гетмандар табылды, олардың қолында әскери және полициялық билік болатын.

в) Чехия Австрияның билігінде

1526 жылы өз артына мұрагерлерді қалдырмаған чех патшасы Людвигтің өлімінен соң Чех сеймі түріктер тарапынан жаулаудан қорқып, патша ретінде Габсбургтар тегінің өкілі австриялық эрцгерцог Фердинандты сайлауға мәжбүр болды. Сайлау кезінде Фердинанд Чехияның барлық әдет-ғұрыптары мен сословиелерінің құқықтары мен артықшылықтарын сақтауға міндеттенді. Чехия мен Австрияның жеке униясы орнықты, бұл кейіннен Чехияның Австрияға толығымен бағынуына алып келді. Бұл сеймнің, өзін-өзі басқарудың жергілікті

және қалалық органдарының өкілеттіктерін шектеуден көрініс тапты, Чех патшалығының дербестігі жойылды. 1627 жылы қабылданаған “Жаңартылған жергілікті жарғыға” сәйкес Чехияның барлық жерлері Габсбургтардың мұрагерлік иелігіне айналды. Патшаның қолында мемлекеттік билік толығымен сақталды, неміс тілі чех тілімен теңестірілді және Чехия австриялық монархияның бөлігіне айналды.

Құқықтың негізгі сипаттары. Ертефеодалдық кезеңде құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылды. Кейінірек бірқатар құқықтық жинақтар жасалды, олардың ішінен чех заңгері Викториан Корнелиштің “Чех жерлерінің құқығы туралы тоғыз кітап” шығармасын (XVI ғ.), чех жер құқығының ережелерін (XV ғ.) және т.б. атауға болады. Сонымен қатар, құқықтың қайнар көздеріне чех патшаларының заңшығарушылық актілері, жер құқығы, канондық және қалалық құқық жатты.

Меншік құқығы алғашқыда екі нысанда көрініс тапты: жерге деген мұрагерлік рулық меншік — дедина нысанында және шартты, шектелген жер иелену — выслуга нысанында. XII ғасырдың соңынан бастап феодалдық меншік ер адамдарға мұрагерлікке беру нысанына көшті.

Неке-отбасы қатынастары канондық құқықпен реттелді. Мұрагерліктің негізгі түрі болып заң бойынша мұрагерлік табылды, және мұрагерлікке тек еркек жынысты адамдар ғана тартылатын.

Қылмыстардың негізгі түрлері болып шіркеу мен дінге қарсы қылмыстар, мемлекеттік қылмыстар, жеке тұлғаға қарсы қылмыстар, меншікке қарсы қылмыстар табылды, олар үшін төмендегідей жазалар көзделетін: өлім жазасы, түрмеге қамау, дене мүшесін зақымдау, барлық құқықтарынан айыру, мемлекеттен қуу және мүлікті тәркілеу.

Б. ШЫҒЫСТЫҢ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

1. Араб халифаты

Араб халифатының тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады: Мұхаммед пайғамбар (570-632 ж.ж.) мен алғашқы төрт халифтің (Әбу Бәкір (632-634 ж.ж.), Омар (634-644 ж.ж.), Осман (644-656 ж.ж.), Әли (656-661 ж.ж.)) билігі; Омейядтар династиясының билігі (661-750 ж.ж.); Аббасидтер династиясының билігі (750-1258 ж.ж.).

VII ғасырда араб тайпаларында рулық-тайпалық қатынастардың ыдырауы басталды. Араб тайпаларының негізгі бөлігін малшы-көшпенділер (бәдеуиндер) мен сулы жерлерде, қалаларда өмір сүрген жер өңдеушілердің аз бөлігі құрады. Аталған уақыттан бастап әлеуметтік теңсіздікке алып келген мүлктік теңсіздік басталды. Шейхтар (тайпа басшылары) мен сайдтар (тайпа ақсақалдары) жақсы сулы жерлер мен малдың көптеген бөлігін өздеріне иемденіп алды. Рулық-тайпалық ыдыраушылықты жеңу мен біртұтас араб мемлекетін құру талпынысы әртүрлі уағыздаушылардың көбеюіне алып келді. Олардың ішіндегі аса әйгілісі — ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбар болды. Мұхаммед барлық арабтарды бір дінге және пайғамбары — “жер бетіндегі жалғыз құдайдың жердегі елшісі” басында тұрған теократиялық мемлекетке (діни қауым түріндегі) бірігуге шақырды.

VII ғасырдың ортасында Аравияның бір исламдық мемлекетке — халифатқа бірігуі аяқталды.

Омейядтардың басқару жылдарында халифаттың қуатты әрі гүлдену кезеңі болды, көптеген елдер жауланып, ислам дініне тартылды.

640 жылы арабтар Сирияны, Палестинаны, Египетті, ал 649 жылы бүкіл Солтүстік Африканы жаулап алды. 651 жылы Иранды бағындырды. 658 жылы Арменияны, Грузияның бір бөлігін, Азербайжанды, ал Кавказдың арғы жағынан Хазар жерлеріне де қол жеткізді. 715 жылы Хорезмді толығымен және Мауераннахрдың (Сырдария мен Амудария өзендерінің аралығы) басым көпшілік аумағын жаулап алды. 751 жылы бүкіл Орта Азияны өздеріне бағындырды. 712 жылы Үндістанға басып кіріп, Синд қаласын жаулап алды. 711 жылы Испанияны өздеріне бағындырды. Арабтармен жаулап алынған ұлан-ғайыр аумақта халықаралық тіл болып араб тілі танылды. Ислам құқығы — шарият жергілікті әдет-ғұрып нормалары мен институттарына еніп, оларды да өзінің бойына сіңірсе

бастады. Ислам халифаттың бүкіл аумағында үстемдік құрушы дінге айналды.

Халифаттың мемлекеттік құрылымы. Мемлекеттік билік орталықтандырылған сипатта болатын. Мемлекет басында жоғарғы діни (имамат) және мемлекеттік (эмират) билікті жүзеге асыратын халиф тұрды. Мемлекеттік басқарудың орталық органдары ретінде диуандар (ведомстволар) қызмет етті:

1) диуан-эл-джунд — әскерді қаруландыру мен жабдықтау бойынша ведомствосы;

2) диуан-эл-харадж — қаржылық-фискальдық (салықтық) ведомствосы;

3) диуан-эл-барид — жол және пошта бойынша ведомствосы.

Жоғарғы шенеунік болып уәзір табылды, ол тек халифтың алдында ғана есеп беретін болған. Провинцияларды әмірлер басқарған. Кезкелген империя сияқты халифатқа да бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлінуге тура келді, оған сонымен қатар халифаттың тұрғылықты халықтарының үздіксіз көтерілістері де әсер етті. Жергілікті әмірлер қол астындағы әскери күштерін нығайтып, өздерін дербес басшы ретінде жариялауға тырысты. Мұндай жағдай Хорасандағы (Иранның бір бөлігі) тахиридтарда, Орта Азиядағы саманидтарда, Египеттегі тулунидтарда, Армениядағы және Грузияның бір бөлігіндегі багратидтарда, Ирандағы буидтарда кездесті. X ғасырдың басында Аббасидтердің қолында иек Араб Ирагы мен орталығы Бағдаттағы Батыс Иран ғана қалды, мұның алдында, VIII ғасырдың аяғында Испаниядағы Кордова әмірлігі (астанасы Кордова қаласы) бөлініп шықты. Нәтижесінде Аббасид халифтері саяси биліктен айырылды, оларда тек қана діни билік сақталып қалды.

Халифаттың құқығы. Шариғаттың діни ережелер жиынтығы екенін ескере отырып, шариғатты құқық пен діннің тоғысуы ретінде түсінуге болады. Шариғаттың негізгі қайнар көздері болып мыналар табылған:

Құран — діни-моральдық ережелерден құралған, мұсылмандардың басты қасиетті кітабы;

Сүннет — Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен жүріс-тұрысы туралы хадистердің (аңыздардың) жиынтығы, мұнда отбасылық-мұрагерлік және сот құқығының ережелері көрініс тапқан, ол белгілі бір дәрежеде сот прецедентіне ұқсас болып келеді, яғни, Мұхаммед пайғамбардың белгілі бір істерге қатысты шығарған шешімдері кейінгі соған ұқсас істерге үлгі ретінде қолданылатын;

Иджма — беделді ислам заңгерлерінің шығарған шешімдері, ол жоғарыда аталған қайнар көздер қамтымай өткен мәселелерге қатысты шығарылатын, бұл жағдайда судьялардың (иджтихад) дербес қалауы қолданылатын.

Фетва — қоғамдық өмірдің жекелеген мәселелеріне қатысты ақсүйектер билігінің шығарған шешімдеріне қатысты беделді жоғарғы дінбасыларының жазбаша қорытындысы.

Шариғаттың ережелері жеткіліксіз болған жағдайда, әдет құқығын (әсіресе, бағындырылған жерлерде) немесе исламға қайшы келмейтін басқа да жергілікті заңдарды қолдануға рұқсат етілетін. Мұсылманның әрекеттері төмендегідей болып бөлінетін: қатаң міндетті (орындауға міндетті діни рәсімдер және ережелер); қалаулы (діни тұрғыдағы жағымды жүріс-тұрыс); рұқсат етілген (мысалы, исламның жауларын өлтіру); қалаусыз, алайда жазаланбайтын (мысалы, әйелін ұрып-соғу); ғыйым салынған және қатаң жазаланатын (діни нанымға қарсы және дінге қарсы басқа да қылмыстар). Исламның басты құндылықтары болып дін, өмір, сана, жеке меншік және отбасы табылған.

Жауапкершілік сипатына қарай барлық қылмыстар шартты түрде үш топқа бөлінген:

1) дінге, отбасына, жеке меншікке және мемлекетке қарсы қылмыстар, олар үшін қылмыскер дене жазаларымен немесе өмірімен жауап беретін. Мысалы, ұрлық қолды шабумен жазаланатын; әйелдің зинақорлығы, құдайға күмән келтіру — өлім жазасымен жазаланатын. Мұндай қылмыстар үшін нақты жазалар — хадд қолданылған;

2) жекелеген тұлғаларға қарсы қылмыстар, бұлар үшін әдетте айыппұл немесе құн төлеу (қан үшін төлем) түріндегі жазалар қолданылатын. Қылмыстардың бұл түріне, ең алдымен, қасақана және абайсызда адам өлтіру, дене жарақаттары мен зақым келтіру жататын. Қан үшін кек алу рұқсат етілетін, бірақ, аса кең қолдау таппаған — бұған қарағанда құн төлеу жөн деп саналатын.

3) жазасы соттың қарауымен тағайындалатын (тазир) қылмыстар мен құқықбұзушылықтар.

Шариғатта міндеттемелік құқық жақсы дамыған. Шарттан шығатын міндеттемелер екі топқа бөліп қарастырылады: бірінші топқа — затты біреудің пайдалануына берумен байланысты міндеттемелер, оған айырбас, қарыз, сыйға беру, жалға алу, сату-сатып алу шарттары жатады; екінші топқа — затты біреудің пайдалануына беру міндеті жоқ шарттар жатады, ол сақтау, серіктестік және тапсырыс шарттары.

Исламдағы меншік құқығының өз ерекшелігі бар. Мұнда меншік иесінің мүлікті пайдалану және билік ету құқығы бар, ал иелік ету құқығы тек құдыретті құдайға ғана берілген.

Отбасылық қатынаста шариғат еркек пен әкенің билік жүргізуін толық қолдаған. Ер адамдарға заңды некемен төрт

әйелге дейін және саны шектелмеген некеден тыс әйелдерді алуға рұқсат берілген. Мұрагерлік қатынаста мұра беруші мүліктің тек үштен бір бөлігімен билік еткен, сонымен қатар, мұрагерлерге мұра қалдырушының міндеттері емес, тек құқықтары ғана беріліп отырған, яғни, қайтыс болған адамның мүлкі барлық қарыздары өтелген соң ғана берілетін. Сонымен, мұраның үштен екі бөлігі заңға сәйкес мұрагерлікке (заңды мұрагерлеріне) және үштен бір бөлігі мұра берушінің тілегі бойынша (өсиет бойынша) берілетін.

Жердің құқықтық режимі де мәртебесінің әртүрлілігімен ерекшеленетін:

- 1) хиджаз — Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген жерлер, ол жерде тұратын мұсылмандардан ондық салық алынатын;
- 2) вакуф — діни мұсылман ұйымдарына тиесілі жерлер;
- 3) мүлік — мұсылмандардың жеке жерлері;
- 4) икта — қызметі үшін уақытша берілген жерлер, бұл жерлерді пайдаланғаны үшін халықтан салық алынатын.

Сот өндірісі кәсіби судьялармен — кадилармен жүргізілетін. Судья қатаң іс жүргізушілік ережелерін сақтамайтын. Исламдық іс жүргізуде прокурор мен адвокат болмаған. Судья барлық істерді өзі дербес шешетін. Осыған сәйкес кассациялық және апелляциялық инстанциялар мұсылман құқығында орын алмаған. Дәлелдемелердің ішінде ант беру, куәлардың көрсетулері мен айыпталушының мойындауы ерекше маңызға ие еді. Куә ретінде әдетте ер адам ғана қатыса алатын, әйелдер мен басқа дін өкілдері куә ретінде көрсету бере алмайтын, үкімнің айыптылығын анықтауда ұқсастық бойынша талқылауға рұқсат етілетін. Анттар қасиетті кітапты ұстай тұрып берілетін, және әдетте шынайы болып табылатын, себебі, бұл жерде мұсылмандардың құдайдан қорқумен сипатталатын дүниетанымы мен түсінігі көрініс табатын.

Араб Халифатының мемлекеті және құқығы

Араб Халифатының мемлекеті мен құқығының тарихи кезеңдері

1 кезең – Мұхаммед пайғамбардың (630 – 632 ж.ж.) және алғашқы 4 халифтің (Әбу Бәкір (632-634 ж.ж.), Омар (634-644 ж.ж.), Осман (644-656 ж.ж.), Әли (656-661 ж.ж.) билік құру уақыты.
 2 кезең – Омейядтар династиясының билігі (661 – 750 ж.ж.).
 3 период – Аббасидтер династиясының билігі (750 – 1258 ж.ж.).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Халиф – мемлекет басшысы және оның жоғарғы діни тұлғасы

Ірі феодалдар – әмірлер және шейхтер, бағындырылған елдердің феодалдары, көшпенді бедуиндер, азбаған мөлшердегі құлдар, жаулап алған елдердің тозуалды қиқы.

Уәзір – мемлекеттің екіінші тұлға, 3 диванды (ведомстволар) басқарған: диван-ал-джумд (әскери), диван-ал-харидж (қаржылық-фискалдық), диван-ал-барид (жол және пошта байланысы бойынша)

Мемлекет провинцияларға бөлінген, олардың басында сот істері бойынша және қаржы істері бойынша екі орынбасары бар әмірлер тұрған.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі шарият соттары, олардың басында кәсіби судьялар - каллийлер тұрған.

Араб тайпаларының бірігуі. Кейінірек қалалардың араб халқынан құрылған әскерден жинақталған әскери округтар құрылған.

Құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көздері болып мыналар табылған: Қасиетті Құран, Суннет, аджал, фиғва, Егер мәселені шешу үшін жоғарыда аталған қайнар көздер жеткіліксіз болса, әдет құқығы қолданылатын.

Меншік құқығы екі элементтің болуымен ерекшеленген: мүлікті пайдалану және оған билік ету құқығы.

Халифаттың жерінде бірнеше құқықтық режимдер болған: саяффи – халифтің жерлері, мүлік – мұсылмандардың жеке жерлері, хижаза – Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген жерлер, вакуф – діни ұйымдардың жерлері, икта – жерді жеке тұлғаларға беру.

Отбасы-неке құқығы күйеу мен әкенің билігіне негізделген, 4 әйел алуға рұқсат етілген. Мұрагерлік заң бойынша және өсет бойынша жүзеге асырылатын.

Қылмыстық құқық қылмыстарды 3 топқа бөлген: 1) дінге, мемлекетке, отбасына, мешітке қарсы; 2) жекелеген тұлғаларға қарсы; 3) мұсылмандардың мүдделеріне қарсы. Судья өз жалғыз барлық істерді шешетін. Прокурор мен адвокат қатан іс жүргізушілік ережелер болмаған.

2. Үндістанның мемлекеті мен құқығы

Үндістанның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең — Солтүстік Үндістан (V-VI-XII ғ.ғ.) мен Оңтүстік Үндістандағы (VI-VII-XIV ғ.ғ.) ертефеодалдық қатынастар кезеңі. Ірі империялар — Гупта империясы (IV-V ғ.ғ.) мен Харши империясы (VII ғ.) бірқатар ұсақ феодалдық князьдықтарға бөлінді;

2 кезең — дамыған феодализм кезеңі (XIII ғ.-XVI ғ. бірінші жартысы), бұл кезде Үндістанда ірі феодалдық мемлекеттер қалыптаса бастады: алдымен Дели сұлтандығы (XIII ғ.), содан кейін Ұлы Монғолдар империясы (XVI ғ. басы);

3 кезең — кейінгі феодализм кезеңі (XVI-XVIII ғ.ғ.).

VI-XVII ғасырларда Үндістан көптеген мемлекеттердің — князьдықтардың жиынтығы түрінде болған, бұл мемлекеттер өзара экономикалық тұрғыдан байланысы жоқ болатын, тек соғыс кездерінде ғана ірі князьдықтардың (Харши империясы мен Гупта империясы) маңында бірігетін. Бұл кезеңдегі үнді мемлекеттері монархиялық басқару нысанында болған, оларды махараджа — басты князь басқарған. Махараджаға кеңесшілері — монтри паришад көмектесетін. Мемлекеттік аппаратта маңызды орынды әскерилер мен салық жинаушылар иеленетін болған.

Гупта және Харши империялары провинцияларға (деша, бухти) бөлінген еді, оларды шекаралық облыстардың басшылары (гонтри) мен патша өкілдері (упарика) басқаратын. Провинциялар округтарға (вишай) бөлінген. Ең төменгі аумақтық бірлік болып селолық қауым табылған, оның басында староста — граминк тұрған.

Бұл кезеңде де, кейінгі кезеңдерде де Үндістанда қасталық жүйе (варналар) сақталып қалған болатын, олардың ішінде ең жоғарғысы брахмандар, ал төменгісі құлдар болатын.

XII ғасырдың екінші жартысында ауған сұлтандарының жаулап алу жорықтары басталды. Екі онжылдық барысында Гуридтер династиясының сұлтандары бүкіл Солтүстік Үндістан аумағында үстемдік орнатты. Жаулап алынған жерлер алдымен Гуридтер державасының мемлекеттік жерлерінің құрамына енсе, XVIII ғасырдан бастап Дели сұлтандығы деп аталған дербес мемлекет болып бөлініп шықты. 1229 жылы Дели сұлтандығын бағдат халифі тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Дели сұлтандығындағы барлық мемлекеттік жерлер екі санатқа бөлінді: халиса, бұларды мемлекеттің салық саласындағы шенеуніктері басқарды, және икта, бұларды феодалдар — иктадарлар иеленген. Феодалдық жеке меншіктің де

бірнеше нысандары болған: вакуф — мешіттердің, медреселердің, улемдердің және шейхтердің меншігі; мильк — әскери аксүйектердің, саудагерлердің, ірі шенеуніктердің меншігі.

Империяның саяси өмірі мен басқаруының орталығы болып сұлтан сарайы табылған. Сарайдағы басты шенеунік болып вакил-и-дар — сарай басшысы табылған, ол сұлтанның отбасының, жақындарының және құлдарының жағдайын қадағалап отырған. Сарайда оған тең лауазымды әмір-хаюб — салтанатты іс-шараларын жүргізуші иеленген. Сарайды қамтамасыз етуді қарханахтар жүзеге асырған.

Дели сұлтандығында екі басты ведомство болған: қаржылық және әскери. Қаржыларды реттеуді сұлтанның басты министрі — уәзірдің ведомствосы жүзеге асырған, ол диуан-ивазират деп аталған. Әскери ведомствоны арид-и-мамалик басқарған. Диуан-и-инша арнайы ведомствосы сұлтанның хат-хабарларын алып-жөнелтумен, диуан-и-расалат ведомствосы діни істермен, диуан-и-кази сот істерімен айналысатын.

Дели сұлтандығы 23 провинцияға бөлінген болатын. Ірі провинциялар облыстарға — шикаларға, ал облыстар аудандарға — паргандарға бөлінген, паргандар бірнеше ауылдардан құралады. Провинциялардағы билік орталық әкімшіліктегіге ұқсас болып келетін.

XVI ғасырда Солтүстік Үндістанды Ферғананың бұрынғы билеушісі Бабыр жаулап алады, ол 1526 жылы Ұлы Монғолдар династиясының негізін қалады. Монғолдар барлық жаулап алған жерлерін халисе қорына өткізіп отырған. Тек падишах қана жерді феодалдарға шартты әскери ұсыну — джагир нысанында бере алатын. Жеке жер иелену сюрғаль (мұсылман басшылары шейхтарға, дінді уағыздаушыларға беретін жерлер) және заминдар меншігі (монғолдарға бағынған үнді феодалдары) болған.

Дели сұлтандығы сияқты Монғолдық Үндістан да деспотиялық мемлекет болып табылған және Дели сұлтандығына тән көптеген мемлекеттік институттарды таныған. Ұлы Монғолдар мемлекетінің басында падишах тұрды. Империядағы басты ведомстволар болып әскери және қаржылық ведомстволар сақталып қалды. Қаржылық ведомствоның басында бірінші министр — диуан тұрған. Мир-бакши әскери ведомствоны басқарған. Басты төрт министрлардың құрамына мирсаман — падишахтың шеберханалары мен қоймаларын басқаратын басты шенеунік және садр-уссудар — діни және сот басқармасының басшысы енген.

Монғол империясы 15 облысқа бөлінген, оларды падишахтың өкілдері — хакимдер басқарған. Әрбір облысқа хаким-

дерден тәуелсіз фоджи-дарлар — әскербасылар, гомашттар — салық жинаушылар және кала басшылары — котвалдар тағайындалған.

Феодалдық Үндістанның құқықтық жүйесіне мұсылман құқығы көптеген өзгерістер әкелген, бұл құқық елге мұсылмандық жаулап алушылардың жорықтарының нәтижесінде енген. Үндістанда мұсылман үстемдігі орнатылғаннан кейін, жергілікті құқық — дхармашастрдың қолдану саласы адамдар арасындағы таралу шегі және қоғамдық қатынастарда таралу шегіне қарай қысқартылған. Дінге тікелей қатысы бар деген қатынастардың барлығы: неке және отбасылық, мұрагерлік және діни қызметпен байланысты қатынастар мұсылман адамға қатысты болса мұсылман құқығымен, ал индуска қатысты болса индус құқығымен реттелетін болған. Дәл осы кезеңде нормалары жаңа жағдайларға икемделген, қазіргі кездегі Үндістанда да индуизм дініне сенушілерге де қатысты әрекет ететін құқықтың персоналдық жүйесі, яғни, үнді құқығының жүйесі қалыптасты.

Ортағасырлық Үндістанның мемлекеті және құқығы

Ортағасырлық Үндістанның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең - ерте феодалдық катынастар. Солтүстік Үндістан (5-12 г.г.). Оңтүстік Үндістан (6-14 г.г.). Гуптілер империясы (4-5 г.г.) және Харри империясы (7г.) -бірінесе шағын князьдықтарға бөлініп кетті.
- 2 кезең - дамыған феодализм (13 г. - 16 г. бірінші жартысында.) Делилік сұлтандық
- 3 кезең - 16-18г.г. Ұлы Моголдар империясы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең. Махараджалар
- 2 кезең. Султан
- 3 кезең. Падшах

- 1 кезең. Кастанық бөлініс (4 варна).
- 2 кезең. Жаулап алушылардан ақсүйектердің пайда болуы
- 3 кезең. Әлеуметтік құрылым өзгермеді.

- 1 кезең. Монғри жер ишар - басты кеңесші
- 2 кезең. Дуван - шаһназар (қаржылық ведомство), дуван - н-наша (басшының поштасы), дуван - н-расалат (дінгі істер), дуван - н-казн (сот істер), ар-н-н-мамалик басқарған әскери ведомство.
- 3 кезең. Мәр-балик басқарған әскери ведомство және дуван басқарған қаржылық ведомство, ведомстволар.

- 1 кезең. Князьдық отрядтар және шаруалар жасақтары
- 2 кезең. Сұлтан Твардхаси, соғыс болған жағдайға - жасақ.
- 3 кезең. Джагларларлар отрядынан құрылған әскер.

- Құқықтың негізгі қайнар көздері.
- 1 кезең. Дхармашастралар.
- 2 кезең. Құқықтың мұсылмандық қайнар көздері.
- 3 кезең. Құқықтың мұсылмандық қайнар көздері.

Жерлердің құқықтық режимі:

- 1 кезең. Мемлекеттік жер келесідей бөлінді: халиса - салық шеңуеліктері пайдаланатын жерлер және накта - икстадарлардың иелігідегі жерлер. жеке меншіктегі жерлер өвакуф пен мұлық деп бөлінді.
- 2 кезең. Мемлекеттік жер төмендегідей бөлінді: халиса - мемлекеттік жер. джагира - әскери қызметі үшін шартты иелік. Жерге жеке меншіктің келесі нысандары болды: суригаль - мұсылмандық дін қызметкерлеріне және ақсүйектеріне берілген жер және заминдарлар жері - бағындырылған үндіс феодалдарының жерлері.

- 1 кезең. Гунгри немесе уларика басқаратын провинциялар (дешиа, бухга). Оған кейін округтар (вилья) құрып, төменгі аумақтық бірлік - Грамник басқаратын ауыл.
- 2 кезең. 23 провинциялар, ірілері облыстарға - шиксаларға, ал облыстар аудандарға - парганаларға бөлінді.
- 3 кезең. Хакимдер басқаратын 15 облыс және засылдерден тауелсіз сайланатын феодалдарлар - әскерибасшылар, томанштар - салық жинаушылар, көтвалдар - қала басшылары.

Барлық мәселелер мұсылмандар үшін шариғатпен және үндістер үшін үнділік құқықпен реттелетін.

3. Қытайдың мемлекеті мен құқығы

Қытайдағы ортағасырлық кезеңнің басы 220 жылы Хань империясының ішкі тұрақсыздықтың, ең алдымен “сары белбеулілердің” көтерілісінің нәтижесінде құлауымен сиапталды. “Күшті үйлер” деп аталған бірнеше аксүйек тектерінің арасындағы күрес өрши түсті. Бұл күрестің нәтижесінде Цзинь жаңа династиясының (265-420 ж.ж.) негізін қалаған Сыма тегі алға шықты, бұл кезде Қытай қайта бірікті. 280 жылы император Сыма Янь жаңа жарлық қабылдады, оның негізінде әрбір жер иеленуші (16 мен 60 жас аралығындағы) 120 му (6,6 га) жер алатын, оның 215-і мемлекетке кетсе, 3/5 бөлігі жер иеленушіге қалатын. Салық төлеуші халық жылына 20 күн мемлекет үшін тегін жұмыс істейтін.

III — ғасырдың соңында Қытайға ғұндар, кейін юн, цян, жужан, тобог және тибет тайпалары басып кірді. IV-VI ғасырларда Солтүстік Қытай нағыз соғыс алаңы болды. Жаулап алушылардың арасынан Солтүстік Вэйдің тоби династиясы бөлініп шықты, олар V ғасырдың соңында өз патшалығын орнатты. 477-485 ж.ж. императордың жарлығының нәтижесінде үлестіру жүйесі қайтадан енгізілді. Ол ауыл шаруашылығының көтеруге және Оңтүстік Қытайдағы халықтың қайтып келуіне біршама әсер етті. VI ғасырдың екінші жартысында Солтүстік және Оңтүстік Қытайдың бірігуіне қажеттік туындады. Себебі, VI ғасырдың ортасында (551 ж.) Қытайдың солтүстік шекараларына қауіп төндірген аса күшті көшпенді мемлекет Түрік қағанаты құрылды. Бірігу әскери жолмен жүзеге асты. Қолбасшы Янь Цзюнь император және Суй (581-618 ж.ж.) династиясының негізін қалаушы ретінде жарияланды. Бұл династияның тұсында мемлекеттік биліктің орталықтандырылуы күшейе түсті. Императордың билігі шексіз болды, ол үлкен бюрократтық аппаратты басқарды. Императордың жанында жоғарғы шенеуніктерден құралған үш палата жұмыс істеді. Одан кейін алты ведомство (шендер, қаржылық, рәсімдік, әскери, сот және жазалау, қоғамдық жұмыс ведомстволары) болды. Алайда, шаруа көтерілістері мен Когурем (сол кезде Корей түбегіндегі мемлекеттердің бірі) ұтымсыз соғыс Суй династиясының құлауына және Тан династиясының (618-907 ж.ж.) негізін қалаушы император Ли Юаньның билікке келуіне алып келді. 624 жылы шаруалар үшін жеңілдіктер орнықтырған декрет қабылданды, оған сәйкес шаруаларға бау-бақша жерін өмір бойғы иелену құқығы берілді.

Тан мемлекетіндегі жоғарғы және шексіз билік императорға тиесілі болды. Оның көмекшілері болып екі цзайсян табылды.

Мемлекетті басқару үш палата арқылы жүзеге асырылатын: атқарушы, заң шығарушы (империя жарлықтарын даярлау), салтанаттарды ұйымдастыру; одан кейін суй ведомстволарына ұқсас алты ведомство тұрды. Шенеуніктер тоғыз рангіге бөлінді және олардың жалақылары да тоғыз деңгейде болды. Шаруалар “жақсы халық” және “жаман халық” болып бөлінді. Бірінші топты еркін шаруалар, екінші топты құлдар, малайлар, бөтен жерді жалға алушылар құрады.

907-960 жылдары өтпелі кезең орнады, бұл кез “бес династия және он патшалық” кезеңі деп аталды. 960 жылы әскер император ретінде генерал Чжао Куаниняны жариялады, ол Сун династиясының (960-1271 ж.ж.) негізін қалады. Бұл династияның басқаруы кезінде мемлекеттік құрылым өзгермеді. Қытайдың солтүстік-батыс шекараларында тангуттар мемлекеті — Батыс Ся мемлекеті (982-1227 ж.ж.) құрылды, бұл мемлекет Қытайдың шекараларына үнемі шабуыл жасап отырды.

1234 жылы Солтүстік Қытайды монғолдар жаулап алды, ал жарты ғасырдан соң Оңтүстік Қытай да бағындырылды. Монғол ханы Құбылай жаңа Юань династиясының (1271-1368 ж.ж.) негізін қалады. Өз астанасы ретінде ол Пекинді таңдады. Ол қытайдың әкімшілік жүйесін өздеріне негізге алғанымен, монғолдар қытайларды биліктен аластатты. Осы және басқа да шаралар шаруалардың көтерілісіне алып келді. 1368 жылы шаруа қолын бастаушы Чжу Юаньжанның әскері Пекинге басып кірді. Ол император болып, Мин династиясының негізін қалады. 1644 жылы Қытайды маньчжурлар жаулап алды, Мин династиясы құлады. Маньчжурлардың басшысы Абахай Цин династиясының (1644-1911 ж.ж.) негізін қалады, ал оның ұлы жаңа династияның алғашқы “богдыханы” болды (император титулы).

Қытайдың құқығы өзгешеліктерге толы болды. Мұнда Конфуцийдің ілімдері негізге алынды, ол бойынша балаларының ата-анасына, әйелінің күйеуіне, жауынгердің басшысына, шаруаның князьға, халықтың императорға қатаң түрде бағынуы уағыздалатын. VII ғ. император Ли Ши-Миннің бұйрығымен қылмыстық құқық жинағын — “Қылмыстық құқықтағы қылмыстардың тізімін” жасау басталды. Қылмыстардың тізімі ауқымды болды және олардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазаланатын, себебі, конфуций ілімі бойынша қылмыскерге қатысты дене жазаларын қолдануға тыйым салынатын болған. Әкесін өлтірген бала, басшысын өлтірген жауынгер, сюзеренін өлтірген вассал қандай да болсын жағдайға қарамастан өлім жазасына тартылатын.

Ортағасырлық Қытайдың мемлекеті және құқығы

Ортағасырлық Қытайдың тарихын билік етуші династиялар бойынша кезеңдерге бөлу

Құқықтық жүйе

- 1) Цинь династиясы (265-420 ж.ж.) – Қытайдың бірігуі.
- 2) Тобылық Солтүстік Вэй династиясы (5г. соңы) Солтүстік Қытай
- 3) Суй династиясы (581-618 ж.ж.) – Солтүстік және Оңтүстік Қытай қайта біріктірілді.
- 4) Тан династиясы (618-907 ж.ж.) 907-960 ж.ж. ауыспалы кезең (көптеген мемлекеттерге және иеліктерге ыдырау).
- 5) Сунн династиясы (960-1271 ж.ж.)
- 6) Монғолдық Юань династиясы (1271-1368 ж.ж.)
- 7) Мин династиясы (1368-1644 ж.ж.)
- 8) Маньчжурлық Цинь династиясы (1644-1911 ж.ж.)

Құқықтың негізгі қайнар көзі болып Конфуций ілімі табылды, бұл ілім жоғарыға бағынуды уағыздады және сипаты бойынша этикалық ілім болып табылды.

7ғ.-да «Қылмыстық құқықтағы қылмыстар тізімі» атты қылмыстық құқық жинағы жасалды. Қылмыстардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазаланды. Себебі, конфуцизм дене жазаларына тыйым салған болатын.

- 1) Барлық династияларда мемлекет басында император, ыдыраушылық кезеңінде князьдер тұрды.
 - 2) Императордың жанынан жоғарғы шенеуніктердің үш палатасы құрылды.
 - 3) Император және 2 ұясы.
- Феодалдар, әртүрлі кезеңдерде аксүйектер жаулап алушылардың құрамынан пайда болды; шаруалар, колөнершілер, саудагерлер, құлдар.

- Алғашқы екі кезеңде басқаруды император сарайының шенеуніктері жүзеге асырды.
- 3) 6 ведомство (шендер, қаржылық, рәсімдер, сот және жазалау, қоғамдық жұмыстар).
 - 4) үш палата (заңшығарушылық атқарушы және салтанат өткізуші) және 6 ведомство.
 - 5) мемлекеттік құрылым өзгермеді.
 - 6) Монғолдар бұрынғы әкімшілік жүйені сақтап қалды. Басқа династияларда мемлекеттік құрылым өзгермеді.

Аумақ губернаторлар (князьдер) басқарған провинцияларға бөлінді.

Соттар әкімшіліктен бөлінбеді, жергілікті жерлерде сот өкілеттіктерін облыс басшылары жүзеге асырды.

4. Жапонияның мемлекеті және құқығы

VI-VII ғасырлардағы Жапония.

Жапон архипелагының тұрғылықты халқы болып мына тайпалар табылды: айналар, кумасо және эбису, кейіннен бұл жерлерге тунгус-маньчжур тектес тайпалар да көшіп келді. Көпшілікпен танылған дін болып синтоизм (ата-бабалар мен табиғат күшіне табыну) табылды. VI ғасырдың басында Сога тегінен шыққан ханзада Сетокутайси (572-621 ж.ж.) 12 ранг туралы иерархиялық табель және 17 баптан құралған заң қабылдады, бұл заң буддизм мен конфуций ілімінің мемлекет пен монархтың билігі туралы догмаларына сүйенді.

645 жылы таққа Сумераги тегінен шыққан Кару отырды, ол Котоку атымен билік жүргізе бастады. Бірқатар реформалар жүргізілді, енді мемлекет басында император отыратын болды, елді губерниялар мен уездерге бөлді, жер мемлекеттік меншік ретінде жарияланды, шаруаларға тиесілі жерлер бөліп берілді және олар өздерінің астығының бөлігін мемлекетке беріп отыратын болды. Әскери аксүйектер — самурайлар қалыптасты, олар “бусидо” (бушидо) деп аталатын ар кодексіне сәйкес қызмет ететін. XII ғасырдың соңында самурайлар дербес династия ретінде қалыптасқан Миномото князьдарын жақтады.

XVI-XVII ғасырлардағы Жапония.

XVI ғасырда Жапония феодалдық ыдыраушылық жағдайында болды. Феодал Ода Нобунага Токугава және Такеда тегінің князьдарымен одақтасып, 1582 жылы мемлекеттің 66 провинциясының отызын өзіне бағындырды, оның мирасқоры Хидэеси елдегі бүкіл билікті өз қолына біріктірді. Шаруаларға қару-жарак ұстауға тыйым салынды, олар өз жерлерінен кете алмайтын. Князьдардан құралған өкілдік алқалы орган құрылды.

Кореяға қатысты белсенді жаулап алушылық саясат жүргізілді. 1598 жылы Хидэесидің өлімінен соң оның үш жасар мұрагерінің тұсында ірі феодалдардан құралған регенттік кеңес құрылды. Ірі феодалдардың арасындағы өзара соғыстың нәтижесінде Токугава Иэясу жеңіп шықты. 1603 жылы Токугава сегун (бас қолбасшы) болып жарияланды. Токугава тегі Жапонияда XIX ғасырдың жартысына дейін билік құрды.

Сегунат режимі императорды биліктен аластатты. 1615 жылы бүкіл Жапония біріктірілді. Мемлекеттің астанасы Эдо (қазіргі Токио) қаласына ауыстырылды. Сегуннан кейінгі екінші тұлға болып оның бірінші министрі және бас кеңесшісі табылды, сегун кәметке толмаған жағдайда оны регенттік кеңес тағайындайтын. Жоғарғы кеңесуші орган болып акса-

калдар кеңесі табылды. Жергілікті жерлерде билікті губернаторлар жүзеге асыратын; сегунның ерекше шенеуніктері жергілікті жерлерге бақылау және тексеру мақсатымен жіберілетін. Тұрғылықты халық негізгі төрт сословиеге бөлінді: самурайлар, шаруалар, қолөнершілер және саудагерлер, кайыршылар мен көшпенді артистер ешбір сословиеге жатпайтын. Барлық мемлекеттік лауазымдарды самурайлар иеленді. Халықтың сексен пайызын құраған шаруалар жерді “мәңгілік” жалға алу құқығына сәйкес иеленетін. Қолөнершілер мен саудагерлер цехтар мен гильдияларға біріккен.

Жапондық феодалдық құқығының дамуына қытай құқығының әсері ерекше болды және мұнда да конфуций ілімінің догмалары көрініс тапқан. Қылмыстың, азаматтық деликтінің және әкімшілік теріс қылықтың аралары нақты ажыратылмаған болатын.

Жапондық “Жүз заңдар” (1742 жылы) феодалдық жинағы азаматтық, қылмыстық, процессуалдық құқықтардың негізгі нормаларынан құралған, алайда, бұл нормалар құқық салалары бойынша нақты ажыратылмаған болатын. Ресми доктринада адамның жазылған құқыққа қатынасы мына формуладан көрініс тапқан: “білмесең де, орындауың қажет”. Сол себепті, жазылған құқықты білетін адамдардың санының шеңбері аз болған. Негізінен конфуций ілімінің имандылық және жақсы (немесе жаман) жүріс-тұрыс ережелері басшылыққа алынатын.

Ортағасырлық Жапонияның мемлекеті мен құқығы

Ортағасырлық Жапонияның мемлекеті мен құқығы тарихының

кезеңдері

- 1 кезең. – Ертефеодалдық монархия (6-7 ғ.ғ.)
- 2 кезең. – Дамыған феодализм (12-15 ғ.ғ.)
- 3 кезең. – Кейінгі ортағасырлық (16-18 ғ.ғ.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең. Император – «аспан ұлы»
- 2 кезең. Номинандыбилігі бар император және сёгун.
- 3 кезең. Император, ал 1603ж. бастап сёгун (бас қолбасшы) Токугава руынан шыққан.

- А.қсүйектер, феодалдар және қызметкер ақсүйектер (кейінрек әскери самурайлар соловнесі), саудагерлер, қолөнершілер және шаруалар.

- 1 кезең. Канцлердің басшылығындағы мемлекеттік Кеңес.
- 2 кезең. Самурайлардың істері бойынша басқарма – жоғарғы заңшығарушы орган және жоғарғы сот.
- 3 кезең. Бірінші министр (сегуннан кейінгі екінші тұлға) және Ақсақалдар кеңесі – жоғарғы кеңесу органы.

Самурайлар отрядтары және шаруалар жасақтары

Құқықтық жүйе

Жапондық феодальдық құқығы қытай құқығына және конфуций іліміне негізделді. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылықтар арасында нақты айырмашылықтар болмады. Анағұрлым кең тараған қайнар көз ретінде “Жуэ заң” (1742 ж.) қолданылған. Онда қылмыстық азаматтық және процессуалдық нормалардың айырмашылығы нақты көрсетілмеген.

- 1 кезең. Мемлекет губернаторлар мен үездерге басшылыққа берілген провинцияларға бөлінген. Провинциялар толық билікке иеленген сегунның хатмекшілерімен сюз басқарылды.
- 3 кезең. Жергілікті жерлерде губернаторлар және сегуннан ше неундіктері бақылау және тексеру қызметі атқарған.

ЖАҢА ДӘУІР КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ТАРИХЫ (БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ)

1. Ұлыбритания

XVII ғасырдың басында Англия Еуропаның басқа елдеріне карағанда әлдеқайда жақсы дамыды. Ауқымды колониалдық отарлау саясаты, дамыған мануфактуралық және жеңіл өнеркәсіп мемлекеттің әлемдік нарықтағы алғашқы орындардың бірін иеленуіне жағдай жасады. Елде екі шаруашылық нысаны сақталды: капиталистік және феодалдық. Капиталистік шаруашылықтың артықшылықтары көп болды, себебі, қауымдық жерлерді жинақтаудың нәтижесінде шаруаларды жаппай жерінен айыру процесі жүргізілді (феодалдардың шаруаларды жерлерінен күштеп қууы). Абсолютизм жерінен айырылған мындаған шаруаларды жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмады. Ол әлеуметтік тұрғыда былай көрініс тапты: мемлекет халқының оннан тоғыз бөлігі парламенттік сайлауларға қатысу құқығынан айырылған тұлғаларды құрады. Ер адамдардың тек оннан бір бөлігін ғана басқаруға қатыса алатын джентельмендер, бюргерлер және аukatты шаруалар құраған. Дворяндар табы да өз құрамы бойынша біртектес болған жоқ: оларды ескі дворяндар және жаңа дворяндар немес джентри құрады. Жаңа дворяндар өзінің шаруашылық нысанына байланысты буржуазия болып табылды. Халықтың әртүрлі таптары тартылған революцияның болуына жағдай туды.

Халықтың көпшілік бөлігінің және қалыптасып келе жатқан буржуазияның көңілі толмауының себептерінің бірі болып I Карл Стюарттың (1600-1644 ж.ж.) католик дініне сенетін француз ханшайымына үйленуі болды. Протестанттық Англия патшаның бұл әрекетін Рим Папасымен одақтасуға ұмтылысы деп түсінді.

Шиеліністің қатысушылары болып, бір жағынан, патша, екінші жағынан, патшаға буржуазиялық оппозицияны білдірген парламент табылды. 1628 жылы парламент патшаға Құқық туралы петицияны ұсынды. Құжатта I Эдуард пен III Эдуардтың заңдары бұзылғандығы аталып өтті, бұл заңдарға сәйкес парламенттің келісімінсіз ешқандай салықтарды енгізуге болмайтын. Сонымен қатар, петицияда жерге жеке меншікті патшаның шенеуніктерінің қол сұғуынан қорғалмау фактісі көрсетілді. Ұлы еркіндік хартиясына сілтеме жасай отырып, петицияда ешбір ағылшындық азаматтың сот үкімінсіз ұста-

луына, түрмеге қамалуына, жерінен айырылуына және қудалануына жол берілмейтіндігі аталып өтті. Бесінші бапта, “Жұлдызды палата” мен “Жоғарғы комиссияның” (саяси трибунаның) қызметтері де жалпы құқық соттарына бағынбастан, Хартияға қайшы келетіндігі көрсетілді. Сонымен қатар, петицияда солдаттар мен матростардың бейбіт халықтың жанында орналасуына және әскери жағдайды енгізуге қарсылық білдірілді. Мемлекеттің әдет-ғұрпына қайшы шығарылған көптеген өлім жазалары және жоғарғы шенеуніктердің жазасыздығы да Петицияда көрініс тауып, сынға алынды.

Оныншы бапта қорытындылай келе, төменгі палата парламенттің келісіміңсіз ешбір салықтарды енгізбеуді және ешкімді сотсыз қамауға алмауды сұрады. Негізгі мазмұны бойынша Петицияда жаңа артықшылықтарды бекіту емес, бұрынға құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру талап етілді.

I Карл петицияны бекітуге мәжбүр болды — ол заңға айналды. 1629 жылы патша мен парламенттің арасында жаңа қақтығыс орын алды. Осы кезде I Карл парламентті таратып, мемлекетті өзі жалғыз басқара бастады. Патшаның үстемдігінің күшеюі елде революциялық жағдайдың туындауына алып келді.

Революциялық қозғалыстың идеологиялық негізі болып пуританизм нысанындағы Реформация идеологиясы табылды. Пуританизм діни ағым ретінде елдегі революциялық жағдайдан әлдеқайда ертерек пайда болған, алайда, XVII ғасырдың 20-30 жылдарында абсолютизмге қарсы оппозицияның идеологиясына айналды. Революция барысында пуританизм біртіндеп жойылды.

Пресвитерианство ірі буржуазия мен аксүйектерді біріктірді, конституциялық монархия идеяларын уағыздады. Индепендентство орта және ұсақ буржуазия қатарынан жақтаушыларды тапты. Жалпы алғанда олар конституциялық монархия идеясына қарсы болмады, бірақ, парламенттегі өз жақтаушыларының санын көбейту және еркін адамның ар-ождан және сөз бостандығын тану үшін сайлау округтерін қайта бөлуді талап етті. Левеллерлердің қозғалысы айрықша радикалдық сипатта болды, бұл қозғалыс қолөнершілер мен еркін шаруаларды біріктірді, олар республиканың орнауын және барлық азаматтардың теңдігін талап етті.

Қысқа парламент. 1629-1640 ж.ж. патша билігінің үстемдік құруымен сиаптталды, себебі, бұл кезде парламент таратылған болатын. Мұның нәтижелерінің бірі ретінде Шотландиядағы қарулы көтерілісі табылды, шотландықтардың Англияға басып кіру қауіпі туды.

Әскери сәтсіздіктер және қаржының жетіспеушілігі I Карлды парламентті шақыруға мәжбүр етті, бұл парламент 1640 жылдың 13-сәуірінен 5-мамырына дейін жұмыс істеді және ол тарихта Қысқа парламент деген атқа ие болды. Қауымдар палатасы патшаның шотландықтармен соғысын қаржыландырудан бас тартты және I Карлдың саясатын талдап қарастыруға көшті. Жалғызілікті басқару жылдарында I Карл парламентті таратып жіберді, осы әрекеті арқылы ол өз жағдайын одан әрі нашарлата түсті.

Ұзақ парламент. Бұл парламентті патша 1640 жылдың қараша айында шақырды, ол 1652 жылға дейін жұмыс істеді, сол себепті де, ол Ұзақ парламент деген атқа ие болды. Парламент Конституциялық деп аталған революцияның (1640 ж. 3-қараша — 1642 ж. 22-тамыз) бірінші кезеңінің басталуына әсер етті. Ұзақ парламент парламенттің патшаның еркіне қарамастан әрбір үш жыл сайын шақырылуын көздеген үшжылдық акт және парламентті оның (парламенттің) келісімінсіз таратуға тыйым салған акт сияқты маңызды құжаттарды қабылдады. Арнайы актімен “Жұлдызды палата” мен “Жоғарғы комиссия” таратылды.

1641 жылы 1-желтоқсанда Ұлы Ремонстрация қабылданды, мұнда Англиядағы дін мен мемлекеттік құрылымды өзгертуге талпыныс жасаған “жаман ниетті партиямен” байланысты қауіп аталып өтті. Бұл “партияның” әрекеттері ретінде Шотландиядағы соғыс, Ирландиядағы көтеріліс және патша мен парламенттің арасындағы шиелініс түсіндірілді. Ремонстрацияда епископтарды лордтар палтасынан аластату және шіркеуге қатысты реформалар жүргізу, сонымен қатар, қауымдық жерлерді жинауға және салық алудағы патша билігінің кемшіліктерін жоюға тыйым салу талап етілді.

Ұзақ парламент қабылдаған барлық актілер патша билігін шектеді, оларды патша бекіткенімен, шиелініс шешілмеді. Нәтижесінде патша мен парламенттің арасындағы азаматтық соғысқа алып келді. Патша Оксфордқа көшіп кетті, сөйтіп, мемлекетті іс жүзінде Лондон мен Оксфордтағы екі үкімет басқарды.

Азаматтық соғыс. Бұл соғыс екі кезеңге бөлінді: 1) парламенттік әскерді басқару пресвитериандардың қолында болған кезең және 2) индипенденттердің қолында болған кезең. Парламенттік әскердің патша әскерімен соғысындағы алғашқы сәтсіздіктер оны генерал О. Кромвельдың (1599-1658) “Жаңа үлгісі” бойынша қайта құрылуына әкеп соқты. Индипендент болғандықтан, О. Кромвель жоғарғы лауазым орындарын индипенденттік қауымға берді. Әскери басшылықтан ақсүйектерді

аластату үшін парламент мүшелеріне әскерде басшылық қызмет атқаруға тыйым салатын “Өздігінен бас тарту туралы билі” қабылданды. 1645 жылы патша әскері соғысты жеңілді. I Карл Шотландияға қашып, ол жақтан парламентке берілді.

Парламент пен әскер арасындағы қақтығыс пресвитериандар мен индепенденттердің және басында көсемі Джон Лильберн тұрған олардың радикалды қанаты левеллерлердің революцияның мақсатына жету жолдарына қатысты әртүрлі көзқарастарының нәтижесінде өрши түсті. 1648 жылы көктемде патша мен пресвитериандық парламенттің арасындағы екінші азаматтық соғыс басталды. Индепенденттік әскер левеллерлердің (радикалық-революциялық қанат) арқасында жеңіске жетті. О. Кромвель парламенттен пресвитериандарды қуды, ал парламенттің қалған мүшелері толығымен оған бағынды.

Индепенденттік республика және Кромвельдің протектораты. 1649 жылы патшаны өлтірілген соң парламент Англияны республика ретінде жариялады. Лордтар палатасы жойылды, ал қауымдар палатасы өздерін жоғарғы биліктің иесі ретінде жариялады. Атқарушы жоғарғы орган ретінде Мемлекеттік кеңес құрылды.

Индепенденттер мен левеллерлердің арасында бұл оқиғаларға дейін бекітілген “Халықтық келісімде” келесі әрекеттер мақсаттар ретінде көзделді: Ұзақ парламентті тарату, барлық ер адамдардың қатысуымен жаңа сайлауларды ұйымдастыру, барлығының заң алдындағы теңдігі және т.б. Алайда, Кромвель үшін “Халықтық келісім” әрекеттердің шынайы бағдарламасы емес, айралық мойын ұсыну болып табылды. Мұны білген левеллерлер бірнеше әскери бөлімдердің қолдауымен көтеріліс бастады. Бірақ, Кромвель көтерілісті басып тастады. 1653 жылы парламенттен қолдау таппаған Кромвель оны таратып жіберді.

1653 жылдың соңында О.Кромвельдің диктатурасын нығайта түскен “Басқару қаруы” атты конституция қабылданды. Бұл актіге сәйкес жоғарғы заң шығару билігі лорд-протектор мен бірпалаталы парламентке тиесілі болды. Атқарушы жоғарғы билік лорд-протектор мен құрамында 13-тен 21-ге дейін мүшесі бар Мемлекеттік кеңеске берілді. Кейінірек Кромвель парламентті шақыруды тоқтатты және Мемлекеттік кеңестің мүшелерін өз қалауы бойынша тағайындайтын болды. 1657 жылы парламенттің жоғарғы палатасы қалпына келтірілді. Осылай, Кромвельдің өзіндік диктатурасы революциялық көтерілістерді басып тастады — мемлекетте республиканың орнына монархияға ұқсас жалғызилікті билік орнады.

Стюарттар реставрациясы. 1658 жылы Кромвель қайтыс болған соң билік оның ұлы Ричард Кромвельге өтті. Оның қоғамда беделі жоқ болатын. 1659 жылы Ұзақ парламенттің “қалдығы” таққа өлтірілген патшаның ұлы — II Карлды (1630-1685) отырғызды. Алайда, II Карл сөз бергеніне қарамастан ескі тәртіптерді орната бастады. Бұл жылдары Англияда екі саяси партия пайда болды: торри — патшаны жақтаушыларды біріктірді, виги — патшаға оппозициялық қатынастағы буржуазия мен орта дворяндарды біріктірді.

1679 жылы вигилар парламентта көпшілік дауысқа ие болуының нәтижесінде “Хабеас корпус акт” немесе “Азаматтардың бостандығын жақсы қамтамасыз ету және теңіздің ар жағында қамауға алудың алдын алу актісін қабылдады. Бұл заңға сәйкес, қамауға алынған адам өзі немесе туыстары арқылы “Хабеас корпусы” туралы бұйрық беру талабымен Англияның жоғары соттарының біріне жолдану құқығын иеленді. Бұл бұйрыққа сәйкес, қамауға алған тұлға оны сотқа әкелуі тиіс болатын және, мүмкін болса, ол үшін ақшалай құн төленсе, оны босатуға тиіс болатын. “Хабеас корпусы” II Карл бекітті, алайда ол вигилердің II Яковтың таққа отыруына қарсы болмауын шарт етіп қойды.

“Революция және оның салдары.” Жаңа патша II Яков (1633-1701) буржуазияға қарсы саясатты жүргізді, сөйтіп, парламент вигилармен біріге тырып (парламенттің құрамында негізінен торилар болатын), “революцияны” жүзеге асырды. 1689 жылы таққа Нидерланды штатгальтері Вильгельм Оранский (1650-1702) отырды. Осы кезден бастап Англияда конституциялық монархия түбірімен орнады. Жаңа патша, таққа отырған соң, “Құқықтар туралы биллді” бекітті, оның негізгі мәні парламенттің заңнама саласындағы үстемдігін бекітуде болды. Алайда, патшада парламенттің заң жобаларына абсолюттік вето құқығы сақталып қалды.

1701 жылы конституциялық заң — “Тақты мұрагерлікке алу туралы заң” қабылданды. Бұл заң екі маңызды ережені орнықтырды: контрассигнатура ережесі, оған сәйкес, патшаның заң шығару актілері тек министр бекіткенде ғана күшіне енетін, және соттардың ауыстырылмайтындығы.

XVII ҒАСЫРДАҒЫ АНГЛИЯ

Парламент екіпалаталы болды: жоғарғы палата (лордтар палатасы), өз орнын мұрагерлік бойынша, немесе лауазымы бойынша, немесе патшаның тағайындауы бойынша иеленген тұлғалардан құралды; төменгі палата (қауымдар палатасы), сайлау құқығының негізінде құрылды.

1710 жылы арнайы заң қабылданды, оған сәйкес, жылы-жымайтын мүліктен селолық жерлерде 500 фунт стерлинг, қалалық жерлерде 300 фунт стерлинг табыс табатын тұлғалар ғана парламентке сайлана алатын. 1707 жылы патшаның veto құқығы тоқтатылды, сөйтіп, заң шығару билігі толығымен парламентке тиесілі болды. 1716 жылы парламенттің төменгі палатасының өкілеттіктерінің мерзімін 3 жылдан 7 жылға ұзартқан заң қабылданды. Осы кезде министрлер кабинеті — мемлекеттік құрылымда ерекше орынды иеленген орган құрылды, себебі, бұл орган патшаның атқарушылық билігін шектейтін болды.

Патшаның министрлер кабинетіне әсер етуін әлсіреткен маңызды ереже болып патшаның жоғарғы мемлекеттік лауазымды тұлғаларды тағайындау және қызметінен босату құқығын шектеу табылды, бұл парламент пен саяси партиялардың күшеюіне алып келді. Патша парламенттік көпшіліктің көзқарасымен санасуға мәжбүр болды. Мысалы, 1727 жылы II Георг 1721-1742 ж.ж. Премьер-министрді қызметінен босатты, алайда, бұл әрекетті парламент қолдамаған соң оны қайтадан билікке шақыруға мәжбүр болды.

Патшаның министрлер кабинетіне қатысты билігінің әлсіреуімен қатар парламент тарапынан бақылау күшейе түсті. XVIII ғасырдың ортасында мынадай маңызды қағида қалыптасты: министрлер кабинеті парламенттен қолдау тапқанда ғана билік басында болатын. Құрамына парламенттік көпшіліктің (партияның) бетке ұстарлары кірген кабинетке парламент тарапынан қолдау қамтамасыз етілетін. Осылай, кабинет партиялық негізде құрылатын болған. Үкіметтің құрамына кірген парламенттегі партияның лидерлері қауымдар палатасының алдында ұжымдық түрде жауапкершілікте болатын. “Жауапкершілікті үкімет” — XVIII ғасырдың соңындағы Англияның парламенттік жүйесінің айрықша белгісі болған.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АНГЛИЯ

Ірі өндірістердің күшеюімен бірге өнеркәсіптің жылдам өсуі жүзеге асты. Қалада өнеркәсіптік буржуазия мен пролетарийлер табы, ал ауылда үш тап — лэндлордтар (жер иеленушілер), жалға алушылар (арендаторлар) және батырақтар қалыптасты.

XIX ғасырдың басында екі саяси партия үстемдік құрды: гори — консервативтік тарихи әдет-ғұрыптардың көрінісі ретіндегі помещиктер мен қаржылық буржуазия, виги — өнеркәсіптік буржуазия. XVIII ғасырдың ауқымында аталған екі партия билік басында кезектесіп отырды. “Ұлы революциядан”

бастап XVIII ғасырдың ортасына дейін парламаентте виги ерекше орынды иеленді. 1783 жылы тори қауымдар палатасының көп бөлігін құрады және 1830 жылға дейін билік құрды.

Саяси жүйенің ен маңызды элементі болып парламент табылды, феодалдық өкілдік — қауымдар палатасы ерекше рөлді иеленді. Сайлаудың ескі жүйесі аристократия мен буржуазияны орнықтырды, алайда қоғамның жаңа күштерінің талаптарын қанағаттандыра алмады. Бұл сайлау реформасы үшін күреске алып келді. Ұсақ буржуазия мен жұмысшылар саяси құрлымды демократияландыруды және жалпы сайлау құқығын енгізуді талап етті. Саяси күрес 1830 жылы өрши түсті, оған белгілі бір дәрежеде Франциядағы Шілде революциясы әсер етті.

1830 жылғы парламенттік сайлаулар реформаны жақтаушылардың жеңісін алып келді.

1831 жылы қауымдар палатасы Грейдің виг үкіметі енгізген “Реформа туралы билльді” қабылдады. 1832 жылы лордтар палатасы жеңілуге және “Реформа туралы билльді” бекітуге мәжбүр болды.

1832 жылғы сайлау реформасы 21 жасқа толған, салық төлеуші және жылына 10 фунт стерлингтен кем емес табыс беретін жылжымайтын мүлкі бар барлық ер адамдарға сайлау құқығын берді. Реформаның нәтижесінде сайлаушылардың саны 652 мыңға өсті. Алайда, жұмысшылар мен ұсақ буржуазияда сайлау құқығы болмады. 1832 жылғы сайлау реформасының маңызды саласы болып саяси партиялардың өзгеруі табылды. Тори консерваторлар партиясына, виги либералдар партиясына айналды.

Мемлекеттік бақарудың жүйесі толығымен өзгерді. Мысалы, қаржы министрлігінде бірқатар лауазымдар жойылды.

Чартистік қозғалыс. 1832 жылғы реформа Ұлыбританияның жұмысшыларын қанағаттандырмады, ал 1836-1838 жылдардағы экономикадағы қиындықтар жұмысшы саяси қозғалысы — чартизмнің пайда болуына себепкер болды.

1836 жылы Лондонда жұмысшылар ассоциациясы құрылды, ол келесі талаптарды қойды:

- 1) 21 жасқа толған және өз приходында 6 айдан кем емес уақыт тұрған ер адамдарға жалпы сайлау құқығын;
- 2) Парламентке депутаттыққа үміткерлер үшін мүліктік цензді алып тастау;
- 3) сайлау округтерін теңестіру;
- 4) парламентте жыл сайын сайлаулар өткізу;
- 5) депутаттардың еңбегіне ақы төлеу;
- 6) құпия дауыс беру.

Чартистер бұл талаптарды халық хартиясы туралы петиция (чартер) түрінде 1838 жылы парламентке ұсынды. Қауымдар палатасы петициядан бас тартып, қозғалыстың қатысушыларына қатысты қуғын-сүргінді ұйымдастырды. 1842 жылы чартистер парламентке екінші петицияны ұсынды, бұл петицияға жоғарыда аталған алты талаптың негізінде 3 млн. 300 мың адам қол қойды. 1848 жылғы 10 сәуірде және сол жылдың шілдесінде чартистер парламентке халық партиясы туралы петицияны ұсынудың тағы да екі талпынысын жасады, алайда, парламент олардан бас тартып, чартистерге қарсы қуғын-сүргінді бастады.

Чартизмнің жеңілуімен Англиядағы жұмысшы қозғалысы таза экономикалық бағытты иеленді. Білікті жұмысшылардың кәсіптік одақтары — тред-юнион құрылды, олар жұмысшы-сайлаушылардың санының өсуі өздерінің қауымдар палатасына әсерін күшейтеді деп үміттенді. Екі партия да, жұмысшы қозғалысының кең таралуын негізге ала отырып, реформалар жасауға көшті. Б.Дизраэлидің консервативтік кабинеті 1867 жылы келесі реформаларды жүзеге асырды: депутаттық орындар “шіріген жерлерге” (парламентте көп орынды иеленген, халық саны аз, алайда аумағы үлкен графтықтар) емес, өнеркәсіптік қалалар мен графтықтарға қатысты бөлінетін болды. Салық төлеушілер үшін мүліктік ценз қала тұрғындары үшін 10 фунт стерлингке, графтықтарда: жер иеленушілер үшін 5 фунт стерлингке, жалға алушылар үшін 12 фунт стерлингке азайды. Осылай сайлау тізімдері ұсақ буржуазияның, жұмысшылардың және колөнершілердің есебінен өсті. Сайлаушылардың саны миллионнан асып кетті. Алайда, ер адамдардың 2\3-і және әйелдер бұрынғыша сайлау құқығын иеленбеді.

XIX-ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ — XX-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл кезеңдегі Ұлыбританияның саяси жүйесінің негізін либералды және консервативтік партия құрады. Либералдар 1877 жылы Ұлттық либералдық ассоциацияны құрды. XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін консервативтік партия либералдарға қарағанда әлсіздеу болды және либералдардың үлгісі бойынша 1883 жылы консервативтік ассоциациялардың ұлттық одағын құрды.

1876 жылы Ұлыбританияда өнеркәсіптің негізгі салалары бойынша шиелініс басталды, осыған байланысты либералдардың жағдайы да әлсірей бастады. Осы қиындықтардың болуына байланысты Ұлыбритания Германия мен АҚШ-тан артта қалып қойды. Сөйтіп, ағылшындық буржуазия жұмыс-

шылардың өмір сүру деңгейін төмендетуге және колониялық саясатты күшейтуге мәжбүр болды, ал бұл либерализмнің ескі қағидаларына қайшы келетін.

Либералдық кабинет құлады және билік басына консерваторлар келді. Алайда, либералдардың билік құру жылдарында тред-юниондарға сотқа өз өкілдері арқылы қатысуға рұқсат беретін заң (1871 жыл) қабылданған болатын. 1872 жылы құпия дауыс беру туралы заң қабылданды.

1884-1885 жылдары консерваторлардың тұсында кезекті сайлау реформасы жүзеге асты: қалалардағы мүліктік ценз жойылды. Сайлаушылардың саны екі есеге дейін өсті.

Либералдардың жүзеге асырған реформаларының ішінде соттар реформасын ерекше атап өткен жөн, бұл реформаның негізінде Англияның жоғары соттары Жоғары соттан, Апелляциялық соттан және Азаматтық істер бойынша соттан құралған Жоғарғы сотқа бірікті.

1911 жылғы Парламент туралы акт мыналарды орнықтырды: қауымдар палатасы мақұлдаған, алайда лордтар палатасы қайтарып тастаған кезкелген қаржылық емес билль лордтар палатасын аттап өтіп, бірден патшаға бекітілуге жіберілетін болды; қаржылық билльдер лордтар палатасының келісімін тіпті де қажет етпеді; билльдің сипатын қауымдар палатасының спикері анықтайтын болды; қауымдар палатасының мүшелері жалақы алатын болды. Соңғы шараның 1906 жылы құрылған лейбористік партия (еңбекші жұмысшылар партиясы) үшін маңызы зор болды.

БРИТАНДЫҚ КОЛОНИАЛДЫҚ ИМПЕРИЯ

Британдық колониалдық империя XVII-XVIII ғасырларда қалыптаса бастады. Испаниямен, Голландиямен, Франциямен күресте Англия саудалық және теңіз үстемдігіне талпынды.

XVII ғасырда Англия Канададағы, Австралиядағы, Оңтүстік Африкадағы, Үндістандағы ірі аумақтарды жаулап алды. XII ғасырдан бастап колонизацияланған Ирландия ерекше жағдайда болды. 1800 жылы Ирландия Ұлыбританиямен одақ құрды, бұл одақ ирландық автономияның қалдықтарын жойды. Ирландықтар тәуелсіздік үшін күресті, ал оның ағылшындық парламенттегі депутаттары гомрул идеясын (автономия) жақтады.

1886 жылы парламентке Ирландияға шектелген өзін-өзі басқаруды беру туралы заң ұсынылды, бұл заңды қауымдар палатасы кері қайтарып тастады. 1893 жылы Ирландияның автономиясы туралы заң лордтар палатасынан өтпеді. 1914 жылы гомрул туралы заң қабылданды, оған сәйкес Ирландияның автономиясы әдеттегі доминионның мәртебесінен төмен болды.

Британдық колониялар екі түрге бөлінді: жаулап алынған (жабайы адамдардың көптігімен ерекшеленді) және қоныс аударылған (Англиядан шыққан халықтардың көптігімен ерекшеленді). Жаулап алынған колонияларда саяси құқықтар шектелген сипатты иеленді және оларды генерал-губернаторлар басқарды. Қоныс аударылған колониялардың басқаруында саяси құқықтар көбірек болды (метрополия олар АҚШ-тағы сияқты тәуелсіздік үшін күрес бастайды деп қорықты).

1867 жылы Канаданы басқару жаңа негіздерге сәйкес өзгертілді, Канаданың төрт провинциясы Канада доминионы деген атқа ие болған конфедерацияны құрады. Бұл процесс “Британдық Солтүстік Америка туралы актіде” рәсімделді.

Оңтүстік Африкадағы иеліктерден өзін-өзі басқаруды 1854 жылы Кап жері, ал 1856 жылы Наталь иеленді.

1900 жылы Австралиядағы жекелеген өзін-өзі басқарушы колониялар Австралиялық одаққа бірікті. 1900 жылғы Конституция Австралияны федеративтік мемлекет ретінде жариялады. Заң шығару билігін сенат пен өкілдер палатасынан құралған екіпалаталы парламент жүзеге асыратын болды. Атқарушы билік генерал-губернаторға тиесілі болды.

Жаңа Зеландияда 1854 жылы Конституция қабылданды.

Үндістанда саяси буржуазиялық партия Үндістандық ұлт-тық конгресс 1885 жылы құрылды. Бұл партияның негізгі бағдарламалық талабы болып үндістерге мемлекетті басқаруға рұқсат ету болды. 1892 жылы “Үнді кеңестері туралы” заңмен үндістандық буржуазияның өкілдері заңды талқылаушы кеңестерге жіберілді. 1906 жылы үндістерге атқарушы органдарда қызмет етуге рұқсат етілді. Алайда, тәуелсіздікке Үндістан тек 1947 жылы ғана жетті.

Колониялардың метрополиямен қатынастарын реттеу үшін 1887 жылдан бастап тұрақты түрде “колониалдық конференциялар” жүргізіле бастады, олар 1907 жылы “империялық колониалдық конференциялар” деген атқа ие болды.

Жаңа дәуірдегі Ұлыбритания

Ұлыбританияның тарихын мемлекеттік режимдерге сәйкес кезеңдерге болу

1 кезең – XVғ. басы – 1649 ж. Шексіз монархия
2 кезең – 1649 – 1659 ж.ж Индепенденттік республика
3 кезең – 1659 – 1689 ж.ж. Спюарттардың реставрациясы.
4 кезең – 1689ж. – қазіргі кезге дейін. Конституциялық монархия.

1 кезең Патша
2 кезең Лорд-протектор
3 кезең Патша
4 кезең Патша.

Феодалдар, лордтар, дін қызметкерлері, жаңа дворяндар - «джентри», шаруалар, қалалықтар, буржуазия, колөнершілер, саудагерлер.

1 кезең Екіпалаталы парламент
2 кезең Бірпалаталы парламент
3 кезең Екіпалаталы парламент
4 кезең Екіпалаталы парламент

Аумақ графтықтарға, графтықтар округтарға бөлінді.

1 кезең Шенеуніктік аппарат
2 кезең Мемлекеттік кеңес
3 кезең Ескі шенеуніктік аппарат
4 кезең Министрлер кабинеті

1 кезең Тұрақты патша әскері.
2 кезең «Жаңа үлгідегі» әскер.

1 кезең Ескі соттармен қатар Жұлдызды палата және Жоғарғы комиссия (саяси трибуналар) әрекет еткен, бірақ, бұлар кейін таратылған.
2 кезең Әділдік соттары және жалпы құқық соттары.
3 кезең Англияның жоғары соттары құрамы Жоғары сот пен Апелляциялық соттан тұратын Жоғарғы сотқа бірікті.

2. Германия

“Герман ұлтының қасиетті рим империясын” 1804 жылы Наполеон Бонапарт құлатты. 1814 жылы Наполеон Париж трактатын талқандаған соң Герман одағы құрылды. Оның құрамына 34 патшалық-мемлекеттер, княздықтар, герцогтықтар және біраз еркін қалалар енді. Бұл мемлекеттердің барлығы император мен импер сейміне бағынысты деп есептелді, алайда, іс жүзінде олардың барлығы толық тәуелсіздікке ие еді.

Герман одағының басқарушы органы — одақтық сейм барлық герман мемлекеттерінің өкілдерінен құралды. Одаққа кірген әрбір мемлекет тәуелсіз болды және түрліше басқарылды: бір мемлекеттерде өзіндік держава сақталып қалса, басқаларында жиналыстар (парламентке ұқсас) құрылды. Барлық мемлекеттердегі әлеуметтік құрылым ұқсас болып келді. Дворяндар не князьға, не императорға тәуелді болды. Қала тұрғындары өкілдік қалалардағы мекемелерді басқарған патрицийлік отбасыларынан, бюргерлерден және қолөнершілерден тұрды. Шаруалардың басым көпшілігі басыбайлы болды.

Барлық герман мемлекеттерінің ішінен Пруссия мен Австрия ең консервативті болды. Бұл кезде консерватизмнің идеологиялық негізі болып құқықтың тарихи мектебі табылды (Гуго, Пухта, Савиньи), бұл мектеп құқықты кодификациялауға және жалпы либералдық заң шығаруға қарсы тұрды.

Германиядағы жалпы саяси жағдайға наполеондық соғыс өз ізін қалдырып кетті: Наполеон Кодексінің әсері бірқатар реформалардан айқын көрінді. Мысалы, Штейннің есімімен байланысты 1808-1810 жылдардағы реформа Пруссиядағы мемлекеттік басқаруды қайта реттеді. Ескі, басқарылуы нашар “алқалардың” орнына бес министрлік келді (қорғаныс, сыртқы істер, қаржы, ішкі істер және әділет министрліктері). Қалаларда жергілікті кеңестер құрылды. Басыбайлық құқық жойылды, бірақ шаруалар толық бостандық алу үшін өзіне тиесілі жерді помещикке беруге тиіс болатын.

Шарнхорст реформасынан кейін елде жалпы әскери міндеттілік орнады.

1848 ЖЫЛҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ.

Германиядағы революцияның болуына 1848 жылы Францияда болған революциясы түрткі болды. 1848 жылғы наурыз айында Берлин каласында қарулы көтеріліс өтті. Патшалар мен князьдар уақыт жеңу үшін Франкфурт-на-Майне каласында федералдық Конституцияны қабылдауға байланысты бүкілгер-

маниялық Құрылтай жиналысын шақыруға келісім берді. Демократиялық конституцияның жобасы іс жүзінде енгізілмеді, ал 1849 жылы жиналған делегаттар Вюртемберннің үкіметімен таратылды.

1850 жылы қабылданған конституция феодалдық басшылардың мүддесіне сәйкес келді. Елде екі палаталық заңшығарушы орган құрылды. Парламенттің (ландтаг) заңшығарушы билігі абсолюттік вето құқығы арқылы патшаның билігін шектеді. Үкімет құрамындағы министрлер Ландтагқа бағынысты емес еді, сол себептен оларға сенімсіздік вотумы қорқыныш тудырмайтын.

Пруссия канцлері Отто Бисмарк өз әскеріне бюджеттің 51 ден 22 млн. талерін жұмсап отырды. Алайда, канцлердің бұл әрекеттері 1866 жылы Пруссияның Австриямен соғыста жеңіске жетуімен кешірілді. Соғыстың нәтижесінде Пруссияға бірқатар солтүстік-германдық мемлекеттер қосылды, соның ішінде: Ганновер, Гессен-Кастель, Ниссау, Франкфурт-на-Майне мемлекеттері болды. Шлезвиг пен Гольштейн 1864 жылы Даниямен соғысканнан кейін қосылды. 1866 жылы Герман одағының орнына Мемлекеттердің солтүстік-германдық одағы құрылды. Жаңа мемлекет 1867 жылы жаңа конституция қабылдады. Оған сәйкес, Одақты басқару пруссиялық патшаға (президентке), канцлерге және екі палатаға берілді. Төменгі палата жалпы сайлау құқығының негізінде сайланды.

Одаққа келесі оңтүстік-германдық мемлекеттер енеді: Бавария, Саксония. Вюртемберг. Оларды күштеп біріктіруге Франция кедергі жасады, себебі, Франция үшін Германияда қуатты біртұтас мемлекеттің құрылуы тиімсіз еді.

1870 жылы Пруссия Франциямен соғыстың басталуына себепкер болды. Франция жеңілді, ал Пруссияға оңтүстік-герман мемлекеттерін біріктіруге мүмкіндік туды. Осылай, Еуропаның орталығында жаңа мемлекет — Герман империясы пайда болды.

ГЕРМАНИЯНЫҢ 1871 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Жаңа конституцияға сәйкес империяның құрамына 22 монархия мен бірнеше еркін қалалар енді. Империяның билеушісі болып пруссиялық патша табылды, бұл Германиядағы жағдайға сай болып келді, себебі, империя аумағының жартысынан астамы және халықтың 60 %-і Пруссияның үлесінде еді. Патша мемлекеттің басшысы және бас қолбасшы болып табылды, ол үкімет басшысын — импер канцлерін тағайындайтын.

Парламенттің жоғарғы палатасы Одақтық кеңес (бундесрат) деп аталды. Төменгі палата (рейхстаг) алғашқыда 3 жылға, ал

1887 жылдан бастап 5 жылға сайланатын. Рейхстагтың іс жүзіндегі билігі бундесраттың өкілеттіктерінен аздау болатын. Рейхстагтың үкіметке бақылау жасауға талпыныстарын бірнеше рет бундесрат басып тастаған болатын.

1871 жылғы конституцияның 20 бабы ерлердің жалпы сайлау құқығын енгізуді көздеді, алайда, құпия дауыс берудің орнына империяның қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ашық дауыс беру енгізілді.

Төменгі палатаны мерзімінен бұрын тарату бундесраттың қаулысымен жүзеге аса беретін, мұндай жағдай жиі орын алатын.

Жалпы алғанда, өзінің әлеуметтік-саяси мазмұны бойынша 1871 жылғы конституция феодалдық-юнкерлік жер иеленушілік пен жылдам дамушы пруссиялық-германдық капиталдың арасындағы үйлесімділіктің көрінісі болып табылды.

ГЕРМАНИЯНЫҢ АЛҒА ШЫҒУЫ

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Германияда өндірістік өнеркәсіптің жылдам дамуы байқалды. 1882 жылы біріккен Германияда 9,5 мың, 1895 жылы — 18 мыңдай, 1907 жылы — 30 мыңнан астам кәсіпорындар құрылды. Аталған кезеңде жұмысшы табының саны да жылдам қарқынмен өсті — 6 миллионнан 11 миллионға дейін. Жұмысшы табының жылдам өсуі оны жаңа саяси күш ретінде алға тартты, оның ұйымдастырушылық орталығы болып әлеуметтік-демократиялық партия табылды. 1875 жылы Гот қаласында съезде қабылданған Гот бағдарламасында көрініс тапқандай, социал-демократтар өз мақсаты ретінде демократиялық парламент үшін күресті, ал парламенттің өзінде — жұмысшы табының жағдайын жақсартушы заңдар үшін күресті таңдады. Социал-демократтардың әсерінің күшеюіне жауап ретінде Бисмарк үкіметі рейхстаг арқылы оларға қарсы заң қабылдады. Алайда, 1890 жылы бұл заң өз күшін жойды, ал Отто Бисмарк отставкаға кетті.

Өз колонияларынан айырылған Германия бейбітшілікті сақтауға тырысты. Франциямен және Ұлыбританиямен шиеліністі қарым-қатынастар бірінші дүниежүзілік соғысқа алып келді. Соғыстың басталуына себеп болып 1914 жылы Сараево қаласында австрия-венгриялық тақтың мұрагері эрцгерцог Фердинандтың өлімі табылды. Алайда, Германия соғыстан ойсырата жеңілді, империя құлады.

Жаңа дәуірдегі Германия

Германияның тарихын мемлекеттік режимдер бойынша кезендерге бөлу

- 1 кезең – 1814ж. – 1867 ж. Өртүрлі мемлекеттік режимдерге не 34 мемлекеттен құралған Герман одағы.
- 2 кезең – 1867 – 1871 ж.ж. Солтүстік-Германдық одақ
- 3 кезең – 1871 – 1918 ж.ж. 22 мемлекеттен, монархиялардан және еркін қалалардан құралған Герман империясы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең Император
- 2 кезең Пруссия патшасы (президент)
- 3 кезең Император

Феодалдар, юнкер сословиесі, дин қызматкерлері, шаруалар, қалалықтар, буржуазия, колонгершілер.

- 1 кезең Одақтық сейм
- 2 кезең Екпалаталық парламент
- 3 кезең Одақтық кеңес – бундесрат – жоғарғы палата және рейхстаг – парламенттің төменгі палатасы

- 1 кезең Герман мемлекеттерінің әскерлері.
- 2 кезең Жалпы әскери міндеттіліктің негізінде жинақталған әскер

- 1 кезең Мемлекеттердің шенеуніктік аппараты
- 2 кезең Канцлер басшылық ететін үкімет
- 3 кезең Министрлерге тікелей басшылық жасайтын империялық канцлер

Ландтагтар және герман мемлекеттерінің үкіметтері.

3. Америка Құрама Штаттары

АҚШ-тың ҚҰРЫЛУЫ

Солтүстік Американың Атлант жағалауындағы бірінші ағылшын колониясы XVII ғасырдың басында құрылды. XVII-XVIII ғ.ғ. аралығында Солтүстік Америка жағалауының ортаң белінде тағы да 12 колония орналасты. Ағылшындар жергілікті тұрғын халықты жойып олардың орнына Африкадан құлдар алып келді. Оңтүстік және солтүстік колониялардың экономикалық ахуалы әртүрлі болды, оңтүстік колониялар ауыл шаруашылық плантаторлық қызметпен айналысты және оларда құл жұмсау кең орын алды. Солтүстік колониялар негізінен мануфактуралық-өнеркәсіптік капиталистік қатынастары дамыған сипатта болды. XVIII ғасырдың 70-жылдары колониялардың тұрғылықты халқы 3,5 млн. адамға жетті, сонымен қатар 500 мыңға жуық құлдар болды.

Колонияларды басқару түрлі нысанда жүзеге асырылды: жеке меншіктегі (Мэриленд, Пенсильвания), “халық басқаратын” (Коннектикут, Род-Айленд) және орталықтан тағайындалатын (Англиядан) губернаторлар басқаратын “патша колониялары”. Колониялық тұрғындар өздерін англия патшалығының еркін азаматтары ретінде таныды және оларға метрополиі құқығы: Ұлы еркіндік хартиясы, Құқық туралы билль, “жалпы құқық”, “әділдік құқығы” таралды.

Алайда, колонияларды метрополиидің шикізатпен қамтамасыз етуші базасы ретінде ұстау және оларды тонау саясаты халықтың ашуын тудырып, ашық түрде үкіметке қарсы көтеріліс жасауға әкеп соқты.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН СОҒЫС

Күресу координациясының тәуелсіздік үшін қозғалысы негізінде “корреспонденция, қауіпсіздік және байқау комитеттері” құрылды. 1774 жылы Филадельфия қаласында құрамы 55 делегаттан тұратын ең алғашқы континентальдық конгресс өтті. Ол жерде метрополиидің кедендік және салықтық саясатына қатысты наразылық білдіретін Құқық декларациясы бекітілді. Осы Декларациямен қатар, сол кезде корольға петиция жазылды, онда колонистер метрополиидің қысым жасауын тоқтатуды сұранды. Ал ағылшын үкіметі оларға қарсы соғыс әрекеттерін жүргізуді бастады. Сонда, 1775 жылы мамыр айында Екінші континенталдық конгресс жиналды. Ол жерде Англияға қарсы соғыс жағдайына баға беріліп, және американдық әскерді құру туралы шешім қабылданды. Ол әскердің бас қолбасшысы болып Джордж Вашингтон тағайындалды. Тәуел-

сіздік үшін соғыс басталды. Әрбір колония өзін тәуелсіз мемлекет — штат ретінде жариялады.

Американдықтарды қорғау талпыныстарының сәтсіздігіне көзі жеткен, азаттық үшін күрестің көрнекті идеологтары Д. Адамс, Т. Джефферсон, Т. Гамильтон ағылшын құқығының нормаларына сілтеме жасай отырып, табиғи құқық идеяларына жүгінді. Бұл идеялар адамның құқықтары тумысынан беріледі және олардан айыруға ешкімнің құқығы жоқ деп таныды, мемлекет оларды бұзуға емес, керісінше, қорғауға міндетті.

Бұл идеялар 1776 жылғы 4-шілдеде қайта шақырылған Контиенталдық конгрессте қабылданған “Тәуелсіздік декларациясының” негізі болды. Томас Джефферсон жасаған бұл құжатта метрополий тарабынан колониялардың табиғи құқықтары бұзылып отырғандықтан метрополиймен байланысты түбірімен үзу және тәуелсіз Америка Құрама Штаттарын құру туралы шешім қабылданды. Табиғи-құқықтық теорияның негізінде өз аумағында ұлттың ұлттық егемендігі жарияланды. Халықтың революция жасауға құқығы бекітілді. Алайда, өзінің ішкі сипаты бойынша демократиялық болып табылатын бұл Декларацияда құлдық пен үндістер туралы ештеңе көрініс таппады.

1778 жылы штаттардың өкілдерімен өткізілген Конгрессте “Конфедерацияның баптары” атты құжат бекітілді. Штаттар АҚШ деп аталатын “мәңгі одаққа” — конфедерацияға аяқ басты. Штаттар Конгресс қарайтын ортақ істерден басқа мемлекет ішіндегі мәселелерді шешуде тәуелсіздікке ие болған. Конгресс әр штаттан 2-7 делегаттан қалыптасты және шешім қабылдауда әр штатқа бір дауыстан берілді. Конгресстің 6 айдан ұзаққа созылмайтын сессияаралық кезеңдерінде оның кейбір өкілеттіктерін Штаттар комитеті жүзеге асырған, ол өз кезегінде әр штаттан бір делегаттан жиналған құрамда жұмыс істеді. Сонымен, бұл жерде біртұтас мемлекет емес, мемлекеттер одағын құру көзделген.

1783 жылы АҚШ толығымен тәуелсіз болып танылуы туралы бейбіт келісім жасалған.

Соғыс аяқталған соң штаттарда билікті плантаторлар, буржуазия және саудагерлер иемденіп алған. Соғысты басынан кешкен қатардағы американдықтар өткен соғыстың барлық зиянды салдарын өткерді (шаруашылықты қалпына келтіру, салықтың мөлшерін көтеру және т.б.). Елде халықтың қозғалысы басталды. Отставкадағы капитан Д. Шейсптың басшылығымен ең ірі қарулы көтеріліс өткізілді. Көтерілісті басып тастады, бірақ сондада билік басындағылар конфедерациядан басқа мықты бірлестік құру керек екендігін мойындады.

1787 жылы Филадельфия қаласында 12 штаттан (Род-Айленд штатынан басқалар) 55 делегат қатысқан Конституциялық конвент жиналды. Конституцияның жобасын даярлауда Дж.Вашингтон, Д.Мэдисон, Э.Рандольф, Д.Уилсон сияқты көрнекті мемлекет қайраткерлері мен заңгерлер қатысты. Төрт айлық жұмыстың нәтижесінде Американың қазіргі кезге дейін жеткен Конституциясы қабылданды. Бұл актінің негізіне алынған маңызды бастамалар ретінде мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлінуін атап кетуге болады. Биліктің тармақтарға бөлінуі туралы теория ең алғаш рет Аристотельдің және Марсилия Пуадонскийдің еңбектерінде көрініс тауып, кейін XVIII ғасырда француз ғалымы Ш. Монтескьемен анғұрлым терең зерттелді.

Заң шығарушы билік екі палатадан: Сенат және өкілдер палтасынан тұратын Конгресске берілді. Қос палаталармен қабылданған заң жобасы президент қол қойғаннан кейін 10 күннің ішінде заңды күшіне енетін (ол мерзім өткеннен соң заң жобасы қабылданды деп есептелетін). Егер президент заң жобасын қайтарып жіберсе, Конгрес оны $\frac{2}{3}$ дауысымен бекітетін, яғни жобаны қайтарып жіберу билігі президент қолында болған. Сонымен қатар, президент үкімет және мемлекет басшысы, қарулы күштердің жоғарғы қолбасшысы болып табылған. Ол сенаттың келісімімен елшілер мен басқа да мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғаларын тағайындап, өзінің әкімшілігін басқарған.

Сот билігі АҚШ-тың жалпыфедералдық Жоғарғы сотына тиесілі болды. Аса маңызды істер бойынша халық соттары (суд присяжных) тағайындалған. Конституцияда, сонымен қатар мемлекеттік биліктің қалыптастыру тәртібі көрініс тапқан. Өкілдер палатасының депутаттары штаттар бойынша сайланатын болған (30 мың тұрғыннан бір депутат), Сенат — әр штаттың заң шығарушы жиынынан екі депутаттан алынып құрылатын болған, Президент — екі дәрежелі сайлау жүйесі бойынша сайланатын болған (штаттардың тұрғындары “сай-лаушыларды”, ал олар президентті сайлаған). Жоғарғы соттың мүшелерін сенаттың келісімімен президент тағайындаған. Өкілдер палатасы екі жылға, сенат 6 жылға сайланған, сенат-тың $\frac{1}{3}$ құрамы әрбір екі жыл сайын қайта сайланып отыратын болған. Президент төрт жылға, Жоғарғы соттың судьялары өмір бойына сайланатын болған.

Конституция бойынша федеративтік құрылым еңгізілді. Соның нәтижесінде, жалпыфедералдық органдар мен штаттардың органдарының өкілеттіктері шектелді. Федерацияға мынадай қатынастарды шешу құқығы берілді: соғыс және бейбітшілік,

сыртқы қатынастар, ақша шығару, өлшеу жүйесі, әскерді және теңіз әскерін басқару. Федералдық құқық штат құқығына карағанда үстемдікке ие болды.

1791 жылы “Құқық туралы билль” қабылданды, ол мәні бойынша АҚШ-тың Конституциясына 10 түзету енгізді. Түзетулер саяси мәселелерге қатысты демократияландыру сипатында болды. Алайда, оңтүстік штаттарда сақталған құлдық туралы қайтадан ештеңе айтылмады. Үндістердің жерлерін жаулап алудың және европалық колонияларды сатып алудың нәтижесінде штаттар саны көбейе түсті. Жаңа штаттарды құру тәртібі 1787 жылы қабылданған Конституциямен реттелді. Конгресс штаттардың аумағын өзінің (штаттық) заң шығарушы жиынымен автономиялық деп жариялады. Штаттың басшысын — губернаторын, сенаттың келісімімен президент тағайындады.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР

Саяси партиялардың пайда болуына А.Гамильтон мен Т.Джефферсон басқарған саяси топтар түрткі болды (XVIII ғасырдың 80-жылдары). Гамильтонның жақтастары ірі меншік иелері болатын, олар “Құқық туралы билльсіз” Конституцияның алғашқы кездегі түрін қолдады. Джефферсонның жақтастары шағым кәсіпкерлер мен фермерлер болатын, олар керісінше “Құқық туралы билльды” қолдады. Ақырында “Билльды” қолдаушылар жеңіп шықты. Жоғарыда аталған саяси карама қайшылықтың нәтижесінде 1828 жылы АҚШ-тың демократиялық партиясы, ал 1854 жылы — АҚШ-тың республикалық партиясы құрылды. Екі партияда құрамы бойынша әртүрлі халықтардан болды, алайда, біреуі — оңтүстік штаттарға, екіншісі — солтүстік штаттарға жақын болды.

Көп ұзамай республикалық партияда екі ағым байқалды: оң жақтық (ірі буржуазия) және либералдық-демократиялық (фермерлер) мен шағым буржуазия).

Сайлаушылардың дауысына деген партиялардың күресі сайлау жүйесінің демократиялану үрдісін жандандыра түсті. Штаттардың көпшілігі мүліктік цензді жоя отырып еркектердің жалпы сайлау құқығын енгізді.

АЗАМАТТЫҚ СОҒЫС

XIX ғасырдың ортасында өнеркәсіптік солтүстік пен қулиеленушілік оңтүстіктің арасында шиеліністі қатынастар туындады. 1860 жылы президент болып республикалық партияның либералдық-демократиялық қанатының өкілі А.Линкольн сайланды. Бұған жауап ретінде оңтүстік штаттар

бөлініп шығу және Оңтүстік штаттар конфедерациясын құру туралы шешім қабылдады. 1861 жылы соғыс басталды.

1862 жылғы мамырда А.Линкольн “Гомстед-актқа” қол қойды, бұл заң батыста фермерлықпен айналысуға ниет білдіруші әрбір адамға 160 акрден (1 акр = 1017 шаршы метр) жер учаскесін алу құқығын бекітті. 1862 жылғы қыркүйекте Құлдықты жою туралы прокламация жарияланды. 1863 жылғы қаңтардың бірінен бастап көтеріліс болған аумақтардың негрлері еркін деп жарияланды. Бұл шаралар солтүстікшілдердің беделін жоғарылатып, олардың әскеріне өз еркімен келушілердің санын көбейтті. 1865 жылғы ақпан айында Конгресс АҚШ-тың Конституциясына бүкіл елде құлдықты жою туралы XIII түзетуді енгізді. 1865 жылғы көктемде оңтүстіктің әскерлері талқандалды.


1865 жылғы 14-ақпанда оңтүстікшілдердің жіберген жалданбалы кісі өлтірушісі А.Линкольнды өлтірді. 1867 жылы Конгресс қабылдаған жоспар бойынша бүлік көтеруші оңтүстік әскери басшылықтағы бес әскери округтерге бөлінді. Әскери әкімшілік жетекшілік етуде Конституцияның XIV (1868 ж.) және XV (1870 ж.) түзетулерін басшылыққа алды. Біріншісі АҚШ-тың барлық азаматтарының (бүлік көтерушілер мен үндістерді есептемегенде) заң алдындағы теңдігін жариялады, ал екіншісі — бүкіл еркектерге оладың түсіне карамастан сайлау құқығын беруді жариялады.

1872 жылы оңтүстіктегі әскери әкімшілік қысқара бастады, ал 1877 жылы бүлік көтеруші оңтүстік штаттардан федералдық әскерлер шығарылды. 1881 жылы Теннеси штатында Джим Кроудың заңы ретінде танылған, ақ адамдар мен қара адамдарға бөлек вагондар бекітетін нормативтік акт қабылданды. Осы және басқа да осындай нәсілдік сегрегация бойынша актілерді АҚШ-тың Жоғарғы соты Конституцияға сәйкес деп танып, бұл “ақ адамдар мен қара адамдарды бөлек, бірақ тең құқылы етеді” деп түсіндірді. Бұл, әрине, әділетсіздіктің көрінісі болып табылды.

Жаңа дәуірдегі АҚШ-тың мемлекеті мен құқығы

АҚШ-тың тарихын маңызды оқиғалар бойынша кезеңдерге бөлу

1 кезең ... АҚШ Британияның колониясы ретінде (17г. басы - 1775 ж.).
 2 кезең ... 1781 ж. АҚШ конфедерациясының құрылуы
 3 кезең ... 1787 ж. Конституцияны қабылдау және федерацияның құрылуы.
 4 кезең ... 18 г. соңы мен 19 г. басындағы АҚШ.



4. Жаңа дәуірдегі Франция

XVIII ғасыр Франция үшін Ұлы француз буржуазиялық революциясымен ерекшеленді. Оның түбірлі себебі болып өндірістік күштер мен феодалдық өндірістік қатынастардың арасындағы шиелініскен қарама-қайшылықтардың өршуі табылды. Феодализм елдің объективтік тарихи дамуын тежеді. Жаңа формацияның ауқатты топтары — өнеркәсіп иелері, саудагерлер, банкирлар өздерінің жағдайына көңілі толмады.

Ішкі нарық өнеркәсіп үшін өте тар болды. 1788 жылы Францияда айрықша экономикалық тоқырау орын алды. Селолардағы астықтың шықпауы шаруалардың көтерілісіне түрткі болды. Француздың ұлы ағартушылары Ш.Монтескье, Вольтер, Ж.-Ж.Руссо бұл мәселеге қатысты түбегейлі реформаларды жүзеге асыру қажеттігін негіздеді. Ш.Монтескье өзінің “Заңдардың рухы туралы” еңбегінде былай деп жазды: “Заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бір тұлғаның немесе органның қолында шоғырлануы жағдайында бостандықтың болуы мүмкін емес”.

Патша үкіметі аталған талаптарды орындауға мәжбүр болды. Ол бір жарым ғасырдан астам уақыт шақырылмаған Бас штаттарды шақыру туралы жариялады. Бас штаттарды шақыру 1789 жылғы 5-мамырда өтті. Бұдан соң бірден мына мәселелерге қатысты даулар басталды: депутаттардың өкілеттігін тексеру тәсілдері, біріккен және бөлек отырыстар, Бас штаттардың мақсаттары, үшінші сословиенің (буржуазияның) құқықтары туралы. Патшаның қолдауын тапқан алғашқы екі сословие — дворяндар мен дін қызметкерлері дауыс берудің ескі тәртібін жақтады: әр сословиеден бір дауыс берілді. Бұнымен үшінші сословиенің өкілдері келіспеді. Олар отырыстардың сословиелер бойынша бөлек емес, бірге өтуін және осы отырыстардағы шешім көпшілік дауыспен қабылдануын талап етті. Үкімет дауыс берудің мұндай тәртібін қабылдаудан бас тартты. Бұған жауап ретінде үшінші сословиенің өкілдері 17-маусымда өздерін Ұлттық жиналыс деп, ал 1789 жылғы 9 шілдеде француз халқының атынан заңдарды қабылдауға және жоюға құқығы бар Құрылтай жиналысы деп жариялады. Патша мен аксүйектер Версальға (бұл жерде Құрылтай жиналысы орналасқан болатын) әскер жинай бастады. Парижде патшаның бұл шаралары туралы мәлім болған соң, халық қарулы көтеріліске шықты. Көп ұзамай көтеріліске шыққан халықтың жағына әскердің басым көпшілігі өтті, сөйтіп, қала толығымен көтерілісшілердің қолына өтті. 1789 жылғы 14 шілдеде халық патшаның абсолюттік билігінің рәмізі — қорған-түрме — Бас-

тилияны басып алды. Бұл күн француз халқының ұлттық мерекесі болып саналады.

Революция бүкіл елге тарады. Провинцияларды ескі органдардың орнына жанадан өзін-өзі басқару органдары — муниципалитеттер құрылды. Революцияның қарулы күштері — ұлттық гвардия қалыптаса бастады, алайда, әскери қару-жарактың қымбаттығынан бұл әскерге тек аумақты адамдар алынды. Ұлттық гвардияның басына маркиз Лафайет тағайындалды. 1789 жылғы 5 тамызда феодалдық режимді жою туралы декрет жарияланды. Сонымен, революцияның қозғаушы күші болып ірі буржуазия мен халықтың одағы табылды.

1789 жылғы 26 тамызда Құрылтай жиналысы ең алғашқы конституциялық акт — “Адам және азаматтың құқықтары туралы декларацияны” қабылдады. Декларацияның кіріспе бөлімінде үкіметтің кемшіліктерінің себептері болып адамдардың білімсіздігі, адамның табиғи, ажыратылмайтын және қасиетті құқықтарын ұмыту табылады деп жазылды:

1) “Адамдар өз құқықтары бойынша тең және еркін болып туылады”.

2) “Әр мемлекеттік бірлестіктің (одақтың) мақсаты болып адамның табиғи құқықтарын қамтамасыз ету табылады. Олар: бостандық, меншік, қауіпсіздік, қанауға қарсылық”.

Декларация адамдардың заң алдындағы теңдігін, ұлттың егемендігін, биліктің тармақтарға бөліну қағидасын және тағы да басқа маңызды ережелерді салтанатты түрде жариялады.

Декларацияны жасаушылардың ішіндегі Лафайет, Мирабо, Сиейс, Мунье, Дюпор сияқты ұлы тұлғалар XVII ғасырдағы Франциядағы алдыңғы қатарлы саяси ойлардың басты тұжырымдарын айқын, ашып көрсетіп өтті. Бұл еңбек Вольтер, Дидро, Гельвеций, Монтескье, Руссо, Мабли, ағылшын ойшылдары — Локк, Мильтон, Блэкстон сияқты атақты ғалымдардың еңбектеріне сүйенді.

Декларацияда тұлға құқықтарының маңызды кепілдіктері мен заңдылық қағидалары бекітілді: қылмыс жоқ болса — жаза да жоқ (*nullum crimen — nullum poena sine lege*), кінәсіздік презумпциясы (сөз дәлелдемейінше ешкімді де кінәлі деп санауға болмайды), қылмыстарды жазалаудың әділдігі. Бұл жағдайлар Декларация авторларының демократиялық және алдыңғы қатарлы көзқарастарын, олардың жақсы теориялық базасы мен дайындығын көрсетеді.

Декларацияда жалпы теңдік бекітілді, алайда, Декларацияны қабылдағаннан кейін бірнеше ай өткен соң, 1789 жылғы желтоқсанда, Құрылтай жиналысы Сайлаушылар үшін мүлтік және басқа да ценздер енгізу туралы декрет қабылдады.

Барлық азаматтар мүліктік ценз бойынша “белсенділер” және “бәсеңдер” деп бөлінді. Белсенді азамат деп танылу үшін мынадай талаптар қойылды: 1) ұлты француз болуы керек; 2) жасы 25-ке толуы керек; 3) бір кантонда 1 жылдан кем емес уақыт тұруы керек; 4) үш күндік жалақы мөлшерінде тікелей салық төлеуі керек; 5) малай жағдайында болмауы керек. “Бәсең” азаматтар сайлауға қатыстырылмайтын.

1790 жылдың басында бірқатар маңызды декреттер күшіне енді. Шіркеу меншігін мемлекет ұлттандырды. Шіркеуден азаматтақы хал актілерін жазу құқығы алынды. Ол мемлекеттің бақылауына көшті.

Жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс енгізілді. Франция 83 департаменке бөлінді, олардың әрқайсысына дистрикттер, кантондар, коммундар енді. Салық салу жүйесі біртұтас сипатты иеленді, дворяндық титулдар мен шендер жойылды.

Феодалдық режимді жойып, революция кәсіпкерлік қызметке жол ашты, бұл буржуазия үшін тиімді болды. Өз жағдайын күшейту үшін буржуазия Құрылтай жиналысы арқылы 1791 жылы 21 қазанда халық көтерілістерін басу үшін қарулы күштерді қолдануға рұқсат беру туралы декретті қабылдады. 1791 жылғы 14 маусымда көтерілістер мен ереуілдерді жүргізуге тыйым салған Ле Шапелье заңы күшіне енді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ

17 шілдеде монархияға қарсы шыққан бейбіт демонстраторды ұлттық гвардияның атып өлтіруі көптеген адамдарды буржуазияның контрреволюциялық сипатта екендігіне көзін жеткізді. 1791 жылғы 13 қыркүйекте Құрылтай жиналысы конституциялық монархияны заңдастыру үшін конституцияны бекітті. Бұл конституцияға сәйкес жоғарғы заң шығарушы орган ретінде 2 жылғы сайланатын бір палаталы ұлттық жиналыс (заң шығару корпусы) танылды, бұл органды патша тарата алмайтын. Атқарушы билік патша мен оның алдында жауап беретін министрлерге берілді. Патша қабылданған заңдарға вето құқын қолдана алатын. Сот билігі сайланбалы судьяларға берілді. Кассациялық және жоғарғы соттар құрылды.

Консервативтік бағыты ұстанған депутаттар революцияны аяқталды деп санады, себебі, олардың ойынша негізгі нәтиже болып абсолютизмді конституциялық монархияға жеткізу табылды.

1791-1792 жылдары ұлттық жиналыс атқарушы билікпен бір қатар мардымсыз мәселелер бойынша шиеліністі қатынастарды орнатты. Осы кезде дворяндық-монархиялық контрреволюция өз қызметін белсендетте түсті. Антифеодалдық лагерьде

де ішкі карама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер байқалды. 1791 жылы негізгі үш топ бөлініп шықты:

1) фельяндар (фейяндар) конституциялық-монархиялық буржуазия мен либералды дворяндардың мүдделерін білдірді;

2) жирондистер (көптеген басшылары Жирондэ провинциясының депутаттары болып табылды) провинциялық сауда-өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірді;

3) якобиндер (касиетті Якоба монастыры кітапханасының атауымен) ұсақ, орта буржуазияның, қолөнершілердің, шаруалардың мүдделерін қорғады.

1789-1791 жылдары саяси өмірде фельяндар үстемдік құрды.

ЖИРОНДИСТІК РЕСПУБЛИКАНЫ ЖАРИЯЛАУ

1792 жылы революциялық Франция Еуропаның ірі монархияларының Францияға қарсы әскери коалициясын сезінді, олардың басты мақсаты болып революциялық Францияны әскери тұрғыдан құлату табылды. Контрреволюция патша мен сөз байласып, елді соғысқа дайындады. Халық фельяндарға қарағанда әлдеқайда революциялық болып саналған якобиндерге өз үмітін артты. 1792 жылғы 10 тамызда Парижде халық көтерілісі басталды, патша сарайы басып алынды және XVI Людовик қамауға алынды. Билік біраз уақытқа Париж Коммунасының қолына көшті. Ұлттық конвентті шақыру туралы декрет қабылданды.

1792 жылғы 17 тамызда қабылданған декретпен контрреволюционерлерді жазалау үшін Төтенше қылмыстық трибунал құрылды.

Қыркүйек айында Конвентке сайлау аяқталды. Нәтижесінде, 783 депутат сайланды (соның ішінде колониялардан 34 депутат), олардың ішінен 200-і жирондистер, 100-ге жуығы якобиндер болды, қалған депутаттар “болот” деп аталды.

21 қыркүйекте Ұлттық конвент монархияның жойылуы туралы жариялады. Конвенттің 1792 жылғы 25 қыркүйектегі декретімен Франция республика ретінде жарияланды. Алайда, революцияның басты мәселесі — деревнядағы феодалдық қатынастардың толық және түбегейлі жойылуы өз шешуін таппады. Азық-түлік мәселесі де күрделі жағдайда болды.

21 қаңтарда XVI Людовик өлтірілді. Якобиндер монархияның қайта орнауын болдырмау үшін оның өлімін қалады. 1793 жылғы наурызда Вандейде роялистік көтеріліс басталды, және сонымен бір мезетте соғыстағы жағдай да нашарлады. Якобиндердің абыройы түсе бастады. 1793 жылғы 2-маусымда Париж Коммунасының революциялық комитеті басшылық еткен париждықтар мен ұлттық гвардия Жирондистік үкіметті құлатты.

10 маусымдағы декретпен ауылдағы феодалдық тәртіп жойылды. Ал 17 маусымдағы декретпен бүкіл феодалдық құқық жойылды. Шаруалардың көпшілік бөлігі бөлек жер алып, жер иелеріне айналды. 1793 жылғы 24-маусымдағы Конвентпен конституция қабылданды. Ол өзінің ішкі мазмұны бойынша 1791 жылғы “Адам және азамат құқықтары туралы декларациядан” және 1793 жылғы Конституциялық актіден тұрды. Якобиндердің конституциясы анағұрлым демократиялық сипатта болған еді, ол басқарудың республикалық режимін бекітті. 1793 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы декларацияда халық егемендігінің әлдеқайда радикалдық қағидалары көрініс тапты. Бұл акт 21 жасқа толған барлық француз азаматтары үшін жалпы сайлау құқығын бекітті. Сайлаушыларды “белсеңділер” және “бәсендер” деп болу жойылды. Мемлекеттік басқару функциялары 24 мүшеден құралған Атқарушылық кеңеске жүктелді, ол қабылданған декреттер мен заңдардың шегінде жұмыс істеуге тиіс болды.

Жаңа конституцияны контрреволюцияны толығымен жойғанға дейін енгізгілері келмеді, оған мыналар қарсы тұрды: Конвент — заңдарды шығару мен түсіндіру құқығын иеленген жоғарғы мемлекеттік билік органы; мемлекетті басқару және қорғау бойынша айрықша өкілеттіктері бар Қоғамдық құтқару комитеті. Оның құрамында 14-15 мүше болатын, оның ішінде М.Робеспьер, Сен-Жюст, Кутон сияқты көрнекті якобиндер болған. Бұл комитеттің басшылығында және бақылауында Атқарушы кеңесті қосқанда барлық министрліктер мен ведомстволар болды. Қоғамдық құтқару комитетінің айрықша қызметі ретінде әскерді қайта құру және 1793 жылғы 23-тамыздағы Декретпен жалпы әскери міндетті енгізуін атап өтсе болады. Мұндай шаралар Революциялық Францияға жауларын жеңу үшін аса қажет болды. Қоғамдық қауіпсіздік комитеті республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз етуші бірден-бір орган болып табылды.

Комитетте қаралған соң істер Революциялық трибуналға жіберілетін (бұрынғы Төтенше қылмыстық трибунал), онда жылдамдатылған сот өндірісі жүзеге асырылып, кінәлі тұлғаларға қатысты өлім жазасы қолданылатын. Полиция мен түрме Қоғамдық қауіпсіздік комитетіне бағынатын.

Төтенше өкілеттіктерге иеленген Конвент комиссарлары да маңызды роль атқарған. Олар революцияға жоғары қауіп төніп тұрған жерлерге жіберілетін (әскер, ведомство, провинция).

Жүзеге асырылған шаралардың нәтижесінде, 1793 жылғы күз айларында әскердің саны бір миллионға жуық адамға жетті, олар әскери тәртіп және дайындықтан өткен жауынгерлер

еді. Командирлыққа абыройлы және ерж рек офицерлер тағайындалды. (24 жастағы артилериялық офицер Н.Бонапарттың жоспары бойынша Тулон басып алынды, сол сәттен бастап оның лауазымы осы бастады).

Елдегі саяси өмірде Коммунаның (Париждік) маңызы зор болды.

1793 жылғы қыркүйек айында спекулянттармен күресу және Парижды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыру үшін ерекше революциялық әскер құрылды. Спекуляция мен коленкелі нарықтың дамуын тежеу үшін Конвент 1793 жылғы 11-қыркүйекте бидай, ұн, фураждың ең жоғарғы бағасын бекіткен декрет қабылдады. 1793 жылғы 29-қыркүйекте барлық алғашқы қажеттіліккегі негізгі тауарларға тұрақты бағалар бекіткен және еңбек ақының ең жоғарғы шегін анықтаған “Жалпы максимум туралы” декрет қабылданды. Соның арсында, 1794 жылғы жаз айында революцияның алдына қойған негізгі мақсаттары орындалды. М.Робеспьердің басшылығымен якобиндіктер революциялық күштен жазалаушы күшке айналды. Революциялық трибунал террор жүргізуші органға айналды. 1794 жылғы 10-маусымда қабылданған декрет “халық жауы” деген түсінікті енгізді, ондай адам болып революцияның жаулары емес көбіне М.Робеспьердің саясатымен келіспеген жеке жаулары табылды.

Ле Шапель заңының сақталуы, сол жақтық ағымдардың күйреуі М.Робеспьердің әлеуметтік тірегі — бұқара халықтың одан теріс қарауына әкелді. Саяси террор халықтың жаппай көңіл толмаушылығына әкеп соқты. 1794 жылғы 27-шілдеде (немесе республикалық календарь бойынша II жылғы 9-терминде) якобиндік режим (республика) алдын-ала сөз байланысқан топтың қарулы көтерілісінің нәтижесінде құлады.

ДИРЕКТОРИЯ (ТЕРМИДОРИАНДЫҚ РЕСПУБЛИКА)

Термидориандықтар билікке келісімен М.Робеспьер, Кутон, Сен-Жюст және сол кездерде жойылған Париждік коммунаның (100 ден астам адамы) мүшелері өлтірілді. “Максимум туралы” заң мен байларға салынатын салық жойылды.

Термидориандық конвент 1795 жылғы Конституцияны қабылдады. Ол “Адам және азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы декларациямен” басталды. Оның ішінен мынадай революциялық сипаттағы ережелер қысқартылды, ол: халықтың көтеріліске құқығы, басылым және жиналыс өткізу еркіндігі, мемлекеттік қызметке алынудағы құқықтық теңдігі.

1795 жылғы Конституцияға сәйкес, жоғарғы заңшығарушы жиналыс ретінде екі палатадан тұратын заңшығарушы корпус

габылды. Ол: жоғарғы — Ақсақалдар кеңесі; төменгі — Бес жүздік кеңесі. Төменгі палата заң жобаларын дайындаумен айналысты, ал жоғарғы палата оларды бекітіп немесе қайтарып отырды.

Заңшығарушы корпусқа сайлау екі дәрежелі сипатта болды. Алдымен, сайлаушылар сайлайтын тұлғаларды — 25 жасқа толған, азаматтығы бар және жұмыскердің 200 күндік еңбекақысының көлемінен кем емес мүлкі бар азаматтарды сайлады. Сайлайтын тұлғалар Заңшығарушы корпус пен жоғарғы сот органдарына мүшелерді сайлады.

Атқарушы билік құрамында Ақсақалдар кеңесі тағайындайтын бес мүшесі бар Директорияға берілді.

КОНСУЛДЫҚ ЖӘНЕ ИМПЕРИЯ

Директория “әткеншек саясатын” жүргізді, яғни, халықтан да, дворяндардан да қорқып, саяси күштердің сол қанатынан оң қанатына ауысып отырды. Басқарушы топ жаңа революциядан құтылудың жолы ретінде әскери диктатураны көрді. Италия және Еуропадағы соғыс әрекеттерінен кейін атағы шыққан генерал Н.Бонапарт осы кезде ерекше қолдау тапты.

1799 жылы (9-10 қарашада немесе республикалық күнтізбе бойынша VII жылдың 18-19 брюмерінде) Бонапарт әскердің көмегімен Заңшығару корпусын таратып жіберіп, Директорияны жойды. Мемлекетті басқару 3 консулдың қолына өтті. Айрықша билікті бірінші консул (Бонапарт) иеленді.

1799 жылғы конституция заңды түрде жаңа режимді бекітті. Үкімет үш консулдан тұратын болды. Барлық билік бірінші консулдың қолына жинақталды, ал екінші және үшінші консулдар тек кеңесу дауысына ие болды.

Заңшығарушы билік органы ретінде Мемлекеттік кеңес, Трибунат, Заңшығарушы корпус және Қорғаушы сенат құрылды.

Бірінші консул заң жобасын ұсынатын, Мемлекеттік кеңес оларға түзетулер енгізетін, Трибунат оларды талқылайтын, Заңшығарушы корпус оларды жарыссөзсіз қабылдайтын немесе қабылдаудан бас тартатын, ал Қорғаушы сенат оларды бекітетін. Сонымен, бұл органдар дербес мағынаға ие болмады, тек бірінші консулдың жалғызилікті билігінің көлеңкесінде қалды.

1802 жылы Бонапарт өз мирасқорын тағайындау құқығына ие өмір бойғы консул атына ие болды. Көп ұзамай ол Францияның императоры болып жарияланды.

1814 жылы империяны одақтық әскер (орыс, ағылшын, австриялық және пруссиялық) құлатты.

ЛЕГИТИМДІК МОНАРХИЯ

XVII Людовик патша (өлтірілген патшаның бауыры) революция болайын деп тұрған жағдайда абсалюттік билікке қолы жетпейтінін түсініп конституциялық басқаруға келісім берді. 1814 жылы бұл жағдай Хартиядан өз көрінісін тапты. Елде легитимді конституциялық монархия орнады (легитимді, яғни “заңды” Бурбон династиясы басқарды). Патшаға бүкіл атқарушы билік берілді. Заңшығарушылық саласында ол жарлықтар шығаруға құқықты болды. Сондай-ақ, оған пэр титулын сұрау құқығы берілді, ол өмірлік немесе мұрагерлік жолмен берілді. Пэр болу құқығын туылған кезінен бастап тек патша отбасының мүшелері және қандас ханзадалар иеленген.

Сайлау ценздерін енгізудің нәтижесінде, 31 миллиондық халықтан таңдау құқығына тек 50 мың адам иеленді, ал таңдалғандардың саны 15 мыңнан аспау керек еді.

Легитимді монархия, негізінен, Наполеонның кезінде құрылған әскери-бюрократиялық және сот аппаратын сақтап қалды.

ШІЛДЕЛІК МОНАРХИЯ. 1830 ЖЫЛПЫ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ХАРТИЯ

1830 жылғы маусымда X Карл патшалығының үкіметі 1814 жылғы Хартиямен бекітілген конституциялық режимді жою туралы шешім қабылдады. Негізгі төрт құжат қабылданды: депутаттар палатасын тарату туралы; төменгі палатадағы депутаттардың санын екі есе азайту туралы; прессаға қосымша цензура енгізу туралы; жиналыс және көтеріліс жасауға тыйым салу туралы. Бұл құжаттарды ел ішінде көңіл толмаушылықпен қабылдады. 1830 жылы шілдеде париждықтар қарулы көтеріліске шықты. Астана көтерілісшілердің қолына көшті, X Карл мемлекеттен қашты, легитимдік монархия құлады.

Патша ретінде Луи-Филиппті (Бурбондардың кіші тармағынан), ірі буржуазия өкілін сайлады.

1830 жылғы хартия жаңа режимнің конституциясы болып табылды. Парламенттің рөлі кеңейе түсті, заңшығарушы бастама патшаға және қос палатаға берілді. Мүліктік ценздің төмендеуі таңдаушылар санының өсуіне (240 мыңға дейін) алып келді. Алайда, мемлекеттік аппараттың маңызды буындары өзгеріссіз қалдырылды.

ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА

1848 жылғы ақпан айындағы бейбіт демонстранттардың атылуы париждықтардың көтеріліске шығуына түрткі болды. Луи-Филипп тақтан бас тартты. Елде уақытша үкімет және мобильді жалданбалы әскер құрылды. 1848 жылғы көктемде

Құрылтай жиналысына сайлаулар өтті. Жиналыстың басым көпшілігін ірі буржуазия, жер иеленушілер, генералдар және жоғарғы дін қызметкерлері құрады. Еңбеккерлердің жағдайын жақсартатын актілердің барлығы жойылды.

1848 жылғы 22-маусымда жұмысшылар көтеріліске шықты, алайда, бұл көтерілісті төрт күннен соң тұрақты әскер мен мобильді гвардия басып тастады.

Қайтадан енгізілген 1848 жылғы Конституциямен басқарудың республикалық нысаны, биліктің тармақтарға бөлінуі жарияланды. Жоғарғы заңшығарушы орган ретінде депутаттары 3 жыл мерзімге сайланатын Ұлттық жиналыс құрылды. Атқарушы биліктің басшысы болып жиналыспен емес, департаментгердің сайлаушылары арқылы таңдалатын Президент тағайындалды.

Зандардың қолданылуын бақылайтын кеңесуші орган болып Мемлекеттік кеңес табылды. Оның құрамы Ұлттық жиналыспен 6 жыл мерзімге тағайындалатын.

ЕКІНШІ ИМПЕРИЯ

Алғашқы сайланған президент болып Луи Наполеон (Наполеон Бонапарттың туысы) табылды. Бұл шаруалардың дауыс беруінің арқасында жүзеге асырылды. Алайда, оның кандидатурасы ірі буржуазия мен банкирлерді қанағаттандырды. 4 жылдық сайлау мерзімі мен қайта сайлануға салынған тыйымға қанағаттанбаған Луи-Наполеон 1851 жылғы желтоқсанда Ұлттық жиналысты таратып жіберіп, 1848 жылғы конституцияның күшін жойды.

1852 жылғы конституция Луи-Наполеонның мемлекеттік төңкерісін заңдастырды.

Жаңа конституцияға сәйкес, барлық билік толығымен президентке берілді. Заңшығарушы билікті Мемлекеттік кеңес, Заңшығарушы корпус және Сенат президентпен бірлесе отырып жүзеге асыратын болды. Ол Мемлекеттік кеңес пен Сенаттың мүшелерін тағайындады. Президент 10 жыл мерзімге сайланатын болды.

1852 жылғы қарашада империя заң жүзінде қалпына келтірілді. Луи-Наполеон француздардың императоры — III Наполеон болды. Елде әскери-полициялық диктатура орнады.

1870 жылы жазда Луи-Наполеон Пруссияға қарсы соғыс ашты.

1870 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕК РЕВОЛЮЦИЯСЫ

ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУ

Седан қаласының түбіндегі шешуші соғыста француздар жеңіліс тапты. Бұл жөніндегі хабар Парижге жеткенде (1870 жылғы қыркүйек) мұнда көтеріліс басталды. Пруссия О.Бис-

марктың басшылығымен Франциядан Эльзас және Лотарингияны тартып алуды шешті. Соғыс азаттық сипатты иелене бастаған соң халықты патриоттық сезім биледі. Парижде Ұлттық гвардияға көптеген жұмысшылар енді, олардан Пруссияның Парижге шабуылын тойтарып отырған 200 батальонды құрады. Париждықтардың қысымымен 1870 жылғы 4 қыркүйекте үшінші республика жарияланды. Билік Тьер үкіметінің қолына көшті.

1871 жылдың басында халықтың қозғалысының ауқымынан қорыққан Тьер үкіметі Эльзас пен Лотарингияны беріп, және 5 млрд. франк төлеп Пруссиямен бейбіт келісім жасады.

1871 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖ КОММУНАСЫ

1871 жылғы 18 наурызға караған түнде үкімет әскерінің отрядтары Париждық Ұлттық гвардияның зеңбіректерін тар-тып алуға әрекет жасады, алайда, бұл жүзеге аспады, солдаттар халықпен бауырласып кетті. Үкімет Версальға қашып кетті, қаладағы билік Ұлттық гвардияның Орталық Комитетіне көшті. Көтеріліске шыққандардың басшылық құрамы жаңа якобиндерден (1793-1794 жылдардағы якобиндік республика идеясын жақтаушылар), бланкистерден (революционер О.Бланктың ізбасарлары) тұрған “көпшіліктен” және “азшылықтан” тұрды. Бланкистер революцияны кішігірім, жақсы ұйымдасқан ұйымның күшімен жасауға болады деп санады. “Азшылыққа” прудонистер (П.Ж.Прудонның ілімін жақтаушылар) енді, олар қоғамның жекелеген шаруашылықтарға негізделген мемлекеттік емес өмірін жақтады.

Жаңа биліктің басқарушы органы болып Ұлттық гвардияның Орталық Комитеті табылды. Жоғарғы өкілдік орган Париждік Коммуна кеңесі болды. Ол әртүрлі мәселелерге қатысты 10 комиссиядан тұрды.

Сот әділдігін әділет комиссиясы жүзеге асырды. Соттар былай бөлінді: версальдықтардың ісі бойынша айыптаушы алқадан тұрған жалпыазаматтық соттар; келісім соттары; азаматтық сот палаталары және батальондардағы, легиондардағы тәртіптік соттардың құрамындағы әскери соттар, жалпыәскери сот. Сот жүйесінің басында Париж Коммунасының Кеңесі тұрды, ол басқа соттар үшін кассациялық инстанция болып табылды.

1871 жылғы 19 сәуірде Париж Коммунасы “Француз халқына арналған декларацияны” жариялады. Декларация бүкіл мемлекетті Париж Коммунасы үлгісі бойынша, яғни, республикалық режимді ауыстырмай, коммуналарға бөлуді ұсынды. Орталық үкімет Коммуналардың депутаттарының жиналысы ретінде жұмыс жасады.

1875 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАР

Мемлекеттің конституциясын құраған үш заң қабылданды: Мемлекеттік билікті ұйымдастыру туралы конституциялық заң, Сенатты ұйымдастыру туралы заң және Мемлекеттік биліктердің өзара қатынасы туралы заң.

Президент Сенат пен депутаттар палатасының көпшілік дауысымен 7 жыл мерзімге сайланатын, оған атқарушы биліктің толық ауқымы берілді. Заңшығару билігін Сенат пен депутаттар палатасы жүзеге асырды.

Жалпы алғанда, басқарудың республикалық режимі жарияланды, алайда, бұл режимде монархияның кейбір элементтері сақталып қалды. Бұны Францияның саяси өміріндегі республикалық және монархиялық ағымдардың өзара күресімен түсіндіруге болады.

1877 жылы үш монархиялық топ (легитимистер, бонапартистар және орлеанистер) республикаға қарсы бүлік шығаруға бірікті. Президент Мак-Магон (бонапартист) бүлік шығарушылардың басында жүріп, мемлекеттік төңкеріліс жасауға ұмтылды, алайда, республикандықтардың қайтпас қарсылықтарынан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды.

Екінші рет мұндай әрекетті әскери министр Буландже қайталады. Алайда, париждіктердің көтерілісінен қауіптеніп, ол ашық әскери шабуыл жасауға бармады. 1884 жылы демократиялық қозғалыстың жандануына байланысты 1875 жылғы конституцияға маңызды түзетулер енгізілді. Бұл жерде мынадай мәселелер қарастырылды:

1) Депутаттар палатасы мен Сенат мемлекеттік биліктің негізгі буынына айналды;

2) Президент билігінің ауқымы шектелді;

3) Үкімет парламенттің бақылауына берілді (парламенттің ең болмаса бір палатасының білдірген сенімсіздік вотумы үкіметтің отставкаға кетуіне негіз болды).

Бұдан біраз уақыт бұрын, 1879-1880 жылдары, ұлттық әнұран ретінде Париждік Коммунаның әнұраны “Марсельеза” болуына республикандықтар қол жеткізді, ал 14 шілде (Бастилияны алған күн) Францияның ұлттық мерекесіне айналды. Республика негізінен бұрынғы әкімшілік-аумақтық бөлінісін (бірінші империядан қалған) сақтап қалды. Кейбір министрліктер департаменттерде, тіпті, кейбір кантондарда өзінің бөлімшелерін иеленді. Департаментке префект, ал округке супрефект басшылық жасады. Жергілікті сайлау органдары мыналар болды: департаменттің бас кеңесі, округтік кеңес, коммуналардағы муниципалитет. Коммунаның басшысы болып сайланбалы мэр табылды. Бұл органдар салық мәселесін,

жергілікті жерлерді көркемдеу және т.б. мәселелермен айналысты. Префектті ішкі істер министрінің ұсынысымен Президент тағайындайтын, супрефектті ішкі істер министрі тағайындайтын. Бұл тұлғалар округтар мен департаменттерде орталық биліктің өкілі болып табылды.

ФРАНЦУЗДЫҚ КОЛОНИАЛДЫҚ ИМПЕРИЯ

Өзінің ауқымы бойынша екінші орынды иеленген колониалдық империя салыстырмалы түрде қысқа мерзімде құрылды: 1880-1918 ж.ж. оның құрамына мына елдер кірді: Батыс Африка — Сенегал, Гвинея, Судан, Мавритания, Нигерия; Экваторлық Африка — Конго, Чад, Габон, Жоғарғы Вольта (Буркина Фасо); Солтүстік Африка — Тунис, Алжир, Марокко; аралдар — Таити, Мадагаскар, Маркиздік аралдар, Гвиана; Солтүстік Америка — Канадалық Квебек; Үндіқытай — Вьетнам, Камбоджа, Лаос.

Француз колонияларының негізгі бөлігі төрт генерал-губернаторлыққа бөлінді: Француздік Батыс Африка, Француздік Экваторлық Африка, Мадагаскар, Үнді-Қытай. Үнді-Қытай басқаруға қолайлы болу үшін мынадай тәртіпте бөлінген: Кохинхин (Оңтүстік Вьетнам), Аннам (Орталық Вьетнам), Камбоджа, Лаос. Камбоджа және Аннамда жергілікті династиялар тікелей басқаруға жіберілді. Алжирдың аумағы үш департаменттің арасында бөлінді. Азаматтық басқару префектілердің, ал әскери — дивизион генералдарының қолында шоғырланды. Туниста жергілікті монархты, Мароккода — сұлтанды сақтап қалды, бірақ олардың билігі шектелген болды.

Жана дәуірдегі Францияның тарихын мемлекеттік режимдер бойынша кезендерге бөлу

- 1 кезең. - 15 ғ. басы - 1789 ж. Абсолюттік монархия.
- 2 кезең. - 1789 - 1792 ж. ж. Конституциялық монархия.
- 3 кезең. - 1792 - 1793 ж. ж. Жирондистік республика.
- 4 кезең. - 1793 - 1794 ж. ж. Якобиндер республикасы.
- 5 кезең. - 1794 - 1799 ж. ж. Директория (Термидорьяндық республика).
- 6 кезең. - 1799 - 1814 ж. ж. Консулдық және империя.
- 7 кезең. - 1814 - 1830 ж. ж. Легитимді монархия.
- 8 кезең. - 1830 - 1848 ж. ж. Шиллекі монархия.
- 9 кезең. - 1848 - 1852 ж. ж. Екінші республика.
- 10 кезең. - 1852 - 1870 ж. ж. Екінші империя.
- 11 кезең. - 1870ж. - Екінші республиканың қалпына келтірілуі.

- 1 кезең. Құрылтай жиналысы.
- 2 кезең. Бірпалаталық Ұлттық жиналыс.
- 3 кезең. Заңшығарушы жиналыс.
- 4 кезең. Заңшығарушы корпус.
- 5 кезең. Екі палатадан тұратын Заңшығарушы корпус. Ақсақалдар кеңесі және Бесжүздік кеңесі.
- 6 кезең. Мемлекеттік кеңес. Заңшығарушы корпус. Трбунаят. Қорғаушы сенат.
- 7 кезең. Парламент (Пэрлар палатасы және Депутаттар палатасы).
- 8 кезең. Парламент.
- 9 кезең. Ұлттық жиналыс.
- 10 кезең. Мемлекеттік кеңес. Заңшығарушы корпус. Сенат.
- 11 кезең. Заңшығарушы корпус.

- 1 кезең. Мунципалитеттер - жергілікті жерлердегі билік органдары, ел 83 департаментке бөлінген.
- 2 кезең. Департаменттер, округтер, кантондар.
- 3 кезең. 4 кезең. - елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісі өзгермеді.
- 5 кезең. Департаменттер, округтер, коммуналар.
- 6 кезең. Департаменттер, округтер, префекттер, сурпрефекттер және мэриер басқарған коммуналар.
- 7 кезең. 8 кезең. 9 кезең. 10 кезең. 11 кезең. - әкімшілік-аумақтық бөлінісі өзгермеді.

- 1 кезең. Патша 1789 ж. биліктен алыстатылды.
- 2 кезең. Патша.
- 3 кезең. Ұлттық Конвент.
- 4 кезең. Конвент (Қоғамдық құтқару комитеті және Қоғамдық қауіпсіздік комитеті).
- 5 кезең. Адамның Термидорьяндық Конвент, кейін Директория.
- 6 кезең. Үш консул, кейін император.
- 7 кезең. Биліктің толық ауқымын иеленген патша.
- 8 кезең. Патша.
- 9 кезең. Президент.
- 10 кезең. Президент, кейін император.
- 11 кезең. Президент.

- 1 кезең. Ескі соттар.
- 2 кезең. Сайланбалы судьялар.
- 3 кезең. Тотеше қылмыстық трибунал.
- 4 кезең. Революциялық трибунал.
- 5 кезең. Соттардың бұрынғы жүйесі.
- 6 кезең. Соттардың үшсатылы жүйесі: 1 инстанция - жай полиция соты, 2 инстанция - түзеу полициясы соты, 3 инстанция - апелляциялық сот.
- 7 кезең. Жоғарғы инстанция - кассациялық сот.
- 8 кезең. Қалған кәсіпкер. Жалпы алғашы сот жүйесі өзгермеді.

- 1 кезең. Патшаның өкіметтік аппараты.
- 2 кезең. Патша министрлері.
- 3 кезең. Уақытша атқарушы кеңес.
- 4 кезең. Атқарушы кеңес.
- 5 кезең. 3 адамнан құралған Директория.
- 6 кезең. Үш консул.
- 7 кезең. Ескі напoleonдық мемлекеттік аппарат.
- 8 кезең. Уақытша Үкімет.
- 9 кезең. 10 кезең. 11 кезең. Үкімет.

- 1 кезең. Ұлттық гвардия құрылды.
- 2 кезең және келесі кезеңдер. Ұлттық гвардия және жалпы әскери міндеттілікке негізделген әскер.

5. Қытай

XVIII ғасырдың соңында — XIX ғасырдың басында Қытай Цин династиясының басшылығында құлдырау кезеңін бастан кешіріп жатты. Осы кезеңде Англия және Франция сияқты мемлекеттердің Қытайды өзінің жартылай колониясына айналдыруға ұмтылысы өрши түсті. Осының нәтижесінде, 1850 жылғы маусымда Тайпиндік көтеріліс ретінде танылған шаруалар соғысы басталды. 1853 жылғы наурыз айында көтеріліске шыққандар Тайпин мемлекетінің астанасы болған Нанкин қаласын басып алды.

Тайпин мемлекетінің басшылары “Аспан династиясының жер жүйесі” атты мемлекет пен қоғамның реформасы бойынша бағдарламалық құжатты жариялады. Елде теңдестірілген жер иелену жарияланды. Тяньванның (“аспан князі”) басшылығымен “Ұлы жақсылықтардың аспан патшалығы” құрылды. Басқа басшылар әртүрлі мәселелерге қатысты бюрократиялық аппараттары бар ван атағына ие болды. Село әкімшілігін уездік басқарманың басшылығымен уездік бастықтар басқарды, одан жоғары үкіметпен тағайындалатын округ бастықтары басқаратын округ басқармалары болды.

1864 жылғы шілдеде Нанкинді Цин әскері құлатты.

Тайпин көтерілісін басудағы қиындықтар, Англия және Франциямен соғыстың нәтижелері Цин империясының үстемдік құрушы таптарын реформа (ең алдымен, әскери) жасауға итермеледі. “Теңіздің ар жағындағы істерді меңгерудің” ғалымдары пайда болды. 1862 жылы реформалардың негізін салушы ғалымдардың бірі императорға мемлекетті күшейтуге қатысты саясатты ұстануға меморандум ұсынды. Осыдан соң зауыттардың арсеналдардың құрылысы басталды, шетелдік капиталдың ағымы күшейе түсті. Алайда, “мемлекетті күшейту саясаты” Қытайды 1894-1895 жылдардағы жапон-қытай соғысындағы жеңілістен құтқара алмады. Шетелдік державалар Қытайға қатысты әсер ету салаларын күшейте түсті (1897 жылы Гонконг Ұлыбританияға 100 жылға жалға берілді). Осының барлығы халық арасында кең көңіл толмаушылыққа және реформаға деген жаңа қозғалыстарға әкеліп соқты. Қозғалыс өз көзқарастарын Ұжымдық меморандумда көрсетіп өтті, мұнда мемлекетті басқару жүйесін өзгерту, әскерді қайта құру, конституциялық монархияны орнату отырып, парламентті құру ұсынылды.

Бұл құжат үшінші талпыныстан соң ғана алдыңғы қатарлы күштерді басқарған жас император Гуансюйдің қолына тиді. Реформаторлар мемлекеттік басқаруға тартылды: “реформалық

жүз күнде” өнеркәсіптік дамуды күшейтуге, университеттер ашуға және т.б. бағытталған бірқатар прогрессивтік жарлықтар қабылданды. Алайда, реформатарларға билікті сақтап қалу үшін саяси күштер жетіспеді. 1893 жылғы күзде император Цыси (Қытайды 1861 жылдан бастап басқарған) төңкеріс жасады, Гуансқойді билігінен айырып, оның атынан жарлықтар шығарды, бұл жарлықтар бойынша ол регентша болып, мемлекетті басқару құқығын иеленді. Консервативтік құрылым сақталып қалды, елде басылып-жаншылып отырған бірқатар көтерілістер бас көтерді.

1905 жылы Сунь Ятсен “Қытайдың жандану одағын” ішінара қайта құрды. Сол кезде ол өзінің “Үш халықтық қағида” атты бағдарламасын ұсынды. Ол бағдарламаның мақсаты Цин империясын жою, демократиялық реформа жүргізіп, демократиялық халықтық үкімет құру болған.

1905-1908 ж.ж. ел ішінде қайтадан көтерілістер басталды. Цин үкіметі 1906 жылы конституцияны даярлауға кірісті, бірақ ол император билігінің сақталуын көздеді.

Жағдай куннен-күнге шиелене берді, ақырында, 1911 жылы қазанда Уган қаласындағы қарулы көтеріліс революциялық күштердің жеңуімен аяқталды. Синьхай революциясы басталды (Синь Хай — ескіқытай күнтізбесі бойынша 1911 жылы). 1911 жылғы қазан айының соңында көптеген провинцияларда Цинь патшалығының билігі жойылды.

1911 жылғы желтоқсанда Нанкин қаласында Уақытша үкімет құрылды, мемлекет басшысы болып Юань Ши Кай тағайындалды.

Жаңа дәуірдегі Қытай

Жаңа дәуірдегі Қытай тарихын мемлекеттік режимдер бойынша бөлу

Құқықтық жүйе

1 кезең - Миньчжурлық Цин династиясы (1644-1911 ж.ж.)
 2 кезең - «Үлы жақсылықтардың аспан мемлекеті» атты Тайпин көтерілісі (1853 - 1864 ж.ж.).

Құқықтың негізгі қабыр көзі болып Конфуций ілімі табылды, ол сипаты бойынша утатностік ілім болып табылды және төменгінің жоғарыға бағынуын уағыздалы.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең - Император,
 2 кезең - Тяньван - жоғарғы заңшығарушы және атқарушы билік.

Феодалдар, шаруалар, колөнершілер, саудагерлер

7 т.-да «Қылмыстық құқықтағы қылмыстар тізімі» атты қылмыстық құқық жинағы құрастырылды. Қылмыстардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазаланатын, себебі, Конфуций ілімі деңіс жазаларына тыйым салған болатын.

1) Цин империясының мемлекеттік құрылымы өзгерген жоқ.
 2) Банлар Тяньванның кеңесшілері ретінде.

Соттар әкімшіліктен бөлінбелі, жергілікті жерлерде сот әлілдігін сайкес аумақтық бірліктердің басшылары жүзеге асыратын.

Жаңа дәуірле қытай құқығы өзгерген жоқ.

1 кезең. Бұрынғыдай әкімшілік бөлініс.
 2 кезең. Аумақ провинциаларға, округ бастықтары басқаратын округтарға, уезд бастықтары басқаратын уездерге бөлінді.

6. Жапония

МЭЙДЗИ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

XIX ғасырдың ортасында Жапония феодалдық құрылымның ыдырауының салдарынан болған елдің дамуына кедергі болып отырған құлдырау жағдайында болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында ең алғашқы капиталистік мануфактура пайда болды. Алайда, феодалдық қатынастардың қалдықтары мен ішкі нарықтың тар болуы (шаруалар — халықтың негізгі бөлігі — өнеркәсіп өнімдерін алмады) жаңадан қалыптасып келе жатқан өндірістің дамуына кедергі жасады.

Сыртқы саяси жағдай да күрделене түсті. 1853 жылы американдық эскадра адмирал Перридің басшылығымен жапония жағалауларына келіп, АҚШ бір жақты түрде сауда шартын бекітуді талап етті. 1858 жылы аталынған шарт бекітілді, ол бойынша Жапония АҚШ-тан келетін тауарларға белгіленген мөлшерден тыс (5-тен 35 пайызға дейін) баждар қоя алмайтын және де Жапонияда жүрген американдықтардың аумақтық тиістілік қағидасы (олардың жергілікті соттарға бағынбауы) танылды. Осыдан соң Англиямен, Франциямен, Голландиямен тең емес шарттар бекітілді. Сегунның үкіметі аталған шарттардың барлығына өз келісімін берді.

Бөтен елдердің ашық түрдегі шабуылына жапон қоғамының барлық топтары — шаруалар, жұмысшылар, жас буржуазия, самурайлар өз қарсылықтарын білдірді. Феодалдыққа қарсы күрес ұлт-азаттық қозғалыспен ұштасты, бұл қозғалысты император Муцухитоның жақтаушылары (шынайы билік Токугава руынан шыққан сегунның қолында болды) басқарды. Сегун әскердің бас қолбасшысы болып табылды, алайда, императордың жақтастары және княздық-самурайлық топ сегунатты құлатуды және императорды қайта билік басына әкелуді, оның атынан реформалар жүргізуді мақсат етіп қойды.

1867 жылғы қазан айында императорлық топтың басшылары сегун Кэйкадан жоғарғы билікті императорға беруді талап етті. 1868 жылғы қаңтарда сегунның әскері княздық-самурайлық әскермен шайқаста жеңілді. Императордың билігі қалпына келтірілді. Мэйдзи революциясы жүзеге асырылды. Ел дамудың буржуазиялық жолына бет бұрды. 1868 жылы цех бойынша бөлініп жұмыс істеу жойылып, халықтың барлығына еркін кәсіп таңдау және сауда жасау мүмкіндігі берілді. Мемлекет бойынша бірыңғай заңдар енгізіліп, сословиелік артықшылықтар жойылды. 1871 жылы жерді еркін сату-сатып алуға рұқсат етілді. 1872 жылы жерге жеке меншік құқығы бекітіліп, бірыңғай жер салығы енгізілді.

Сол жылы Германияның үлгісі бойынша жалпы әскери міндеттілік енгізілді, самурайлардың әскери қызметке деген артықшылықты құқықтары жойылды. Әскер германдық үлгі бойынша, ал флот ағылшындық үлгі бойынша құрылды.

Ел губернияларға бөлінді, оларды тағайындалатын губернаторлар басқарды. Құқыққа қайшы халықаралық шарттар күшін жойды. Саяси партиялар құрыла бастады. 1881 жылы либералдық партия, бір жыл өткен соң конституциялық реформалар партиясы құрылды.

Реформалар кешенінің аяқталуы болып 1889 жылы конституцияны қабылдау табылды. Үлгі ретінде Пруссияның конституциясы алынды, бұл конституция феодалдық басқару мен қалыптасып келе жатқан буржуазияның арасындағы келісушілікті мейлінше толық көрсеткен құжат болып табылды.

Императордың тұлғасы қасиетті және қол сұғылмайтын ретінде жарияланды, ол министр-президентті (атқарушы биліктің басшысы) және оның ұсынысы бойынша министрлер кабинетін тағайындайтын.

Парламент екі палатадан тұрды: пэрлер палатасы және депутаттар палатасы. Пэрлер палатасына титулдарға ие аксүйектер (мұның алдында еуропалық титулдар енгізілген болатын: князь, виконт, маркиз, барон, граф) және император тегінің мүшелері сайланатын. Депутаттар палатасы сайлауда жеңген тұлғалардан тұрды.

1890 жылғы заңмен сайлауға қатысу құқығы 25 жасқа толған, әскери міндеттілігі жоқ, кем дегенде 15 иен тікелей салық төлейтін және белгілі бір жерде 1,5 жыл тұрғылықты өмір сүрген жапон азаматтарына берілді. Екі палата мен Үкіметке де заңшығару ынтасын білдіру құқығы берілді. Заң жобаларын палаталар жекелеген отырыстарда талқылайтын және көпшілік дауыспен қабылданатын.

1890 жылы мемлекет үшін біртектес соттарды құруға бағытталған заң қабылданды. Округтарда бірінші инстанция бойынша округтық соттар жұмыс жасайтын болды. Округтар губерниялардың құрамына енді, келесі сатыда губерниялық соттар тұрды, одан жоғары жеті апелляциялық сот пен жоғарғы империялық сот жұмыс жасады.

Сонымен бір мезетте прокуратураның мәртебесі бекітілді. Оған мынадай өкілеттіктер берілді: алдын-ала тергеу, мемлекеттік айыптау және соттарды қадағалау. Адвокатураға да сотта қорғаушы орган ретінде мәртебе берілді. 1890 жылы қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа басылымы шықты (бірінші басылымы 1880 жылы шыққан болатын). Императордың жанында Құпия кеңес пен императордың сегунмен

соғысындағы оны жақтаушы аксүйектерден тұрған генро жұмыс жасады. Бұл органдардың құрамында әскери аксүйектердің орны ерекше болды, олар Жапонияны біртіндеп милитаризациялауға күш салды. Бұл мақсаттарда бюджеттен әскерді қаруландыруға және дамытуға көптеген қаржы бөлінді. Оңтүстік-шығыс Азия үшін қуатты әскері және флотының болуы Жапонияның сыртқы саясатының сипатын анықтады. 1872 жылы Жапония Ликей аралдарын басып алды. 1894-1895 жылдары ол Қытайға басып кіріп, Пескадор аралдары мен Тайвань аралын жаулап алды. 1904 жылы Ресей үшін сәтсіз болған орыс-жапон соғысының нәтижесінде Жапония Оңтүстік Сахалинді өзіне бағындырды. 1910 жылы Кореяны басып алды.

Жаңа дәуірдегі Жапония

Жапонияның тарихын мемлекеттік режимдер бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең - 1876 жылға дейін
- 2 кезең - 1876 - 1889 ж. ж. реформалар уақыты (Мэйдзи революциясы)
- 3 кезең - конституциялық монархия 1889 ж. - 1947 ж.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең Император, шынайы билік сәгүнда болды
2 кезең Император
3 кезең Император, оның жанында құпия кеңес

Феодалдар дворяндар, шаруалар, қалалықтар, буржуазия, колонершілер.

Құқықтық жүйе

Құқықтық жүйеде өзгерістер орын алды 1889 ж. Конституция қабылданды (Герман конституциясының үлгісі бойынша), құқықтың басқа салалары да еуропалық мемлекеттердің құқығына икемделді. 1890 ж. Қалымыстық іс жүргізушілік кодекстің жаңа редакциясы қабылданды, бұл кодексті сот өндірісінің буржуазиялық демократиялық қағидаларын басымылыққа алды.

1 кезең Сегунның шенеуніктік аппараты
2 кезең Министрлер кабинеті
3 кезең Мяннэйстр-президент басшылық еткен министрлер кабинеті

1 кезең Заңшыарушы билік сегунның қолында болды
2 кезең Парламент және жергілікті жерлердегі кеңесушілік жиналыстар
3 кезең Парламент (Палаталар және Депутаттар палатасы)

1 кезең ескі соттар
2 кезең еуропалық сот жүйесі енгізіле бастады
3 кезең Жоғарғы империялық сот

3 кезең Жеті апелляциялық соттар, губерниялық соттар, жергілікті соттар.

1 кезең Феодалдық типтегі әскер
2 - 3 кезеңдер Әскер германдық үлгі бойынша, флот авышшылық үлгі бойынша қайта құрылды.

1 кезең. Ескі әкімшілік-аумақтық құрылым
2 - 3 кезеңдер. Ел үзімтпен тағайындалатын губернаторлар басшылық ететін губернаторларға бөлінген.

7. Латын Америкасы

Америка материгі 1492 жылы испандық қызметте тұрған Христофор Колумб үшін жаулап алуға және одан әрі қанауға ашық болды. Испандықтар аса қатігездікпен Оңтүстік Американың тұрғындарын өздеріне бағындырды. 15 миллионнан кем емес халық санын құрайтын бұл материктің тұрғындары Мексика және Орталық Америкада тұрды. Үндістердің көпшілік бөлігі алғашқы қауымдық құрылымда өмір сүрді, алайда, инктер, ацтектер, майялар таптық қоғамға ауысқан болатын. Олардың мемлекет басында абыздар мен көсемдер тұрды. Жекелеген қастаны әскерилер құрады, сонымен қатар, құлдар (көршілес әлсіз тайпалардан) болды.

Алғашқы сокқыны өздеріне Гаити, Куба, Пуэрто-Рико қабылдады, олардың халқының басым көпшілігі өлтірілді (миллионға жуық адам).

1518-1521 жылдары Кортестің испандық отряды Майя мемлекетін талқандап, Мексиканы басып алды. Кейінірек Перудегі инктер мемлекеті жойылды. Сол ғасырда португалдықтар Бразилияны жаулап алуды бастады. Португалия мен Испанияның арасындағы Бразилияға қатысты аумақтық дау 1494 жылы Рим папасының шешімімен басылған болатын. Солтүстік Америка XVII ғасырда колонияға айналды және ол Англия мен Францияның арасында бөлінді.

ОҢТҮСТІК АМЕРИКАНДЫҚ КОЛОНИЯЛАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІ

Америкадағы испан әкімшілігін вице-патша басқаратын. Олар төртеу болды: біреуі Мексика мен Орталық Американы, екіншісі Перу мен Чилиді, үшіншісі Венесуэла, Эквадор және Колумбияны, төртіншісі Боливия, Парагвай, Уругвай және Аргентинаны басқарды.

VIII ғасырдың басынан Америкадағы испандық және португалиялық колонияларда жер иеленудің екі нысаны болды: асьенда жеке құлиеленушілік плантация. Асьендада жағдайы бойынша басыбайлы шаруаларға теңестірілген батырақтар (негізінен, үндістер), ал құлиеленушілік плантацияларда Африкадан әкелінген негр-құлдар жұмыс істеді. Халықтың негізгі бөлігін креолдар (ақ колонистердің ұрпақтары), метистер, үндістер және негр-құлдар құрады.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Алғашқы күшті көтерілістік қозғалыс болып Гаитидегі (француз колониясы) 1791 жылғы 22 тамызда Туссен-Лювертьордың басшылығымен басталған негр-құлдардың көтерілісі

болды. Туссеннің әскері жергілікті плантаторларды, Гаити аралын басып алмақшы болған ағылышындарды, Наполеон жіберген Леклерктің француздық экспедициялық корпусын ойсырата жеңді. 1804 жылы Гаити Франциядан тәуелсіз мемлекетке айналды.

XIX ғасырдың басында испан колониялары революция алдындағы жағдайды бастарынан өткерді. Тәуелді халық (негрлер, метистер, үндістер, және кейбір креолдар) арасында толқулар байқалды. Колониялардың жергілікті халқы жоғарғы биліктің, әскердегі, әкімшіліктегі жауапты лауазымдардың испандықтардың қолында болуына қарсылық білдірді. Жергілікті буржуазия колонияны метрополийдің шикізат базасы ретінде пайдалануына наразылық білдірді.

Испандық таққа Бонапарттардың бірін әкелген (1808 ж.) Францияның Испанияға қарсы соғысы ұлт-азаттық революциялар үшін қолайлы жағдай туғызды. 1810 жылы Аргентинада көтеріліс басталды, 1816 жылы Аргентина тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. 1821 жылы Боливия тәуелсіздікке қол жеткізді, осы жылы Орталық Америка да тәуелсіздікті иеленді. Осы жылы Мексика босатылды. Бразилия шетелдік қанаудан 1822 жылы құтылғанымен, 1889 жылға дейін монархиялық режимді сақтап қалды. 1844 жылы Доминикан мемлекеті тәуелсіздікке қол жеткізді, 1898 жылы Куба, ал 1903 жылы Панама тәуелсіздікті иеленді.

Жаңа конституциялар (барлығы жазбаша нысандағы) АҚШ конституциясы үлгісі бойынша жасалды: президент, екі палата, сайлаушылардың шектелген саны. Бұрынғы колониялардың барлығында билік ірі жер иеленушілердің (креол) қолында сақталып қалды. Сонымен қатар, құлдық пен пеонаж (басыбайлы тәуелділік жүйесі) сақталды. Латын Америкасында құлдықты жою 1811 жылдан (Чили) бастап 1888 жылға (Бразилия) дейін созылды.

1889 жылы Бразилиядағы монархия құлады. 1891 жылғы Бразилияның конституциясы нысаны бойынша, тіпті, федералдық құрылымына дейін, АҚШ конституциясынан көшірілген. Бразилия 20 штаттан құралды, елдің ресми атауы “Бразилияның құрама штаттары” болды.

Тәуелсіздік алған соң 30-50 жыл аралығында Латын Америка елдеріндегі билік каудильоға (әскери диктаторлар) тиесілі болды. Олар билік басына өз әскеріне сүйене отырып келетін болған.

АҚШ-ТЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ САЯСАТЫ

1846 жылы АҚШ Мексикадан Техас, Калифорния, Аризона және т.б. штаттарды тартып алды. 1898 жылы Испаниямен

соғыстан соң АҚШ-қа Куба мен Пуэрто-Рико және де Филиппины өтті.

Латын Америкасына экономикалық тұрғыдан енуді бастаған соң АҚШ “революцияларды” (әскери төңкеріс) және каудилизмді (диктаторлық) өз мүддесіне пайдаланды. Мысалы, Венесуэладағы Каудильо Гоместің режимі АҚШ-тың көмегімен орнады (1908 жылы).

АҚШ-тың сыртқы саясатын Латын Америкасының шикізат байлығына және өз тауарларын өткізу нарығына мүдделі ірі сауда-өнеркәсіптік және тау-кен монополиялары анықтады.

Латын Америка елдерінің мемлекеті және құқығы

Латын Америка тарихын мемлекеттік режим бойынша кезеңдерге бөлу

Құқықтық жүйе

1. 1492 ж. – 19 ғ. басы. Колониалдық әкімшілік.
2. 19 ғ. басы – 21 ғ. Тәуелсіз даму.

1) Испан патшасы және оның 4 вице-патшалары, олар мына мемлекеттерді басқарды 1 – Мексика, Орталық Америка, 2 – Перу, Чили, 3 – Венесуэла, Эквадор, Колумбия, 4 – Боливия, Парагвай, Уругвай және Аргентина.

2) Каудильо (әскери диктаторлар), кейін республика президенттері, хунта басшылары (Тәуелсіздік алған мемлекеттер өз конституцияларын американдық үлгі бойынша жасады.)

1) Жер иеленудің екі нысаны болды: асырға – онда бағырлар (жағдайлары басыбайлы шаруаларға ұқсас) жұмыс істеді, құл иеленушілік шарттаулар – онда негр-құлдар жұмыс істеді.

2) Латифундизмдер (ірі жер иеліктері) – помещик жүйесімен (басыбайлы тәуелділік жүйесі) бірге.

Құқықтың негізгі қайнар көзі болып метрополит құқығы табылды.

1. Метрополистердің ұрпақтары, креолдар – ак колонистердің ұрпақтары, помещиктер – басыбайлы шаруалар (үндістер, метистер), Африкадан әкелінген құлдар.

Тәуелсіздік алған соң Латын Америкасының көптеген елдері бұрынғы метрополистердің құқықтық жүйесін және басқа да еуропалық елдердің құқықтық жүйелерін негізге алды.

1) Вице-патшалардың аппараты.
2) Президенттің үкіметтері немесе әкімшіліктері.

2) Екі палаталық парламенттер

2) Аумақ провинцияларға немесе штаттарға бөлінісі.

8. Италия

Өзінің бүкіл тарихи дамуында ыдыраушылық сипатты иеленді және нашар басқарылды. Күшті Еуропалық державалар тұрақты түрде оны бағындырып отырды. Алғашқы болып Франк мемлекеті мен Германия жауласса, кейін XV ғасырдан бастап Франция мен Испания жаулап алды. Ешбір шетелдік мемлекет Италияны саяси бірлікке әкелмеді. XVII ғасырдың соңына дейін Италия 11 мемлекеттен құралды. Соның ішінде ең маңыздылары болып Неаполитандық және Пьемонттық патшалықтар, Милан және Тоскана (Флоренция) герцогствосы, Папалық облыс, Венециандық республика табылды.

XVIII ғасырдың басында Австрияға Италияның солтүстік провинциялары Ломбардио (Милан) және Тоскананы жаулап алуға мүмкіндігі туды. Наполеон Италияда қысқа мерзімге отырды, сонда да буржуазиялық қатынастардың дамуына өз үлесін қосып кетті. Наполеонның жеңілгені көрініс тапқан Вена трактатынан (1815 ж.) кейін, Австрия Италиядағы үстемдік құрушы державаға айналды. Ломбардия мен Венеция Венадан басқарылды, бес басқа монархиялар орталықтан келген австриялық шенеуніктермен басқарылды, Неапольда билікке Бурбондар келді. Тек Сардиндік патшалықта (Пьемонтта) тәуелсіз Савой династиясы сақталып қалды. Пьемонт карбонарилердің азаттық қозғалысының орталығына айналды.

1848 жылы ұлт-азаттық қозғалыс үш монархиядан (Тоскана, Модена, Пармадан) австриялық әкімшілікті қуып шықты. Италияны австриялық әскерлерден тазалау үшін Пьемонт Австрияға қарсы соғыс жариялады. 1860 жылы Модена, Парма, Ломбардия және Тоскана Сардин патшалығының құрамына кірді. Неаполь және Папалық облысты қосу үшін басшылық Мадзини және Гарибальдидің демократиялық қозғалыстарымен бірлесіп қызмет етуге бел буды. 1860 жылы Неаполь Пьемонтқа қосылды. 1870 жылы Пьемонтқа Венеция және Папалық облыс қосылды, ол мемлекеттің астанасы болып Рим жарияланды.

Конституция ретінде 1848 жылғы Пьемонт статуты жарияланды. Мемлекеттің басында патша тұрды. Заңшығару билігін сенат пен депутаттар палатасынан құралған парламент жүзеге асырды. Сенаттың құрамына ақсүйектер енді. Депутаттар палатасы халықтың 2-3 %—нен сайланды, себебі, мүлктік ценз өте жоғары болған. 1882 жылы мүлктік цензді сауаттылық цензіне ауыстырды, сайлаушылардың саны 2 %-тен 7 %-ке дейін өсті. 1912 жылы тағы да бір реформа жүзеге асырылды — сөйтіп, сайлаушылардың саны (тек ер адамдар) 8 миллионға дейін өсті.

Ортағасырлық және жана дәуірдегі Италия

- 1 кезең. 476 ж. – 17 ғ. Саяси ыдыраған мемлекет.
- 2 кезең. 18 ғ. соңы - 1870 ж. Біртегіс мемлекеттің қалыптасуы
- 3 кезең. 1870 ж. - 20 ғ. басы. Конституциялық монархия.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең. Жеке басқарушылар.
- 2 кезең. Сәрдин патшалығының жанына бірігу, оның басында патша тұрды.
- 3 кезең. Патша.

- 1 кезең. Феодалдар, қатылық дін қызметкерлері, саудагерлер, қалалықтар, шаруалар.
- 2 кезең. Жоғарыдағыға ұқсас әлеуметтік құрылым және кейбір кездерде – жаулап алушылардың әскери әкімшілігі.
- 3 кезең. Ұқсас әлеуметтік құрылым

- 1 кезең. Мемлекеттердің жекелеген заңшығарушы органдары.
- 2 кезең. Сәрдин патшалығының парламенті.
- 3 кезең. Екі палатадан тұратын парламент: Сенат және Депутаттар палатасы.

- 1 кезең. Жекелеген мемлекеттердің үкіметтері, кейбір кездерде – жаулап алушылардың әскери әкімшілігі.
- 2 кезең. Сәрдин патшалығының парламенті
- 3 кезең. Премьер-министр басқаратын үкімет.

- 1, 2 кезең. Жекелеген мемлекеттердің жергілікті әкімшіліктері.
- 3 кезең. Провинциялардың басында префекттер, әкімшілік жұмыста мен, ұсақ аумақтық бірліктер - коммуналарда мэарлерді сайлаған.

Құқықтық жүйесі

- 1 кезең. Құқықтың өз жүйелері.
- 2 кезең. Францияның адамзаттық және қылмыстық құқығы, Алікбергині статуты.
- 3 кезең. Унификацияланған адамзаттық қылмыстық (қотамдық қауіпсіздік туралы) заңмен толықтырылған және қылмыстық іс жүргізушілік құқық. Ожшшлікті қайта құруға байланысты заңдар (патша декреттері)

Төртінші бөлім

ЖАҢА ЗАМАН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Буржуазиялық революциялардың жеңіске жетуі жаңа құқықтық (буржуазиялық) жүйелердің қалыптасуына алып келді, бұл жүйе жаңа экономикалық қатынастарды реттеуге бағытталған болатын.

Буржуазиялық қоғамда ерекше орынды шарт иеленеді. Кәсіпкерлер арасындағы, кәсіпкерлер мен жұмысшылар және т.б. арасындағы қатынастар шарттық негізде қалыптасады. Кезкелген шартты бекітудің алғышарттары болып жеке бас бостандығы бар тұлғалардың заңды түрдегі теңдігі мен жалпы құқыққабилеттілік табылады. Заңды теңдік қағидасымен заңдылық қағидасы тығыз байланысты, бұл қағида бірдей құқықтар мен міндеттерді, және заң алдындағы бірдей жауапкершілікті білдіреді. Осы ережелердің барлығы буржуазиялық құқыққа жалпы мағына берген.

Сонымен қатар, буржуазиялық құқықтың шегінде екі негізгі құқық жүйелері байқалады: континенталдық және ағылшын-саксондық. Құқықтың континенталдық жүйесі француздық және германдық құқықтың әсерімен қалыптасты, ал бұл құқықтарға, өз кезегінде, рим құқығы ерекше әсер етті. Құқықтың континенталдық жүйесі құқықты жеке және жариялық деп бөледі. Жеке құқық жеке тұлғалардың мүдделерін мемлекеттің де, жекелеген азаматтардың да қол сұғуынан қорғайды. Жеке құқыққа азаматтық, отбасылық және сауда құқықтары жатады.

Жариялық құқық билік пен басқару органдарының ұйымдастырылу және қызмет ету тәртібін анықтайды және жалпы қоғам мен мемлекеттің мүдделерін кезкелген қол сұғушылықтардан қорғайды. Жариялық құқыққа мыналар жатады: конституциялық, халықаралық, әкімшілік, қылмыстық, іс жүргізушілік құқықтар.

Құқықтың континенталдық жүйесі құқықты материалдық және процессуалдық деп бөледі. Құқықтың негізгі қайнар көзі болып заң табылады, ол жүріс-тұрыстың жалпы ережелері мен құқықтық қағидаларды орнықтырады. Сот нормашығарушы қызметпен айналыспайды.

Ағылшын-саксондық құқықтық жүйесі Англияда XI-XII ғасырларда пайда болған жалпы құқыққа негізделеді. Құқықты жеке және жариялық деп бөлу бұл құқық жүйесіне тән емес, сонымен қатар, материалдық және процессуалдық құқықтар да аса ажыратылмаған. Құқық салалары да нақты анықталмаған. Және бұл құқық жүйесінде кодификация орын алмаған.

Құқықтың ағылшын-акондық жүйесінің елдерінде құқықтың негізгі қайнар көзі сот прецеденті болды, ол барлық соттар үшін ұқсас істерді қарау барысында міндетті болып табылды. Сот құқықты жасайды, алайда, жалпы емес, казустық нормаларды, яғни, нақты бір істі шешуге арналған ережелерді шығарады. “Құқық” және “заң” түсініктері бір мағынаны білдірмейді. Парламенттік заң елдің құқығына оны сот қолданған және түсіндірген жағдайда ғана айналған. Бұл елдерде конституциялық әдет-ғұрыптар мен келісімдер де ерекше орынды иеленген. Келісімдер мемлекеттік билікті жүзеге асыру саласында аса кең қолданылатын.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесіне ерекше терминология, басқа елдерде кездеспейтін институттардың болуы тән.

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Англиядағы құқықтың қайнар көздері кодификацияланбаған. Жеке құқық белгілі бір дәрежеде сот прецеденті құқығы нысанында дамыған, бұл құқық екі бөлімнен тұрған: жалпы және әділдік құқығы. 1873-1875 жылдары жалпы құқық соттары және әділдік құқығының соттары біртұтас сот жүйесіне біріктірілді. Алайда, жалпы құқық пен әділдік құқығы қазіргі кезге дейін сақталған.

Прецедентпен қатар құқықтың негізгі қайнар көзі болып заң табылды. XIII ғасырдан бастап Англияда белгілі бір жүйеге келтірілмеген көптеген заңдар қабылданды. Англияның азаматтық құқығы субъектілер ретінде азаматтарды да, заңды тұлғаларды да таниды. Алайда, кейбір тұлғалардың құқық қабілеттігі шектелген, бұл — күйеуі бар әйелдер мен шетелдіктер. Сенімгерлік меншігі институтына негізделген заңды тұлғалар кенінен таралған. Серіктестіктер ұзақ уақыт бойы заңды тұлғалардың құқықтарын иеленбеді, алайда, кейіннен оларға бұл құқықтар берілді.

Англиядағы заттық құқық аса кең мағынада түсіндіріледі, заттық құқыққа авторлық, өнертабыстық құқық сияқты кейбір абсолюттік құқықтар да жатқызылған. Ағылшындық құқық заттарды жылжитын және жылжымайтын деп бөлмеген. Заттар шынайы және жеке деп бөлінген. Шынайы заттар: жер, өсімдіктер, ғимараттар, жерге құқықты орнықтыратын құжаттар, және жермен байланысты заттар. Жеке заттар екі түрге бөлінді: иеліктегі заттар — материалдық заттар және материалдық субстратқа ие емес заттар (авторлық құқық). Бұрын болмағанына қарамастан, қазіргі кезде ағылшын құқығында заттарды жылжитын және жылжымайтын деп бөлу кездеседі. Англиядағы барлық заттық

құқықтар меншік құқығының бір түрі ретінде қарастырылады. Оларға мыналар жатады: жылжымайтын мүлікті жалға берудің әртүрлі нысандары; сервитуттар; сенімгерлік меншік; ипотека.

Жерге деген меншік құқығы өзіндік ерекшеліктерге ие болды: жер тек патшаның меншігінде, ал қалған тұлғалар оны пайдаланушы ретінде ғана қарастырылды. Алайда, иелену құқығы меншік құқығынан ажыратылмады (мерзімсіздігі және басқа тұлғаға еркін түрде беру құқығы).

Сенімгерлік меншік (траст немесе трэст) — бір тұлға (сенімгерлік меншік иесі) оған үшінші тұлғаның (бенефициант) пайдасына екінші тұлға (құрылтайшы) берген мүлікке билік ететін және басқаратын меншік нысаны. Мүлікті пайдаланудың мақсаттары мен табыстарын құрылтайшы анықтайтын.

Міндеттемелік құқық.

Англияда міндеттеменің жалпы ұғымы қалыптаспаған. Азаматтық құқықтың жекелеген салалары ретінде шарттық құқық пен құқықбұзушылықтардан туындайтын міндеттемелік құқық танылды. Ағылшындық шарттық құқығының ерекше сипаттары болып тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақты анықтау, борышкерден міндеттемені толық және өз еркімен орындауды талап ету табылды. Шығындардың, соның ішінде құқыққа қайшы әрекеттерден (деликтілерден) туындаған мүліктік емес шығындардың (моральдық) орнын толтыру туралы ережелері дамыды.

Англиядағы отбасылық құқық ұзақ уақыт бойы феодалдық қатынастардың қалдықтарын сақтап қалды. Шіркеулік неке 1836 жылға дейін сақталды. Ерлі-зайыптылардың жеке қатынастары ерінің билігіне негізделді. Мүліктік қатынастарда әйелдің құқықтары шектелген болатын. Әйел адам құқықтың субъектісі болып табылмады. 1822 жылғы заңмен күйеуге тиген әйелдің аз да болса мүліктік дербестігі орнықты. 1857 жылға дейін ажырасуға рұқсат етілмейтін. 21 жасқа дейінгі балалар әкесінің билігіне бағынатын, ал ол болмаған жағдайда анасының қамқорлығында болған.

Англияда мұрагерлік өсиеттің еркіндігі негізінде жүзеге асырылатын. 21 жасқа толған кезкелген тұлға мүлкін өзі қалаған адамға мұрагерлікке бере алатын. Заң бойынша мұрагерлікте жерді және басқа да мүлікті алуға байланысты арнайы әртүрлі ережелер орын алған болатын.

Қылмыстық құқық пен іс жүргізуді тек XVIII ғасырдың ортасында атакты заңгер Блэкстон бір жүйеге келтірген. Қылмыстық құқық, әсіресе, жазалау мәселесіне байланысты консервативтік сипатты иеленген. 1810 жылы дене мүшелеріне зақым келтірумен сипатталатын жазалар аса кең таралған болатын.

Ағылшындық іс жүргізудің ерекшелігі болып айыптау процесінің бір мезетте жарыссөз процессі болғандығы табылды. 1907 жылы ағылшындық қылмыстық құқыққа шартты соттау және превентивтік (ескертушілік) қамауға алу түсініктері енгізілді.

Жаңа дәуірдегі Ұлыбританияның құқығы

Құқықтың негізгі қайнар көздері

Ұлыбританияның құқығы ескілігімен және жүйеленбеген түрімен ерекшеленді: бір жүйеге жинақталмаған сот прецеденттері, жалпы құқық және әділдік құқығы, заңдар. Құқық жеке және жариялық деп бөлінбеген.

Конституциялық құқық: 1215 ж. Ұлы еркіндік хартиясы, 1679 ж. Хабеас корпус акт, 1701 ж. Құрылым туралы акт, 1911 ж. Парламент туралы акт.

Азаматтық құқық: заңды тұлғалар және құқықтың басқа да субъектілері траст институтын (сенімгерлік меншік) кең пайдаланды. Заттық құқық аса кең түсіндіріліп болды. Заттар шынайы және материалдық деп бөлінді. Кейбір абсолюттік құқықтар (авторлық құқық және т.б.) та меншіктің өз ерекшеліктері болды. Бәрлық жер патшаның меншігі деп танылды, қалған тұлғалар жерді иеленушілер деп танылды.

Отбасы құқығы: 1836 жылға дейін шіркеулік неке сақталды. Алғашқыда отбасында ер адам басты тұлға болып саналды, кейінірек әйелдер ерлермен теңестірілді.

Міндеттемелік құқық: міндеттемелердің жалпы түсінігі жоқ. Азаматтық құқықтың жекелеген салалықтары болып шарттық құқық пен деликттілерден туындайтын міндеттемелер табылады. Жерді жалға алу шарты ерекше орынды иеленді.

Қылмыстық құқық және іс жүргізу: қылмыстық құқық ерекше консервативтік сипатты иеленді, дене жазалары ұзақ уақыт бойы сақталып келді. 18 ғасырда қылмыстық құқықты заңгер Білжстон бір жүйеге келтірді. Қылмыстық іс жүргізудің ерекшелігі болып айыптаушылық және жарыспалық процестердің үйлесуі табылды.

Мұрагерлік құқық: оның басты ерекшелігі болып өсетінің толық бостандығы табылды. Мұрагерлік құқық мирасқорлықтың өзіндік ерекшеліктері болды: мұра қалдырушының құқықтары алдымен сот өкіліне, одан кейін сот тағайындаған «жеке өкілге», содан кейін ғана мұра алушыға өтеді.

ФРАНЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Француз заңгерлері революция кезінің өзінде де кодификация жасауға талпыныстарды жүзеге асырған. 1791 жылы қылмыстық кодекстің жобасы, ал 1793, 1794, 1796 жылдары азаматтық кодекстің жобалары жасалып, ұсынылды. Алайда, тұрақты мемлекеттік билік болмағандықтан олар еш нәтиже бермеді. Тұрақтылық тек Наполеон Бонапарттың тұсында орнады. Оның үкіметі жарлықтар арқылы революцияға дейінгі құқықты түбірімен жойды. Наполеондық дәуірдегі заңгерлер бес негізгі кодекстерді қабылдады: азаматтық, қылмыстық, саудалық, қылмыстық іс жүргізушілік, азаматтық іс жүргізушілік.

1804 жылғы француздық азаматтық кодекс (Наполеон кодексі).

Кодекс жобасын дайындаумен айналысқан комиссияның құрамына Тронше, Порталис, Малльвиль, Биго-Преамке сияқты Францияның ұлы заңгерлері енді. Жоба төрт айдың ішінде жасалды. 1804 жылғы 21 наурыздағы заң барлық 36 титулды (тарауларды) біртұтас Азаматтық Кодекстің құрамына біріктірді. 1807 жылдан бастап ол Наполеон Кодексі деп аталды. Бұл акт 1789 жылғы “Адам және азамат құқықтары декларациясында” бекітілген келесі азаматтық-құқықтық қағидаларды одан әрі дамытқан: заңды теңдік, заңдылық, құқықтар мен бостандықтардың тұтастығы. Кодекстің құрылымына рим құқығы әсер еткен. Ол институтциялық жүйе бойынша құрастырылған.

Кодекс кіріспелік титулдан және үш кітаптан тұрған. Кіріспелік титулда заңдарды жариялау, қолдану және олардың күші туралы айтылған. Бірінші кітап тұлғаларға, екінші кітап мүліктер мен меншіктің түрлеріне, үшінші кітап меншікті иелену тәсілдеріне арналған.

Азаматтық құқықтың субъектілері.

Азаматтар (француздар) барлық азаматтық құқықтарды пайдаланатын. Шетелдіктер мен күйеуі бар әйелдердің құқықтары шектелген болатын. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде танылмады.

Меншік құқығы.

Кодексте меншік құқығына анықтама берілмеген, алайда, 544-бапта меншік иесінің негізгі құқықтары — мүлікті пайдалану және оған билік ету аталып өткен. Үшінші тұлғалардың мүддесі үшін кодекс меншік иесінің құқықтарын белгілі бір дәрежеде шектейді. Кодексте жер учаскесі иесінің құқықтары, сервитут, жерді жалға беру және т.б. жоғары деңгейде реттеліп өткен.

Жер учаскесінің иесінің құқықтары 552-бапта анықталған: “Жерге меншік жер үстіндегі және жер астындағы заттарға меншікті біріктірген”. Жылжитын мүлік иелері (банкирлер, саудагерлер) 2279-баппен қорғалған: “Жылжитын мүліктерге қатысты иелік бұл затқа құқықтың заңды негізі болып табылады”. Негізсіз иелік дәлелденуі тиіс болған (2268-бап). Кодекспен реттелген заттық құқықтарға сонымен қатар мыналар жатқан: бөтен заттарға құқық, иелік, затты ұстау.

Міндеттемелік қатынастар.

Кодексте міндеттемелердің жалпы түсінігі берілмеген, алайда 1101-бапта шартқа нақты анықтама берілген: “Шарт дегеніміз бір немесе бірнеше тұлғалардың басқа тұлғаның немесе тұлғалардың алдында белгілі бір әрекеттерді істеуге немесе істемеуге, бір затты беруге немесе бермеуге міндеттенуі”.

Шарттың жарамдығының жағдайы ретінде тараптардың келісімі, шынайы келісім (қорқытусыз, алдаусыз, адасусыз — 1108, 1109-баптар) танылған.

Шарттың өзгертілмеу қағидасы 1134-бапта бекітілген: “Заңды түрде бекітілген келісімдер оларды бекіткен тұлғалар үшін заңды күшке ие. Олар тек тараптардың өзара келісімі бойынша немесе заңмен көзделген жағдайларда тоқтатылады. Бұл шарттар міндетті түрде орындалуы тиіс болатын”.

Кодекс мүліктердің эвикциясы мәселесін де қарастырып өткен. Мүліктің айқын көзге көрініп тұрған кемшіліктері үшін сатушы жауап бермейді, ал жасырын кемшіліктерін сатушы міндетті түрде көрсетуі тиіс (1641, 1642-баптар).

Зиян келтірген жағдайдағы міндеттемелер 1384-бапта қарастырылып өткен: “Тапсырма берген тұлғалар, оны орындаушы тұлға қызметтік міндеттерді орындау барысында зиян келтірген болса, сол зиян үшін жауап береді”.

Кодексте “заттай міндеттемелер” де талданған, оларды орындауды сот тәртібімен талап етуге болмайтын. Алайда, егер міндеттеме орындалып қойса, оған тыйым салынбайтын. Кодексте “заттай міндеттеме” ретінде балаларға жасау беру міндеті аталған.

Неке-отбасы қатынастары күйеу мен әкенің билігіне және әйелдің шектелген құқық қабілеттігіне негізделген. Азаматтық неке мен ажырасуға рұқсат беру кодекстің енгізген жаңалықтары болып табылды. Кодекс некені шарт ретінде қарастырады, сол себепті, ерлі-зайыптылардың келісімі маңызды роль атқарған. Неке жасы анықталды (ерлер үшін — 18 жас, әйелдер үшін — 15 жас), сонымен қатар, қажетті жағдай ретінде басқа некеде болмау танылған.

Ажырасуға мына себептер бойынша рұқсат етілген: зинакорлық; өзара өкпелер; ерлі-зайыптылардың бірін ауыр және ұятты жазаға тарту; ерлі-зайыптылардың келіспеушілігі (229-233-баптар).

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары неке шартымен анықталған. Егер неке шартымен әйел мүлкінің режимі реттелмесе, ол толығымен күйеуінің иелігіне өтетін.

Некеден тыс туылған балаларды асырап алу тек еріктілік негізде жүзеге асырылатын. Мұндай балалар кейбір құқықтарды пайдалана алатын, алайда олар заңды некеден туған балалардың құқықтарын талап ете алмайтын.

Мұрагерлік құқық.

Өсиет бойынша және заң бойынша мұрагерлік танылған. Бұған карамастан, кодексе өсиет қалдыру бостандығын шектеген және мұра қалдырушының балалары болуы-болмауына қарай өсиетті жүзеге асыруды көздеген. Бір бала болған жағдайда мүліктің жартысына, екі балада мүліктің үштен бір бөлігіне билік етуге болатын. Егер балалары болмаса, алайда әкесі не шешесі жағынан туыстары болса, мұра қалдырушы мүлкінің үштен бір бөлігіне, ал егер екі жақтан да туыстары болса — мүлкінің жартысына билік ететін. Өсиеттен тыс қалған мүлік заң бойынша мұраға қалатын.

Заң бойынша мұрагерлікте алғашқы туысқандық қағидасы жойылды. Заң бойынша мұрагерлік құқығын 12 деңгейге дейінгі туыстары иеленген. Туыстары болмаған жағдайда мүлік қайтыс болған адамның жұбайына өтетін. Некеден тыс туылған балалар әкесінің мүлкіне шектелген құқықты иеленген болатын: олардың үлесі заңды некеден туған баланың үлесінің үштен біріне теңелетін, олар өсиет қалдырылмаса, заң бойынша мұраны иелене алмайтын.

1917 жылы мұрагерлердің шеңбері туыстықтың алты деңгейіне дейін азайтылды.

Азаматтық-іс жүргізушілік кодексе.

Бұл акт 1667 жылғы азаматтық әділ сот туралы ордонанстың негізінде 1806 жылы қабылданды. Кодекс бір қатар күрделі талаптарды орындауды, іс жүргізушілік құжаттар жазуды талап ететін процесті орнықтырды. Бұл сот процесінің тежелуіне алып келді. Жалпы соттарда адвокаттың міндетті түрде қатысуы талап етілді. Кейінгі жылдарда кодекстің өзгеруі байқалмады.

Француздық саудалық кодексе азаматтық кодекстен бөлек 1807 жылы қабылданды. Оның негізіне мына ордонанстар алынды: 1673 жылғы құрғақ жердегі сауда туралы және 1681 жылғы теңіз саудасы туралы ордонанстар. Ордонанстардың

ережелері өзгертілмегендіктен, Саудалық кодекс қабылданған кезінен бастап ескірген сипатты иеленді.

Саудалық кодексте саудаға қатысты арнайы құқықтық нормалар көрініс тапты, ал егер олар болмаған жағдайда, азаматтық кодекстің нормалары қолданылатын.

Саудалық кодекс төрт кітаптан тұрды: бірінші кітапта жалпы сауда туралы (саудагерлер, биржа-делдалдар, вексельдер туралы), екінші кітапта теңіз саудасы туралы, үшінші кітапта банкроттық туралы, төртінші кітапта сауда заңдары туралы айтылды.

Кодекстің көптеген нормалары біртіндеп өз күшін жойды.

1810 жылғы қылмыстық кодекс.

Азаматтық кодекстен кейін қылмыстық кодекс маңызды орынды иеленді. Кодекс қылмыстық әрекеттерді түрлерге бөлетін ережелерден басталды. Әрбір әрекеттің негізінде жазаның сипаты көрініс тапқан:

— полициялық жазалаумен жазаланатын қылмыстық әрекет құқық бұзушылық болып табылады;

— түзетушілік жазалаумен жазаланатын қылмыстық әрекет теріс қылық болып табылады;

— қорлаушы және азаптаушы жазалаумен жазаланатын қылмыстық әрекет қылмыс болып табылады (1-бап).

Осылай, кодекс қылмыстық әрекеттерді әдеттегідей үш топқа бөліп қарастырады: 1) қылмыстар — аса қауіпті қылмыстық әрекеттер; 2) теріс қылықтар; 3) полициялық құқық бұзушылықтар.

Кодекске төрт кітап енген, олардың алғашқы екеуін жалпы бөлім, кейінгі екеуін ерекше бөлім деп атауға болады.

Бірінші кітап қылмыстық (азаптаушы және қорлаушы) және түзеу жазаларына арналған. Оларға мыналар жатқызылған: елден қуу, өлім жазасы, айдап жіберу (каторга), азаматтық өлім (саяси құқықтардан айыру).

Екінші кітап жауапкершіліктің негіздерін және жауапкершіліктен бастау негіздерін (ессіздік, қылмысты жасауды күшпен мәжбүрлеу) қарастырған. 16 жасқа дейінгі тұлғаларға жазаның жеңіл түрлері қолданылған. Алайда, кінәнің нысандары, ескіру мерзімдері, қылмыстар жиынтығы анықталмаған болатын.

Үшінші кітап жеке және жариялық қылмыстар мен теріс қылықтарды қарастырған. Жариялық құқықбұзушылықтарға мыналар жатқан: мемлекеттік құрылымға, қоғамдық қауіпсіздікке, империялық конституцияға қарсы қылмыстар. Жеке құқықбұзушылықтарға жеке тұлғалар мен меншікке қарсы қылмыстар жатқан.

Төртінші кітап полициялық құқықбұзушылықтар мен жазаларға арналған.


Кейінірек Қылмыстық кодекске бірқатар өзгертулер енгізілді.

1808 жылғы Қылмыстық-іс жүргізушілік кодекс.

Бұл алғашқы таза іс жүргізушілік кодекс болып табылды. Ол соттарды үкіметтің тағайындау қағидасын бекітіп, соттардың Қылмыстық кодексте көзделген құқықбұзушылықтардың үш түріне сәйкес үш дәрежелік жүйені құрауын орнықтырды. Қылмыстық істер бойынша қарапайым полиция соты функцияларын жүзеге асыратын бейбіт судья бірінші инстанция болып табылды; екінші инстанция болып түзеу полициясы соты табылды, бұл орган алқалық заседательдердің қатысуынсыз алқалық сот нысанын иеленді; үшінші болып апелляциялық сот табылды, ол қылмыстық және азаматтық істер бойынша бөлімшелерден құралды, алқалық сипаты иеленді және бұл сотқа заседательдер қатыстырылатын. Сот жүйесін кассациялық сот басқарды. Соттың жанында айыптауды қолдайтын және қаулылардың заңдылығы мен сот қызметіне қадағалау жасайтын прокуратура тұрды.

1808 жылғы кодекс процестің аралас жарыспалылық-іздеушілік нысанын орнықтырды. Бірінші кезең — алдын ала тергеу нысаны бойынша іздеушілік процеске сәйкес келді, сот тергеуінің екінші кезеңінде процесс жарыспалылық сипатты иеленді.

Жаңа дәуірдегі Францияның құқығы



ГЕРМАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Азаматтық құқықтың бірінші кодификацияланған қайнар көзі болып 1896 жылғы Германдық азаматтық ереже табылды, ол заңды күшіне 1900 жылғы 1 қаңтарда енді.

Германдық азаматтық ереже белгілі бір дәрежеде рим құқығы мен герман құқығының ережелеріне, сонымен қатар, XVIII-XIX ғасырлардағы заңгерлердің буржуазиялық қатынастарды дамытуға әсер еткен ережелеріне негізделді.

Бұл ереже “пандекттік” жүйеге сәйкес құрастырылған, барлық институттар үшін жалпы нормалар жалпы бөлімде (бірінші кітапта) жинақталған. Бұдан басқа тағы да төрт кітап бар: екінші кітап міндеттемелік қатынастарға, үшінші кітап заттық құқыққа, төртінші кітап отбасылық құқыққа, бесінші кітап мұрагерлік құқыққа арналған. Ереженің ерекшеліктері болып жалпы зани анықтамалардың болмауы табылды; мұнда арнайы заң түсініктерін қолданған және сипаттаушы белгілерді иеленген параграфтар өте көп; сонымен қатар, құқықтық мазмұнға емес, “адал ар-ұят”, “жақсылық” сияқты моральдық мазмұнға ие түсініктерге негізделген параграфтар да кездеседі.

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері.

Жеке тұлғалардың құқықабілеттігі заңды теңдікке негізделген, алайда, әйелдердің құқықабілеттігі белгілі бір дәрежеде шектелген болатын. Кәмелетке толу жасы болып 21 жас саналған. 7 жастан 21 жасқа дейін Ереже әрекетқабілеттікті шектеудің әртүрлі дәрежелерін орнықтырған.

Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде танылған. Ереже заңды тұлғалардың екі түрін атайды: ферейндер (қоғамдар мен одақтар) және мекемелер. Ферейндер ретінде мүшелері мүшелік құқықтар мен міндеттермен байланысқа түскен тұлғалар одағы танылған. Бұл одақтар шаруашылық (қызметінің мақсаты — пайда табу) және шаруашылық емес (мәдени, ғылыми) деп бөлінген. Мекемелер мекемені құру үшін өз мүлкінің белгілі бір үлесін бөлген жеке тұлғалардың ерік білдіруі негізінде құрылған.

Бұл Ережемен акционерлік қоғамдардың және жауапкер-шілігі шектеулі серіктестіктердің (Ltd.) жағдайы реттелмеген болатын. Олар үшін арнайы заңдар қабылданды, бұл заңдар аталған заңды тұлғаларды құрудың ерекше тәртібін орнықтырған болатын. Шаруашылық емес ферейндер үшін де құрылудың өзіндік тәртібі бекітілді. Тек кейбір шаруашылық одақтар үшін ғана құрылудың рұқсат етушілік тәртібі орнықтырылды.

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің ішінде бұл Ереже жұмысшылар одағын — құқықабілеттігі жоқ

қоғам деп таниды, олар заңды тұлғалардың сипаттарын иелене тұра, ондай құқықтық мәртебеге ие болмады. Мұндай құқық қабылеттігі жоқ одақтар серіктестіктер ережесі негізінде жұмыс істеді.

Германиядағы құқық заттарды жылжитын және жылжымайтын деп бөлді. Жылжитын мүлік — бұл жер учаскесі және оған тиесілі заттардан басқа мүліктер. Бағалы қағаздар жылжитын мүлікке жатқызылған.

Германдық Ереже бірқатар заттық құқықтарды атап өтеді: меншік құқығы, бөтеннің мүлкін иелену және пайдалану құқығы, аң аулау және балық аулау құқығы. Негізгі заттық құқық болып меншік құқығы табылды. Жер учаскесінің иесінің меншік құқығына екі түрлі шектеу қойылады: біріншіден, меншік иесі басқа учаскеден келетін газдың, түтіннің, шаңның кері әсерін шыдауға тиіс, себебі, мұндай жағдайлар бұл жерлерде шектен тыс құбылыс емес (§ 906); екіншіден, жер учаскесі иесінің жерінің үстіндегі ауа кеңістігі мен жер қойнауына меншік құқығы шектеледі, меншік иесі бұларға қолсұғушылыққа қарсы тұра алмайды, себебі, бұл әрекеттердің жер учаскесіне тікелей зияны жоқ (§ 905).

Міндеттемелік құқық

§ 241 міндеттемелерге толығымен анықтама береді: “Міндеттеме арқылы несие беруші борышқордан ұсыныстарды талап етуге құқылы. Ұсыныс белгілі бір әрекетті жасаудан тартынудан да көрініс табады”.

Шарттық қатынастар Ереже бойынша шарт еркіндігі қағидасына сәйкес жасалынады. Алайда, Ереже шарт еркіндігі қағидасына “адал ар-ұят”, “адамгершілік” түсініктері арқылы күзетулер енгізеді. Мұндағы шарт жасасуға қабілетті тұлғалардың шеңбері Наполеон кодексіне қарағанда анағұрлым ауқымды, бұл Ереже бойынша әйелдер мен балалар да шартқа қатысушылар ретінде танылады, Ережеде тек 7 жасқа дейінгі балалар ғана толық әрекетқабілеттігі жоқ деп аталған.

Деликтілер де (құқықбұзушылықтар) міндеттеменің пайда болуына негіз болып танылған.

Отбасы құқығында Ереже заңды некенің жалғыз нысаны ретінде азаматтық некені таныған. Ер адамдар үшін некеге тұру жасы ретінде 21 жас, ал әйелдер үшін 16 жас бекітілген. Кәмелетке толмағандардың некеге тұруына ата-анасының рұқсаты қажет етілген. Некеге тұруға кедергілер ретінде жақын туыстық немесе құдалық қатынастар және де бірінші некеден айырылыспағандығы танылған. Некеге тұрмастан бұрын қыз айттыру міндетті болып табылатын, бұл процесс шарт жасасуға теңестірілген, оған

сәйкес екі жақтың өз сөзіне берік болуы және некеге тұру міндеті анықталатын. Ажырасуға тек мына жағдайларда ғана рұқсат етілетін: жұбайының өміріне қауіп төндіру; жұбайын әдейі тастап кету; біреуінің есі дұрыс болмауы; некелік міндеттерді дөрекі түрде бұзу және басқа да адамгершілікке қарсы әрекеттер. Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары неке шартымен анықталатын. Отбасы әкенің билігіне бағынатын, бірақ оған өз құқықтарын асыра пайдалануға жол берілмеді. Балалары әкесінің, ол болмаса, анасының билігінде болған. Некеден тыс туылған балалар өз анасы мен оның туыстарына қатысты заңды некеден туған балалардың құқықтық мәртебесін иеленген (§ 1705). Некеден тыс туылған бала мен оның әкесі туыстық қатынаста емес деп танылған (§ 1589).

Мұрагерлік заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылатын. Заң бойынша мұрагерлікке қатысты Ереже парантеллалар жүйесін бекіткен, бұл жүйе ортақ ата-бабадан тараған туыстар тобын білдірген. Бірінші парателланы тікелей мұрагерлер, екінші парателланы — ата-аналары мен олардың жақын туыстары, үшінші парантелланы — атасы мен әжесінің жақын туыстары құраған. Өсиет бойынша мұрагерлік тағайындауда өсиет еркіндігі қағидасы басшылыққа алынған. Өсиетті 16 жастан бастап қалдыруға болатын, ал 21 жастан бастап ол жариялы түрде жүзеге асырылған.

1897 ЖЫЛҒЫ САУДА КОДЕКСІ 1861 жылғы Сауда кодексінің қайта өңделген сипатында болған. Жаңа Германдық Сауда Ережесі 1897 жылғы 10-мамырда қабылданып, 1900 жылғы 1-қаңтардан күшіне енді. Сауда Ережесі төрт кітаптан тұрды. Бірінші кітап сауда қызметкерлері (саудагерлер, маклерлер), сауданың нысаны және құжаттары туралы, екінші кітапта — сауда серіктестіктері туралы: акционерлік қоғамдар және сенімгелік серіктестіктер туралы, үшінші кітапта — сауда шарттары туралы, төртінші кітапта — теңіз құқығы туралы айтылған.

Кейінгі жылдары Сауда Ережесінің номаларына көптеген өзгерістер енгізілді.

1877 ЖЫЛҒЫ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ 10 кітап, 1048 параграфтан тұрған. Алайда, германдық азаматтық іс жүргізу кодексі француздардікіне қарағанда, архаизмдері (ескі ережелері) жоқ және құрылуы бойынша қарапайым болып келеді. Ол бойынша тараптарға дәлелдемелер жинауда көп мүмкіндіктер берілген. Сот тараптар ұсынған материалдарды тек қабылдап және бағалап отырған.

1871 ЖЫЛҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЕРЕЖЕ үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде қылмыс, теріс қылық және полиция қызмет-

керлерінің құқықбұзушылықтары арасындағы айырмашылықтар туралы; германдық азаматтардың шетелде құқықбұзушылық жасаған жағдайындағы жауапкершілігі туралы ережелер көрініс тапты. Екінші бөлімінде қылмыстық құқықтың жалпы мәселелері қарастырылды, олар: қылмыстың сатылары, қылмысқа қатысушылық, жеңілдететін және ауырлататын мәнжайлар. Үшінші бөлім жекелеген қылмыстардың түрлеріне қатысты нормалардан тұрды, яғни ерекше бөлім болып табылды.

Сонымен қатар, Қылмыстық Ереженің Сауда дәрменсіздігі (жалған банкроттық) мәселесіне қатысты ерекше бөлімі болды.

1877 ЖЫЛҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ 1871 жылы қабылданған қылмыстық кодекске толықтыру ретінде табылды. Қылмыстық іс жүргізу тергеу сотының прокуратурадан дербестік және тәуелсіздік қағидасына негізделіп құрылды, және де алдын ала тергеу кезінде қорғаушыны пайдалануға рұқсат етілді. Айыптаушы мен сотталушы теңдей процессуалдық құқықтарға иеленді. Германияның қылмыстық сот өндірісінің өзгешелігі ретінде прокурор іске жәбірленушінің айыптаушысы ретінде іске қатысуы табылды. Сотта дәлелдемелерді еркін бағалау қағидасы сақталынды.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Бір жүйелендірілген актіге жинақталған жазбаша конституцияның алғашқы үлгісін (О.Кромвельдің кезіндегі “Басқару қаруы”) Англия көрсетті. Алайда, бірінғай жазбаша акті ретінде конституцияға тән жағымды жақтарымен көріне алмады. Англияның конституциясын, қазіргі кезде де бірнеше актілер құрайды, ол: 1679 жылғы Habeas corpus акт; 1689 жылғы Құқық туралы билль; 1701 жылғы Тақты мұраға калдыру туралы акт; белгілі бір дәрежеде Ұлы еркіндік хартиясы; 1911 және 1949 жылдардағы парламент туралы заңдар және т.б. актілер.

XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін жазбаша конституциялар тек АҚШ, Франция және Латынамерика елдерінде ғана болды.

1830 жылы жазбаша конституция Бельгия мен Швейцарияның негізгі заңы болып бекітілді. Бельгияда парламентарлық (шектелген) монархия режимі, ал Швейцарияда — буржуаздық-демократиялық конфедеративтік республика орнады. 1848 жылы және содан көп ұзамай жазбаша конституциялар Дания, Нидерланд, Пьемонт, Пруссия, Оңтүстік германдық мемлекеттер, Австрия, Сербия, Румыния, Болгария және соңғы болып Жапония мемлекеттерінде қабылданды.

Еуропа конституцияларының басым көпшілігі Англия, Франция, АҚШ сияқты мемлекеттердің мемлекеттік басқару

тәжірибесінде тексерілген институттарды енгізді, ол: патша немесе президент, халықтың сайлауға қатысу құқығының болуы, төменгі палатаның алдында кабинеттің ұжымдық жауапкершілігі, соттардың ауыстырылмайтындығы. Жоғарғы палатаның мүшелері көбіне тағайындалған және мұрагерлік жолмен келген тұлғалардан құрылды. Бірпалаталық парламенттер жаңадан құрылған үш мемлекетте Сербия, Греция және Болгарияда қабылданды.

Саяси (партиялық) оппозиция парламенттік жүйенің құрамдас элементі ретінде танылады. Көбіне үкімет парламентте көпшілік дауысқа ие партиядан құрылатын. Мұндай жағдайда парламент үкіметтің ұсынысын орындап отыратын және де ол екі жаққа да тиімді болатын. Егерде парламент пен үкіметтің арасында белгілі бір мәселеге қатысты келіспеушілік туындаса, олар саяси тығырыққа тіреліп, дау көбіне үкіметтің пайдасына шешілетін (әскердің көмегімен).


Мемлекеттің конституционализмінің дамуында екі тенденция байқалатын, онда президент немесе патша мемлекеттің үш билік тармағының арбитры ретінде және атқарушы биліктің басшысы ретінде көрініс табатын. Үкімет күшті жерде парламент әлсіз, ал парламент күшті жерде үкімет әлсіз болып келетін. Сонда да, билік тармақтарының қызметінде тепе-теңдік және тежемелік жүйесі тәжірибе жүзінде қолайлы болып табылды.

Сайлаушыларға және дауыс берудің нысандарына (күпия, тікелей немесе ашық түрде) ценздер бекіту маңызды мәселелердің бірі болды. Сонымен қатар, буржуазиялық елдердің көпшілігінде екі турда дауыс беруде мәселені көпшілік дауыспен шешу кең орын алған.

Екінші турға сайлаудың бірінші турында абсолюттік көпшілік дауыс жинай алмаған депутаттар қатысқан.

Жалпы алғанда, қазіргі кезге дейін еуропалық елдердің негізгі мемлекеттік институттары іс жүзінде өзгермеген.

Жаңа дәуірдегі Германияның құқығы



Бесінші бөлім

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

1. Жапония

ЖАҢА САЯСИ ҚҰРЫЛЫМ

Бірінші дүниежүзілік соғыста Жапония өзінің колониалдық иеліктерін Тынық мұхиттағы германдық колонияларды жаулап алып кеңейтті. Ірі концерндердің (“Мицуй”, “Мицубиси” және т.б.) позицияларының күшеюі өнеркәсіптің, соның ішінде әскери өнеркәсіптің де дамуы негізінде жүзеге асырылды. Бұл концерндер “дзайбацу” деп аталынды.

Сонымен қатар, селода әлеуметтік шиеленістің өсуіне жағдай жасайтын феодалдық қатынастар да сақталынып келді. 20-жылдардың соңы — 30 жылдардың басындағы тоқырау әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтарды өршіте түсті. Бұл жағдайдан шығудың жолы ретінде мемлекет басшылары милитаризация мен әскери полицейлік режимнің күшейтілуіне ден қойды. 1933 жылы Жапония Ұлттар лигасынан шықты. 1937-1939 және 1940-1941 жылдары министр-президенттің лауазымын тоталитаризмнің жақтаушысы — ханзада Коноэ иеленді. Ол милитаристтік топтар мен “дзайбацудың” өкілі болып табылды. Оның үкіметі “жаңа саяси құрылымды” құру туралы жариялады. Барлық партияларға ерікті түрде таратылуға ұсыныс жасалды. Олардың орнына жартылай қоғамдық-жартылай мемлекеттік ұйым — Таққа көмек беру ассоциациясы. Кәсіподақтардың орнына “отанға қызмет ету қоғамдары” құрылды. Аса милитаризацияланған әскери-полициялық режим орнады. Халықты идеологиялық және ұйымдастырылған түрде соғысқа дайындады (жалпы әскери дайындық пен әскери іске оқыту курстары енгізілді).

Экономикада барлық кәсіпорындарды аумақтық-салалық қағида бойынша біріктіруді көздеген “Жаңа экономикалық құрылым” енгізілді. Ереуілдер жасауға тыйым салынды. Жұмыс уақыты өсіп, әскери техника мен қару-жарақ өндірісі анағұрлым жылдам күшейе түсті. Экономика соғыстық жағдайға икемделе бастады.

1941 жылғы желтоқсанда Қытаймен соғысып жатқан Жапония американдық әскери-теңіздік база Перл-Харборға (Инжулі жағалау) шабуыл жасап, АҚШ-пен, содан кейін антигитлерлік коалицияның басқа да мемлекеттерімен соғыс бастады.

ЖАПОНИЯНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДАМУЫ

Жапония соғыстан жеңіліс тапты. 1945 жылы Жапонияға американдық әскерлер келді, елде генерал Д.Макартур басшылық еткен әскери әкімшіліктің оккупациялық режимі орнықты. Әскер мен флот қайта құрылып, әскери қылмыскерлер Халықаралық трибуналдың сотына тартылды. Мемлекеттік аппаратта тазалаулар жүргізіліп, милитаристік органдар мен қоғамдар таратылды.

1946 жылы аграрлық реформа туралы заңмен ірі поме-щиктік жер иелену жойылды. Өңдеуге берілетін жердің көлемі 3 те-ден (9 га-дан) аспауы тиіс болды.

Кәсіподақтар қайта қалпына келтірілді, 8 сағаттық жұмыс уақыты және ұжымдық шартқа деген құқық енгізіліп, ереуілдер жасауға рұқсат етілді.

Жаңа үкіметтің құрамын американдық әскери әкімшілік анықтады. Бұл әкімшілік Жапонияның жаңа конституциясының жобасын жасады.

1946 жылы жаңа сайлау заңының негізінде парламентке сайлау жүргізілді, бұл заңға сәйкес, әйелдер де сайлау құқығын иеленіп, жасқа қойылған ценз 5 жылға қысқарды. Конституция дамыған елдердің конституцияларында көзделген көптеген либералдық-демократиялық бостандықтарды ескерді. Соған қарамастан, монархия ұлттың рәмізі ретінде сақталып қалды. 1947 жылы конституция өз күшіне енді.

1947 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯ

1947 жылғы 3 мамырда күшіне енген жапон конституциясы императорды ұлт пен мемлекеттің рәмізі ретінде жариялайды (1 бап). Императордың мемлекеттік істер бойынша барлық әрекеттері Кабинетпен (үкіметпен) келісіліп отыруы тиіс болған.

Сонымен қатар, бұл конституция жапон халқының соғыстан бас тартуын ұлттың егеменді құқығы ретінде және әскер мен әскери флоттың болмауын жариялады. Формальды теңдік пен қандай да болмасын нысанда, қандай да болмасын белгісі бойынша (жынысы, нәсілі, діні және т.б.) кемсітуге жол бермеу танылды. Тең жалпыға ортақ сайлау құқығы (тікелей құпия дауыс берумен) жарияланды. Заңшығарушы билікті екі палатадан тұрған парламент жүзеге асырды, оның палаталары: Өкілдер палатасы және Кеңесшілер палатасы. Екі палата да сайланбалы болды: біріншісі 4 жылға, екіншісі 6 жылға сайланды. Парламент сессиялары жылына бір рет шақырылатын. Өкілдер палатасы қабылдаған заң жобасына байланысты Кеңесшілер палатасы басқа шешім шығарған болса, бұл жоба

Өкілдер палатасының қатысушы мүшелерінің кем дегенде үштен екі бөлігі қайта қабылдағанада ғана заңға айналатын.

Атқарушы билікті премьер-министр мен мемлекеттік министрлерден құралған Кабинет жүзеге асырды. Ерекше атап өтетін жайт, конституция барлық министрлердің азаматтық тұлғалардан болуын талап етті. Мемлекеттік министрлердің басым көпшілігі сияқты Премьер-министр да Парламент мүшелерінен қатарынан ұснылатын. Кабинет парламенттің алдында ұжымдық жауапкершілікте болды.

Сот билігін басында Жоғарғы сот тұрған соттардың біртұтас жүйесі жүзеге асырды. Судьялар 10 жылға сайланатын, ал егер заңмен белгіленген жасқа (отставка жасы) жетпесе, қайтадан сайлана алатын. Сонымен қатар, Жоғарғы сот кезкелген заң мен актінің Конституцияға сай, немесе емес екендігі жөніндегі мәселені шеше алатын.

Қазіргі замандағы Жапония

Жаңа замандағы тарихты кезеңдерге бөлу

- 1 кезең – 1889-1947 жылдар. Конституциялық монархия
- 2 кезең – Соғыстан кейінгі даму. 1947 ж. – қазіргі кезге дейін.

Мемлекеттік құрылым

- 1 кезең Император – I Дүниежүзілік соғыстан соң – оның билігінің күшеюі.
- 2 кезең Император – мемлекет пен халықтың тұтастығының рәмізі (тақта отырады, бірақ, билігі жоқ)

- 1 кезең Парламент (Пэрлар палатасы және Депутаттар палатасы)
- 2 кезең Парламент (Кенесшілер палатасы және Өкілдер палатасы)

- 1 кезең Жоғарғы империялық сот
- 2 кезең Жоғарғы сот конституциялық әділеттің органы ретінде

- 1 кезең Министр-президент басшылық ететін министрлер кабинеті
- 2 кезең Парламент ұсынатын Премьер-министр басшылық ететін министрлер кабинеті

- 2 кезең Ел префекттер басшылық ететін префектураларға бөлінген

- 1 кезең Еуропалық үлгідегі қазіргі кезгі әскер.
- 2 кезең Әскер таратылды – оның орнына “Озін-өзі қорғау күштері” құрылды

2. Италия

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ МОНАРХИЯНЫҢ ТОҚЫРАУЫ

Италия ХХ ғасырды конституциялық монархиялық мемлекет ретінде аттады. Бұл кезде Италияда дамыған банкілік капитал мен өнеркәсіптік өндіріс болған. ХХ ғасырдың басында “Фиат”, “Монтеатини”, “Пирелли” сияқты концерндер мен “Банка ди Рома”, “Қасиетті рух банкі” сияқты банкілер құрылды.

Солтүстік Италия өнеркәсіптік сипатты, ал Оңтүстік Италия (Сицилия аралын қосқанда) ауылшаруашылық сипатты иеленді.

Италияның негізгі заңы болып 1848 жылғы Пьемонт (Альбертиндік) статут сақталып қалды. Оған сәйкес, заңшығарушы билікті патша мен парламент жүзеге асырды. Патша күшті президенттік билік орын алған мемлекеттегі президенттің функцияларына тең келетін функцияларды жүзеге асырды (заңдарды бекіту, үкіметті құру және т.б.).

Парламент Сенат пен 5 жылға сайланатын Депутаттар палатасынан тұрды. Сенат (патша сияқты) ұснылатын заң жобаларына қатысты veto құқығын иеленді. Депутаттар палатасы мемлекеттің бюджетін құру мен салық жинаумен байланысты өкілеттіктерді иеленді. Үкімет Депутаттар палатасының алдында жауап берді.

Бірінші дүниежүзілік соғыста Италия жеңген мемлекеттердің (Антанта) жағында болды және аграрлық мемлекеттен аграрлық-индустриялық мемлекетке айналды. Мұндай даму барысында елдегі өсімнің әлеуметтік белгілер бойынша түрге бөлінуі орын алды.

Жұмысшылар қозғалысы күшейе түсті, 1919 жылғы сайлауда Италияндық социалистік партия сайлаушылардың үштен бір дауысын иеленді. Ірі кәсіподақтық бірлестік — Жалпыитальяндық еңбек конфедерациясының қызметі ерекше маңызға ие болды. 1921 жылы социалистік партияның сол қанаты Италияндық коммунистік партияны құрады.

ФАШИСТІК ИТАЛИЯ

ХХ ғасырдың 20-жылдарында оң және сол күштердің арасындағы саяси күрестің нәтижесінде шовинистік көзқарасты ұстанған офицерлер мен солдаттарды, ұсақ буржуазияны құраған итальяндық фашистік қозғалыс пайда болды. Олардың басында Б.Муссолини тұрды. Фашистік партия қызметінің идеологиялық негізін антисемитизм мен расизм құрады, ал оның ұраны болып “Ұлы Италия” табылды.

1922 жылғы қазан айының соңында фашистердің қаруланған тобы патшаның, әскердің және Ватиканның жақтауымен

Римге шабуыл жасады, бұл әрекеттің нәтижесінде 1922 жылғы қарашада Б.Муссолини билігінен айырылды да, оны патша премьер-министр етіп тағайындады.

1925 жылы “Үкімет басшысының құқықтары мен артықшылықтары туралы” заңға сәйкес мемлекеттегі бүкіл атқарушылық билік премьер-министрдің қолына шоғырланды.

1923 жылғы сайлау заңына сәйкес орнықтырылған сайлау жүйесіне өзгертулер енгізілді. Бүкіл мемлекет біртұтас сайлау округі ретінде жарияланды. 1928 жылғы сайлау заңына сәйкес жалпыға ортақ, тең, пропорционалды дауыс берудің (1919 жылғы заң бойынша) орнына үміткерлерді фашистік кәсіподақтардың ұсынуы енгізілді, және бұл үміткерлерге 1922 жылғы 15 желтоқсанда құрылған Жоғарғы Фашистік кеңес міндетті түрде келісім беруі тиіс болатын. Жоғарғы Фашистік кеңес парламенттің заңшығарушылық функцияларын қайталап, тіпті, оның орнына өзі заң қабылдап отырды.

1939 жылы парламенттік жүйе жойылды. Депутаттар палатасының орнына партиялық-мемлекеттік органға айналған фашалар мен корпорациялар палатасы құрылды. Оның құрамы сайланбалы емес, тағайындаушылық сипатты иеленді, мүшелерді дуче (көсем) Б.Муссолини тағайындайтын. Сенатпен (бұрынғыдай патша тағайындайтын) бірлесе отырып жаңа палата жоғарғы заңшығарушы органды құрады.

Жергілікті әкімшілік фашистік партияның құрамынан тағайындалатын префекттер мен подесттердің басқаруына берілді. 1926-1927 жылдардағы “Мемлекетті қорғау туралы” заңдармен фашистік партиядан басқа барлық саяси партиялардың және фашистерге қарсы барлық газеттердің қызметіне тыйым салынды. Фашистік кәсіподақтардан басқа барлық кәсіподақтар таратылды.

Қуғын-сүргіндік аппарат белсенді түрде қалыптасты. 1923 жылы Жоғарғы Фашистік кеңестің шешімімен ұлттық қауіпсіздікті қорғаумен айналысатын ерікті милиция құрылды, оның мүшелерінің саны елдің қарулы күштеріндегі әскердің санынан асып кетті. Милиция тек дучеге бағынатын.

1926 жылы мына органдар құрылды: ұлттық қауіпсіздік полициясы; фашистерге қарсы қозғалыстардан қорғау ұйымы; саяси тергеудің ерекше қызметі. Қарулы күштер үкімет басшысына бағынды, және оған ішкі істер министрі ретінде карабинерлер корпусы да бағынды.

Сот жүйесіне төмендегідей өзгерістер енгізілді: арнайы комиссиялар (полициялық соттар); режимге қарсы қылмыстарды реттеуге арналған ерекше саяси трибунал; мемлекетті қорғау бойынша арнайы фашистік трибунал ерекше өкілеттіктерді иеленді.

Партия бюрократиялық, әскерилендірілген аппаратқа айналды. 1927 жылы Жоғарғы Фашистік кеңес Еңбек хартиясын қабылдады, оған сәйкес, фашистік мемлекеттің негізін кәсіпкерлер мен жұмысшыларды біріктірген корпорациялар құрады, ереуілдер мен қозғалыстарға тыйым салынды.

Фашистік режим Корпорациялардың арнайы министрлігін және Корпорациялардың ұлттық кеңесін қалыптастырды. Елде өнеркәсіптің әртүрлі салаларында 22 корпорация құрылды, Корпорациялардың ұлттық кеңесі экономиканы басқару органына айналды.

Фашистік режим Ватиканмен одақтасты. 1929 жылы Ватиканды Рим папасы басқаратын мемлекет ретінде тану туралы келісім бекітілді. Католик діні Италияның жалғыз діні ретінде танылды.

Сыртқы саясатта, фашистік Германиядағы сияқты, агрессия ерекше сипатты иеленді. 1936 жылы Эфиопия (Абиссиния) жауланып алды, ал 1939 жылы Албания оккупацияланды. 1940 жылы Италия әскерлері Грецияға басып кірді. 1937 жылы Италия “Антикоминтерндік пактқа” Жапония мен Германиямен бірлесе отырып қосылды. 1940 жылғы шілдеде Италия Англия мен Францияға соғыс жариялады, содан кейін Италия КСРО-ға қарсы (Қырымда) соғысқа қатысты.

ФАШИСТІК РЕЖИМНІҢ ҚҰЛАУЫ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ОРНАУЫ

Елдегі жағдай нашарлай түсті. Соғыстағы жеңілістер әскердің ұйымдастырылуын әлсіретті. 1943 жылы итальяндық әскер тарайды. 1943 жылғы 24 шілдеде Жоғарғы Фашистік кеңес патшадан қарулы күштерге басшылық жасауды сұрады, бұл дучеге сенімсіздіктің көрінісі еді.

Жаңа премьер-министр П.Бадольо сөзсіз жеңілу шарттарына қол қойып (1943 жылғы 3 және 29 қыркүйек), антигитлерлік коалиция елдерінің жағына өтті. 1943 жылғы қазан айындағы Москвада өткен конференцияда АҚШ-тың, КСРО-ның және Ұлыбританияның сыртқы істер министрлері фашистік партияны, фашалар және корпорациялар палатасын, Жоғарғы Фашистік кеңесті, фашистік трибуналдарды, фашистердің басқару органдары мен қуғын-сүргін аппаратын тарату туралы шешім қабылдады.

1943 жылғы күзде қарсылық білдіру қозғалыстары мен ағылшын-американдық әскер Италияның аумағынан фашистерді қуып жіберді.

1946 жылғы 20 наурызда үкімет Құрылтай жиналысы туралы заңды бекітті, бұл орган демократиялық сайлаудың негізінде

құрылуы тиіс болатын. 1947 жылғы 16 наурызда сайлау мен референдум өтті, мұнда итальяндықтар “Сіз республиканың орнағанын қалар ма едіңіз?” деген сұраққа жауап берді. 11 миллион сайлаушы монархия үшін, 13 миллион сайлаушы республика үшін дауыс берді.

Құрылтай жиналысы конституцияны 1947 жылғы 22 желтоқсанда қабылдады, ол 1948 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. Конституция тараулар мен бөлімдерге біріктірілген 139 баптан және 18 өтпелі және қорытынды ережелерден тұрды. Конституция Италияны демократиялық парламенттік республика ретінде жариялады.

Парламент екі теңқұқылы палаталардан тұрды. Депутаттар палатасы жалпы және тікелей дауыс беру арқылы бес жылға сайланатын болды. Сенат алты жылға сайланатын. Айырмашылықтар депутаттар (21-25 жас) мен сенаторлар (25-40 жас) үшін белсенді және бәсең сайлау құқығынан байқалады. Парламент үкіметті құрап, бақылайды. Үкімет парламенттің алдында жауап береді және парламенттің сенім вотумына тәуелді болып табылады.

Президент мемлекеттің басшысы болып табылады және ұлттың біртұтастығының кепілі болып табылады. Ол парламент палаталарының біріккен отырысы арқылы 7 жылға сайланады. Президентке тән барлық міндеттерден бөлек ол өмір бойғы 5 сенаторды тағайындау құқығына ие. Ол референдум туралы жариялайды, халықаралық шарттарды ратификациялайды, дипломатиялық корпусты құрайды, соғыс және бейбітшілік жағдайы туралы хабарлайды (бұл жөнінде парламентте шешім қабылданған соң). Оның функцияларына, сонымен қатар, рақымшылық ету және кешірім жасау жатады.

Үкімет парламенттің алдында жауап береді. Ол жергілікті жерлердегі атқарушы билік жүйесіне басшылық жасайды. Жаңа институт үкіметтік комиссар институты енгізілді, оның функцияларына облыстағы барлық азаматтық әкімшілікке басшылық жасау және оның қызметін облыстық өзін-өзі басқару органдарымен үйлестіру кірді. Сонымен қатар, префектура кеңесінің қызметіне басшылық жасайтын префекттің лауазымы, арнайы қызметтер және жергілікті басқарудағы полициялар сақталып қалды.

Қарулы күштерде қарулы күштердің бас инспекторы институты енгізілді, ол бас қолбасшының (республика президентінің) билігіне бағынды. Кеңесуші органдар — Аэроавтика бойынша жоғарғы кеңес және Қорғаныс бойынша жоғарғы кеңес (бұл кеңеске президент төрағалық етті) құрылды.

50-жылдары Италияда полицияның 5 түрі қалыптасты: қоғамдық қауіпсіздік күштері (Франциядағы республикалық

қауіпсіздік отрядтарына ұқсас), карабинерлер корпусы, қаржы (салық) полициясы, орман қорғау қызметі, провинциялық полиция.

Құқыққорғау органдары 1931 жылғы Қылмыстық кодекстің және 1941 жылғы Қылмыстық іс жүргізушілік кодекстің негізінде жұмыс жасады.

Жаңадан құрылған мекемелердің бірі болып Конституциялық сот табылды, оның функцияларына мыналар кірді: Конституцияға ресми түсіндірме беру, заңдардың конституцияға сәйкестігін тексеру, мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешу, азаматтардың құқықтарына кепілдік беру.

Сот өкілеттік мерзімі 9 жылдан тұратын 15 судьядан құралды, олардың құрамы біртіндеп өзгертіліп отыратын.

Конституциямен әділдіктің келесі жүйесі бекітілді: Мемлекеттік кеңес; Есеп палатасы; әскери трибуналдар; апелляциялық және кассациялық соттар; преторлар; әкімшілік джунттар (атқарушы органдарға ұқсас).

1947 жылғы конституцияға сәйкес Италия біртұтас орталықтандырылмаған (яғни, автономиялық облыстары көп) мемлекет ретінде жарияланды, мемлекет 20 облысқа, 95 провинцияға және 8068 коммуналарға бөлінді. Облысқа Облыстық Кеңес басшылық жасайтын болды, атқарушы орган болып облыстық джунта табылды. Облыстық Кеңестің өкілеттіктеріне мыналар жатты: облыстық деңгейдегі органдарды, оның ішінде полицияны, құру; жергілікті сауда, денсаулық қорғау; мәдениет және әлеуметтік қамтамасыз ету; облыстық салықтар және провинциялық және коммуналық өзін-өзі басқару органдарының қызметіне бақылау жасау. Бес облыстық кеңестен құралған топ заңнама мәселелері бойынша референдум өткізуді талап ете алатын. Облыстар президентті Сенаттағы өздерінің делегаттары арқылы сайлайтын. Облыстар мен мемлекет арасындағы даулар Конституциялық сотта шешілетін.

Облыстар провинциялардан тұрды, оларды провинциялық жиналыс басқаратын. Бұл жиналыс провинция джунтасын атқарушы орган ретінде сайлайтын. Коммуна да осындай жүйе бойынша басқарылатын.

Жергілікті жерлерде орталық биліктің өкілдері болып мыналар табылды: облыстарда үкіметтік Комиссарлар; провинцияларды префекттер; коммуналарда мэрлар.

1975 жылы сайлау жүйесін демократизацияландыру жүзеге асырылды. Азаматтарға, Сенатқа сайлауды қоспағанда, белсенді сайлау құқығы 18 жастан, бәсең сайлау құқығы 25 жастан бастап берілетін болды (фашистердің тұсында сайлау құқығы 21 жастан бастап пайда болатын).

1947 жылғы 10 желтоқсанда антигитлерлік коалиция мемлекеттері Италиямен бейбіт келісімге келіп, оған еркін демократиялық мемлекет ретінде даму құқығын берді. Италия өзі жаулап алған Албанияның және Эфиопияның егемендігін таныды, Грецияға аумағын қайтарып берді, Африкадағы өз колонияларынан (Ливия, Италияндық Сомали, Эритрея) бас тартты.

Қазіргі кезде Италия республикасы — дамыған мемлекет, НАТО-ның және Еуропалық Одақтың мүшесі.

Қазіргі замандағы Италия

Қазіргі замандағы Италия тарихының кезеңдері

- 1 кезең. - Фашистік диктатура 1922 – 1943 ж.ж.
2 кезең. - Республикалық кезең. 1947 ж. бастал қазіргі кезге дейін.

Мемлекеттік құрылым

- 1 кезең. Монарх (номиналды).
2 кезең. Президент.

- 1 кезең. Екіпалаталық парламент: Фашалар палатасы және Корпорациялар палатасы.
2 кезең. Екіпалаталық парламент: Депутаттар палатасы және Сенат.

- 1 кезең. Сот-офицерлерден құралған саяси трибунал.
2 кезең. Магистратураның жоғарғы кеңесі.

- 1 кезең. Жергілікті деңгейде фашистік партияның мүшелері болып табылатын старосталар мен префекттер тағайындалды.
2 кезең. Ел үкіметтік комиссарлар басқаратын облыстарға, префекттер басқаратын провинцияларға және мэрлер басқаратын коммуналарға бөлінді.

- 1 кезең. Дуче (көсем) басқаратын Үкімет.
2 кезең. Премьер-министр басқаратын Үкімет.

- 1 кезең. Фашистік Италияның қарулы күштері.
2 кезең. Қазіргі кезгі үлгідегі әскер.

- 1 кезең. Полициялық соттар.
2 кезең. Мемлекеттік кеңес. Есеп палатасы, кассациялық және апелляциялық соттар.

Әскери трибуналдар халықтық сот.

Әкімшілік джунтта.

3. Франция

ҮШІНШІ РЕСПУБЛИКА

Версальдық бейбіт келісім (1919 жыл) бойынша Францияға Эльзас пен Лотарингия қайтарылды, германдық колониялардың бірқатары және германдық репарацияларға құқық берілді. Мемлекеттің экономикасы ерекше қарқынмен дамыды. 1930 жылы ауылшаруашылық өндірістің үлесі 40 %-ті құрады. Тресттер мен ірі корпорациялардың да айрықша дамуы байқалды. Алайда, бірінші дүниежүзілік соғыс Францияны несие беруші-мемлекеттен борышкер-мемлекетке айналдырып жіберді.

Кенестік Ресей 1917 жылдан бастап француз банктерінен алған заемен қайтарудан бас тартты, себебі, заемдарды патшалық үкімет алған болатын (яғни, барлығына патша қарыз). Соғыс уақытында Франция 4 миллиард АҚШ долларына дейін қарыз болды.

1920 жылы социалистік партия коммунистер мен социалистерге бөлінді. Алайда, елдегі күрделі ішкі саяси жағдайға қарамастан, 1875 жылғы конституция өз күшін сақтап қалды.

1919 жылы жартылай пропорционалдық сайлау жүйесі енгізілді. 1919 жылғы сайлау заңы сайлаудың мажоритарлық және пропорционалдық жүйелерінің үйлесуін көздеді. Әрбір департамент 75 мың тұрғынның арасынан бір депутатты таңдайтын, депутаттардың саны департаменттегі халық санына байланысты болды. Абсолюттік көп дауысты иеленген үміткер сайланды деп есептелді. Егер мандаттардың барлығы жоғарыда аталған ережелер бойынша бөлінбеген болса, сайлаудың пропорционалдық жүйесі қолданылатын. Бұл жағдайда департаменттегі дауыс берушілердің саны мандаттардың жалпы санына бөлінетін, ал үміткер үшін бір тізімнен берілген дауыстардың жалпы саны онда аталған үміткерлердің санына бөлінетін.

1927 жылы консервативтік саясатты ұстанған Р.Пуанкеренін үкіметі мажоритарлық жүйені (абсолюттік көпшілік жүйесі) қалпына келтірілді. 1927 жылғы заңға сәйкес Франция мен оның теңіздің ар жағындағы иеліктері 612 сайлау округіне бөлінді, олардың тоғызы Алжирде, оны қалған колонияларда болды; сол жерлерде тұратын француздар ғана дауыс беретін, колониялардың тұрғылықты халқы сайлау құқығын иеленбеді.

30-жылдары үкіметтің билігінің күшеюі байқалды. Парламент, тіпті, әр бір жыл сайын үкіметке төтенше өкілеттіктерді беріп отырды. Енді үкімет заңдарды парламенттің келісімінсіз әкімшілік тәртіпте ұсынатын болды.

Мысалы, 1939 жылы (қыркүйекте) үкімет Германияға соғыс жариялады, алайда, 1875 жылғы 19-шілдедегі Конституциялық заңға сәйкес соғысты жариялау тек екі палатаның келісімімен ғана жүзеге асырылуы тиіс болатын.

1940 жылғы мамырда неміс-фашистік әскер француздарды ойсырата жеңді. Француз үкіметі әскери қимылдарды тоқтатуға шешім қабылдады. Германия елді екі бөлікке бөлді: Францияның шығысы, солтүстік-шығысы, солтүстігі және атлантикалық жағалауы оккупацияланды. Екінші бөлікте: оңтүстік-шығыста және оңтүстікте Германия Виши (Виши қаласының атауы бойынша) үкіметін сақтап қалды, алайда, 1942 жылғы қарашада бұл облыстар да басып алынды.

ТӨРТІНШІ РЕСПУБЛИКА

Француз қарсылығының қозғалысын генерал Ш. де Голль басқарды. Англияда тұрғанда Ш. де Голль 1940 жылы “Еркін Франция” (1942 жылдан бастап “Айқасушы Франция”) қозғалысының негізін қалады. Көп ұзамай Голль ағылшын үкіметімен “барлық еркін француздардың басшысы” ретінде танылды. 1943 жылғы жазда біртұтас Ұлт-азаттық француз комитеті құрылды, кейінірек ол да Голльдың басшылығымен Францияның уақытша үкіметі болып қайта құрылды.

1944 жылғы жазда ағылшын-американдық әскерлер Франция жерін аяқ басты (екінші фронт). 1944 жылдың соңында Франция жалпы алғанда босатылды.

1945 жылы Францияның уақытша үкіметі жаңа Конституция қабылдау үшін Құрылтай жиналысына сайлау өткізу және сонымен бірге референдум өткізу туралы шешім қабылдады. Сайлаушыларға келесі екі сұраққа жауап беру ұсынылды:

1) олар жаңа Конституция қабылданғанын қалай ма немесе 1875 жылғы конституциялық заңның күшінде қалғанын қалай ма;

2) Құрылтай жиналысы қабылдаған Конституцияның жобасы референдуммен бекітілуі тиіс пе.

Референдумның барысында дауыс берушілердің 96,4 %-і жаңа конституцияны қабылдау үшін дауыс берді, 66,3 %-і Конституцияны халықтық дауыс берумен бекітуге дауыс берді. Құрылтай жиналысына сайлау бойынша дауыстардың басым көпшілігін коммунистік партия, екінші орынды социалистік партия, үшінші орынды 1944 жылы құрылған Халықтық-республикалық қозғалыс иеленді. 1946 жылғы сәуір айында Құрылтай жиналысы конституцияның жобасын жасап аяқтады. Бұл жоба бойынша жалғызпалаталық парламент енгізу,

президентті veto құқығынан, парламентті таратып жіберу құқығынан, кешірім жасау құқығынан айыру және де өнеркәсіптің жекелеген түрлерін ұлттандыру бекітілді. Бұл жоба референдумның барысында қайтарылып жіберілді.

Референдумның нәтижесінде Құрылтай жиналысының жаңа құрамын сайлау қажеттілігі туындады. Алайда, бұл жолы көп дауысты Халықтық-республикалық қозғалыс жинады, сонан соң коммунистер, олардан кейін социалистер тұрды.

Конституцияның жаңа жобасы 1946 жылғы қазандағы референдумда бекітілді. Преамбулада 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы декларацияда жарияланған азаматтың құқықтары мен бостандықтары салтанатты түрде бекітілді. Сонымен қатар, қосымша саяси құқықтар да енгізілді. Республика жаулап алушылық соғыстарды жүргізбеуге міндеттенді. Конституция парламенттік республиканы құруды көздеді.

Парламент екі палатадан тұрды: Ұлттық жиналыс және Республикалық кеңес. Ұлттық жиналыс жалпыға ортақ, тікелей сайлау құқығының негізінде 5 жылға сайланатын болды, тек Ұлттық жиналыс қана заң шығару құқығын иеленген болаты. Республикалық кеңесті жалпыға ортақ және жанама сайлау құқығының негізінде коммуналар мен департаменттер сайлайтын.

Республика президентін парламент 7 жылға сайлайтын, және ол келесі мерзімге қайтадан сайлана алатын. Мемлекетті тікелей басқаруды Министрлер кеңесі жүзеге асыратын, бұл органды төраға басқаратын. Төрағаны президент парламент фракцияларының лидерлерімен кеңесе отырып тағайындайтын. Министрлер кеңесінің төрағасы Ұлттық жиналысқа өз бағдарламысын ұсынатын және егер сенім вотумын алса, ол өзі және оның кабинеті тағайындалды деп есептелінетін. 1946 жылғы конституция Министрлер кеңесіне (үкіметке) Ұлттық жиналыстың алдында ұжымдық жауапкершілікті көздеді.

Жергілікті басқару мен үкіметтік бақылау өзгерген жоқ.

Конституцияның VIII тарауы Француздық одаққа (Ұлттардың британдық одағына ұқсас) арналды. Барлық колониялардың метрополиямен теңдігі жарияланды, олар біріге отырып Француздық одақты құрады. Одақ үшін маңызды мәселелер Француздық одақтың жаңадан құрылған Ассамблеясында қарастырылуы тиіс болды.

Жалпы алғанда 1946 жылғы конституция XIX ғасырдағы республикалық конституциялардың мазмұнын сақтап қалды, алайда оған демократиялық қозғалыстың көтерілуімен байланысты арнайы сипаттар тән болды:

1) парламенттің екі палаталық жүйесі сақталып қалды, алайда жоғарғы палатаның (Республикалық кеңес) құқықтары шектелді;

- 2) заң қабылдау құқығы тек бір палатаға — Ұлттық жиналысқа берілді;
- 3) парламенттен тәуелсіз және қуатты президенттік билік көзделмеді;
- 4) Ұлттық жиналысқа тәуелді үкімет режимі енгізілді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

1948 жылы Республикалық кеңеске сайлаудың мажоритарлық жүйесі енгізілді, кейін бұл жүйе Ұлттық жиналысқа сайлауда да қолданылатын болды. 1951 жылғы 8 мамырдағы заңға сәйкес партия немесе партиялар блогы егер сайлаушылардың даусының 50 % — ін алған болса сол округтағы мандаттардың барлығын иеленетін. Егер бұл жүйе бір де бір партияға дауыстардың қажетті санын алуға мүмкіндік бермесе, сайлаудың пропорционалдық жүйесі қолданылатын.

Республикалық кеңестің мәртебесі өзгерді. 1954 жылғы 7 желтоқсандағы заңмен екі палатада заң шығару саласында теңестірілді. Кеңес өз құқықтары бойынша соғысқа дейінгі Сенатқа ұқсады. Аталған заңмен Ұлттық жиналыстың қызмет ету уақыттары анықталды. Бұған дейін Ұлттық жиналыс тұрақты қызмет ететін құрылым болып табылған. Осының нәтижесінде үкіметтің билігі күшейді.

БЕСІНШІ РЕСПУБЛИКА

Төртінші республиканың конституциялық режимінің құлауының (1946 жылғы Конституцияны жою арқылы) тікелей себебі болып Алжирдегі жағдайлар табылды. Онда 1958 жылдың сәуір-мамыр айларында ұлт-азаттық көтерілісті басуды талап еткен оңшыл күштер (оның ішінде — құпия әскери ұйым) күшейе түсті. Оларды колония әскерлерінің бірқатар әскери бөлімдері жақтады. “Француздық Алжир” ұранын басшылыққа алған ашық әскери қимылдар басталды. Алжирде де, Францияда да азаматтық соғыстың басталу қаупі туды. Парламенттегі оң және орталық партиялар мемлекеттік билікті төтенше өкілеттіктермен бірге елде де, әскерде де үлкен беделге ие қайраткер ретінде танылған генерал де Голльға беруді талап етті.

Жаңа Конституцияның жобасы жасалды. Оның негізін де Голльдің қазіргі кездегі француз мемлекетіне қатысты идеялары құрады. 1958 жылғы Конституцияны қабылдау Бесінші республиканың (қазіргі кезде де бар) пайда болуын білдірді.

Конституцияға сәйкес президентке атқарушы биліктің басшысы ретінде көптеген өкілеттіктер берілді. Президент мынадай құқықтарды иеленді: премьер-министрді тағайындау,

ал оның келісімімен министрлерді тағайындау; заң шығару ынтасын білдіру; мемлекетте төтенше жағдайды жариялау және парламенттің төтенше сессияларын шақыру; референдумға кезкелген заң жобасын ұсыну және т.б.

Үкіметтегі екінші тұлға болып Премьер-министр табылды, ол үкіметке басшылық жасады.

Республиканың парламенті екі палатадан тұрды: Ұлттық жиналыс және Сенат. Ұлттық жиналыс тікелей дауыс беру арқылы, ал Сенат жанама дауыс беру арқылы сайланатын болды.

Конституцияның негізінде құрылған жаңа орган болып Конституциялық кеңес (конституциялық бақылау органы) табылды. Оның құрамына 9 жылдық өкілеттік мерзімін иеленген 9 мүше кірді. Оларды палаталар төрағалары мен президент теңдей тағайындайтын. Францияның барлық экс-президенттері оның өмір бойлық мүшелері болып табылды. Конституциялық кеңес президентті, депутаттар мен сенаторларды сайлаудың дұрыстығын, референдумдардың жүргізілуін тексеретін, сонымен қатар, парламенттің қабылдаған нормативтік актілердің конституцияға сәйкестігі мәселесін шешетін. Атқарушы биліктің нормативтік актілеріне (қаулыларына) бақылауды Мемлекеттік кеңес (бұл да осы Конституцияның негізінде құрылған) жүзеге асыратын.

Сонымен, 1958 жылғы Конституция Францияда күшті президенттік республиканы орнатты. Бесінші республиканың режимі 1969 жылы де Голль отставкаға кеткен соң да сақталып қалды.

Қазіргі замандағы Франция

Францияның тарихын республикалық режимдер бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең. — Үшінші республика 1875 — 1940 ж.ж.
- 2 кезең. — Төртінші республика 1946 — 1958 ж.ж.
- 3 кезең. — Бесінші республика 1958ж. — қазірге дейін.

Мемлекеттік құрылым

- 1 кезең. Президент (номиналды).
- 2 кезең. Президент.
- 3 кезең. Президент.

1 кезең. Екіпалаталық парламент: Депутаттар палатасы және Сенат.
2 кезең. Екіпалаталық парламент: Ұлттық жиналыс және Республикалық Кеңес.
3 кезең. Екіпалаталық парламент: Ұлттық жиналыс және Сенат.

1 кезең. Префекттер басқараған департаменттер және супрефекттер басқарған округтар.
2 кезең. Әкімшілік-аумақтық бөлініс өзгермеді.
3 кезең. Региондар, департаменттер, коммуналар.

1 кезең. Мемлекеттік кеңес (әкімшілік әділет органы). Кассациялық сот.
2 кезең. Мемлекеттік кеңес (әкімшілік әділет органы). Кассациялық сот.

3 кезең. Конституциялық кеңес — конституциялық әділет органы.

Апелляциялық соттар.

Үлкен инстанция трибуналдары.

Кіші инстанция трибуналдары.

1 кезең. Премьер-министр басқарған Үкімет.
2 кезең. Төраға басқарған Министрлер кеңесі.
3 кезең. Премьер-министр басқарған Министрлер кеңесі.

4. Германия

ИМПЕРИЯНЫҢ ҚҰЛАУЫ ЖӘНЕ ВЕЙМАР РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Соғыстағы сәтсіздіктер және Ресейдегі революция Германияда революциялық жағдайдың орнауына әкеліп соқты. 1918 жылдың қараша айында Кил қаласында әскери моряктардың көтерілісі орын алды. Көтерілісшілерге Германияның ірі қалалары — Гамбург, Лейпциг, Мюнхен, Бремен — бірікті. Жұмысшылар мен солдат депутаттарының кеңесі билікті өз қолдарына алды. 1918 жылғы 9 қарашада революция Берлинде жеңіске жетті.

Кайзер (император) Вильгельм Голландияға қашып, Герман империясы құлады. Еңбекші депутаттардың Берлиндік кеңесінің келісімін алып, Уақытша социал-демократиялық үкімет Құрылтай жиналысына сайлау туралы жариялады. Алайда, демократиялық көзқарастарды ұстанған социал-демократтар халықтың қанын төгуден тайынбады: 1919 жылғы 15 қаңтарда Берлин демонстрациясы таратылып, Мюнхендегі Бавар кеңестік мемлекеті де басылып тасталды (1919 жылғы наурыз).

1919 жылғы қаңтарда Құрылтай жиналысына өткен сайлауда буржуазиялық партиялар социал-демократиялық партияларға қарағанда көп дауысты иеленді. Жиналыс Веймар қаласында өтті. Президент ретінде 1905 жылдың бері социал-демократиялық партияның басқарма мүшесі, 1916 жылдан бері социал-демократиялық партия мен рейхстагтың басшысы Макс Эберт сайланды.

Үш партияның коалициясы (социал-демократиялық, демократиялық және орталық партиясы) социал-демократ Ф.Шейдемман басшылық еткен Германия үкіметін құрады. Бұл үкімет Версальдық бейбіт келісімге қол қою мәселесін тездетті, бюджетті бекітіп, жаңа конституция — Веймар конституциясын қабылдады. Оның авторы болып ішкі істер министрі, либералдық бағытты ұстанған заңгер Гуго Преис болды. 1919 жылғы конституция (Веймар конституциясы) Германияны президент басшылық ететін буржуазиялық-демократиялық мемлекетке айналдырды.

Парламент екі палатадан тұрды: рейхстаг (төменгі палата) және рейсрат (империялық кеңес). Рейсрат 18 жердің өкілдерінен тұрды. Рейхстаг пропорционалдық жүйе бойынша 4 жылғы сайланатын. Германия 30 сайлау округтарына бөлінді. Сайлауға қатысатын әр партия өз депутаттарының тізімін енгізді. Депутаттық орындар дауыс санына қарай бөлінді: көп дауыс болса көп орын берілді.

Барлық маңызды мәселелер — сыртқы байланыстар, әскер мен флот, салық және қаржы жүйесі, байланыс пен көлік және т.б. орталықта шешілетін. Германияның федерациялығы қатаң түрде сақталды.

Германиядағы президенттік билік монархиялық билікке ұқсады. Президент парламент палаталарында шешуін таппаған мәселелерді де шешетін. Президент үкіметтің басшысын — республика канцлерін тағайындайтын.

Конституцияның 165 бабы кәсіпорындар мен округтарда жұмысшылар кеңестерін құруды көздеді.

Жалпы алғанда, Веймар конституциясы буржуазиялық-демократиялық сипатты иеленді. Сөз, партия, басылым, еңбек бостандықтары танылды. 8-сағаттық жұмыс уақыты заңдастырылып, жұмысшылардың ұжымдық шарттарды бекітуге құқығы, әйелдердің сайлау құқығы танылды. Жұмыссыздыққа байланысты заңнамалық жәрдемақылар мен басқа да демократиялық құндылықтар енгізілді.

ГИТЛЕРЛІК ГЕРМАНИЯ

1929 жылы дүниежүзілік экономикалық тоқырау орын алды, бұл Германияның ішкі саяси жағдайын шиеліністіре түсті. 1930 жылғы сайлауда Коммунистік партия 4,5 миллион дауысты иеленді. Жана жұмысшы революциясынан қауіптенген ірі өнеркәсіп мен қаржы иелері өз үміттері мен мүдделерін Адольф Гитлердің фашистік партиясымен байланыстыра бастады. Партия 1919 жылы құрылды және Германияның ұлттық-социалистік жұмысшылар партиясы деп аталды. Партияның әлеуметтік базасын ұсақ буржуазиялық және таптан тыс элементтер (қылмыскерлер), шаруалар, жұмысшылар құрады. Партияның бағдарламасы “жана неміс рейхын” құруды көздеді.

Фашистік диктатураның орнау мүмкіндігіне көзі жеткен коммунистер социал-демократтармен бірлесуді шешті, алайда, соңғылары егер фашистер билікке заңды жолмен (рейхстагқа сайлау арқылы) келетін болса, олармен бірігуден бас тартатынын білдірді.

1932 жылғы шілдеде ұлтшылдар (нацистер) 13 миллион, сол жылдың қарашасында 11 миллион дауысты иеленді. Қарашадағы сайлаудың нәтижелері Германияның монополистік топтарын үркітті. 1933 жылы Гитлер канцлер Ф.фон Папенмен келісімге келді. Германияның президенті П.фон Гинденбург айналасындағылар мен әскерилердің мәжбүрлеуінің нәтижесінде А.Гитлерді рейхканцлер (империялық канцлер) лауазымына шақырды. Бұл жағдай 1933 жылғы 30 қарашада орын алды және Германиядағы фашистік режимнің басы болып табылды.

Германияда фашистік диктатураның орнауына төрт жағдай әсер етті:

1) ірі өндірістік және қаржылық буржуазия тоқыраудан шығудың жалғыз жолы ретінде диктатураға үміт артты;

2) ұсақ буржуазия мен шаруалар ұлтшылдардың бақытты өмір туралы уәделеріне сенді;

3) Германияның жұмысшы табы өз ішінде ыдыраудың нәтижесінде әлсізденді, сол себепті, коммунистер фашистермен жалғыз өздері күресуге дайын болмады;

4) елде күшті экономикалық тоқырау орын алды, одан шығу үшін мықты билік қажет болды.

Экономикадағы тоқырау мен келеңсіздіктер уақытында әлеуметтік проблемалардан шаршаған халық қатаң басшылық пен тәртіпті талап етеді, себебі, әдетте экономикалық тоқыраудан шығудың екі жолы болады: күшті мемлекеттік, тіпті, авторитарлық билік; анархия (заңсыздық заңы).

ФАШИСТІК ГЕРМАНИЯНЫҢ САЯСИ РЕЖИМІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Фашистер билікке келген соң, ең алдымен, буржуазиялық-демократиялық бостандықтарды жоя бастады. 1933 жылғы ақпанда сөз, басылым, жиналыс бостандықтарын жойған “Герман халқы мен мемлекетін қорғау туралы” декрет қабылданды. Сол айда полицияға шексіз өкілеттіктерді берген “Герман халқын қорғау туралы” декрет қабылданды. 1933 жылғы 23 наурыздағы заңмен рейхстагтағы депутат-коммунистер мандаттарынан айырылып, қамауға алынды, коммунистік партия мен оның баспа құралдары жабылып, оларға тыйым салынды. Басқа барлық партиялардың қызметіне де тыйым салынды. Кәсіподақтар таратылып, мәжбүрлі мүшелікпен байланысты өздерінің кәсіподақтары құрылды.

Елде жалғыз партиялық әскерилендірілген саяси жүйе орнады. Үкімет партияның бақылауына өтті. Партияда өзінің штурмдық отрядтары (СА), қорғау отрядтары (СС) және әскери құрылымдары болды, бұлар кейінірек фашистік Германияның қарулы күштеріне (вермахт) айналды. Ұлтшылдар партиясының мүшелерінің қылмыстарын соттардың жалпы жүйесінен бөлек, партиялық соттарда қарастырылды.

1933 жылғы 24 наурыздағы заң империялық үкіметке парламентті айналып өтіп, актілер қабылдауға рұқсат етті. 1934 жылғы тамыздағы заңмен президенттің лауазымы жойылды. Барлық билік фюрерге берілді, ол үкіметтің басшысы болып қалды. Фюрердің лауазымы өмір бойлық сипатты иеленді, және ол өз мирасқорын тағайындай алатын.

Рейхстаг көрсетілімдік демонстрациялар үшін сақталып қалды. Жердік әкімшілік бөлініс облыстық бөлініске ауыстырылды. Облыстарды орталықтан тағайындалған шенеуніктер басқарды.

Экономиканы басқару ірі монополиялардың көмегімен орталықтандырылған сипатты иеленді. 1934 жылғы 27 ақпандағы заңмен шаруашылық палаталар — жалпы империялық және провинциялық палаталар құрылды. Бұл палаталарды ірі монополистер басқарды. Экономиканы картельдеу (кәсіпорындарды күшейту) процесі осы шаруашылық палаталардың көмегімен жүзеге асырылды. Бірқатар ұсақ кәсіпорындар таратылды.

1938 жылы жалпыға ортақ еңбек міндеттілігі (әкімшілік тәртіптегі қоғамдық жұмыстар) енгізілді.

“Жаңа үшінші рейхты” құру үшін ұлтшылдарға (олардың көзқарасы бойынша) бүкіләлемді жаулап алушылық қимылдар қажет болды. 1939 жылғы 1 қыркүйекте Германия Польшаға басып кірді, сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс басталды. 1945 жылы КСРО және одақтас-мемлекеттер АҚШ пен Ұлыбритания фашистік Германияны жеңді.

Германия 4 оккупациялық аймаққа бөлінді. Аймақтардың қолбасшылары Одақтық бақылау кеңесін құрады. 1945 жылғы жазда (17 шілде — 2 тамыз) Потсдамда, Берлиннің жанында, келесі үш одақтас-мемлекеттердің конференциясы өтті: КСРО (И.В.Сталин), АҚШ (Г.Трумэн) және Ұлыбритания (У.Черчилль, 27 шілдеден бастап К.Эттли). Бұл конференцияда мынадай шешімдер қабылданды: германдық әскер мен флотты тарату, әскери қылмыскерлерді сотқа тарту, демократиялық институттарды қалпына келтіру.

1946 жылғы қарашада оккупацияның батыс аймағында (ағылшын-американдық) жеке басқару құрылды. Осының нәтижесінде Германия екі аймаққа бөлінді, олар кейін батыста Герман федеративтік республикасына, шығыста Герман демократиялық республикасына айналды.

ГЕРМАН ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1949 жылы оккупацияның үш батыс аймақтары біртұтас мемлекетке — Герман федеративтік республикасына бірікті, оккупациялық билік жаңа Конституцияны бекітті (Бонн қаласының атауы бойынша Бонн конституциясы). Жалпы алғанда, Бонн конституциясы Веймар конституциясына ұқсас болып келді. Оған сәйкес, Герман федеративтік республикасы федерализмнің негізіндегі 10 аймаққа бөлінді, яғни, олар бір-бірінен

тәуелсіз болды және олардың тәуелсіз бюджеттері болды. Әр аймақтың үкіметі өз өкілдерін жоғарғы палатаға — бундестагқа (Одақтық Кеңес) тағайындады, төменгі палатаны (Бундестаг) халық сайлады. Конституцияны өзгерту, аумақты өзгерті, қаржы мәселелеріне байланысты бундесрат абсолюттік veto құқығын иеленді.

Мемлекет басшысы ретінде 5 жылғы сайланатын президент жарияланды. Ол канцлер (үкімет басшысы) лауазымына үміткерді ұсынды, канцлер болып әрқашанда сайлауда жеңіске жеткен парияның лидері тағайындалатын.

Федералдық Конституциялық сот бірқатар маңызды функцияларды иеленді: Конституцияға ресми түсіндірме беру, парламенттің құқықтық актілерінің конституцияға сәйкестігін тексеру және т.б. Конституциялық соттың судьялары өмір бойға тағайындалатын. Елдегі ең қуатты партиялар болып мыналар табылды: Христиан-демократиялық партия, Социал-демократиялық партия, Еркін демократтар партиясы.

ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІГУІ

Шығыс Германияға біраз уақыт бойы Кеңестік әскери әкімшілік басшылық жасады. Көп ұзамай, мемлекетті басқаруға Германияның социалистік біртұтас партиясы (ГСБП) тартылды. 1946 жылғы қыркүйек-қазанда Шығыс германияда жергілікті өзін-өзі басқару органдарына (ландтагтар) сайлаулар өтті. ГСБП сайлауда жеңіске жетті. 1948 жылғы наурызда Халықтық Кеңес бұл партияға болашақ Герман демократиялық республикасының конституциясын жасауға тапсырма берді.

1948 жылғы 7-қазанда Халықтық Кеңес Герман демократиялық республикасының құрылғандығы жөнінде жариялады және өзін ГДР-дің уақытша халықтық палатасы ретінде қайта құрды.

ГДР-дің заңшығару органдарына сайлау 1949 жылы өтті.

1952 жылы ГСБП конференциясы социализмді құру туралы шешім қабылдады. 1968 жылы ГДР-дің жаңа конституциясы елдің социалистік даму бағытын ұстанғанын бекітті.

Соған қарамастан, ГФР ГДР-ге қарағанда экономикасы, элеуметтік және демократиялық құрылымдары бойынша алда болды (ГДР-дің социалистік елдердің арасында дамуы бойынша ең алда деп саналатынына қарамастан).

Германияның біріктіруге талпыныстар арагидік орын алып тұрды, алайда 1990 жылға қарай мұндай әрекеттер күшейе түсті. Нәтижесінде, КСРО ГДР-ден өз әскерлерін шығарды да, екі Германия кан төгүсіз бірікті.

Қазіргі замандағы Германия

Қазіргі замандағы Германияның тарихын кезеңдерге бөлу

- 1 кезең - Веймар республикасы 1919 – 1933 ж.ж.
- 2 кезең - Фашистік Германия 1933 – 1945 ж.ж.
- 3 кезең - Бөлек герман мемлекеттері 1948 – 1989 ж.ж.
- 4 кезең - 1990 жылдан бастап – біріккен Германия.

Мемлекеттік құрылым

- 1 кезең Президент.
- 2 кезең Фюрер (алғашқы уақытта рейкэнцлер лауазымында, кейін мемлекет басшысы ретінде)
- 3 кезең ГСБП-ның (Германияның социалистік біртұтас партиясы) Бас хатшысы
- 4 кезең Федералдық президент

- 1 кезең Парламент екі палатадан тұрды: Рейхстаг (төменгі палата), Рейхсрат (Империялық кеңес)
- 2 кезең Рейхстаг көріністік демонстрациялар үшін сақталып қалды
- 3 кезең ГДР-нің заңшығарушылық палатасы
- 4 кезең Бундестаг (төменгі палата) Бундсрат (өкілдік орган)

- 1 кезең Жоғарғы сот конституциялық әділдік органы ретінде, жергілікті жерлердің соттары.
- 2 кезең Жалпы соттармен қатар партиялық соттар жүйесі құрылды.
- 3 кезең Соттардың орталықтандырылған жүйесі.
- 4 кезең 5 тармаққа бөлінген сот жүйесі.

- 1 кезең Ел 18 жерге бөлінді.
- 2 кезең Жерлерге бөлу жойылды, мемлекет тағайындалатын шенеуніктер басқаратын облыстарға бөлінді.
- 3 кезең Жерлік бөрудің орнына округтық бөлу.
- 4 кезең Ел 16 жерге бөлінді, олардың басында үкімет тағайындайтын ланттагтар тұрды.

- 1 кезең Канцлер басқаратын Үкімет.
- 2 кезең Рейхсканцлер басқаратын Үкімет
- 3 кезең Министрлер кеңесінің төрағасы.
- 4 кезең Федералдық канцлер

- 1 кезең жергілікті жерлердегі соттар.
- 2 кезең жергілікті жерлердегі ерекше соттар жүйесі
- 3 кезең жергілікті жерлердегі соттар жүйесі
- 4 кезең Жоғарғы соттың жергілікті жерлердегі бөлімшелері.

- 2 кезең Вермахт – фашистік Германияның қарулы күштері
- 3 кезең КСРО Қарулы күштерінің үлгісі бойынша құрылған ГДР әскері
- 4 кезең Бундесвер – ГФР-дің қарулы күштері.

5. Ұлыбритания

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

Британия версальдық бейбіт келісім бойынша (бірінші дүниежүзілік соғысты аяқтаған) жеңіскер — державалардың қатарына жатты. Алайда, соғыс оның қаржылық-экономикалық жағдайын әлсіретті, тек әскери өндіріс қана күшейе түсті. Жұмысшылардың қозғалысы белсенденіп, тред-юниондардың (кәсіподақтардың) саны екі есеге дейін өсті. Осымен қатар, өнеркәсіптің монополизациялануы күшейе түсті. 1916 жылы монополистердің ірі бірлестігі — Британдық өнеркәсіп федерациясы құрылды, оның басты мақсаттарының бірі болып үкіметті және мемлекеттік аппаратты монополистік капиталдың мүдделеріне бағындыру табылды.

1918 жылғы 8-желтоқсандығы сайлауда консерваторлар мен либералдар лейбористердің (жұмысшылар партиясы) біртұтас блогын құрады және парламентке өздерінің 60 депутатын өткізді. Билік басында жүз жылдай тұрған либералдық партия құлдырау жағдайында болды. Либералдардың жартысы консерваторларға, жартысы лейбористерге өтіп кетті. Негізгі партия ретінде либералдардың орнына лейбористер келді. 1924 жылы лейбористердің лидері Р.Макдональд алғашқы лейбористік үкіметті құрды. 1924 жылы екінші лейбористік үкімет құрылды.

Сонымен, Ұлыбританияда екіпартиялық жүйе бекітілді: 1923 жылға дейін — консерваторлар мен либералдар, 1923 жылдан бастап — консерваторлар мен лейбористер.

Партиялық жүйедегі өзгерістермен қатар сайлау жүйесінде де демократиялық өзгерістер орын алды. Алғашқы сайлау реформасы 1918-1919 жылдары жүргізілді. Бұл заңға сәйкес 21 жасқа толған және белгілі бір жерде алты ай тұрақты тұрған еркек жынысты тұлғалардың барлығы дауыс беру құқығын иеленді. Әйелдер, егер 30 жасқа толған болса және 5 фунт стерлингтен кем емес табыс әкелетін жылжымайтын мүлкі болса немесе осы талаптарға жауап беретін тұлғамен некеде болса ғана дауыс бере алатын. 1928-1929 жылдардағы реформа бойынша әйелдерге ер адамдармен теңдей сайлау құқығы берілді.

1969 жылы лейбористік үкімет халықтық өкілдік туралы акт қабылдады, оған сәйкес жастық ценз 21 жастан 18 жасқа дейін төмендетілді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары үкіметтің функциялары анағұрлым кеңейтілді. 1914 жылы Хабеас корпус актінің күші жойылды және Мемлекетті қорғау туралы акт қабылданды, оған сәйкес соғыс уақытындағы барлық билік толығымен үкіметке

берілді. Соғыстан кейін бұл актінің күші жойылды. Алайда, 1920 жылы уақытша емес, тұрақты сипатты иеленген Төтенше өкілеттіктер туралы заң қабылданды. Бұл заңға сәйкес үкімет қоғамдық қауіпсіздікке немесе қоғамның қалыпты өмір сүруіне қандай да бір саяси күш қауіп төндіреді деп тапса патшаның атынан төтенше жағдайды енгізу туралы жарлық шығару және ереуілдерге тыйым салу құқығын иеленді.

1939 жылы парламент үкіметтің мемлекеттік қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы төтенше өкілеттіктері туралы акт қабылдады. 1949 жылы лейбористік үкімет лордтар палатасына қатысты парламенттік реформаны жүзеге асырды.

1911 жылғы парламент туралы актіге өзгерту енгізу туралы заң 1949 жылғы заң лордтар палатасының қаржылық емес билльдерге қатысты veto құқығын 1 жылға дейін қысқартты. Алайда, жоғарғы палата қазіргі кезде де төменгі палатаға қарағанда күштірек. Оның себептерінің бірі болып лордтар палатасының Ұлыбританиядағы барлық соттарға қатысты жоғарғы апелляциялық сот мәртебесін иеленуі табылды.

Жергілікті жерлерде басқару 1972 жылғы заң бойынша екі-денгейлік органдар жүйесі (графтықтар және округтар) арқылы жүзеге асырылды. 1985 жылы ірі өнеркәсіптік қалалардағы муниципалитеттер жойылды, оның себебі болып орталық билік органдары тарапынан бақылауды күшейту табылды.

Жалпы алғанда өнеркәсіп және экономика саласында мемлекеттік монополизациялау үрдісі байқалды. 1945 жылы ағылшын банкін ұлттандыру туралы заң қабылданды, ал 1946 жылы көмір өндіретін 800 кәсіпорын ұлттандырылды. Экспорт-импортты реттеу, экономиканы бағдарламаландыру, корпорацияларды ірілендіру енгізілді. Осы шаралардың барлығы мемлекеттің экономика саласына тереңірек енуін көздеді.

БРИТАНДЫҚ КОЛОНИАЛДЫҚ ИМПЕРИЯ

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Британ империясының доминиондары мемлекеттің маңызды шикізаттық негізі және әскерді толтыру құралы болып табылды. 1917 жылы кезекті империялық конференцияда доминиондар империяның автономды мемлекеттері мәртебесін иеленді. 1919-1920 жылдары Канада Париждік бейбіт келісім конференциясына қатыса отырып, доминион үшін бейбіт келсім шарттарға дербес қол қою және Ұлттар лигасында дербес өкілдігін иелену құқықтарына қол жеткізуге себепкер болды. 1921 жылғы 6 желтоқсанда ағылшын-ирландық шартына қол қойылды, бұл шарт дербес доминион — Ирланд еркін мемлекетін құруды көздеді. Алайда, Ирландияның солтүстік-шығысы (Ольстер) Ұлыбританияда қалып қойды.


1931 жылы Вестминстр статуты қабылданды. Статутқа сәйкес, генерал-губернатор доминионның тұрғындарының қатарынан тағайындалатын. Доминионның заңшығарушылық үстемдігі бекітілді: доминионның заңдары метрополийдің заңдарына қайшы келетін болса, доминионның заңы қолданылатын. Бригандық доминиондар және Британия Ұлттардың британдық достастығына бірікті.

1946 жылы Біріккен патшалықтың үкіметі Үндістанды тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Үндістан діни белгісі бойынша екіге бөлінді — Үндістандық одақ және Пәкістан. Сонымен қатар, Цейлон аралы да тәуелсіздікті иеленді.

1957 жылы Алтын жағалау (Гана) және Малайлық федерация (Малайзия) тәуелсіздікке қол жеткізді. 1959-1960 жылдары Кипр мен Нигерия тәуелді болды.

1937 жылы Ирландия доминион мәртебесінен бас тартты, ал 1948 жылы Ұлыбритания Ирландияның Британдық достастықтан шығу және Ирландия республикасын жариялау туралы шешімін қабылдауға мәжбүр болды.

Жаңа кезеңдегі Ұлыбритания



6. Америка Құрама Штаттары

XX ғасырдың басына қарай АҚШ әлемдегі ірі державаға айналды. Мемлекеттегі халық саны көшіп келушілердің есебінен бірнеше есеге дейін өсті. Ұлттық табыстың көп бөлігін ірі қаржылық-өнеркәсіптік корпорациялар иеленді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң АҚШ борышкер-мемлекеттен несие беруші-мемлекетке айналды.

20-жылдардан бастап сайлау жүйесін демократизацияландыру байқала басталды. 1920 жылы әйелдерге ерлермен тең сайлау құқығы берілді (Конституцияға XIX түзету). 1961 жылы астаналық округ Колумбияның сайлаушылары АҚШ-тың президентін және вице-президентін сайлауға қатысу құқығын иеленді (Конституцияға XXII түзету). 1964 жылы азаматтардың салық, оның ішінде сайлауға қатысты салық, төлемегені себепті сайлау құқықтарын шектеуге тыйым салынды (Конституцияға XXIV түзету). 1971 жылы 18 жасқа толған барлық азаматтар сайлау құқығын иеленді (Конституцияға XXVI түзету).

60-70 жылдары білім беру, тұрмыстық қызмет көрсету, еңбек салаларына қатысты бірқатар заңдар қабылданды.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕХАНИЗМДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Ұйымдастырылған екіпартиялық жүйе (республикалықтар-демократтар) АҚШ-та XIX ғасырдың өзінде қалыптасқан болатын. Партиялық ұйымдастырудың негізгі буыны болып сайлау учаскелерінің комитеттері, ал формальды жоғарғы органдары болып — ұлттық партиялық комитеттер мен ұлттық партиялық конвенттер (съездер) табылды.

Партиялық қызметтің қаржылық және құрылымдық негіздеріне заннамалық өзгертулер енгізілді. Бұл жерде жекелеген штаттардың конституциялары, 1965 және 1970 жылдардағы сайлау туралы заңдар, сонымен қатар, конституциялық қадағалау құқығына ие соттардың шешімдері маңызды рөлді иеленді. Екіпартиялық жүйенің басты негізі — бұл құрамы орта таптан құралған жақсы дайындалған электорат. Алайда, бұл жүйе кезінде басқа партиялар мен қозғалыстардың қызметі аса сәтті болмай-тыны сөзсіз.

Мемлекеттік-құқықтық дамудағы басқа бағыт — бұл мемлекеттік саясатты қалыптастырушы қайнар көздердің диффузиясы. Бұл жерде әртүрлі кәсіпкерлік одақтардың рөлі ерекше болды. Олардың ішіндегі ең әйгілісі — 70%-ке дейін өндірістік компанияларды біріктірген Өндірісшілердің ұлттық ассоциациясы және

Сауда палатасы. Бұл құрылымдар штаттардың заңшығарушылық және атқарушы органдарына өз әсерлерін тигізіп отырды.

Өзгерістердің тағы да бір түрі, Конституцияға енгізілген XX, XXII, XXV өзгертулер президент лауазымын бір тұлғаның екі реттен артық иеленбеуін шектегеніне қарамастан, мемлекеттік билікті орталықтандыру болды.

Атқарушы билікті күшейту басқарудың ірі аппаратын құрумен қатар жүрді. XX ғасырдың ортасына қарай АҚШ-та мемлекеттік мекемелердің үш типі жұмыс жасады:

1) жекелеген салалар бойынша департаменттер (министрліктер);

2) ұлттық агенттіктер — мәні бойынша министрліктерге ұқсас, алайда, олардың мәртебесіне ие емес мекемелер;

3) белгілі бір маңызды мақсаттар үшін құрылған әртүрлі уақытша комиссиялар, бюролар, кеңестер, алқалар, әкімшіліктер.

Мемлекеттік аппаратты реформалауға қатысты алғашқы қадамдар XIX ғасырда жасалған болатын. Пендлтонның азаматтық қызмет туралы заңы (1883 жыл) федералды мемлекеттік қызметті жинақтастыру қағидаларын орнықтырды. Ашық конкурстар — мемлекеттік лауазымдарды иелену үшін емтихандар енгізілді, шенеуніктерді саяси себептер бойынша жұмыстан босатуға тыйым салынды, заңдардың орындалуына бақылау тәуелсіз органға — азаматтық қызмет комиссиясына жүктелді.

1939 жылы “Саяси қызмет туралы” Хэтч заңы мемлекеттік қызметшіле ие саяси кампанияларға қатысуға тыйым салды.

1947 жылы президент Г.Трумэнның № 9835 атқарушылық бұйрығы азаматтық қызмет комиссиясын мемлекеттік лауазымдарға үміткерлердің саяси ар-ұяттылығын тексеруді міндеттеді. Бұл тәжірибені президент Д.Эйзенхауэрдің мемлекеттік қызметшілерді мерзімінен бұрын жұмыстан босатуды көздеген “Мемлекеттік қызметшілердің саяси ар-ұяттылығы мен тұрақтылығын тексеру туралы” № 10450 атқарушылық бұйрығы одан әрі қатаңдата түсті. Алайда, мемлекетте жалпыға ортақ мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптаспады, әр штаттың өзінің әкімшілік басқару аппараты болды.

РУЗВЕЛЬТТИҢ “ЖАҢА БАҒЫТЫ”

XX ғасырдың 30-жылдарында АҚШ-та бұрын-соңды болмаған экономикалық тоқырау орын алды. Өнеркәсіптік өндіріс 56 %-ке дейін, ұлттық табыс 48 %-ке дейін төмендеді, банктердің 40 %-і банкрот болды. 17 миллионға жуық адам жұмыстарынан айырылды, Г.Гувердің үкіметі ешбір шара қолдана алмады. Бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды күрделендіре түсті. Наразылық демонстрациялары мен ереуілдер жиі-жиі бой көтеріп отырды.

1932 жылы президенттіке сайлауда демократиялық партияның өкілі Ф.Д.Рузвельт жеңіске жетті. Оның бағдарламасы “Жаңа бағыт” деп аталды.

Ақша жүйесін тұрақтандыру үшін алтынды шекарадан шығаруға тыйым салынды, доллардың девальвациясы жүзеге асырылды, банктар жүйесі күшейтелді (ұсақ банктарды біріктіру есебінен), нәтижесінде ірі банктар қазынадан ауқымды несиелер мен субсидиялар алды.

Өнеркәсіпті сауықтыру үшін арнайы мекеме — Өнеркәсіпті қалпына келтірудің ұлттық әкімшілігі құрылды. 1933 жылғы 16 маусымдағы “Ұлттық экономиканы қалпына келтіру туралы” заңға сәйкес бүкіл өнеркәсіп 17 топқа бөлінді, олардың әрқайсының қызметі жылдам уақытта қабылданған нормативтік актілер — адал бәсекелестік кодекстерімен реттелді. Бұл кодекстер өндірілетін өнімнің квоталарын, өткізу нарықтарын бөлуді, баға мәселесін, несие шарттарын, жұмыс уақытының ұзақтығын, жалақы деңгейін және т.б. анықтады.

Ауыл шаруашылығы үшін Ауыл шаруашылығын реттеу әкімшілігі құрылды, бұл орган 1933 жылғы 12 мамырдағы “Ауыл шаруашылығының жағдайын жақсарту туралы” заңның негізінде жұмыс жасады және ауыл шаруашылық өнімдерінің бағаларын реттеу және оларды 1909-1914 жылдардағы деңгейге жеткізу құқығын иеленді.

Жұмыссыздықты азайту мақсатында Төтенше көмек көрсетудің федералдық әкімшілігі құрылды, көп ұзамай бұл органның орнына Қоғамдық жұмыстарды дамыту әкімшілігі құрылды. “Еңбек лагерьлері” (жолдарды, аэродромдарды салу және жөндеу) құрыла бастады. Бұл уақытта әлеуметтік және еңбек заңнамасын дамытудағы үлкен жетістіктер байқалды. 1932 жылғы Норрис-Лагардия заңымен соттардың еңбек шиеліністеріне қатысты сот ұйғарымдарын шығару құқығы шектелді. Кәсіпкерлерге жұмыскерлерді кәсіподақтарға кірмеуге міндеттейтін шарттарға қол қоюын мәжбүрлеуге тыйым салынды. 1935 жылы кәсіподақтардың қызметін заңдастырған Вагнер заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес егер кәсіпкерлер кәсіподақпен жасасқан ұжымдық шарттарды орындамаса және заң бұзса, жұмысшыларды кәсіподақтар құрғаны үшін және заңды ереуілдерге қатысқаны үшін қылмыстық қудалауға тыйым салынды. Аталған заңның орындалуын қадағалау Еңбек қатынастары бойынша ұлттық басқармаға жүктелді.

1935 жылы әлеуметтік қамсыздандыру туралы жалпы федералдық заң қабылданды. Әлеуметтік сақтандыру бойынша басқарма құрылды. Енді кәрілігі бойынша зейнетақылар 65 жасқа толған АҚШ азаматына, егер оның 1936 жылғы 31 желтоқсаннан

бастап ол 65 жаска толғанға дейінгі жалақысы 3 мың доллардан аспаса, төленетін болды. Оған төленетін зейнетақының мөлшері жоғарыда аталған жалпы жалақының 1/2-не теңелетін болды. Зейнетақы қорын құру үшін басқа салықтарға қоса жұмысшылардың жеке табыстарына жаңа әр жылдық салық енгізілді, бұл салық алғашқыда табыстың 1 %-ін құраса, одан кейінгі әр 3 жыл сайын 0,5 %-ке өсіп отыратын болды. Кәсіпкерлер үшін бұрынғы салықтармен қоса оларға төленген жалақының 1 %-ін құрайтын салық енгізілді, бұл салық та әр 3 жыл сайын 0,5%-ке өсіп отыратын болды.

1938 жылы “Жұмысшы күшін әділ түрде жұмысқа алу” туралы заң қабылданды. Бұл заң кейбір жұмысшылар үшін ең ұзақ жұмыс уақытын және ең төменгі жалақыны тағайындауға тыйым салды.

“Жаңа бағыт” мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласына алғашқы тікелей енуі болып табылды. “Жаңа бағыттың” тәжірибесінің маңызы өте зор, себебі, экономикалық тоқырау кезінде тек қатаң мемлекеттік басқару ғана мемлекетті төңкеріс пен қозғалыстардан сақтап қала алады. Тарихта болған барлық көтерілістер мен революциялардың басым көпшілігінің негізі болып әлеуметтік-экономикалық талаптар табылды, кейініректе ғана оларға саяси талаптар қосылды.

“ЖАҢА БАҒЫТТЫҢ” РЕВИЗИЯСЫ


Тоқыраудан шығу барысында сауда-өнеркәсіптік корпорациялар Жоғарғы сот арқылы “Жаңа бағыттың” еңбек және әлеуметтік заңнамасының күшін жоюға тырысты.

1947 жылы Тафт-Хартли заңы қабылданды, бұл заң Вагнер заңының күшін жойды. Оған сәйкес, “елдің ұлттық мүдделеріне қауіп төндіруші” ереуілдер мен ынтымақтастық ереуілдеріне тыйым салынды.

1950 жылы Маккарэн-Вудтың заңы қабылданды, оған сәйкес жоғарыда аталған ереуілдерді ұйымдастырушыларға бақылау жасайтын арнайы басқарма құрылды. Суық соғыспен байланысты кезең басталды. Көп ұзамай, “елдің ұлттық қауіпсіздігінің деңгейін көтеруге” бағытталған басқа да актілер қабылданды. Олардың және №9835, 10450 атқарушылық бұй-рықтардың негізінде арнайы кампания жүзеге асырылып, оның барысында коммунистер ғана емес, демократиялық көзқарас-тарды ұстанған көзі ашық азаматтар да қуғындалды. Кейінірек бұл кампания, жалпы алғанда, токтатылды.

Қазіргі замандағы АҚШ

АҚШ-тың мемлекеттік құрылымы



7. Қытай

РЕСПУБЛИКАНЫ ЖАРИЯЛАУ

1902-1904 жылдары Қытайдың бірқатар провинцияларында шаруалар мен колөнершілердің жаппай көтеріліске шығуы орын алды. Басында Сунь Ятсен тұрған “Қытайды қайта өрлету одағының” басшылығымен революциялық ұйымдар құрылды. 1905 жылы революциялық топтар Қытайдың революциялық біріккен одағына (Чжунго Гэмин Тунмэнхуэй) бірікті, оның президенті болып Сунь Ятсен сайланды, 1911 жылғы 10 қазанда Учан (Уган) қаласында солдаттар көтеріліске шықты, Синьхай революциясы басталды.

1911 жылғы 25 желтоқсанда Сунь Ятсен Қытайдың президенті болып сайланды. Монархия контрреволюциялық күштермен келісудің нәтижесінде жойылды. Президент болып контрреволюцияның таңдаған өкілі Юань Шикай сайланды.

1912 жылғы 10 наурызда Ұлттық жиналыс (заңшығарушы орган) Қытайды президент басқаратын республика ретінде жариялаған уақытша конституцияны қабылдады. Заңшығарушы билікті парламент жүзеге асырды, оның құрамында екі палата болды: сенат пен өкілдер палатасы. Парламентке сайлау екісатылы сипатты иеленді. 21 жасқа толған, мүлктік ценз бен тұрақтылық цензіне (бір жерде кем дегенде 2 жыл тұрақты өмір сүрген) тұлғалар ғана сайлаушылар болып табылды. Либералдық буржуазия мен Юань Шикайдың одағы революцияның аяқталуын қалады. Қытайлық революциялық бірлескен одақта (тунмэнхуй) либералдар жеңіске жетті. Олар партияның таратылуын және оның ұсақ буржуазиялық партиялармен бірігуін талап етті. Бұған жауап ретінде Сунь Ятсен жаңа партия — Гоминьданды (Ұлттық партия) ұйымдастырды.

Гоминьдандықтар 1913 жылы көтеріліске шықты, бұл көтерілісті Юань Шикай басып тастап, партияның қызметіне тыйым салды. Содан соң Юань Шикай конституцияға өзгертулер енгізіп, президенттің өкілеттіктер мерзімін 10 жылға дейін ұзартты. Осылай, монархияны қалпына келтіруге әрекеттер жасалды, Юань Шикайдың богдыхан (маньчжурлық Цин династиясы императорларының титулы) ретінде жарияланатыны хабарланды. Алайда, 1916 жылы Юань Шикай қайтыс болып, президент ретінде республиканы сақтап қалған бұрынғы вице-президент Ли Юаньхун сайланды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытайда күшейген ұлттық буржуазия мен қытай нарығындағы шетелдік монополистердің арасындағы қайшылықтар өрши түсті. Халықтың белсенділігі ұлт-азаттық бағытқа бет бұрды. 1919 жылғы 4 ма-

мырда Пекинде студенттердің демонстрациясы өтті. 1919 жылғы маусымда студенттік толқулар “4 мамырдағы қозғалыс” атты революциялық қозғалысқа ұласты, оған жұмысшылар мен ұлттық буржуазия қосылды. 1921 жылы Қытайдың Коммунистік партиясы құрылды. 1924 жылы коммунистер Гоминьданға қосылды. Халықтың белсенділігінің артуы Гоминьданның оң қанатының контрреволюциялық бағытты ұстануына түрткі болды. Контрреволюцияның басында Гоминьданның Орталық атқару комитетінің төрағасы, ұлттық-революциялық әскердің қолбасшысы генерал Чан Кайши тұрды. Бірінші азаматтық соғыс басталды (1924-1927 жылдар), бұл соғыс революциялық күштердің жеңілуімен аяқталды. Гоминьдан ірі буржуазия мен помещиктердің партиясына айналды. Гоминьданның съезді биліктің жоғарғы органы ретінде жарияланды, ал оны шақырудың арасындағы үзілістерде жоғарғы орган болып Гоминьданның Орталық атқару комитеті табылды, үкімет оған бағынатын болды (Кеңестік Ресейдегі мемлекеттік органдардың құрылымына ұқсас болды).

1927 жылғы тамызда екінші азаматтық соғыс басталды. Осы кезде Қытайдың солтүстік-шығысына жапон әскерлері енді. Жапондықтарға төтеп бере алмаған Гоминьдон Шығыс Қытайдың жартысынан айырылды.

Коммунистер соғыстың барысында революциялық базаларды (революциялық күштердің бақылауындағы аумақтар) құрды. Революциялық күштерді біріктіру мақсатында 1930 жылғы 7 қарашада Қытайдың барлық революциялық базаларының делегаттары — жұмысшы және шаруа депутаттардың I съезді ашылды. Съезд жер туралы, еңбек туралы заңдарды бекітті, уақытша конституцияның жобасын қабылдады және Қытайдың революциялық орталық үкіметін сайлады, оның басында Қытайдың Коммунистік партиясының басшысы Мао Цзедун (1893-1976) тұрды.

1932 жылғы сәуірде революциялық үкімет Жапонияға соғыс жариялады және Гоминьданға азаматтық соғысты тоқтатып, Жапониямен бірлесіп соғысуды ұсынды. Алайда, Гоминьдан соғысты тоқтатудан бас тартты, сөйтіп, соғыс тек 1937 жылы аяқталды.

Жапондықтардан азат етілген аймақтардың барлығында билік органдары “үш үштік” қағидасы бойынша құрылды: орындардың үштен бір бөлігінің бірін коммунистер, екіншісін ұсақ буржуазия, үшіншісін орта буржуазия мен революциялық помещиктер иеленді.

1944 жылғы қарашада Чан Кайши коммунистерді әскери-саяси басшылықтан қуу арқылы үкіметте тазалау жүргізді, сөйтіп, жаңа азаматтық соғыстың басталуына негіз болды.

1945 жылғы күзде Кеңес Әскері Маньчжуриядағы Жапондық Квантун әскерін (1 миллион солдаттан құралған) жеңді. Осыны пайдаланып, Қытайдың Коммунистік партиясы 8 және 4 ұлттық-революциялық (азаттық) әскерін жіберді. 1945 жылдың соңында Қытайдың Коммунистік партиясы 150 миллион халқы бар Солтүстік Қытайға билік жүргізіп отырды.

Гоминьдандық үкімет ұлт-азаттық әскерге қарсы тұрды, сөйтіп, үшінші революциялық азаматтық соғыстың (1946-1949 жылдары) басталуына жағдай туды. 1949 жылғы қаңтарда Чан Кайши Коммунистік партияның басшылығын бейбіт келіссөздер жүргізуге шақырды, бұлардың нәтижесінде екі жақтың арасында бейбіт келісім орнады.

1949 жылғы 21 қыркүйекте Халқытық саяси кеңесушілік конференциясының бірінші сессиясы ашылды, оның жұмысына барлық демократиялық партиялар мен қозғалыстардың делегаттары қатысты. Сессия Конференцияға біртұтас фронт ұйымы ретінде мәртебе беріп, ҚХР (Қытай халық республикасы) Орталық халықтық үкіметін ұйымдастыру туралы заңды, және Жалпы бағдарламаны (ҚХР уақытша конституциясы) қабылдады. Конференция Мао Цзедун басшылық еткен Орталық халықтық үкіметті сайлады. 1949 жылғы 1 қазанда Қытай халықтық республикасының құрылғаны туралы жарияланды. Жалпы бағдарламада ҚХР-дің басында коммунистік партия тұрған жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген халық диктатурасының мемлекеті ретінде жарияланды. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып Орталық халықтық үкіметтік кеңес (ОХҮК) табылды. Бұл орган келесі органдарды құрады: Мемлекеттің әкімшілік кеңес (жоғарғы атқарушы орган), ұлттық-революциялық әскери кеңес, Жоғарғы халықтық сот және Жоғарғы халықтық прокуратура. ОХҮК-мен біріге отырып олар ҚХР-дің орталық халықтық үкіметтің құрады. Оның төрағасы болып Мао Цзедун табылды, сонымен қатар ол ОХҮК-нің, Халықтық-революциялық әскери кеңестің және Коммунистік партияның атқарушы комитетінің төрағасы болды.

1953-1954 жылдары ел тарихындағы халықтық өкілдер жиналысына алғашқы жалпы сайлаулар өтті.

15 қыркүйекте Пекинде Халық өкілдерінің жалпықытайлық жиналысының (ХӨЖЖ) бірінші сессиясында ҚХР-дің Конституциясы қабылданды. Оған сәйкес, биліктің жоғарғы органы болып ХӨЖЖ, ал оның сессияларының арасындағы үзілістерде ХӨЖЖ-нің Тұрақты комитеті табылды.

1958 жылғы мамырда коммунистік партия социализмді уақытынан бұрын құру бағытын ұстанды, бұл “Үлкен адым” деген атқа ие болды және өмірдің барлық салаларына тарады. Бұл бағыт жағдайдың сыртқы және ішкі саяси шиелінісіне алып келді.

60-жылдардың басында Мао Цзедун “Үлкен адымға” тексеру жасады. Партия идеялық жағынын “Үлкен адымды” жақтаушы-лырға (яғни, Мао Цзедунды жақтаушыларға) және оның қарсыластарына бөлінді. Мао Цзедун және оның жақтаушылары “Мәдени революция” атты іс-қимылдарды жүзеге асырып, партиялық және мемлекеттік органдарда таза-лаулар жүргізді. 1975 жылы “Мәдени революцияның” саясатын заңды түрде бекіткен конституция қабылданды. Биліктің өкілдік органдарының кейбір құқықтары шектелді. Алайда, Мао Цзедунның өлімі (1976 жыл) мемлекеттік құрылымның демократизациялануына және 1978 жылы жаңа конституцияны (1954 жылғы конституцияның кейбір ережелерін қалпына келтірген) қабылдауға алып келді. Елде құқық шығарушылық қызмет белсендене түсті, бірқатар кодекстер қабылданды.

1982 жылы экономикадағы реформаларды бекіткен конституция қабылданды. Бұл реформалар Ден Сяо-Пиннің басшылығымен 1978 жылы басталған болатын (экономиканың жан-жақтылығы, меншіктің бірнеше түрі бекітілді, алайда, билік басында коммунистік партия қалып қойды). Осылай, мемлекеттің саяси құрылымын өзгертусіз экономиканы басқарудың нарықтық әдістері үшін үлкен бостандықтар туындады.


Реформалардың нәтижесінде ҚХР дамыған мемлекетке айналды. Жақында (1998 жылдың аяғында) ҚХР-да реформалардың 20 жылдығы тойланды.

Қазіргі замандағы Қытай

Қазіргі замандағы Қытай тарихының кезеңдері

1 кезең. - 1911 – 1947 ж.ж. Республикалық режимнің орнауы.
2 кезең 1947 – 21ғ. КХР (Қытай Халық Республикасы).

1 кезең. Президент – бірінші азаматтық соғыстан кейін оның билігі күшейе түсті.
2 кезең. – КХР-ның төрағасы.



ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР

1. Азаматтық және сауда құқығы

Ғылыми-техникалық прогресстің дамуы және соған байланысты жаңа нысандағы қатынастардың пайда болуы құқықтың жаңа салаларының пайда болуына және бұрынғы құқық салаларының жаңалануына әсер етті. Жаңа салалар (мысалы, авторлық, патенттік, халықаралық әуе және космос құқығы, еңбек, экологиялық құқықтары және т.б.) құқықтың жаңа институттары мен қайнар көздерін талап етті.

Құқықтың дамуында бірқатар жалпы заңдылықтар байқалды. Ең алдымен, жариялық құқық пен жеке құқықтың арасындағы шекара жойылды. Бұл континенталдық құқық жүйесінде ерекше көрініс тапты (ағылшын-саксондық құқық жүйесінде мұндай шекара бұрын да болмаған), бұл жағдай мемлекеттің экономиканы реттеуге ерекше қарқындылықпен араласуымен байланысты болды. Жеке құқықтың негізгі белгісі болып диспозитивтік (тараптардың теңдігі және таңдау мүмкіндігі), ал жариялы құқықтың негізгі белгісі болып императивтік (тараптардың құқықтық теңсіздігі және таңдаудың мүмкінсіздігі) табылды. Бұл жариялы құқықтық қатынастарға мемлекеттің араласуымен байланысты болды (мысалы, әкімшілік қатынастар). Әлемдік шаруашылық байланыстардың және әлемдік нарықтың дамуымен байланысты азаматтық және сауда құқығының ұлттық нормаларын мемлекетаралық унификациялау байқалды. Көптеген мемлекеттердің қоғамдық өмірін гумнизациялаумен байланысты негізгі құқық салаларын демократизацияландыру орын алды.

Азаматтық және сауда құқығында жоғарыда аталған жаңалықтардан басқа құқықтың қайнар көздерінде де құрылымдық өзгерістер жүзеге асты. Континенталдық құқық жүйесі елдерінде құқықтың негізгі қайнар көзі болып заң қалған мен, сот тәжірибесі (жоғары тұрған соттардың ұқсас істері бойынша шешімдері) ерекше маңызға ие болды. Ағылшын-саксондық елдерде сот прецеденті бұрынғыдай негізгі орынды иеленгенімен, заңға ерекше мән беріле бастады.

Құқықтың субъектілеріне қатысты өзгерістер демократизацияландыру сипатын иеленді. Құқық қабілеттікті барлық азаматтар ешбір кемсітусіз иеленді. Көптеген елдерде әрекет қабілеттіктің жасы 21-ден 18-ге дейін төмендетілді.

Заңды тұлғалар туралы заңнамада даму байқалды. Бұрыңғыдай жеке заңды тұлғалар мен жариялық заңды тұлғалардың арасындағы айырмашылықтар сақталып қалды. Олардың біріншісіне жеке тұлғалар құратын коммерциялық және өнеркәсіптік ұйымдар жатса, екіншісіне жариялық-құқықтық актінің негізінде мемлекет құратын заңды тұлғалар (әртүрлі органдар, мемлекеттік кәсіпорындар және т.б.) жатты.

Жеке заңды тұлғалардың арасында акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектелген серіктестіктер туралы заңнама аса дамыды. Мысалға Нью-Йорк штатының 1963 жылғы және Делавэр штатының 1967 жылғы кәсіпкерлік корпорациялары туралы заңын, 1966 жылғы Францияның сауда серіктестіктері туралы және 1965 жылғы Германияның заңын атауға болады. Акционерлік қоғамның негізгі (жарғылық) капиталы шығарылған бағалы қағаздар-акциялардың сатылуы есебінен құрылады. Акцияларды сатып алған тұлғалар-акционерлер дивидендтер (пайда алуға құқық) алады. Олар акционерлік қоғамның жарғылық қорындағы өз үлесі мөлшерінде материалдық жауапкершілікте болады.

Акционерлік қоғамдардың қызметімен байланысты олардың құқықтық режимін орнықтыратын бағалы қағаздар нарығы мен арнайы заңнама ерекше дамыды. Заңға сәйкес бағалы қағаздардың қасиеттерін иеленген акциялар жекеменшік құқығының объектілері болып табылады. Бағалы қағаздарды сатумен, сатып алумен байланысты операцияларды акционерлік қоғам (АҚШ, Англия) немесе мемлекеттік мекеме нысанында құрылған қор биржалары жүзеге асырады. Бағалы қағаздар саласындағы операциялардың компьютеризациялануымен байланысты олардың “дематеризациялануы” байқалды. Құжатталған нысандағы акцияларды шығарудың орнына олармен жүзеге асырылатын операцияларды компьютер арқылы орындау кеңінен таралды (қолма қолсыз есептесуге ұқсас). Осы жаңалықты алғаш енгізген мемлекеттердің бірі болып Франция табылды, мұнда 1984 жылдан бастап бағалы қағаздарды “дематеризацияланған” нысанда шығаруға рұқсат етілген.

Құрылымы бойынша акционерлік қоғамдардың екі түрі кең таралған: АҚШ пен Англияда — акционерлердің басқармасы және жалпы жиналысы; Германияда — басқарма, бақылаушы кеңес және акционерлердің жалпы жиналысы. Ал Францияда мұның барлығы құрылтайшылардың қалауы бойынша жүзеге асырылады. Әдетте басқарма мүшелері ағымдағы басқаруды жалданбалы іскер-менеджерлерге береді.

Акционерлік қоғамдармен қатар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер де кеңінен таралды. Бұларға қатысты бір қатар

зандар қабылданған. Мысалы, 1981 жылғы Германияның жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңы, 1966 жылғы Францияның сауда серіктестіктері заңы. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік бір фирмаға бағынатын тұлғалар бірлестігі (жарғылық серіктестік) түрінде құрылады. Әр қатысушының жауапкершілігі оның салымына қарай анық-талады.

Мүліктік айналымға қатысушы жариялық заңды тұлғалар (мемлекеттік кәсіп орындар) азаматтық заңнаманың нормаларына бағынады. Олардан салық алу әдеттегі тәртіп бойынша жүзеге асырылады және бұл кәсіп орындар акционерлік қоғамдар мәртебесін иелене алады.

Қазыналық кәсіпорындар толығымен мемлекеттік меншікте болады және салықтық жеңілдіктерді иеленеді. Олар мемлекеттік басқару жүйесіне кіреді және шаруашылық автономияны (почта, телеграф және т.б.) иеленбейді.

2. Заттық құқық

Заттық құқық аса өзгермеген және мүліктік қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Құқықтың континенталдық жүйесінде оны рим құқығынан бері сақталып қалған иелік ету, меншік құқығы және сервитуттар деп қарастыру орын алған. Алайда, меншік құқығын қорғау әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады.

Қазіргі кездегі француз құқығында иелік ету талаптарының үш түрі бар: иеліктің өзіне тікелей әсер етпейтін, бірақ оны бұзатын әрекеттерді тоқтату туралы; иелікті болашақта бұзудың алдын алу туралы; күштеп алынған мүлікті қайтару туралы. Осыған ұқсас талаптар герман құқығында да кездеседі.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесінде барлық мүліктік құқықтар меншіктің түрі ретінде қарастырылады. Мүліктік құқықтарды қорғау зиян келтіруге байланысты жалпы азаматтық талаптармен жүзеге асырылады.

Әдеби және көркем меншік саласында авторлық құқықтың кенеюі байқалады. Бұл қатынастарға 1886 жылғы әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясы және 1952 жылғы Бүкіләлемдік (Женевалық) Конвенция, оның 1971 жылғы жаңа (Париждік) редакциясы ерекше әсер етті.

Сервитуттар. Жер иелерінің құқықтарын шектеу көп жағдайда жариялық-құқықтық сервитуттардың негізінде жүзеге асырылады, яғни олардың пайдаланушылары болып үлкен жер аумақтарында, кейде тіпті бүкіл мемлекет аумағында жұмыс жасайтын жариялық заңды тұлғалар табылады.

3. Міндеттемелік құқық

Лицензиялық келісімдердің (автордың өз құқықтарын пайдалану лицензиясы, патентке құқықты пайдалану лицензиясы және т.б.) өсуімен байланысты шарттардың жана түрлері пайда болды.

Шарттың өзгермейтіндігі қағидасына қатысты көзқарас өзгерді. Тәжірбие көрсеткендей, шикізаттың қымбаттауы, оны тасымалдаудың қымбаттауы шарт жағдайларына әсер етеді.

Икемді заңды түсінікті енгізу қажеттілігі туды. Бұл жағдайда “болжамаған жағдайлар” термині қолданылатын болды.

4. Антитрестілік (антимонополиялық) заңнама

1890 жылы АҚШ-та кейбір концерндердің монополиялық қызметін шектеуге бағытталған Шерман заңы қабылданды. Кейін 1914, 1950, 1955 жылдары антитрестілік заңдар қабылданды. Еуропада да мұндай заңдар қабылданған болатын: Ұлыбританияда 1948, 1956, 1965 және 1976 жылдары; Францияда 1945 және 1986 жылдары.

Қазіргі кезде антитрестілік заңнама құқықтың ерекше саласы ретінде қалыптасқан. Алайда, әр елдегі антитрестілік заңнаманың мақсаттары түрліше. Қазіргі кезде бұл заңнаманың шартты түрде бөлінген екі жүйесі бар: американдық және еуропалық. Антитрестілік заңнаманың американдық жүйесі нарықтық шаруашылықтың қандай да бір секторында монополияны құруға тыйым салу қағидасын басшылыққа алады. Екінші жүйе фирмалардың қызметін заңды түрде тексеру және олардың монополиялық құқықбұзушылықта-рының алдын алу қағидасын қолданады.

5. Отбасылық құқықтағы өзгерістер

Ерлі-зайыптылардың құқықтарының теңестірілуі анағұрлым демократизацияланды. Некеге тұрушылардың басым көпшілігі мүліктік мүдделерін заңды режимде шешетін болды. Режимдердің келесі түрлері дамыды: 1) бөлек мүлік (Ұлыбритания, Германия, АҚШ-тың басым көпшілік штаттары); 2) ортақ мүлік (Франция, Швейцарияның бөлігі, АҚШ-тың сегіз штаты) — неке кезінде алынған мүліктердің барлығы ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып саналады, жеке болып некеге дейінгі мүлік және неке кезінде сыйға және мұраға алынған мүлік саналады; 3) кейінге қалдырылған ортақ мүлік (Дания, Норвегия) — бөлек мүлік режимі сақталады, ажырасу кезінде бірге тапқан мүлік тең жартысынан бөлінеді, және аталған мүліктен жалпы мүлік режимімен қарастырылатын ережелердің бәрі алынып тасталады.

6. Еңбек және әлеуметтік заңнама

Еңбек заңнамасы ХХ-ғасырдың басынан бастап құқық саласы ретінде біртіндеп қалыптасты. Еңбек заңнамасы жалпы алғанда мына мәселелерді реттеді: жалақы; жұмыс уақыты; еңбекті қорғау; кәсіподақтардың қызметі, олардың жұмыс берушімен ұжымдық шарт жасасу құқығы; ереуіл жасауға құқық; еңбек дауларын әділ шешуге құқық.

1918-1920 жылдары көптеген дамыған елдерде 8-сағаттық жұмыс уақытын, кейінірек аптасына 40-46 сағат жұмыс уақытын орнықтырған заңдар қабылданды. Кәсіподақтар заңды түрде құрылатын болды және ұжымдық шарттар жасасу құқығын иеленді. Ұжымдық шарт туралы заң 1918 жылы Германияда, 1919 жылы Францияда, 1935 жылы АҚШ-та қабылданды. Қазіргі кезде жоғарыда аталған талаптар әлемнің көптеген елдерінде (Қазақстанда да) сақталады.

Әлеуметтік заңнаманың дамуы еңбек заңнамасына қарағанда әлсіздеу болды, себебі зейнетақымен қамтамасыз ету механизмі тиісті дәрежеде жетілмеген болатын. Әлеуметтік сақтандыру, медициналық сақтандыру және қызмет көрсету, білім және тұрғын үйлер салу әлеуметтік салаға жатады, сондықтан, олар әлеуметтік заңнама арқылы анықталады және әлеуметтік қамтамасыз ету қорларын құру арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қамтамасыз ету қоры “әмбебаптық” жүйені бюджеттік қаржыландырудың әлеуметтік сақтандыруы арқылы қалыптасады. Әлеуметтік сақтандыру жұмысшылардың салымдарынан (жалақының 1-1,5 %-ы) және жұмыс берушілердің салымдарынан (төленген жалақының жалпы сомасының 1-1,5 %-ы) құралады. Әлеуметтік сақтандыруға жұмыссыздыққа, мүгедектігіне, еңбек қабілеттілігін уақытша жоғалтуына, асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін жәрдемақылар жатады.

Тұлғаның өмір сүруге жағдайы жоқ екендігі дәлелденген жағдайда ғана бюджеттік қаржыландыру жүзеге асырылады.

“Әмбебаптық” жүйе зейнетақылық қордың ерекше салық есебінен қалыптасуын көздейді, бұл салық барлық жұмыс істейтін азаматтардан олар кәмілеттік жасқа толғаннан бастап зейнет ақылық жасқа жеткенге дейін алынады. Бұл жағдайда зейнетақының мөлшері барлық азаматтар үшін бірдей, ал зейнетке шығу жасы жоғары болып келеді.

7. Қылмыстық құқық және іс жүргізу

Қылмыстық құқық басқа құқық салаларына қарағанда жиі өзгеріп отырды. Германияда Веймар мемлекеті (1919-1933 жыл-

дар) 1871 жылғы конституцияны жаңартылған күйде (пруссиялық феодалдық құқықтың архаимдарынан ажыратылған) пайдаланды.

Фашистік режим тұсында (1933-1945 жылдар) либералдық-демократиялық заңдылық жүйесі жойылды. 1933 жылғы 4 ақпандағы “Неміс халқын қорғау туралы” жарлық баспа және жиналыс бостандықтарын жойды. 1933 жылғы 28 ақпандағы “Халықты және мемлекетті қорғау туралы” жарлық рейхстаг депутаттарын қолсұқпаушылықтан айырды. Гитлерлік Германия жеңіліс тапқан соң 1871 жылғы Қылмыстық кодекс қайта қолданысқа енді. 1969-1975 жылдары 1871 жылғы Қылмыстық кодексті демократизацияландыруға бағытталған реформалар жүргізілді.

60-жылдардың соңында АҚШ-тың қылмыстық заңнамасында демократизм күшейе түсті. 1962 жылы американдық құқық институты жекелеген штаттардың қылмыстық заңнамасына арналған үлгілік Қылмыстық кодекс жасалды. Жалпы федералдық деңгейде АҚШ-тың 1909 жылғы Қылмыстық кодексі қолданысқа ие, оның негізгі бөлігі 1948 жылы қайта жаңартылып, АҚШ-тың заңдар жинағына енгізілді. Федералдық және штаттық қылмыстық жүйелер белгілі бір түрде өзара бәсекелестікті құрайды және құқықшығармашылық процесті күшейте түседі.

Францияда 1994 жылғы қазіргі кезде кең таралған қылмыстарды (адам ұрлау, компьютерлік қылмыстар және т.б.) ескеріп өткен жаңа Қылмыстық кодекс қабылданды.

8. Қылмыстық іс жүргізу

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген дамыған мемлекеттерде, әсіресе, ағылшын-саксондық құқық жүйесіндегі елдерде жарыспалы іс жүргізу қалыптасты. Іс жүргізудің бұл нысаны тараптардың іс жүргізушілік теңқұқылығына негізделеді, және “дәлелдеу ауыртпалығы” айыптаушыда болады (ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес). Дауда арбитр болып сот табылады (нәтижесінде сот процесі айыптау мен қорғаудың арасында жарыспалылық сипатты иеленеді). Айыптаушы мен қорғаушы жақ судьяға өздері жинаған дәлелдемелерді ұсынады, ал судья заңға және өзінің ішкі сеніміне негізделе отырып шешім шығарады.

Аралас іс жүргізу континенталдық құқық жүйесіндегі елдерде кең таралды (Франция, Германия, Италия және т.б.). іс жүргізудің бұл нысанына сотқа дейінгі (алдын ала) және сот тергеуіндегі (талқысы) қағидалардың әртүрлілігі тән. Бірінші бөлімде айыптаушыны қорғау құралдар шектелген; екіншісі жариялыққа, жарыспалылыққа негізделеді. Аралас іс жүргізудің қазіргі кездегі түрі Францияның 1958 жылғы Қылмыстық іс жүргізушілік

кодексіңде айқын көрініс тапқан. 1958 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша қылмыстық іс жүргізудің ресми мақсаты болып “жариялық”, яғни, мемлекеттік мүдде табылады. Бұдан прокуратураның айыптауды білдіру мен ұсынуы, алдын ала гергеудің барысына, полициялық анықтамаға бақылау жасауы гуындайды. Полиция, тіпті, қылмыстық істі қозғағанға дейін (яғни, қатаң іс жүргізушілік нысансыз), сезіктілер мен куәларды ұстауға, олардан жауап алуға, тінтуге, алуға және т.б. құқылы. Және осындай әрекеттер арқылы алынған мәліметтердің дәлелдемелік күші танылады.

Қазақстан Республикасы да континенталдық құқық жүйесіндегі елдер қатарына жатады, сол себепті де, мұндағы қылмыстық іс жүргізу аралас нысанға жақындау болып келеді.

НЕГІЗГІ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕСІ

Б.э.д. 1792-1750 ж.ж.	Ежелгі Вавилондағы Хаммурапи патшаның заңдары.
Б.э.д 10 ғ.	Жазалар туралы чжоу ережесі (Ежелгі Қытай).
Б.э.д. 403 – 221 ж.ж.	Легистер мектебінің өкілі Ли Куй жазған «Заңдар кітабы».
Б.э.д. 2 ғ. – б.э. 2 ғ.	Ежелгі үнділік Ману заңдары.
Б.э.д. 621 ж.	Ежелгі Спартадағы «Драконт заңдары».
Б.э.д. 451-450 ж.ж.	12 кесте заңдары (Рим).
Б.э.д. 117-180 ж.ж.	Гай «Институциялары» (Рим).
507 – 511 ж.ж.	«Сали шындығы»- франктардың әдет құқығының ережелер жинағы.
6 ғ.	Юстинианның «Корпус юрис цивилис» кодексі (Византия).
7 ғ.	Император Ли Ши-Миннің «Қылмыстық құқықтағы қылмыстар жинағы».
726 ж.	Эклога (Византия).
872 ж.	Прохирон (Византия).
888 ж.	Базиликтер (Византия).
1215 ж.	Ұлыбританияның конституциялық актілерінің бірі – «Еркіндіктің ұлы хартиясы».
13 ғ.	Саксон және Шваб зерцалолары – Германияның әдет құқығының жинақтары.
1345 ж.	Алтыкітаптық – азаматтық және қылмыстық құқық жинағы (Византия).
1349 ж.	Стефан Душанның законнигі (Сербия).
13 ғ. екінші жартысы.	«Польша шындығы» - поляктардың әдет құқығының жинағы.
15 ғ.	Чехтық жер құқығының ережесі.
16 ғ.	Чех заңгері Викториан Корнелиштің «Чех жерінің» құқықтары туралы тоғыз кітабың.
1532 ж.	«Каролина» - жалпыгермандық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізушілік құқық.

1628 ж.	Ағылшын парламентінің «Құқық туралы петициясы».
1653 ж.	Генерал О.Кромвель қабылдаған конституция – «Басқару қаруы» (Англия).
1679 ж.	«Хабеас корпус акт» немесе «Азаматтардың бостандықтарын қамтамасыз ету және теңіздің ар жағында қамауға алудың алдын алу туралы акт» – Ұлыбританияның конституциялық актілерінің бірі.
1689 ж.	Вильгельм Оранскийдің «Құқықтар туралы биллі» (Англия).
1701 ж.	«Құрылым туралы акт» немесе «Тақты мұраға алу туралы заң» – Ұлыбританияның конституциялық актілерінің бірі.
1742 ж.	Феодалдық Жапонияның «Жүз заң жиынтығы».
1776 ж. 4 шілде.	АҚШ-тың тәуелсіздік декларациясы.
1787 ж.	АҚШ Конституциясының қабылдануы.
1789 ж. 5 тамыз	Францияда феодалдық режимді жою туралы декрет.
1789 ж. 26 тамыз	«Адам және азамат құқықтары туралы декларация» (Ұлы француздық буржуазиялық революцияның негізгі құжаты).
1791 ж. «Құқықтар туралы билль»	АҚШ-тың Конституциясына алғашқы 10 түзетуді енгізген конституциялық құжат.
1791 ж. 13 қыркүйек	Францияда конституциялық монархияны заңдастырған Конституция.
1792 ж 25 қыркүйек.	Конвенттің Францияны республика ретінде жариялаған Декреті.

1793 ж. 24 маусым	Республикалық режимді заңдастырған Франция Конституциясы.
1795 ж.	Директориялық режимді заңдастырған Франция Конституциясы.
1799 ж.	Консулдық (империялық) режимді заңдастырған Франция Конституциясы.
1804 ж.	Француздық Азаматтық кодекстің (Наполеон кодексі) қабылдануы.
1806 ж.	Француздық Азаматтық-іс жүргізушілік кодекстің қабылдануы.
1808 ж.	Француздық Қылмыстық-іс жүргізушілік кодекстің қабылдануы.
1810 ж.	Француздық Қылмыстық кодекстің қабылдануы.
1814 ж.	Легитимді конституциялық монархия режимін орнықтырған хартия.
1830 ж.	Францияда Шілделік монархия режимін орнықтырған хартия (Луи-Филиптің билік ету уақыты).
1848 ж.	Францияны қайтадан республика ретінде жариялаған Конституция.
1848 ж.	Италиядағы Пьемонт статуты.
1850 ж.	Герман Конституциясы (республикалық).
1852 ж.	Луи-Наполеон режимін (екінші империя) заңдастырған Франция Конституциясы.
1862 ж. мамыр	«Гомстед – акт» - АҚШ-тың батысында фермерлікпен айналысу құқығы туралы.
1862 ж. қыркүйек	АҚШ-та құлдықты жою туралы прокламация.

1865 ж. ақпан	АҚШ Конституциясына құлдықты жойған 13 түзетуді енгізу.
1867 ж.	«Британдық Солтүстік Америка туралы» акт (Ұлыбритания және Канада).
1871 ж.	Герман (империялық) Конституциясы.
1871 ж.	Германияның Қылмыстық кодексі.
1875 ж.	Республикалық режимді (Үшінші республика) қайта заңдастырған Франция Конституциясы.
1877 ж.	Германияның Қылмыстық-іс жүргізушілік және Азаматтық-іс жүргізушілік кодекстерін қабылдау.
1889 ж.	Жапония Конституциясы (пруссиялық үлгідегі).
1890 ж.	Жапонияның Қылмыстық-іс жүргізушілік кодексі.
1891 ж.	Бразилия Конституциясын қабылдау.
1896 ж.	Германдық азаматтық ереже.
1897 ж.	Германияның Сауда кодексі.
1911ж.	«Парламент туралы акт» – Ұлыбританияның конституциялық актілерінің бірі. Ирландияға автономия берген
1914 ж.	«Гомрул туралы заң». Германияның Веймар конституциясы.
1919 ж.	Италиядағы «Үкімет
1925 ж.	басшысының құқықтары мен артықшылықтары туралы» заң (Б.Муссолиниге премьер-министрдің көптеген өкілеттіктерін берді).
1926-27 ж.ж.	Италиядағы «Мемлекетті қорғау туралы» заң (фашистердің билігін бекіткен).

1933 ж. ақпан-наурыз	«Герман халқы мен мемлекетін қорғау туралы» және «Герман халқын қорғау туралы» фашистік режим декреттері (фашистік Германияның нормативтік актілері).
1939 ж.	Ұлыбританиядағы Үкіметтің мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету өтенше өкілеттіктері туралы акт.
1946 ж. қазан	Франция Конституциясы (Төртінші республика режимі).
1947 ж.	Конституциялық монархия режимін орнықтырған Жапон Конституциясы.
1947 ж. 10 желтоқсан	Антигитлерлік коалиция мен Италияның арасындағы бейбіт келісім.
1947 ж. 22 желтоқсан	Италия Конституциясы (республиканы жариялаған).
1949 ж.	ГФР Конституциясын қабылдау.
1958 ж.	Генерал де Голльдің Конституциясы (Бесінші республика режимі).
1990 ж. 3 тамыз	Германияның (ГФР және ГДР) бірігуі туралы шарт бекіту.

МАЗМҰНЫ:

Терминологиялық сөздік.....	3
Кіріспе	15
<i>Бірінші бөлім</i>	
Күлиеленушілік мемлекет пен құқықтың тарихы	17
1. Ежелгі Египеттің мемлекет және құқығы.....	17
2. Ежелгі Вавилонның мемлекеті және құқығы.....	21
3. Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқығы.....	26
4. Ежелгі Қытайдың мемлекеті және құқығы.....	30
5. Ежелгі Грецияның мемлекеті және құқығы.....	34
6. Ежелгі Римнің мемлекеті және құқығы.....	40
<i>Екінші бөлім</i>	
Феодалдық мемлекет пен құқықтың тарихы	48
А. Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет пен құқық.....	48
1. Франктардың мемлекеті және құқығы.....	48
2. Францияның мемлекеті және құқығы.....	52
3. Англияның мемлекеті және құқығы.....	58
4. Германияның мемлекеті және құқығы.....	65
Ә. Орталық және Оңтүстік-шығыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет және құқық.....	71
1. Византияның мемлекеті және құқығы.....	71
2. Болгарияның мемлекеті және құқығы.....	76
3. Сербияның мемлекеті және құқығы.....	79
4. Польшаның мемлекеті және құқығы.....	82
5. Чехияның мемлекеті және құқығы.....	87
Б. Шығыстың феодалдық мемлекеті мен құқығы.....	92
1. Араб халифаты.....	92
2. Үндістанның мемлекеті мен құқығы.....	97
3. Қытайдың мемлекеті мен құқығы.....	101
4. Жапонияның мемлекеті және құқығы.....	104
<i>Үшінші бөлім</i>	
Жаңа дәуірдегі мемлекет және құқықтың тарихы (буржуазиялық мемлекет және құқық)	107
1. Ұлыбритания.....	107
2. Германия.....	118
3. Америка Құрама Штаттары.....	122
4. Жаңа дәуірдегі Франция.....	128
5. Қытай.....	141
6. Жапония.....	144
7. Латын Америка.....	148
8. Италия.....	152

Төртінші бөлім

Жаңа дәуірдегі құқықтың негізгі сипаттары.....	154
Ұлттық құқықтық жүйелердің қалыптасуы.....	154
Францияның құқығы.....	159
Германияның құқығы.....	165

Бесінші бөлім

Қазіргі замандағы мемлекет пен құқықтың

тарихы.....	171
1. Жапония.....	171
2. Италия.....	175
3. Франция.....	182
4. Германия.....	188
5. Ұлыбритания.....	194
6. Америка Құрама Штаттары.....	198
7. Қытай.....	203

Алтыншы бөлім

Қазіргі замандағы құқықтағы негізгі өзгерістер.....	208
1. Азаматтық және сауда құқығы.....	208
2. Заттық құқық.....	210
3. Міндеттемелік құқық.....	211
4. Антитрестілік (антимонополиялық) заңнама.....	211
5. Отбасылық құқықтағы өзгерістер.....	211
6. Еңбек және әлеуметтік заңнама.....	212
7. Қылмыстық құқық және іс жүргізу.....	213
8. Қылмыстық іс жүргізу.....	213
Негізгі заң құжаттарының хронологиялық кестесі.....	215

*Булгакова Дилляра Асхатқызы
Истаев Арман Жұмабайұлы*

**Мемлекет және құқықтың
жалпы тарихы**

Оқу-әдістемелік құрал

*«Заң әдебиеті» ЖШС бас директоры
Н. Н. Жансейтов*

*Техникалық редактор: Г. Қ. Омарқожаева
Аударған: А. Р. Баянбаева
Корректор: Д. К. Оспанови
Беттеуші: А. А. Сляднева*

Басуға 05.05.2004 кол койылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 70×108/12. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 14,25. Есептік баспа табағы 10,63.
Таралымы 500. Тапсырыс № 75.

«Заң әдебиеті» баспасы
050057 Алматы қ.,
М Өзтүрік к-сі, 12 үй
Тел /факс: (727) 2747-833, 2742-650.
Тел (727) 327-82-75, 327-93-94.
E-mail: law-literature2006@rambler.ru

«Заң әдебиеті» ЖШС баспаханасында басылған.